- Денисов И.В. Древнейшая история Южного Урала. Стерлитамак, 2000. 161 с.
- Дрожевский Н. Ямный курган Шоктыбай III // Культурология и история древних и современных обществ Сибири и Дальнего Востока: матер-лы XLII РАЭСК. Омск, 2002. С. 228-229.
- Иванов В.А. Откуда ты, мой предок? (Взгляд археолога на древнюю историю Южного Урала). СПб., 1994. 125 с. с илл.
- История Казахстана в 5 томах. Т.1. Алматы, Атамұра, 1996. 544 с.
- Мартынов А.И. Археология. 5-е изд., перераб. М.: Высш. шк., 2005. 447 с. с илл.
- Мерперт Н.Я. Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. М.: Наука, 1974. 173 с.
- Моргунова Н.Л. Археология Оренбуржья. Оренбург, 2004. 112 с. с илл.
- Сатпаев К.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе // Народное хозяйство Казахстана. 1941. № 1. С. 80-87.
- Смирнов К.Ф. Древняя культура в оренбургских степях // Новое в советской археологии. М., 1965. С. 156-159.
- Черных Е.Н. История древнейшей металлургии Восточной Европы / МИА №132. М., 1966. 143 с.
- Черных Е.Н. Металлургические провинции и периодизация эпохи раннего металла на территории СССР // СА. 1978. №4. С. 53-82.
- Черных Е.Н., Кузьминых С.В. Древняя металлургия Северной Евразии. М.: Наука, 1989. 320 с.

### Шыңғыстаудағы қола дәуірінің Орда ескерткішінде жүргізілген археологиялық зерттеулер жайында

Бүгінгі күні Сарыарқаның шығыс аймағы саналатын Шыңғыстау жоталары археологиялық тұрғыдан жаңа табылымдармен толығып отыр. Шығыс Қазақстанның қола дәуірі бойынша негізгі зерттеулер мен тұжырымдар, осы уақытқа дейін Ертіс өзенінің төңірегімен шектелген еді. Ал қазіргі таңда Шығыс Қазақстандағы қола дәуірін толық зерттеу үшін Тарбағатай, Шыңғыстау жоталарын назарға алмау мүмкін еместігі анықталып отыр. Сонымен қатар өңірдің қола дәуірін тұтастай ойдан өткізудің бастамасы оның ерте кезеңін зерттеуде жатқаны да пісіп жетілген мәселеге айналды.

Мақаланың авторлар құрамы соңғы жылдары Шыңғыстау өңірінде бұған дейін Қырықкүңгір, Қаракөмер, Қаратай, Олжай сынды қола дәуірі ескерткіштерінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді (Үмітқалиев және т.б., 2020). Зерттеу жұмыстарының негізгі қорытындылары өңірдегі қола дәуірінде болған этномәдени үдерістер, миграция мәселелерді қарастыруға мүмкіндік ашты. Дегенмен, Шыңғыстау өңіріндегі қола дәуірі ескерткіштерінің шоғыры өте көп, әрі олардың басым көпшілігі зерттелмеген. Сол себепті аталған мәселелердің шешіміне жақындау үшін алдағы уақытта Шыңғыстаудағы қола дәуірінің ірі ескерткіштерін тыңғылықты зерттеуді жалғастыру қажет.




Сур. 1. Орда-II қорымының орналасу жоспары

Осы бағыттағы кезекті зерттеу жұмыстары Абай ауданы территориясындағы қола дәуірінің ірі ескерткіші – Орда қорымында жүргізілді. 2023 жылдың жазғы маусымында Орда II қорымында жалпы жиыны 5 қола дәуірінің қоршауына қазба жұмыстары жүргізілді. Орда қорымының табиғи орналасуы, қорымның планиграфиясы мен оның құрамындағы жерлеу ескерткіштерінің әр алуандығы осы ескерткіште қазба жұмыстарын жүргізуге себепші болды. Қазба жұмыстарын жасауға тағы бір себеп болған жайт, ескерткіштер Семей – Қарауыл тас жолына өте жақын жерде орналасқан. Бұл дегеніміз болашақта күре тамырлы жолдың қайта жөндеу жұмыстары болатын болса бұл іну қаупі өте жоғары.

Орда қорымы Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылдық округіне қарасты Орда ауылынан батысқа қарай 6 км қашықтықта орналасқан. Семей-Қарауыл тас жолының сол жағында, 100-200 м жерде жатыр. Географиялық тұрғыдан Орда тауының Кіші Орда тауымен астасатын қойнауында, Әйгерім бұлағының сағасындағы жазық алқапта орналасқан (сур. 1). Қорым орналасқан жердің теңіз деңгейінен биіктігі 665 м құрайды.

Орда – қола дәуіріне тиесілі ірі ескерткіш. Орда-I, Орда-II, Орда-III қорымдарында жалпы саны 200-ге жуық қола дәуірінің ескерткіштері бар. Олар СШ-ОБ бағытта 1,5км, СБ-ОШ бағытта 400-470м болатын тар алқапта орналасқан.

Зерттеу жұмыстары Орда-II қорымындағы бес тас қоршауларда жүргізілді. Орда-II қорымы Орда-I қорымынан ОБ бағытқа қарай 1 км қашықтықта орналасқан, 55 ескерткіштен тұрады (сур. 2,3).



Сур. 2. Орда-II қорымының жалпы жоспары



Сур. 3. Орда-II қорымы

**№2 қоршау.** №2 мен №3 қоршаулардың арақашықтығы 0,40 м болғандықтан, екі қоршауға 8,30 x 5,40 м болатын ортақ қазба салынды (сур. 4). Қазбаға дейінгі күйінді ескерткіштердің бетін әлсіз өсімдік жамылғысы (жусан, көде, бетеге) жауып жатты. №2 қоршау төбеден қарағанда шеңбер пішінді екені байқалды, 9 қоршау тасы жер бетінен 0,03-0,3 м биіктікте шығып тұрды.

Шым қабатының қалыңдығы 0,03 м. Шым қабатынан кейін 0,08 м болатын қарашірік қабаты, одан әрі 0,15 м ашық қоңыр түсті құмды қабаты алынды. Қазба деңгейінің жалпы тереңдігі 0,26 м құрады.

Зерттеу жұмысының осы сатысында тас қоршау толық ашылды (сур. 5). ОБ бөлігінде қоршау тастары анықталмады. Қоршау қырымен қазылып қойылған, тік төрт бұрышты келген сұр түсті 12 тас тақталардан тұрғызылған, олар ішке қарай жантайған түрде анықталды. Қоршаудың диаметрі 3,5 м.

Қоршаудың ортасында өлшемдері 1,9x1,1x0,8 м болатын тас жәшік табылды (сур. 6). Тас жәшік ОБ-СШ бағыт бойынша бағдарланған.

Тас жәшік ішінде адам сүйектері әр түрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде, жақсы сақталған күйде табылды.

**№3 қоршау.** №3 қоршау төбеден қарағанда сопақша пішінді екені байқалды, 11 қоршау тасы жер бетінен 0,1-0,2 м биіктікте шығып тұрды (сур. 4).

Беткі топырақ қабаты алынғаннан кейін тас қоршау толық ашылды (сур. 5). СБ бөлігінде қоршау тастары анықталмады. Қоршау қырымен қазылып қойылған, тік төрт бұрышты келген сұр түсті 11 тас тақталардан тұрғызылған, олар сәл ішке қарай жантайған түрде анықталды. Қоршаудың өлшемдері 4,0x3,0 м.

Қоршаудың ортасында қосарланған тас жәшіктер табылды (сур. 6). Тас жәшіктер ОБ-СШ бағыт бойынша бағдарланған.

№1 тас жәшіктің (оңтүстік) өлшемдері 1,8x0,75x0,8 м. Жәшіктің ішінде әртүрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде, нашар сақталған күйде адам сүйектері табылып отырды. Сонымен қатар жәшіктің орта тұсынан, 0,4 м тереңдікте сақталуы орташа адамның бас сүйегі шықты.


№2 тас жәшіктің өлшемдері 1,8x0,8x0,85 м. Жәшіктің шығыс бөлігінің ені 0,6 м. Жәшік ішінде, 0,4-0,5 м тереңдікте өрнегі бар қыш ыдыс сынықтары шықты. Адам сүйектері әртүрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде, нашар сақталған күйде табылды.



*Сур. 4. №2 (оң жақта) және №3 (сол жақта) қоршаулардың қазбаға дейінгі көрінісі*



*Сур. 5. №2 (оң жақта) және №3 (сол жақта) қоршаулардың толық тазаланған кейінгі көріністері*



Сур. 6. №2 (оң жақта) және №3 (сол жақта) қоршаулардың сызбасы

Қосарланған тас жәшіктегі жерлеу дәстүрі бұған дейін осы өңірдегі Қаракемер қола дәуірі ескерткіштерінде кездескен болатын (Үмітқалиев және т.б., 2021).

**№16 қоршау.** №16 қоршау №3 қоршаудан солтүстік-батысқа қарай 100 м қашықтықта орналасқан. Қазбаға дейінгі ескерткіштердің көрінісі, бетін әлсіз өсімдік жамылғысы (жусан, көде, бетеге) жауып жатты. Төбеден қарағанда қоршаудың тік төртбұрыш пішінді екені байқалды, солтүстік-шығыс пен оңтүстік бойындағы 9 қоршау тасы жер бетінен 0,1-0,4 м биіктікте шығып тұрды (сур. 7).

Өлшемдері 5,20x4,20 м аумаққа қазба салынып, беткі топырақ қабаты алынғаннан кейін тас қоршау толық ашылды. Қоршау қырымен қазылып қойылған, тік төртбұрышты келген сұр түсті 10 тас тақталардан тұрғызылған, олар негізінен түзу тұрған түрде анықталды. Қоршаудың өлшемдері 4,40 x 3,80 м.

Қоршаудың ортасында қосарланған тас жәшіктер шықты (сур. 8, 9). Тас жәшіктер ОШ-СБ бағыт бойынша бағдарланған.

№1 тас жәшіктің өлшемдері 2x0,7x0,7 м. Қазба барысында жәшіктің ішінен адам сүйектері әртүрлі тереңдікте, шашыранқы түрде табылды. Жәшіктің түбінен, батыс бөлігінен адамның анатомиялық ретте сақталған толық аяқ сүйектері табылды.

№2 тас жәшіктің өлшемдері 2x0,7x0,75 м. Жәшіктің ішінен әр түрлі тереңдікте адамның өртенген сүйектері және қыш ыдыс сынықтары шашыранқы түрде табылды.

Бұл дәстүр Еуразия кеңістігіндегі қола дәуірінің түйткілді мәселелері жөніндегі тұжырымдарды қайта қарастыруға негіз болады. Біздің бұл пікіріміз әлі өңделмеген материалдар негізінде жасалғанымен, ұсынылған материалдар қазіргі зерттеу дәрежесінің өзінде осындай ой айтуға мүмкіндік береді. Себебі Орда қорымындағы ескерткіштердің өзара ерекшеліктерін былай қойғанда (тас жәшіктердің бағытындағы өзгешеліктер, қабір іші табылымдарының, қыш ыдыстарының әртүрлі болып келуі), бір қоршаудың екі тас жәшігіндегі жерлеу дәстүрінің екі түрлі болып келуі (кремация, ингумация) жаңа зерттеулерді талап етеді.

**№17 қоршау.** №17 қоршау №16 қоршаудан солтүстікке қарай 10 м қашықтықта орналасқан. Қазбаға дейінгі күйінді ескерткіштердің бетін әлсіз өсімдік жамылғысы (жусан, көде, бетеге) жауып жатты. Қоршаудың сыртқы көрінісі шаршы пішінді екені байқалды, 7 қоршау тасы жер бетінен 0,05 - 0,2 м биіктікте шығып тұрды (сур. 10).

Өлшемдері 3,0x3,0 м аумаққа қазба салынып, беткі топырақ қабаты алынғаннан кейін тас қоршау толық ашылды (сур. 11). Қоршау қырымен қазылып қойылған, тік төртбұрышты келген

сұр түсті 9 тас тақталардан тұрғызылған, олар негізінен түзу тұрған түрде анықталды. Қоршаудың өлшемдері 2,30x2,0 м.




*Сур. 7. №16 қоршаудың қазбаға дейінгі көрінісі*



*Сур. 8. №16 қоршаудың толық тазаланған көрінісі*





Сур. 9. №16 қоршаудың сызбасы

Қоршаудың солтүстік қабырғасындағы ірі тас тақтаның өлшемдері 1,5x0,5x0,14 м; батыс қабырғасында 1,3x0,4x0,11 м; шығыс қабырғасының өлшемдері 1,0x0,25x0,11 м; оңтүстік қабырғасы 1,4x0,3x0,11 м.

Қоршаудың ортасында өлшемдері 1,25x0,7x0,75 м болатын тас жәшік табылды. Тас жәшік ОШ-СБ бағыт бойынша бағдарланған. Солтүстік қабырға тасы ерекше ұзын болып келген (1,5 м).

Қазба барысында жәшіктің ішінде үлкен адамның (әйел адам) сүйектері әртүрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде табылды (сур. 12). Әйел адамның сүйектері деуге негіз болып отырған себебіміз, адамның қабырға сүйектері жіңішке болып келген, бірақ баланикі емес екені анық байқалады.

Шашылған адам сүйектерімен бірге қазба барысында қоладан жасалған кішкене бір жүзді пышақ табылды (сур. 13). Пышақтың сабының бас жағы дөңгелек болып келген, байлап жүруге немесе жіп, қайыс өткізуге ыңғайлап жасалған. Қола пышақтың ұшы сәл сыртқа қайқиған, сабындағы өрнегі тек бір жағына ғана салынған шырша тәрізді іздермен өрнектелген. Пышақтың тағы бір ерекшелігі бір жағында өрнектелген жағының шеттері борт тәрізді көмкеріліп бедерленген. Пышақтың жалпы ұзындығы 15,5 см, жалпақтығы 2 см, қалыңдығы 4 мм.

Пышақтың сабының ұзындығы 6,07 см, сабындағы дөңгелек басының диаметрі 1,4 см, пышақтың жүзінің ұзындығы 8,7 см. Жалпы пышақтың көлемі өте кішкене болуы мен формасына қарап және бір жағының ғана өрнектелуіне байланысты, күнделікті тұрмыста қолдану үшін емес ғұрыптық мақсатта қолданған пышақ болуы мүмкін деп жорамалдаймыз.

**№ 47 қоршау.** № 47 қоршау №17 қоршаудан солтүстік-шығысқа қарай 70 м қашықтықта орналасқан. Қазбаға дейінгі күйінді ескерткіштердің бетін өсімдік жамылғысы (жусан, көде, бетеге) жауып жатты. Сонымен бірге қоршаудың іші мен айналасында аздаған бұталар өсіп тұрды. Төбеден қарағанда қоршаудың шеңбер пішінді екені байқалды.

Диаметрі 4,50 м аумаққа қазба салынып, беткі топырақ қабаты алынғаннан кейін тас қоршау толық ашылды (сур. 17). Қоршау жалпағынан қойылған тіктөртбұрышты тас блоктар мен тақталардан жасалған. Қоршаудың құрылысына 19 тас қолданылған. Шеңбер пішінді келтіру үшін тастардың сыртынан өңделгені анық көрінеді. Тас шеңбердің диаметрі 3,60 м. (сур. 18).

Қазбаның осы сатысында тас жәшік анықталған жоқ. Қоршаудың ортасынан 2,0x1,5x0,10 м болатын қазба салынғаннан кейін өлшемдері 1,10x0,6x0,75 м құрайтын тас жәшік көрінді. Тас жәшік ОБ-СШ бағыт бойынша бағдарланған.



*Сур. 10. №17 қоршаудың қазбаға дейінгі көрінісі*



*Сур. 11. №17 қоршаудың беткі топырақ қабаты алынғаннан кейінгі көрінісі*



Сур. 12. №17 қоршаудың сызбасы

Қазба барысында жәшіктің ішінде баланың сүйектері әртүрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде табылды.

Қорыта айтқанда, Шыңғыстау өңірінің қола дәуірі бойынша анықталған жаңа деректер қазіргі Еуразия даласындағы қола дәуірі мәселелерінің шешімдерін ашуға негіз болады дей тұрғанмен, түйткілді жаңа сұрақтар туындататыны анық.


Біздің қазба жұмыстарымызда кездескен №17 қоршаудағы қола пышақтың ұқсас үлгісі 1982 жылы Өскемен қаласындағы Вокзальная көшесінде су құбырын тарту жұмыстары кезінде жерді жәй қазған сопақша қабір ішінен бір қырымен бүктелген күйінде адам сүйектері табылған. 1985-1986 жылдары да Е.И. Агеева мен А.Г. Максимованың қазба жұмыстары кезінде Өскемен қаласының саяжайлары маңынан қола дәуірінің ескерткіштері қазылып, одан бірнеше қола пышақтар табылғаны айтылады. Осы қола пышақтардың біреуінің суреті 2006 жылы жарық көрген Шығыс Қазақстан облысының археологиялық ескерткіштерінің тізбесінде берілген (сур. 14). Сол қазба табылымда екінші пышақтың сипаттамасы біздің Орда қорымынан табылған пышаққа өте ұқсас екенін байқауға болады, оның сыртында салынған шырша тәрізді өрнегі де бар екені айтылған.

Жалпы біздің қазбамызда табылған пышақ тәрізді табылымдар Қазақстанның басқа өңірлерінен де көптеп табылған, алайда көпшілігі кейінгі дәуірлермен ерте темір дәуірімен мерзімделетін ескерткіштерде табылған. Солардың қатарында М.К. Хабдулинаның зерттеулеріндегі Солтүстік Қазақстан өңіріндегі Алыпқаш қойнауындағы №2 қорғанда басы дөңгелек болып келген қанжарлар кездеседі (Хабдулина, 17-28)

Сонымен бірге Н.Л. Членованың зерттеулеріндегі Минусин қазан шұңқырындағы Тағар мәдениетінің қанжарларына формасы жағынан да өте ұқсас келетіндігін байқауға болады. Алайда Н.Л. Членова өз зерттеу тұжырымдарында Тағар мәдениетінің үлгілері негізінен өзінен бұрынғы Қарасұқ мәдениетінің заңды жалғасы емес, қайта Қазақстан мен орта Азия жеріндегі Андронов мәдениетінің игі ықпалы бар екендігі байқалады дейді (Членова, 211-213).

Бұдан шығаратын қорытынды яғни Тағар мәдениетінде ерте темір дәуірінде кең тараған басы дөңгелек жүзі сәл қисайған қанжарлардың Қазақстан жерлерінен сол өлкелерге барды деген тұжырымы біздің пікірлерімізді қуаттайды. Әрі Қазақстанның шығыс өлкелерінде орта қола кезеңдерінде кең тараған мәдениет солтүстік өлкелерге Ұлыбай – Тасмола мәдениетіне және Минусин қазаншұңқырына кең тараған Тағар мәдениеттеріне өзінің зор ықпалын жасады дей аламыз. Қазақстан жері өзінің мол металл қорының арқасында үлкен миграциялық үдерістерге


арқау болған аймақ ретіне сол қоғамда игі ықпал еткендігін көрсетіп отыр, бұл әрине әлі де болашақта үлкен зерттеулер мен тұжырымдарды қажет етеді.



Сур. 13. Орда қорымы №17 қоршаудан табылған пышақтың сызбасы



Сур. 14. Өскемен қаласы Вокзальная көшесінен су құбырын қазу кезінде табылған қола пышақ




Сур. 15. Орда-II қорымы №17 қоршаудан табылған сүйектен жасалған бұйым



*Сур. 16. Орда-II қорымы №17 қоршаудан табылған әшекей*



*Сур. 17. №47 қоршаудың толық тазаланған көрінісі*



Сур. 18. №47 қоршаудың сызбасы

Қола дәуірі мәдениетінің жерлеу дәстүрлеріне байланысты федоров және алакөл кезеңдерін бірінен кейін бірі келетін мәдениеттер жалғасы деген пікір ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап мәліметтердің молайуымен өзгерген болатын. Нәтижесінде, жерлеу ескерткіштерімен қатар қоныстардың көптеп зерттелуі, сондай-ақ алакөлдік ыдыстардың федоровтық ыдыстармен аралас кездесуі екі этностың қатар өмір сүргендігі жөніндегі тұжырымдарға әкелді.

Еуразия даласының кең жазығында тараған, екі мыңжылдықтан артық уақытты қамтитын қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихының өзі бір ғасырдан асқанмен, шешілмеген мәселелері жетерлік. Қазақстан жері өзінің географиялық жағының алуан түрлілігімен бірге сан қилы мәдениеттердің тоғысқан торабы және шешуші аралық аймақ. Қазба деректерінің молығуы және кәсіби деңгейдің өсуі жалпы кезеңдеулерден нақты тарихи сипаттауға көшуден көрініс тауып жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Соның ішіндегі неғұрлым даулы мәселелердің бірі федоров және алакөл мәдениеттерінің қалыптасу орны жайында болып қала береді. Егер алакөл мәдениетінің пайда болу аудандары Тобыл мен Есіл бойы деп есептелсе, ал федоров мәдениеті ескерткіштерінің қалыптасу аймағы туралы мамандардың көзқарастары бірегей емес.

Сонымен қатар Шыңғыстау өңіріндегі Қырықкүңгір, Қаракемер, Қаратай, Олжай, Орда ескерткіштеріндегі жаңа ашылымдар қола дәуірінің кезеңдеме мәселесін ғана емес, толықтай қола дәуірі қоғамының сипатын жаңадан қарастыруды қажет ететінін көрсетіп отыр. Ол тұжырымдар кешенді түрде, заманауи бағыттағы зерттеулер негізінде шешімін табады деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі

Үмітқалиев Ұ.Ұ., Жанисов А.Т., Құрманғожина Т.М., Искаков Қ.А., Аяпова Д.Б. Шыңғыстаудың көне тарихи-археологиялық ескерткіштері: Монографиялық зерттеу. Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. 200 б.

Үмітқалиев Ұ.Ұ., Мұсырманқұл П.Б. Шыңғыстау өңірінде 2021 жылы қола дәуірі ескерткіштеріне жүргізілген зерттеулердің қорытындылары // Марғұлан оқулары-2021: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология

институтының 30 жылдығына арналған «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы, 26–27 қазан 2021 ж.). Т. 1. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2021. 237-244 бб.

Үмітқалиев Ұ.Ұ., Мұсырманқұл П.Б. Шыңғыстау өңіріндегі Қаракемер қорымында 2021 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындылары. // «Қазақстандағы археологиялық зерттеулер – 2021» ғылыми мақалалар жинағы. Астана: ҚР Ұлттық музейі, 2022. 390-398 бб.

Хабдулина М.К. Степное Приишимье в эпоху раннего железа. Алматы: Ракурс, 1994. 170 б.

Членова Н.Л. Происхождение и ранняя история племен тагарской культуры. Издательство М.: Наука, 1967. 300 с.

Шығыс Қазақстан облысы археологиялық ескерткіштерінің тізімі. Өскемен: Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет пен өнерді қолдаудың мемлекеттік қоры, 2006.

### **Қырықүңгір кешеніндегі қола дәуірі ескерткіштерінің архитектурасы**

Шыңғыстау жерінің тарихын ғылыми тұрғыда зерттеу мен археологиялық экспедициялар өткен ғасырдың екінші ширегінен кейін қолға алына бастады. Ол зерттеулердің басында кеңестік археологиядағы ірі зерттеушілердің бірі Санкт-Петербург қаласындағы, Ғылым академиясының арнайы экспедициясының мүшесі С.С Черников зерттеулерімен басталады. Сергей Сергеевичтің зерттеулері Шыңғыстау жерінде қай дәуірге жататын ескерткіштер бар екендігін анықтау мақсатында орындалған археологиялық барлау жұмыстары еді. Кейіннен бұл экспедиция құрамына А. Нифонтованың ат салысуымен Абай ауданының жерінде Шыңғыстаудың оңтүстік сырт бетіндегі Сарыкөл жағасында орналасқан, қола дәуірінің Сарыкөл, Текебұлақ ескерткіштері зерттелген болатын. Осы экспедиция нәтижелері кейіннен 1960 жылдары «Қазақ ССР ның археологиялық картасына» енгізілді.

1990 жылдардың басынан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы, Ә.М. Оразбаевтың жетекшілігімен, кейіннен Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлы, Арман Зияденұлы Бейсенов, Зейнолла Самашев зерттеу жұмыстарын жүргізілген болатын.

1999 жылы Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен құрамында белгілі тарихшылар Амантай Исаұлы, Ерлан Ерназарұлы және мақала телавторы ғылыми жетекшім Ұлан Үмітқалиұлының қатысуымен Абай ауданы, Кеңгірбай би ауылының әкімшілік территориясына қарасты Сарыкөл, Текебұлақ, Қопа ескерткіштерінде Семей қаласындағы Шәкәрім университетінің бір топ студенттерінің ат салысуымен Беғазы-Дәндібай кезеңімен мерзімделетін қола дәуірінің бірнеше тас құрылысты ескерткіштері зерттелген болатын. Бұл қазба деректері жөнінде 90 жылдардың соңында Амантай Исаұлының тарихи танымдық еңбегінде және Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлының археологиялық ескерткіштер жиынтығы еңбегінде жарық көрген болатын.

2010 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бас ғылыми қызметкері белгілі ғалым Арман Зияденұлы Бейсеновтың жетекшілігімен Қола дәуірінің соңғы кезеңімен мерзімделетін тас құрылысты ескерткіштердің Шыңғыстау жоталарына дейін тарағандығын анықтау археология ғылымы үшін үлкен жаңалық болып саналады. Бұл ескерткіштер жөнінде де А.З. бейсеновтың арнайы ғылыми мақаласы жарияланған болатын.

Шыңғыстау жерінде кешенді түрде археологиялық зерттеулер 2014 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Батташұлының бастамасымен, тарих факультеті, археология және этнология ғалымдарының жұмыстарымен жандана түсті. Ұлан Үмітқалиұлының жетекшілігімен қазіргі Абай облысы, Абай ауданы территориясында археологиялық ескерткіштердің кешенді түрде барлау жұмыстары жасалды. Он жылға жуық барлау жұмыстарының нәтижесінде қола дәуірі, ерте темір дәуірі, ғұн-сармат дәуірінің және түркі дәуірлерінің 250 ден астам ескерткіштері тізімделіп, төлқұжаты жасалды.

Сонымен бірге Абай ауданының Құндызды, Көкбай, Кеңгірбай би, Медеу, Тоқтамыс батыр, Арқат және Саржал селолық округтерінің территориясында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Негізінен қазба жұмыстары 2014 жылдан бастап үзбей жүргізіліп келе жатқан Тоқтамыс батыр ауылының жанында Шаған өзенінің бойында орналасқан Қырықүңгір кешенді ескерткішінде жүргізілді. (Үмітқалиев Ұ.Ұ. 2023: 5-11 б).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің археологтарының зерттеулерімен 2014 жылдан бастап Абай облысы, Абай ауданы территориясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазба маусымында негізінен қола дәуірінің ескерткіштері көптеп зерттелді. Солардың қатарында кешенді зерттеу жұмыстары Қырықүңгір ескерткішіне жүргізіліп келеді.

**Қырықүңгір қорымы** Абай ауданы, Тоқтамыс ауылдық округіне қарасты Тоқтамыс ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2,6 км шақырым жерде орналасқан. Географиялық тұрғыдан Ақтас жартасты тауының батыс беткейінде, Шаған өзенінің сол жағасында, өзен арнасынан 210 м жерде, өзеннің екінші террасасында жатыр. Кешеннің «Қырықүңгір» деп аталу себебі, Ақтас тауының ескерткіштерге қарап орналасқан бөлігі табиғи факторлардың әсерінен мүжіліп кеткен.

Қорымдағы жерлеу ескерткіштері ұзындығы 630 м, ені 350 м болатын алаңқайда, өзенге параллель созылып орналасқан. Қорымда жалпы ерте қола дәуірінен бастап, орта қола, соңғы



кола, ерте темір дәуірінің және соңғы ортағасырлар кезеңіне дейін жататын 97 ескерткіш орналасқан (Үмітқалиев Ұ.Ұ. және т.б. 2015: 309). Қырықүңгір кешенді ескерткішінде 10 жылдық зерттеулер нәтижесінде қола дәуірінің 25 қоршауы мен екі үлкен көлемдегі қорған және бір қоныс зерттелді.

Қорымның орталық бөлігінде қола дәуірінің ірі көлемдегі үш құрылысы орналасқан. Архитектуралық құрылысы жағынан ерекше №25, №26, №27 қорған ірі қоршауларымен көзге түседі. Үш ескерткіште бір тізбектің бойында солтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс бағытымен тізбектеле орналасқан. Осы уақытқа дейінгі қазба маусымдарында №25, №26 қорған қоршауларға зерттеулер жұмыстары жасалды. Әлемдік археологияда үлкен қызығушылық тудырған №26 қорған өзінің архитектуралық құрылысымен көзге түседі. Осы қорғанды зерттеу нәтижесі ерте қола дәуірінен бастап ақ Шыңғыстау жерінде жартылай отырықшы шаруашылықпен айналысқан өте дамыған мәдениет болғанын көрсетіп отыр. Әсіресе ерте қола дәуірлерінен бастап ақ жылқыны қолға үйрету, жылқыға байланысты наным сенімдердің өте ерте кезеңдерден бастап ақ қалыптасқанын көреміз. Адам мүрдeleriмен бірге табылған жылқы сүйектері, сүйектен жасалған жүгеннің сулықтары және ірі көлемдегі құрылысты ескерткіштің қабырғаларына салынған жылқы суреттері дәлелдей түседі. Жылқы мәдениетінің үлкен дәрежеге көтерілгенін, жылқы культінің адам қоғамы өмірінде маңызды орында болғандығын және сол кезеңде қоғамда жіктеліс болғандығын дәлелдей түсті. Бұл зерттеулер алдағы уақытта әлі де жалғасын тауып, шетелдік ғалымдармен бірлесе жүргізу жоспарланып отыр.

№26 қорған өзінің құрылысымен яғни алты қырлы формада салынуымен көзге түседі. Бұл ірі мегалитті кесене сол дәуірде әлеуметтік жіктелістің орын алғандығына дәлел бола алады. Ірі жерлеу құрылыстары сол кезеңдегі ірі тайпа көсемдері мен бай шонжарларға арналып салынған болуы керек. Жерлеу орындары өлілер мен тірілер үйінің бір сипаты. Адамдар жер бетінде тіршілік еткен тұрғын жайларына, мәңгілік мекен ететін үйлерін ұқсатып салған десек қателеспейміз. Қола дәуірінде салынған бұл кешенді құрылыс сол кезеңдегі халықтың мәдениеті мен архитектурасының дамығандығының көрінісі.

Шыңғыстау жерінде мекен еткен тайпалардың миграциясы нәтижесінде салынған келесі бір ерекше құрылыс Қаражартас ескерткіші.

Қаражартас ескерткіші Қарағанды облысы, Шет ауданы, Талды ауылынан шығысқа қарай 13 шақырым жерде Талды-Нұра өзенінің сол жағалауында орналасқан. Өзен жағалауының биіктеу террасасының жазығында салынған. Кейінгі қола дәуіріне жататын ескерткіш 2014 жылы И.А. Кукушкин бастаған барлау тобымен ашылған болатын.

Қырықүңгір ескерткіші мен Қаражартас ескерткіші географиялық жағынан өте жақын орналасқан ескерткіштер. Ескерткіштердің орналасуы турасынан есептегенде 150 шақырым қашықтықта орналасқан. Осыған қарап Қырықүңгір ескерткіші бірінші салынып, осы ескерткішті салған тайпа ұрпақтарының миграциясы нәтижесінде Қаражартас ескерткішін салынған деп есептейміз. Мал басының өсуі үй маңындағы бақташылықтан малды алысырақ көшіп-қонып бағу әдісіне яғни көшуге мәжбүрлеген. Қазіргі таңда қола дәуірінің миграция мәселесі жалпы Еуразия даласы бойынша үлкен шешімін таппаған тақырыптардың бірі.

№25 мегалитті кесене тізбектегі батыс шетінде орналасқан элитарлы ескерткіштердің бірі. Мегалитті кесене пирамидальді құрылысқа ие, 5 қоршаудан тұрады. Бірінші қоршау шаршы пішінді, өлшемдері 22×20 м. Ірі тас блоктарды жалпағынан жатқызу арқылы тұрғызылған. Тастардың сырт жағы өңделген. Тас кесененің төрт бұрышына тігінен мегалит тастар қойылған:

- солтүстік бұрыш – 1,08×0,81×0,64 м (б×е×қ);
- оңтүстік бұрыш – 0,72×0,75×0,75 м;
- шығыс бұрыш – 1) 1,30×0,69×0,55 м, 2) 0,94×0,8×0,65 м;
- батыс бұрыш – үшқырлы, биіктігі 0,97 м, қырлары 0,75 м, 0,77 м, 0,91 м.

Қалған қоршаулар шеңбер және сопақша пішінді келген. Пирамидальді кесененің ортасындағы қабір шұңқырының өлшемдері 4,8×3,8 м. Қабір шұңқырының бетінен 1 м тереңдікте жылқының тісі мен жілік сүйегі табылды. Тас жәшік Б-Ш бағыт бойынша бағдарланған, өлшемдері 1,96×0,95×1,1 м. Мүрдені жерлеу тәсілі – ингумация. Адамның сүйектері шашылған күйде табылды. Негізінен жілік қабырға, аяқ сүйектері табылды. Адамның бас сүйегі сақталмаған, тонау кезінде шығарып тастаған болуы мүмкін.

Ілеспе инвентарьдан қыш ыдыстың сынықтары, паста және қола моншақ-тар мен тесігі бар жыртқыш аңның тісі түріндегі әшекей, қабірдің батыс жағынан көлденең рельефті жолақтары бар алтын салпыншақтар, 1,5 орамды алтын самай сырға, қола сырға, спиральді басы бар білезік

табылды. Сонымен бірге қазба барысында қорған қоршаудың сыртқы құрылысын ашу барысында әр жерлерден асықтар шашылып кездесті (Умитқалиев 2016: 273–274).

№26 тас кесененің қазбасы әлі аяқталмағанымен, қазіргі зерттеу жұмыстарының нәтижесінде оның пішіні мен құрылысы анық болды. Мегалитті кесененің диаметрі 43 м жететін үйіндісі бар, биіктігі 2,3 м. Үйіндінің астында үш қоршау бар. Сыртқы қоршау алты бұрышты болып келген. Әрбір бұрышына мегалитті ірі тастар қойылған. Алты қырының ұзындықтары 11–13 м арасында. Сыртқы қоршаудың жалпақтығы 0,8–1,2 м, 6–7 қатар тастардан қаланған, биіктігі 0,60–0,70 м. Екі ішкі қоршау сопақша пішінге ие (екінші қоршаудың диаметрі 12 м, үшінші қоршаудың диаметрі 6 м) (Үмітқалиев, Мұсырманқұл 2021:240; Үмітқалиев Ұ.Ұ. және т.б. 2021: 529).

2023 жылғы қазба жұмыстары нәтижесінде №26 қорған қоршаудың топырақ қабаты толық тазаланып зерттелді. Қорғанның орталық бөлігіне оңтүстіктен – солтүстікке қарай қалдырылған бровканы алу кезінде, орталық бөлігінен 55 см тереңдіктен анатомиялық күйін сақтаған адам сүйегі мен шашылған жылқы сүйектері табылды. Адам шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік батысқа қаратылған. Бас сүйегі жоқ, басқа да сүйектері нашар сақталған. Жерленушімен бірге табылған заттардан тек қана адамның кеуде тұсынан қара түсті тас амулет табылды. Амулет ұзыншақ болып келген ұзындығы 6 см, ортасында тесігі бар. Қазіргі уақытта тас амулетті Новосибирск қаласына трассологиялық және басқа да сынама жасау үшін сараптамаға жіберілді. Қазба барысында толықтай бровканың орталық бөлігі алынып, ортаңғы тас шеңбердің іші толықтай ашылды. Қорған ортасын 2 метр тереңдікке дейін қазу барысында қабір құрылысының тастары анықталды. Қабір құрылысының беті үлкен жалпақ тастармен бірнеше қабат жабылғаны байқалады. Алайда батыс жақ шетінен тоналғандықтан тастары жүйесіз шашылып жатыр. Ал тас құрылыстың шығыс жағы жақсы сақталған, тастары бірнеше қатарды құрап ретпен қаланған.

Бірнеше қатар қаланған жалпақ тастар астынан ірі үлкен тастардан қырынан қойылған тас жәшікті қабір бар екені анықталды. Тас жәшіктің бетін үлкен екі таспен жапқан, олардың көлемі 1 м 20 см – 1 м 50 см. ұзынынан орналасу бағыты солтүстік-батыс, оңтүстік – шығыс. Тас жәшіктің ұзындығы 1 м 90 см, ені 1 м, тереңдігі 1 м 10 см.

Тас жәшіктің бетін жапқан тастың сындырылған жерінен тоналғандығын тағы бір дәлелдейтін қыш ыдыстың қабір сыртынан табылуы. Қабір сыртында кездескен қыш ыдыс бүтін болғанмен ортасынан шытынып сынған. Қыш ыдыс орташа көлемдегі күйдірілуі жақсы, өрнектері ернеуі мен иық тұсында салынған, ерте алакөл кезеңіне жатқызуға болады.

Тас жәшіктің ішінен тоналып кеткендіктен ешқандай адам сүйегі де шығарып салатын заттар кездеспеді. Тас жәшіктің оңтүстік-шығыс бұрышынан күйген ұсақ адам сүйектері шашылып табылды. Сонымен бірге адамның сүйегін қабір ішінде өртегенге ұқсайды. Өйткені тас жәшіктің ішіндегі оңтүстік-шығыс қабырғасында күйген оттың іздері анық байқалады.

Алдағы қазба маусымында екінші, үшінші тас шеңберлер аралығындағы бос кеңістік жерлерді зерттеуді жоспарлап отырмыз. Себебі ескерткіштің көлемінің өте үлкендігіне байланысты, бірнеше адамға арналған аталық бейіт болуы да мүмкін.

Ең сыртқы алты қырлы тас құрылыстың қабырғалары 8 қатарға дейін тастармен қаланған жерлері бар. Кейбір оңтүстік – оңтүстік – батыс бөліктерінің тастары нашар сақталған қабырғаларда екі үш қатар ғана сақталған. Алты қырлы тас құрылыстың әрбір бұрыштарына биіктігі 1 метр ден асатын ірі тастармен шегендеп бекіткен. Барлық сыртқы тастарды тазалап жуып қарау кезінде 20 тас қаландыда әртүрлі жануарлардың суреттері бар екені анықталды. Әсіресе тас қаландыда салынған суреттер ішінде жылқы суреттері көптеп салынған. Жиырма суретті композицияның ішінде екі түйенің бейнесі, екі адамның бейнесі, үш жыртқыш аңның бейнесі, төрт символикалық белгі және 23 жылқы бейнесі салынған.

Ескерткіштер сыртында әртүрлі суреттерді бейнелеу Қазақстан жерінде көп кездеспейтіндігі және уақыты жағынан да ерте ескерткіш екенін біздің зерттеулеріміз көрсетіп отыр. Ескерткіш жасын анықтау үшін ескерткіштен табылған сүйек заттарға Жапонияның Цукуба қаласындағы, Цукуба университетінің ғалымы Itahashi Yu радикарбонды анализ жасау нәтижесінде ескерткіштің жасы біздің дәуірімізге дейінгі XIX ғасырға яғни, осыдан 4 мың жыл бұрын салынғандығы анықталды.

Қырықүңгір ескерткішіндегі №25, №26 ескерткіштердің архитектуралық құрылымы жағынан да Қазақстан жерінде баламасы аз өте күрделі құрылыс деп айта аламыз. Қазақстан жерінде уақыты жағынан кейінгі қола дәуіріне жататын жоғары айтылған Қаражартас ескерткіші Қырықүңгір ескерткішіндегі №25 қорғанға құрылысы, архитектурасы өте ұқсас болып келеді.

Құрылым 32 нысаннан тұратын қорым беғазы-дәндібай мәдениетінің жарқын ескерткіштерінің бірі болып табылады. Пирамидалы-сатылы үлкен тас кесене ескерткіштің орталық бөлігінде орналасқан. Қалған қатардағы қарапайым адамдардың кішкентай жәшікті қоршау түріндегі жерлеу орындары үлкен кесенені айнала қоршай орналасқан.

Зерттеу жұмыстары кезінде құрылыстың әр жерінен көптеген соңғы қола дәуіріне тән қыш ыдыстың бөліктері, қоладан құйылған жебе ұшы мен алтын сақина шыққан. Қаражартас ескерткішіне жасалған радиокөміртекті зерттеу нәтижесінде, бұл ескерткіштің жасы біздің дәуірімізге дейінгі XVI/XV-XIV ғасырларға жататындығы анықталды.

Қаражартас кесенесі көлемі жағынан бүгінгі таңдағы беғазы-дәндібай мәдениетінің элиталы тас жерлеу құрылыстарының бірі (Кукушкин и др. 2018: 103).

Қырықүңгір ескерткіші мен Қаражартас ескерткіші географиялық жағынан өте жақын орналасқан ескерткіштер. Ескерткіштердің орналасуы турасынан есептегенде 150 шақырым қашықтықта орналасқан. Осыған қарап Қырықүңгір ескерткіші бірінші салынып, осы ескерткішті салған тайпа ұрпақтарының миграциясы нәтижесінде Қаражартас ескерткіші салынған деп есептейміз. Мал басының өсуі үй маңындағы бақташылықтан малды алысырақ көшіп-қонып бағу әдісіне яғни көшуге мәжбүрлеген. Осы уақытқа дейін архитектуралық құрылымдар Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштерімен шектелген болса, біздің зерттеулеріміздің негізінде ескерткіштертің мерзімі 5-6 ғасырға ары қарай жылжитты. Қазіргі таңда бұл ескерткіштерді әлі де терең зерттеудің маңызы бар, тек қана ішкі құндылығына емес архитектурасына да үлкен мән беру керек.

Қола дәуірінде салынған бұл жерлеу орындары, сол кезеңдегі тірілер үйімен өлілер үйінің сипаты сияқты. Әр кезеңде өмір сүрген халықтар тірі кезінде тіршілік етіп тұрған үйлеріне о дүниеге аттанған сәтінде жерленетін, мәңгілік мекен ететін үйлерін де ұқсатып салған болуы керек. Қола дәуірінде адам өз үйжайын жер астынан шығарып, жер үстіне мықты тас үйжайлар сала бастады. Дәл осындай сипатта жерлеу орындарыда салынған.

Зәулім жерлеу ескерткіштерін салу тек орасан зор билікке, мәртебеге және байлыққа ие ірі тайпа көсемдері ғана көтере алатындай болған. Ірі мегалиттік құрылыстар салу мен жылқы культінің маңызды орында болуы, орта қола кезеңіндегі элеуметтік жіктелістің болғандығының дәлелі. Қырықүңгір кешенінде зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да орын алады.

### Әдебиеттер тізімі

Кукушкин И.А., Дмитриев Е.А., Кукушкин А.И. Каражартас - новый социально-стратифицированный некрополь бегазы-дандыбаевской культуры (предварительные результаты исследований) // Археологические вести. 2018. Вып. 24. С. 102–110.

Үмітқалиев Ұ.Ұ., Айтбаев А.Б., Эшбекова Г.У. Шыңғыстаудағы Қырықүңгір қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. Астана, 2015. №5 (108). Б. 308–313

Үмітқалиев Ұ.Ұ. Абай және оның заманы тарихи-этнографиялық мұра // Фолиант баспасы. Астана, 2023. Б. 5-11.

А.З. Бейсенов<sup>1</sup>, Д.Т. Шашенов<sup>2</sup>, Н.Ш. Жұманазаров<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Безазы-Тасмола тарих және археология ғылыми-зерттеу орталығы  
Алматы қ., Қазақстан


<sup>2</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты  
Алматы қ., Қазақстан  
E-mail: azbeisenov@mail.ru

### Орталық Қазақстан: Ақбастау, Қызылту қорымдарындағы ерте темір дәуірі нысандары\*

Орталық Қазақстан аймағының ерте темір дәуіріне қарасты ескерткіштерін жоспарлы түрде зерттеу ісі Ә.Марғұлан жетекшілігіндегі Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) жұмыстары барысында сонау 1940-шы жылдардың екінші жартысында қолға алынды. Сол уақыттан бері зерттеу материалдары көптеген мақалалар, монографиялар түрінде ғылыми қауымға ұсынылып келеді.

Еліміздің көне тарихындағы ерте темір дәуірін айтқанда, 1966 жылы ғылыми жұртшылыққа ұсынылған Тасмола мәдениеті сол кезеңдерде Қазақстан аумағында ашылып, іргелі дәйектемелер негізінде сипатталған және талқыланған алғашқы мәдениет болды (Қадырбаев, 1966). Егемен Қазақстан кезеңінде бұл бағыт үлкен көлемдегі жаңа деректермен толықтырылуда (Бейсенов, 2018).



Сур. 1. Ақбастау, Қызылту қорымдарының картасы

Сонымен қатар, қазіргі ізденістер барысында айрықша өзекті бағыттардың бірі ол ұзақ жылдар бойы жинақталған деректерді жалпы тұрғыдан жинақтау мен толығынан жүйелеу. Мұның ішінде зерттеу деректері ғылыми айналымға түсе қоймаған нысандарды тауып, олардың материалдарын өңдеу мен жариялау өте маңызды болмақ. Онжылдықтар бұрын қазылып, айрықша маңызы бар делінетін, жарқын және бағалы табылымдар бермеуі себепті белгісіз қалып отырған нысандарды назарға алу осы аспектінің аясында.

\* Жұмыс ҚР ҒЖБ министрлігінің АР14872148 «Сарыарқаның ерте темір дәуірі: заманауи концепция жасау, деректер қорын жүйелеу, хронологиялық баған әзірлеу» атты гранты аясында дайындалды.

Ұсынылып отырған мақалада Орталық Қазақстан аймағында зерттелген Ақбастау және Қызылту қорымдарының (сур. 1) деректері беріледі.

Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген Ақбастау қорымы 2007 жылы аймақтық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қарағанды облысы, Абай ауданы территориясында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерді анықтау мақсатында Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде тіркеуге алынды.

Қазба жұмыстарын 2011 ж. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық тобы жүргізді (Алдабаев Н.Ж., Шашенов Д.Т). Зерттеу жұмыстары барысында Ақбастау қорымының үш обасы және қорымнан солтүстік батыс бағытта, 2 км жерде орналасқан, тіркеу барысында Ақбастау-1 қорғаны деп аталған жеке бір нысан зерттелді. Бұл зерттелген нысандардың көлемі кішкентай болғандықтан, барлығы стратиграфиялық тұрғыда қарапайым болып келеді. Шым қабаты және үйіндінің топырақ араласқан тастары ғана бар. Басқадай күрделі стратиграфиялық қабаттар жоқ.

Ақбастау қорымы Қарағанды облысы, Абай ауданы, Ақбастау ауылынан солтүстік бағытта 4 км қашықтықта, Ақбастау тауының солтүстігіндегі жазықта орналасқан үш кішірек обадан тұрады. Үш обаның да үйінділері ірілеу тастардан салынған. Үстін қалың шым, қараған мен тобылғы басқан. Обалардың маңайында басқадай қосымша құрылыстар жоқ. Обалардың планиграфиясы шашыраңқы.

Бірінші оба қорымның оңтүстігінде орналасқан. №2 оба бұдан солтүстік бағытта 20 м, ал №3 оба солтүстік-шығыс бағытта 70 м қашықтықта.

№1 оба. Қорымда орналасқан басқа екі обаға қарағанда формасы ерекше, төртбұрыштылау болып келеді. Көлемі 15 x 15 м, биіктігі 0,3 м. Оба үйіндісі шым басқан ірілеу тастардан тұрады. Үйінді үстіне қалың қараған-тобылғы өскен. Қазба 17 x 17 м аумаққа салынды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде шым қабатының қалыңдығы қорған үстінде 5-6 см, етек жағында 13-15 см болды. Тазалау жұмыстары барысында обаның үйіндісін айнала көлемі 50 x 30 см ірі тастар қойып, ортасына ұсақ, орташа тастар салынған. Бұл бекітпенің өлшемі 15 x 15 м. Үйіндінің үсті дөңес емес, тегіс.

Обаның тастарын алу барысында ортасынан шығыс-батыс бағытта қатар-қатар көлденеңнен жатқызылып қойылған 5 плита тас шықты. Плита тастардың ең үлкенінің көлемі 80 x 50 см болса, кішісі 40 x 25 см. Қалыңдықтары 12-16 см. Бұл құрылыстың сыртқы өлшемі 1,4 x 0,8 м. Плита тастардың астының топырағы қызғылт-қоңыр түсті, от жағылған болуы мүмкін. Бұл обада жерлеу шұңқыры жоқ.

Төртбұрышты формада, үсті дөңес емес, тегіс келген қаланды жерлеу орны емес, жанындағы обалармен байланысты тұрғызылған, яғни олармен хронологиялық қатыстылығы бар ғұрыптық орын деп қарастырылды.

№2 оба бірінші обадан солтүстік бағытта 20 м қашықтықта орналасқан. Обаның формасы дөңгелек, пішіні жарты сфералы. Диаметрі 9 м, биіктігі 0,5 м. Үйіндісі біркелкі ірілеу тастардан тұрады. Қазба 10x10 м аумаққа салынды. Шым қабатының қалыңдығы қорғанның үстінде 5-6 см, етек жағында 13-15 см. Бекітпені бір қабат етіп, үйіндіні айналдыра қойған. Бекітпе тастарының көлемі 40 x 30 x 30 см.


Үйінді тастарын алу барысында обаның ортасынан 20 см тереңдіктен дөңгелек тесігі бар қайрақ тас табылды (сур. 2: 1).

Құмайтастан (песчаник) жасалған, жоғары жағында тесігі бар қайрақтың көлемі әдеттегі сақ кезеңіне жататын бұндай бұйымдардан кішірек. Формасы төртбұрышты. Бірақ қабырғаларының өлшемдері тең емес. Жоғарғы жағы жалпақтау, төменгі жағы қысылып жіңішкере түседі. Жоғарғы және төменгі шеттері тік емес, дөңгеленіп кеткен.

Бұйымның ұзындығы 6,95 см. Жоғарғы жағының ені 4,1 см, төменгі жағыныңкі - 3,3 см. Жоғарғы жағының қалыңдығы 0,9 - 1,1 см, төменгі жағыныңкі - 0,5 - 1 см. Ортасы қалыңдау: 1,4 см. Қайрақтың екі беті мен екі жаны да, жоғарғы жағы да қолданысқа түсіп, егелгені көрініп тұр. Тек астыңғы жағы қолданылмаған кедір-бұдыр. Сол жақ астында әлдебір қатты затқа тиіп кертілген тұсы бар. Тесік диаметрі 0,68 см. Жан-жағын ала бұрғының қажаған көлбеу аумағы бар.

Үйінді тастары толық алынып біткеннен кейін обаның ортасында жерлеу шұңқырының орны анықталды. Қабірүсті құрылысы анықталмады.

Ұзындығы 1,75 м, ені 1 м, тереңдігі 0,7 м жерлеу шұңқыры Б-Ш бағытта созылған. Қабірдің формасы сопақша келген, қабырғалары тік. Қабір еденінде басы батысқа қаратылып, шалқасынан жерленген адам қаңқасы табылды, ұзындығы 1,60-1,65 м. Сол жақ қол сүйектері мен омыртқаларының болмауы нысанның тоналғандығын көрсетеді. Заттай табылымдар сақталмаған.



Сур. 2. Табылымдар. 1 – тас қайрақ, Ақбастау қорымы, №2 оба. 2 – тас құрбандық, Қызылту-3 қорымы, №4 оба. Овал сызық бояу сараптамасы алынған жерді көрсетеді

№3 оба бірінші обадан солтүстік-шығыс бағытта 70 м қашықтықта орналасқан. Алдыңғы екі обаға қарағанда көлемі кішіріктеу, диаметрі 6 м, биіктігі 0,6 м. Обаның формасы дөңгелек, жанынан қарағанда жарты сфералы. Үйіндісі біркелкі ірілеу тастардан тұрады.

Бұл нысанда қазба шаршы пішінде, 7 x 7 м аумаққа салынды. Алғашқы шым қабатының қалыңдығы үйінді үстінде 5-6 см, етек жағында 13-15 см. Орташа тастардан құралған бекітпені бір қабат етіп, үйіндіні айналдыра қойған. Қабірусті құрылысы жоқ. Үйінді астынан, ортада байқалған ұзынша, қоңырқай түсті дақтан нақтыланған жерлеу шұңқыры Б-Ш бағытта созылған. Қабірдің ұзындығы 1,8 м, ені 0,5 м, тереңдігі 0,3 м. Формасы сопақша, қабырғалары тік.


Қабір түбінде басы батысқа қаратылып, шалқасынан жерленген адам қаңқасы табылды. Қаңқа ұзындығы 1,60 м. Мүрде аяқтарын сәл ғана бүге, тізелерін екі жаққа алшайтқан, яғни салт аттының отырысын еске түсіретін қалыпта қойылған. Адамның мойын омыртқасы тұсынан әртүрлі пішіндегі жалпы саны 22 моншақ табылды (сур. 3). Оның ішінде жеті моншақ ромб тәріздес, екеуі цилиндр пішінді (бөшке формалы), он үш моншақ кимада жалпайтылған дөңгелек, дискі формада.

Мақалада келтіріліп отырған сур. 3 пен кесте 1 -де берілген моншақтардың реттік саны өзара сәйкеседі.

Ромб тәрізді жеті моншақтың (сур. 3: 1) біріншісі көк, күлгін түсті, бұл бұйым азурит тасынан жасалған. Ромбы моншақтың қалған алтауы да, сондай-ақ, басқа моншақтар да жасыл түсті, бирюза тасынан жасалған (барлық моншақ материалын анықтаған PhD докторы А.Айтбаева, Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды).

Ромбы моншақтардың ұзындықтары 8,2 – 13, 3 мм (моншақтардың өлшемдерін қ., кесте 1). Ұзын бойын алғанда әр бұйымның қалыңдығы бірдей. Тек (сур. 3: 3; кесте 1: 3) үшіншісінің қалыңдығы екі жақта екі түрлі: жоғарыда 3 мм, төменгі жағында 1,9 мм.

Ромбылы моншақтың жетеуінің де жіп өткізетін тесіктері жоғарғы жағында. Олар бұйымның шетінен 0,7-2,2 мм қашықтықта орналасқан. Диаметрлері 1,2-1,5 мм. Барлығында тесік көлденеңінен, яғни бұйымның ұзындығына перпендикуляр бағытта жасалған.



Сур. 3. Табылымдар. Азурит (1) және бирюза (2-22) моншақтар, Ақбастау қорымы, №3 оба

Цилиндр пішінділер (сур. 3: 8 - 9) таза геометриялық дәлдікпен жасалмаған. Екі бүйірі сәл шығыңқы келеді де, бұл оларға бөшке формасын береді. Қимасынан қарағанда дөңгелек емес, жалпақтау, жіп өткізетін тесігі дөңгелек, бұйымның ұзын осімен өтеді

Он үш дөңгелек формадағы, кимада жалпақ моншақ. Бұлардың сегізінің формасы дұрыс дөңгелекке жақын, қалған бесеуінің бір жақ жаны тіктеп қиылған. Қимасынан қарағанда әрқайсының қалыңдығы біркелкі емес, бір шеті жұқа, яғни қысыңқы жасалған. Нақтылап айтқанда, бір шетінің қалыңдықтары 1,2 – 2 мм болса, жұқа шетінде ол 0,2 – 1,2 мм. Ортасында жіп өткізетін тесіктері бар. Түстері жасыл, бирюза.

Он алтыншы моншақтың түсі алғашқыда жасыл болғанымен, қазір қоңырланып кеткен. Қазірде кей тұстарынан жасыл дақтарды байқауға болады. Екі бұрышы доғалдау келген төртбұрышты, бір жағы дөңгелек (сур. 3 : 16).

Жалпы, ұзақ уақыт жер астында жатқандықтан, моншақтарда қоңыр дақтар пайда болған. Мұндай дақтар барлығында кездеседі. Сонымен қатар, моншақтарды осыбір дақтар тұрғысынан қосымша зерттеуге тұрарлық.

Кесте 1. Моншақтардың өлшемі, мм

№	ұзындығы	ені	қалыңдығы	тесік диаметрі	тесік пен жоғарғы жақ ұшының арақашықтығы
1	9,3	4,9	2,5	1,3	0,7
2	13,3	7,4	2,9	1,4	2,2
3	11,4	7,3	3-1,9	1,2	1,4
4	11,7	5,9	2,8	1,2	0,6
5	9,9	6,2	2,6	1,4	1,2
6	9,7	5,2	2,5	1,5	1,3
7	8,2	4,1	2	1,5	0,8
	ұзындығы	ені		қалыңдығы	тесік диаметрі
8	7	4,5		3,6	1,7

9	4,8	3,9	2,5	1,3
	диаметрі	тесік диаметрі	ең қалың жері	ең жұқа жері
10	3,2	1,4	1,8	0,9
11	4	1,3	2	1,2
12	4,1	1,5	1,7	0,9
13	3,3	1,5	1,8	1,2
14	3,5	1,4	1,5	0,8
15	3,6	1,7	1,7	1,5
16	3,8x4,1	1,2	1,3	0,4
17	3,4	1,6	1,6	0,4
18	3,5	1,1	2	0,5
19	3,3	1,9	1,8	0,8
20	3	1,5	1,4	0,2
21	3,4	1,3	1,4	0,4
22	3,5	1,2	1,2	0,7

Ақбастау қорғаны. Нысан Ақбастау қорымындағы №1 обадан солтүстік-батыс бағытта 2 км қашықтықта ұсақ шоқылардың етегінде орналасқан. Обаның формасы дөңгелек, жанынан қарағанда жарты сфералы, диаметрі 6 м, биіктігі 0,5 м. Үйіндісі орта көлемдегі және кішілеу тастардан тұрады, үстін қалың ши басқан. Қазба 7 x 7 м аумаққа салынды. Шым қабатының қалыңдығы қорған үстінде 5-6 см, етек жағында 13-15 см. Бұл обада бекітпе жасалмаған. Нысан тоналған. Үйінді тастарын алу барысында обаның ортасынан 0,3 м тереңдікте темір қайшы табылды. Қайшының ұзындығы 21,5 см. Бұл археологиялық табылым емес, бұйым тонау барысында кейінгі заманда түсіп қалған деп пайымдалды. Үйіндіні толықтай алып болған соң, жерлеу шұңқыры анықталды. Қабірусті құрылысы анықталмады. Жерлеу шұңқыры Б-Ш бағытта орналасқан, ұзындығы 1,6 м, ені 0,9 м, тереңдігі 0,6 м. Оның формасы сопақ, қабырғалары тік. Ішінен ешқандай археологиялық табылым табылмады. Адам сүйегі сақталмаған. Нысан басты ерекшеліктері бойынша, хронологиялық тұрғыдан Ақбастау қорымының обаларына жақын деп пайымдалды.

Қызылту қорымдары Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, М. Мамыраев /Ақжол/ ауылынан шығыс бағытта 25 км жерде орналасқан. Тарихи-мәдени нысанды алғаш 1976 ж. ҚарМУ экспедициясы (А.Д. Таиров, А.А. Ткачев, Л. Кривоногова) ашқан (Ломан және басқалар, 2004). Мұнда өзара жақын орналасқан үш қорым бар.

Қызылту-1 қорымы Талды өзенінің сол жағалауында, Қызылту қыстауынан ОШ қарай 1,5 км жерде. Қорым бір тас қорғаннан, шағын, сопақша пішінді 15 қаландыдан тұрады. Қорғанның диаметрі 6 м, биіктігі 1 м.

Қызылту-2 қорымы Талды өзенінің оң жағалауында, Қызылту қыстауынан ОБ бағытта 0,3 км жерде, екі төбенің үстінде орналасқан. Құрамында диаметрлері 4-24 м, биіктіктері 0,2-1,5 м жеті тас үйінді бар.

Қызылту-3 қорымы Талды өзенінің оң жағалауында, Қызылту қыстауынан ОБ бағытта 1 км жерде, дөңгелек және сопақша пішінді 14 тас үйіндіден тұрады. Сопақша пішінді үйінділердің диаметрлері 2,5-3 м x 2-2,5 м, биіктіктері 0,15-0,5 м. Ал пішіні дөңгелек қорғандардың диаметрлері 1,5-8 м, биіктіктері 0,15-0,5 м.

Ескерткішті алғаш ашып, тарихи-мәдени нысан ретінде тіркеуге алған археологтар үш қорымды да ортағасырлар дәуіріне жатқызған.

2013 ж. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық тобы Қызылту-2 қорымының № 1-3 қорғандарына, Қызылту-3 қорымының №1-4 қорғандарына қазба жұмыстарын жүргізді.

Қызылту-2 қорымы, №1 оба дөңгелек пішінді, диаметрі 8 м, биіктігі 0,3 м. Үйіндісі топырақ және тас аралас. Жерлеу шұңқыры сопақ пішінді, ұзындығы 1,6 м, ені 0,8 м, тереңдігі 1,4 м. ОШ-СБ бағытта созыла орналасқан. Қабырғалары тік. 0,4 м тереңдікте ит тектес жануардың сүйегі шықты. 1,4 м тереңдікте шамамен 5-8 жастағы баланың сүйектері табылды. Басқадай ақпарат беретін заттай деректер жоқ.

№2 қорған дөңгелек пішінді, диаметрі 12 м. Биіктігі 0,4 м. Қабір жоқ. №3 қорғанның үйіндісі тас-топырақ аралас, дөңгелек пішінді, диаметрі 8 м, биіктігі 0,2 м. Қазба жұмыстары барысында бұл қорғанда да үйінді астынан жерлеу шұңқыры кездеспеді.



Қызылту-3 қорымы, №1 қорғанның пішіні дөңгелек. Диаметрі 12 м, биіктігі 0,4 м, үйіндісі орташа және ұсақ тастардан үйілген. Қорғанның батыс, солтүстік-батыс, солтүстік және шығыс жағында дөңгелек, сопақша пішіндегі қосымша тас құрылыстар бар. Бұлар әдеттегі қорған маңы құрылыстарына ұқсамайды. Пішіні жағынан ортағасырлық жерлеу орындарына келеді.

Қазба барысында қорғанның шығыс бөлігінде жоғарғы жағы сынған төртқырлы тас менгирдің төменгі бөлігі табылды. Оның ұзындығы 0,5 м, ені 0,18 м, қалыңдығы 0,16 м. Тас оба үйіндісінен 0,23 м шығып, 70-75° қисайып тұрды. Үйінді астынан жерлеу шұңқыры табылмады.

Аталмыш нысанның оңтүстігінде жапсарлас жатқан, қорған №1а деп атау берілген, диаметрі 6 м, биіктігі 0,3 м қосымша жерлеу орнынан басы шығысқа қаратылған, толық анатомиялық түрде, шалқасынан жатқызылған үлкен адамның қаңқасы табылды, бұйымдар жоқ. Жерлеу шұңқырының формасы ұзынша тікбұрышқа жақын, қабырғалары тік, ұзындығы 1,8 м, ені 0,8 м, тереңдігі 0,75 м. Басы шығысқа қаратылған адам жерленген бұл нысан ортағасырлық, мүмкін көнетүркі кезеңінің ескерткіші деп пайымдалды.

№2 қорған, дөңгелек пішінді, диаметрі 6 м, биіктігі 0,3 м. Тазалау жұмыстары жүргізілгеннен соң қорған үйіндісі алынды. Жерлеу шұңқыры болмады. №3 қорған, дөңгелек пішінді, диаметрі 6 м, биіктігі 0,4 м. Тазалау жұмыстары жүргізілгеннен соң қорған үйіндісі алынды. Жерлеу шұңқыры жоқ.

№4 қорған. Бұл нысан №1 қорғаннан солтүстікке қарай 10 м жерде орналасқан. Пішіні дөңгелек, диаметрі 12 м, биіктігі 0,4 м. Қорған аса ірі емес біркелкі орташа тастардан тұрады. Стратиграфиясы күрделі емес. Бірінші қара топырақ шым қабаты 5-7 см. Екінші қабат қалыңдығы 0,30-0,35 м, қоңыр топырақты. Үйінді ортасынан 1,5 м шығысқа қарай ұзындығы 1,4 м, қалыңдығы 0,2 м қиыршық аралас қабат бар. Бұл қабір шұңқырын қазу барысында қалған қабат. Үйіндіні айналдыра салынған бекітпенің диаметрі 10 м. Бір қатар ұзындау келген орташа тастарды қойып жасаған. Үйіндіні алған соң, ортадан қабірусті құрылысы көрінді. Құрылыс жалпағынан қойылған екі қабат тастан шығарылған, Б-Ш бағытқа созылып жатыр. Ұзындығы 2,6 м, ені 2 м, биіктігі 0,25 м. Тонау кезінде ортасының тастары алынып кеткен. Қабір шұңқырын тазалау кезінде 0,4-0,5 м тереңдіктен адам сүйектері (омыртқа, қабырға) шыға бастады. Б-Ш бағытта қазылған жерлеу шұңқырының ұзындығы 1,7 м, ені 0,7 м. Тереңдігі 1,3 м. Формасы төртбұрышты, тек бұрыштары сәл доғалдау. Қабырғалары тік. Адам сүйектері толық емес, бассүйек жоқ. Адамның тізеден төменгі сүйектерінің жатысына қарағанда, мүрдені басымен батысқа қарата, солтүстікке сәл ғана ауытқи жатқызған. Қабір шұңқырының шығыс бөлігінен көлемі 0,6 x 0,47 x 0,12 м плита тас шықты. Ал батыс шетінде төңкеріліп жатқан тас құрбандық ыдыс табылды (сур. 2: 2).

Құрбандық ыдыстың түсі сарғыш, жұмсақ құмайт тастан жасалған. Астында төрт тағаны (аяғы) бар. Ішкі жағы ойылған. Төрт аяғының ортасында қызыл-сарғыш түсті бояу жағылған. Бояу 6 x 4 см аумақты алып жатыр. Бұйымның ұзындығы 17,5 см, ені 8,8 см, биіктігі – 5,8 см, қалыңдығы 3,6 см. Ішкі ойықтың ұзындығы 15,3 см, ені 7 см. Ернеуіне дейінгі биіктігі 1,7 см. Қалыңдығы 1,4 см. Аяқтарының диаметрі 3-3,5 см, биіктіктері 1,7-2 см. Нәтижесі жуырда Киевте украин тілінде жарияланған арнайы зерттеулер бұйым астындағы бояудың охра екенін дәлелдеп берді (Бейсенов, Паничкин, 2023). Ертесак кезеңінде Қазақстан мен далалық Еуразия аумағында кеңінен тараған тас құрбандықтар, оның ішінде неғұрлым ертеуі сатыға тән аяқтылары да, жалпы алғанда ғылыми ортада ертеректен жақсы таныс. Жаңа зерттеулердің арасынан, бүгінгі таңда жүздеген тас құрбандықтарды қарастырып шыққан К.Г.Маргарян (2023) еңбегін атауымыз керек. Бұл бұйымдарды жүйелеу бағытындағы көлемді жұмыспен қатар, олардың қабырғасында, астында сақталған бояу қалдықтарын сараптау маңызды аспект болып табылады (Margaryan, Yuminov, 2022).

*Кесте 2. Ақбастау қорымы (А), Ақбастау қорғаны (Ақ), Қызылту-2 (Қ2), Қызылту-3 (Қ3) қорымдарындағы обалар мәліметтері, м*

нысан	үйінді диаметрі	үйінді биіктігі	қабір өлшемі	қабір тереңдігі	қабір бағыты	мүрде басының бағыты	мүрде жатысы
А, к. 1	15x15	0,3	-	-	-	-	-
А, к. 2	9	0,5	1,75x1	0,7	Б-Ш	Б	Шалқасынан
А, к. 3	6	0,6	1,8x0,5	0,3	Б-Ш	Б	Шалқасынан
Ақ	6	0,5	1,6x0,9	0,6	Б-Ш	-	-

К2, к. 1	8	0,3	1,6x0,8	1,4	СБ-ОШ	СБ	Шалқасынан
К2, к. 2	12	0,4	-	-	-	-	-
К2, к. 3	8	0,2	-	-	-	-	-
К3, к. 1	12	0,4	-	-			
К3, к. 1а	6	0,3	1,8x0,8	0,75	Б-Ш	Ш	шалқасынан
К3, к. 2	6	0,3	-	-	-	-	-
К3, к. 3	6	0,4	-	-	-	-	-
К3, к. 4	12	0,4	1,7x0,7	1,3	Б-Ш	Б	-

Зерттелген 12 ескерткіш негізінен алғанда екі дәуірге, яғни ерте темір мен ортағасырларға жатады. Нысандардың жерлеу ғұрпы ерекшеліктері өзара жақын екенін ескере отырып және оларды аймақтың басқадай белгілі ескерткіштер мәліметтерімен салыстыра келе, Ақбастау мен Қызылту өлкелеріндегі бұл обалардың негізгі тобын ерте темір дәуіріне жатқызамыз.

Ақбастау ескерткіштерінің арасында үш нысан жерлеу орны деп табылса, біреуі ғұрыптық құрылыс санатында, барлығы ерте темір дәуіріне жатқызылды. Қызылту тобындағы сегіз нысанның ішінде біреуі, Қызылту-3 қорымындағы басы шығысқа бағыттала адам жерленген №1а қорған ортағасырлар кезеңіне қарасты деп танылды. Мұндағы №1 қорғанды межелеу қиын: үйіндінің шығыс не батыс шетінде менгир тұруы ерте кезеңдерге де, ортағасырға да тән құбылыс. Бұл қорымдағы қалған үш нысан, №2-4 қорғандар, ерте темір дәуіріне жатқызылды.

Ерте темір дәуірін айтқанда, бұл зерттелген ескерткіштердің үйінді ерекшеліктерінде, жерлеу ғұрпында бүгінде жақсы танымал қорғантас типіндегі обалардың, сондай-ақ, ғұн кезеңі обаларының нысандары жоқ. Бұлар сақ дәуірінен жеткен орындар болып табылады.

Ақбастау қорымы №3 обадан табылған моншақтардың ұзынша цилиндр, қимада жалпайтылған дөңгелек формалары кең тараған әшекейлер қатарында, сондықтан, бірге салынған басқадай бұйымдарсыз, олардың ішкі датасын нақтылау қиын.

Мұнда тоқтала қарастырып өтуге тұратын әшекей – ромбылы моншақтар. Материалы бирюза болмағанымен, формасы, қимадағы сипаты тұрғысынан оларды Қара теңіз Скифиясы ескерткіштерінің әшекейлерімен салыстыруға болады. Ол өлкелердегі ромбылы моншақтарға шыны материалы тән.

Ақбастаудағы бирюза тасынан жасалған, ромбы формасындағы моншақтардың қимада жалпайтылған сипатын басшылыққа ала, оларды Е.М.Алексеева зерттеуіндегі 171 типтегі біртүсті шыны әшекейлермен (1978, с. 73, табл., 33: 77) салыстыра аламыз.

Полин С.В., Дараган М.А. жуырда шығарған еңбектерінде Е.М.Алексееваның ежелгі Скифия бойынша зор ауқымды қамтыған көлемді зерттеуінің маңызын басып айта келе, бүгінгі таңда жоғары сұранысқа ие болатын бірсыпыра өткір түзетулер жасаған (Полин, Дараган, 2021). Мұнда біз үшін ең керектісі сол, шыныдан жасалған ромбылы моншақтардың Скифиядағы хронологиясы нақтыланады, олар табылған Мамай-гора, Чауш, Широкое-2 сынды және т.б. нысандар кеңірек аталып өтті. Мақалада Скифия аумағында ромбылы шыны моншақтардың барлығы 47 жерлеу нысанынан табылғандығы (Сонда, 234-235 б.) аталып өтуінің маңызы бар. Бұл нысандардың хронологиясы ж.с.д. V ғ. екінші жартысы - IV ғ. басына сәйкеседі (Полин, Дараган, 2021, с. 234-236, 241-244, Кесте).

С.И. Андрух материалдары бойынша, Запорожье облысы Мамай-гора қорымындағы 44-обаның 1-ші қабірінде темір пышақ пен білезік, қола сырғамен бірге, қаңқаның мойын омыртқалары тұсынан сары түсті шыныдан жасалған, ромб пішіндес сегіз моншақ табылған. Мүрде басымен ОБ бағытталған (Андрух, 2001, 20-22 б., сур. 9: 2). 56-обаның ШБ сызығымен бағытталған, тоналған 1-ші қабірінде сары және қоңыр түсті шыныдан жасалған екі ромбылы моншақ шыққан. Ал, 61-обаның 1-ші қабірінде басымен БСБ бағытталған мүрде ашылып, мұндағы 20 моншақ пен 20 ұсақ бисерден құралған алқада сары, көк шыныдан жасалған төрт ромбылы моншақ бар (Сонда, 42, 50-52 б., сур. 17: 3; 20: 6). Мамай-гора қорымы ж.с.д. V ғ. соңы -IV ғасырға жатады (Андрух, 2000, 118 б.).

Ескеретін жағдай, Скифиядағы аталып отырған Мамай-гора қорымындағы, сондай-ақ, Чауш қорымы (Суничук, 1985) 9-обасының 1-ші қабіріндегі, Широкое-2 қорымы 48-обасының 2-ші қабіріндегі (Черненко, Бунятян, 1977) ромбылы моншақтардың тесігі бұйымның ұзын бойымен өтсе, Ақбастау жәдігерлерінің бір шеті көлденеңінен тесілген. Яғни, бұлар алқаны ұстап тұрған жіпте скиф қорымдарындағы (қ. Андрух, 2001, сур 9: 2; 20: 6; Суничук, 1985, сур. 3: 2; Черненко, Бунятян, 1977, 67 б., XVIII кесте) сияқты оның бойымен орналаспаған, жоғары шетіндегі тесік арқылы ілінуі себепті шартты перпендикуляр бағытында салбырап тұрған.

Моншақ тесіктерінің формасын, бұйымдардың алқада орналасу мәнерін байқаудың маңызы бар. Аталған жәйт Ақбастау ромбылы әшекейлерін моншақтың салпыншақ (подвеска) түріне жатқызу керек екендігін көрсетеді.

Ақбастау ромбылы моншақтарын формасы жағынан Скифияда кең тараған әшекейлермен салыстыра отырып, қарастыру деңгейі бұдан неғұрлым жақынырақ болатын Хорезм маңындағы ескерткіштер табылымдарын айту керек. Бұл – Оңтүстік Арал өлкесінде, Өмударияның ежелгі Сарықамыс дельтасында зерттелген Құйысай-2 қонысы жәдігерлері. Ертесак кезеңіне қарасты бұл қоныста бирюза тасын өңдеп, одан моншақ, сырға сияқты әшекей түрлерін жасаудың жергілікті өндірісі болғаны белгілі (Вайнберг, 1979).

Түрі, материалы және тесік шығару тұрғысынан Ақбастау табылымдарына жақын ромбы формалы салпыншақтар (Сонда, 17 б., кесте XIa: 1) ғана емес, мұнда бирюзадан жасалған әшекейлер жалпы көптеп табылған. Құйысай-2 қонысымен қатар, бирюза өңдеу кәсібі Шығыс Аралдағы Ұйғарақта да өз көрінісін тапқан (Вишневская, 1977, с. 83).

Ақбастау ромбылы моншақтарын салыстыру ғана емес, оларды мерзімдеу жағынан Арал маңындағы ескерткіштерге байланысты ғалымдардың айтқан тағы екі пікірі құнды. Біріншіден, бирюзадан жасалған ромбылы салпыншақтар құйысай мәдениетінің ерте кезеңіне, яғни ж.с.д. VII-VI тән де, V ғасырда олар жоғалады (Вайнберг, 1979, с. 18). Екіншіден, архаикалық Хорезм ескерткіштерінің өзінде жалпы бирюза өңдеу кәсібі ж.с.д. VII-VI ғғ. кейін тоқтайды (Вишневская, 1977, с. 83).

Бұған қарағанда, Ақбастау ромбылы салпыншақтарын ертесак кезеңімен мерзімдеуге негіз бар. Қазақстанның ертесак кезеңі ескерткіштерінде жалпы бирюза тасынан жасалған әшекейлердің көптеп кездесуі, соның ішінде Орталық Қазақстанның Талды-2, Ақбейіт, Бірлік сынды қорымдарындағы моншақ, сырғалар, бұл пікірге тағы бір арқау бола алады.

Ромбылы формадағы моншақтар жалпы өте сирек әшекейлерге жатады. Жарияланбаған материалдар шығып жатса жөні бөлек, Қазақстан бойынша баспа көрген деректерден кездеспеуі бұл бұйымдардың Орталық Қазақстан аймағына таралуы мәселесін қарастыруды қиындатады.

Қызылту-3 қорымының №4 обасымен қатар, Ақбастау қорымының ромбылы моншақтар табылған №3 обасын да ертесак кезеңіне жатқызып, оларды ж.с.д. VIII-VI ғғ. қамтитын кен датамен межелейміз. Жаңа деректер барысы бұл датаны нақтылай түседі деп үміттенеміз.

### Әдебиеттер тізімі

Алексеева Е.М. Античные бусы Северного Причерноморья // САИ. 1978. Вып. Г1-12/2. 100 с., табл.

Андрух С.И. Могильник Мамай-гора в Нижнем Поднепровье // Скифы и сарматы в VII-III вв. до н.э.: палеоэкология, антропология и археология /Отв. ред. В.И. Гуляев, В.С. Ольховский. М.: Институт археологии РАН, 2000. С. 110-119.

Андрух С.И. Могильник Мамай-гора. Кн. 2. Запорожье: Институт археологии НАН Украины; Запорожский госуниверситет, 2001. 282 с., 2 Прил.

Бейсенов А.З. Тасмолинская культура Центрального Казахстана в исследованиях начала XXI века // Археология и давняя история Украины. 2018. Вып. 2 (27). С. 386-396.

Бейсенов А.З., Паничкин А.В. Тасмолинська культура: перші результати дослідження складу фарб на предметах із курганів. Археологія і давня історія України, 2023, вип. 2. 2023. С. 215-225.

Вайнберг Б.И. Памятники куюсайской культуры // Кочевники на границах Хорезма /Отв. ред С.П.Толстов. М.: Наука, 1979, С. 7-52, табл.

Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V вв. до н.э. М.: Наука, 1977. 160 с.

Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры // Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука 1966. С. 303-433.

Ломан В.Г., Бейсенов А.З., Евдокимов В.В., Төлеуов Т.С. Қарқаралы ауданының археологиялық картасы // Археологическая карта Каркаралинского района /Ред. басқарған А.З. Бейсенов. Алматы: Иль-тех-кітап, 2004, 256 бет, 4 бет түрлі түсті сур. (Қазақ, орыс тілдерінде).

Маргарян К.Г. Для кого вы созданы, кому вы служите? Каменные жертвенники в погребениях кочевников раннего железного века Евразии // Прочнее меди /Отв. ред. Л.В. Дергачева. Кишинэу: Stratum Plus, 2023. с. 327-352.

Полин С.В., Дараган М.Н. Стеклянные бусы – одноцветные пирамидальные, плоские ромбические и биконические, - типы 88-96, 112–115 и 171 по Е.М. Алексеевой. В поисках хроноиндикаторов для микрохронологии курганов и погребений причерноморской Скифии V–IV вв. до н.э. //Античный мир и археология. 2021. Вып. 20. С. 221–260.

Суничук Е.Ф. Скифский могильник Чауш в низовьях Дуная // Памятники древней истории Северо-западного Причерноморья /Отв. ред. Г.А. Дзис-Райко. Киев: Наукова думка, 1985. С. 38-45.

Черненко Е.В., Бунятян Е.П. Курганная группа Широкое II //Курганы Южной Херсонщины /Отв. ред. Е.В. Черненко. Киев:Наукова думка, 1977. С. 45-93.


Margaryan K.G., Yuminov A.M. The Mineral Composition of Pigments from the Archaeological Sites of the Early Iron Age Nomads of the Southern Urals // Geoarchaeology and Archaeological Mineralogy 2021 /Eds. Ankusheva N.N., Chechushkov I.V., Epimakhov A.V., Ankushev M.N., Ankusheva P.S. Springer Proceedings in Earth and Environmental Sciences, 2022. P. 127-142.

### Орталық Қазақстан: Кеңестас өлкесіндегі екі тас тізбекті оба мен бір ескі құлпытас деректері\*

Ұсынылып отырған хабарламада Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жаңатоған ауылдық округі аумағында орналасқан ерте темір дәуіріне қарасты екі нысан мен бір ескі құлпытас сөз болады. Бұлар – Кеңестас-1 және Кеңестас-2 қорымдарындағы екі тас тізбекті («мұртты») оба, Кеңестас қыстағы жанындағы ескі қорымда орналасқан бір құлпытас (сур. 1). Үшеуінің де орналасқан жері ертеден осы өңірлер тұрғындары арасында кеңінен танымал Кеңестас өлкесімен байланысты.

Кеңестас – тарихи мүйіс. Атау ежелгі тау қатпарларының ыдырап, шөгу үдерістері барысында жазық жерде оқшауланып қалып қойған үлкен жалпақ тасқа байланысты шыққан. Осы тастың жанында ерте замандардан қазақ топталып жиналып, ақылдасып шешуді қажет қылатын түрлі тақырыптағы мәселе, сұрақ, дау-дамайды тыңдаған және бір тоқтамға келіп отырған. Яғни, кеңес өткізген. Бұл өзі халықтың жадында қалмаған тым ерте замандардан басталған болуы керек. Осы маңайда қола, ерте темір дәуірлері петроглифтерінің бір шоғыры жинақталған, қазақ «Кестелітас» деп атаған көне ескерткіштің болуы аталған пікірді растайды.

Бертінгі тарихи кезеңге қатысты жайттарға байланысты Кеңестас жиі аталып отырады. Мұнда билер соты жиналып, ас беру құран бағыштау сынды шаралар атқарылған. Жер мен жесір дауы тыңдалған. Қаймана қазақтың өмір-тіршілігінің тұптамасы көші-көн жүйесі реттеліп отырған. Қыстан шыққан ағайын тойын өткізген.




Сур. 1. Ескерткіштердің орналасу картасы

Қарқаралы сыртқы округы ашылар қарсаңында, яғни 1823-1824 жж., қазақ өте маңызды деп санаған осы мәселеге байланысты көптеген сұрақтар ел арасында тура осы жерде талқыланды. Бірнеше рет орын алған бұл оқиға елдің жадында жақсы сақталып отырған фактіге жатады.

Бұл жерде қазақ ертеден жылдың суық мезгілдерінде тұруға жайлы оңтайлы қыстақтар салған. Соның бірі XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басына қарай іріленіп, недәуір қомақты тұрақты мекенге

\* Жұмыс ҚР ҒЖБ министрлігінің АР14872148 «Сарыарқаның ерте темір дәуірі: заманауи концепция жасау, деректер қорын жүйелеу, хронологиялық баған әзірлеу» атты гранты аясында дайындалды.

айналған да, ол соңыра алғашқы «Кеңестас» ұжымшарына негіз болған. Кейінірек үлкен кеңшардың бөлімшесі болған бұл мекен қазір қыстақ, яғни фермер қожалығы ретінде танымал.



Сур. 2. Нысандардың сызбасы мен фотосуреттері. 1, 3 – Кеңестас-1. 2, 4 – Кеңестас-2.

Бүгінгі таңда Орталық Қазақстан аумағында осыған дейін тіркелген, қазылып зерттелген, жаңадан ашылып отырған ерте темір дәуірінің ескерткіштері бойынша деректерді жинау мен жүйелеу жұмыстары атқарылуда. Жерлеу нысандарымен қатар, мұнда «мұртты» обалар бойынша бар деректерді нақтылау маңызды орындағы мәселелердің бірі болып отыр.

Кеңестас-1 қорымы (сур. 2: 1,3) Кеңестас ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4,1 шақырымда орналасқан. Қорымда бір «мұртты» оба кешені, екі қорған және екі құрбандық орны тіркелді. Мұртты оба кешеніндегі батыс тарапта орналасқан үлкен, яғни негізгі қорғанның (№1 қорған) диаметрі 32 м, биіктігі 3,5 м. Негізгі қорғанның шығысында жабыса орналасқан кіші оба бар (№1а қорған), оның диаметрі 7 м, биіктігі 0,3 м. Қорғанды айнала ор қоршап жатыр, оның диаметрі 52 м, жалпақтығы 5-7 м шамасында, тереңдігі 0,2-0,4 м. Ор екі обаны да қоса алып жатыр, ал екі тізбек, яғни «мұртшалар», одан тыс. «Мұртшалар» шығысқа бағытталған. Солтүстік тізбек кіші қорғаннан ССШ бағытында 15 м жерде басталады, ұзындығы 104 м. Оңтүстік тізбек кіші қорғаннан ОШ бағытында 12 м қашықтықта басталып, 115 м ұзындықты құрайды. Оңтүстік тізбектің соңында қорған тәріздес шағын құрылыс тіркелді, оның диаметрі 3 м.

№2 қорған негізгі қорғаннан СШ қарай 18 м қашықтықта орналасқан, оның диаметрі 6 м, биіктігі 0,5 м. №3 қорған №2 қорғанның СШ шетіне тіреле орналасқан, диаметрі 10 м, биіктігі 0,6 м.

Негізгі қорғаннан БСБ бағытқа қарай 44 м жерде бастапқы қалпынан бүлінген, тастары шашылып жатқан бірінші құрбандық шалу орны бар. Оның құрамында жер жырту нәтижесінде қатты бұзылған бір қоршау қалдығы мен үш менгир сынығы бар. Мұнда шағын қоршаудың батысын ала орнатылған, бастапқы ұзындығы 2-2,5 м шамасында бір үлкен менгир болған, немесе үлкенді-кішілі екі менгир тұрған. Екінші құрбандық шалу орны негізгі қорғаннан СБ бағытқа қарай 28 м қашықтықта тіркеледі. Нысан қатты бұзылған, қоршаудың тастары шашырап жатыр. Менгир болды деп айта алатын ірі, жалпақ плита сынықтары жоқ. Екі ғұрыптық орынның

арақашықтығы шамамен 10 м. Бұл екі нысан кеңшарлар заманында үнемі жүргізілген жер жартудың нәтижесінде бұзылған. «Мұршалардың» да сақталу деңгейі нашар.

Кеңестас-2 қорымы (сур. 2: 2,4) Кеңестас ауылынан СБ бағытқа қарай 3,4 шақырым жерде орналасқан. Қорым бір мұртты оба кешенінен және бір қосымша қорғаннан тұрады. Мұртты оба кешеніндегі негізгі қорғанның (№1 қорған) диаметрі 12 м, биіктігі 0,7 м. Негізгі қорғанның ШОШ тарапында, оған жанаса кіші оба (№1а қорған) орналасқан, диаметрі 7,5 м, биіктігі 0,5 м. Кіші обадан СШ қарай 2 м жерде басталатын солтүстік тізбектің ұзындығы 73 м. ОШ қарай 3 м жерде басталатын оңтүстік тізбектің ұзындығы 69 м. Екі «мұртша» да шамалы ғана ШСШ бағытқа ауытқиды. Екі «мұртшаның» да басы мен соңында қорған тәріздес шағын құрылыстар бар. Олардың диаметрі 2-2,5 м құрайды. № 2 қорған негізгі қорғаннан СБ қарай 4 м арақашықтықта орналасқан, диаметрі 6 м, биіктігі 0,5 м.

Айтылып отырғандай, «мұртты» обалар кешендерін жаңадан нақтылау шараларының заманауи ғылым талабынан шығып отырған маңызды мәселелері бар. Мұның бірі бұрындары не мүлдем айтылмай кетіп, не әлдебір «ірі плита сынығы», не әлдебір «шашылған тастар» түрінде ғана аталып отырған ғұрыптық орындарды жаңадан нақтылау болмақ. Қолдағы деректерге үңілсек, тас тізбекті кешендер аумағында жиі кездесетін осыбір «ірі плита сынықтары» мен «шашылған тастар» іс жүзінде нақты археологиялық нысандардың тұрақты бейнесін беретінін байқаймыз. Бұлар *менгирлер, менгирлі қоршаулар, қоршаулар* ретінде тұрақты атау қолдануға тұратын орындар. Қай кешенде бұның қайсы болғанын, кезінде оның біреуінің, немесе екеуінің, немесе үшеуінің де болғанын нақтылап отыру қазіргі заманғы ізденістердің өте маңызды бір бөлігі. Әрине, бұл жайттар ескерткіштің қазіргі күндегі сақталу деңгейіне тікелей байланысты.

Тас тізбекті, яғни «мұртты» обалар кешені Қазақстан археологиясында ертеден танымал ескерткіштерге жатады. Жоспарлы, жүйелі ізденістер аумағында бұлар Орталық Қазақстан жерінде Ә.Марғұлан, Ә.Оразбаев, М.Қадырбаев жұмыстары барысында зерттелді. Соңынан бұл жәдігерлерді ашу мен зерттеу кең өлкелерге тарады, олардың көптеген аспектілері Қазақстаннан тыс аймақтарға да таныс болды. Көптеген ғалымдар кешендерге байланысты пікір айтты, типологиялық жүйелерін ұсынды.

«Мұртты» обаларды зерттеудің қомақты тарихы бар, оны әр мақала сайын тегіс қайталап отыруды ғылыми еңбек жариялаудың әдіснамасы көтермейді. Автордың бұл салада ұсынған бірсыпыра жарияланымы бар екенін ескере отырып, тақырыпқа үн қосқан ғалымдар мен жалпы библиографиялық мәліметке қатысты сілтеме беріледі (қ., Бейсенов, 2017; 2023а). Мұның ішінде, еліміздің өлкелерінен жуырда ашылып отырған кешендерге (Айткали и др., 2019) байланысты соны деректер, әсіресе, бұрындары аталмаған Құлынды, Шыңжаң, Қырым өлкелерінен енді табылып отырған (Гришин, Марченко, 2020; Грудочко и др., 2020; Тихомиров и др., 2020) ескерткіштер мәліметі қызықты болмақ. «Мұртты» обаларға байланысты жиілеп келе жатқан көміртегілік даталар (Джумабекова, Базарбаева, 2022) да күн тәртібіндегі шешуші шараларға жатады. Аталған екі «мұртты» оба автордың жүйелеуі бойынша 2-ші типтегі кешендер санатында.

Деректері хабарламада тұңғыш беріліп отырған құлпытас - қазақ заманы ескерткіштеріне қарасты нысан. Жалпы қазақ заманы қыстауларына (Бейсенов, 2020а; 2021а; 2023а; Бейсенов, Ахияров и др., 2020; Бейсенов, Шашенов и др., 2020; Шашенов, Бейсенов, 2023), мазарларға (Бейсенов, 2020б) байланысты кейбір материалдар мен ой-пікірлер автордың осының алдындағы жарияланымдарында орын алды. Қазақтың қыстау-коралары бүгінгі таңда басқа да көптеген зерттеушілер (қ., Шашенов, Бейсенов, 2023) жұмыстары барысында қарастырылып келе жатқаны белгілі.

Олардан айырмашылығы, Орталық Қазақстан құлпытастары кеңінен танымал емес, зерттеу ісі қолға алынбаған ескерткіштер болып табылады. Сондықтан, қазақ құлпытастарын тіркеп, олардың деректерін уақытында жариялап отыру кезек күттірмейтін маңызды шараларға жатады.

Құлпытас Кеңестас ауылынан СБ қарай 0,4 км жерде, едәуір үлкен қорымның шетінде орналасқан (Сур. 3). Құлпытастың ұзындығы жер бетінен 2,1 м, ені 0,55 м, қалыңдығы 0,11 м құрайды.

Қадым жазуындағы тәртіпке орай, тастың бас жағында құрани фразалар беріледі. Мұсылман ай-жұлдызы астынан келтірілген «Әл Хаким уә Лла Әли әл Қабир» деген тіркес мәнін ұғу қиын емес. Бұл Алланың көркем есімдерінің Хаким, Әли және Қабир деген үшеуі. Алланың қасиетті есімдерінің арасындағы «Дана», «Биік» және «Үлкен» деген сипаттарды беретін ұғымдар.

Қадым өрнектерімен сәнді келтірілген, қарпі ірілеу бұл жазудың астын ала жеке жолақта құран сүресінен тіркес берілген, ол ұсақ жазумен түсірілген.

Осыдан төмен қарай ескі қазақ тілінде, яғни кітаби түркі дәстүрінде түскен ақпарат орналасады. Жазу төменде қазіргі қолданыстағы тілмен беріліп отыр.

«1902-інші жылы 22-інші апрелде Айша Ақбай қызы Тәти Еркебай ұлының жамағаты 19 жасында, уә 1904-інші жылы 20-ншы июнде Сәти Еркебай ұлы 19 жасында, уә 1910-ншы жылы 29 июлде Тәкин Еркебай ұлы 19 жасында, уә 1914-іншы жылы 20-ншы мартта сәрсенбі күні Ақбала Майлыбай қызы Еркебай Бейсеке ұлының жамағаты 60 жасында бу фани дүниядан дар бақа сафары қылдылар, хақ Тағала рахмат уә махфират қылғай, Әмин».

«Рахмат уә махфират қылғай» - мейірімін және кешірімін берсін мағынасында. Махфират – жасаған иенің кешірімі.

Көрсетіліп тұрғандай, таста Еркебайдың екі ұлы, келіні және әйелінің аттары жазылған. Өз аты жоқ, демек ол басқа жерде жерленген.

Тастың және ондағы жазудың бірнеше ерекшелігі бар.



Сур. 3. Кеңестас ауылы. Еркебай әулетіне қарасты адамдар аталған құлпытас

Төрт адамға арнап бір тас жаздыру Орталық Қазақстан жерінде бірінші рет кездесіп отыр. Екі адамға қойған тастың өзі сирек кездеседі, үнемі тас бір адамға арналады. Шаруаның бәрі шетінен бай емес, әр адамға тас жаздыру деген ол заманда қымбатқа түсетін ғана емес, ұйымдастыруының өзі қиын іс болған. Және де күнделікті өмір, күйбең шаруаның ара-арасында да оның реті келе бермеген. Осының өзінде, қайтқан адамдарының атын қалдырмай жаздырып, ортақ тас қойған жағдай әлдебір тарихтан сыр беретіні анық. Еркебай әулеті марқұмдарына тас жаздырудың мәнін білетін, оның неге керек екенін жақсы пайымдаған, малды ғана емес, парасатты, сол кездегі қазақ ішіндегі зиялы, ойлы ортаға қатысы бар адамдар болған.

Берілген жазықтықта бір емес, төрт адам мәліметін сыйдыру керектігінен, шебердің бар орынды үнемдеуге мәжбүр болғаны көрініп тұр. Бұл екі жағдайдан байқалады. Біріншіден, шебер Орталық Қазақстан құлпытасындағы дәстүрлі тәртіптен ауытқып, ру атауларын бермей кеткен. Екіншіден, әріп асты-үстінде тұратын ноқаттар үнемі дәл өз орнында емес, жылжып, келесі таңбаларға қарай ығысқан, яғни бос жерлерге қойылып отырған. Бұл өзі бірнеше тұста көрініп тұр. Себебі түсінікті-ақ, тек бұндай ерекшелігі бар жазуды оқу бірсыпыра қиындайды, ең алдымен бұл қандай да бір деңгейдегі дайындық пен тәжірибені керек қылады.

Басында Еркебайдың әкесінің аты «Сика» деп оқылды. Жақсы танылатын «Еркебай» есімінен кейін «би» деген сөз тұр да, одан соң тағы төрт әріп жақсы ажыратылады: оңнан солға қарай «син», «иа», «каф» және «алиф». Айтылып тұрған «Сика» осыдан шығады. «Би» сөзін жеке



алсақ, «Еркебай би Сиқы ұлы» болады. Әрине, ең жақын келетін қазақ есімі бұл жерде Сыйқы болар еді. Мәселен, Сиқымбай бұрынғының қазағының арасында кең тараған есім, бұл жақсы танымал. Қадымша бұл жәдид емес, «қаф» орнына «каф», яғни біздегі «к» орнына «к» қолдану, т.б. жайттар кездесе береді. Немесе, шебердің шатысуы, қателесуі де болып тұрады. Қыр қазағы құлпытасқа тапсырыс бергенде міндетті түрде өзі бара бермеген, біреуден тілдей қағаз жаздырып, тіпті, айтып та жіберіп отырған. Елдің бәрі өзіндей емес, ол шатыстырады дегенге мән де бере бермеген, «есі дұрыс па, қателескені несі, айтып жібердім ғой» деген секілді.

Ескінің қазағының көзінің ерекше көргіштігі ғана емес, еске сақтау қабілеті, бір естігенін ешқашан ұмытпайтын ғажап қасиеті болғанын ел аралаған ресейлік әкім-шенеуніктер де аз жазбаған. Таңды таңға ұрып қиссаны жатқа айтқан жыршыларды ғана емес, жаңадан тарап отырған әндерді тыңдап отырып жаттап алатын қазақ ортасы бізге белгілі. Міне сондай, жазып апарып берсе жөні басқа, шеберге керек ақпаратты айтып жіберген жайттар да болып тұрған. Жоғалған байталды бес жылдан соң, бес жүз км жерден көрсе танитын шаруа, айтылған нәрсені анау ұмытып қалады дегенді түсінбеген. Ал қала жатағы шебердің бәрі ондай емес, дереу жазып алған күнде де, ол қателесуі, шатысуы әбден мүмкін. Техника әбден дамыған, компьютер, гаджеттер заманында мыңдап өріп кеткен, ие бермейтін қатені біз қазір жақсы біліп отырмыз. Немесе, шебер бұл жерде де орын үнемдеуге тырысып, қыр қазағының атын қысқарта салуы да мүмкін.

Осыларды ескере келе, дегенмен «Еркебай би Сыйқы ұлы» емес, «Еркебай Бейсеке ұлы» деген форманы қабылдап отырмыз. «Еркебай би...» емес, «Еркебай Бейсеке...» болуы керек.

Жалпы қадымшаның әрбір жазуы оны оқитын адамның өз дайындығын толықтырып отырады. Әр тас – методикалық нұсқаулықтың жаңа парағы. Қыр қазағының қазіргі қолданыстан шыққан ескі аттарын ғана емес, көптеген басқадай ескі сөздерді жақсы білумен қатар, оларды қадымда қалай беріп отырғанын да көре, үйрене бересіз.

Осы тастан көрініп тұр, жеке берілген «би» дегенді тура осы жеке қалпында алсақ, қазақтың бір биі туралы ұғым пайда болады. Ал, іс жүзінде «би» осыдан кейін келетін адам атының алдыңғы буыны болып отыр.

Бір тоқтала кететін жайт, мұнда әсіресе маңызды «е» әрпінің жағдайы. Қазақ, басқа түркі тілдерінде көп қолданылатын бұл әріп, арабшаға негізделген кітаби түркіде, яғни қадымшада жоқ. Оны сөз басында «алифпен» берсе, сөз аяғында кейде тағы «алиф» қолданылады. Ал «е» сөз ортасында, аяғында келсе, «һа» әрпінің аяқ формасы қолданыла береді. Одан тыс, әсіресе, сөз ортасында «е» әрпі «иа» әрпінің орта формасымен де жүре береді. Жалпы, осындай қиыншылықтар туғызатын сауалдарды реттеген жүйе ол Байтұрсынов әліпбиі болатын.

Айтылып отырған ойға оралсақ, Бейсеке сөзінде үш «е» бар, біз айтып отырған жазуда бұл «Бисика» формасында тұр. «Е» әрпі екі жерде «иа» әрпінің орта формасымен түскен, ал соңында «алиф» әрпімен қойылған. Қазақта Бейсек деген ат та аз кездеспейді. Бірақ Еркебайдың әкесі атын Бейсек деп шығарған дұрыс болмас еді, себебі, соңы «қаф» таңбасымен аяқталмайды – «алиф» тұр. Демек, Бейсек емес, Бейсеке.

Сонымен, Еркебай Бейсеке ұлы деген шешімді нақты қабылдаймыз.

«Тәкин» деп берілген есім Төкен болуы әбден мүмкін. Төкен Еркебайұлы.

Тас шеберлікпен жасалған, жазу да мықты практикасы бар кәнігі маман қолымен түсірілген. Ауыл арасының хат танитын, қағаз жазып жүрген оқымыстысы емес, каллиграфия маманы түсірген. Яғни, шеберханада жасалған құлпытас.

Қадымшаның әдемі әріп-өрнектерінің үстіне, кейде сөз арасына, өсімдік тектес оюлар беріп отыруы қазіргі оқитындарға қосымша қиындық береді. Осындай оюларды қосып сәндеген, жазықтықта бояу қолданылған бұндай құлпытас сол кездерде өте әдемі түр берген.

Арнайы тапсырыс беріп қалалы жерден әкелген құлпытасты ағайынды жинап, құран бағыштап орнататын бұндай шаралар сол кезде үлкен сауап та, марқұм туыс, бауырды ұмытпауға тырысқан отбасылық құндылық пен нағыз адами ізгілікті де, тіпті ауыл арасындағы ірілікті айғақтайтын әлдебір мақтанышты да көрсете алады.

Маңайдағы кейбір сұрастырған атүсті деректер бойынша, Еркебай есімді адам арғын арасындағы шекшек аталарына қарасты тұлға делінді, бірақ нақты деп айтуға ерте. Қыр қазағында адам аттары ауылдар арасында, тіпті бір ауылда да жиі қайталана береді, бұл жалпы жиі болатын жағдай. Құлпытас 2023 жылғы археологиялық ізденістер түгел аяқталып, тура қайтар кезде, қыркүйектің ортасында тіркеліп алынды, бұнда айтылған мәлімет жайлы толық сұрастыруға уақыт болмады.

Алдымыздағы уақытта Кеңестас өңірін мекендеген **Еркебай Бейсеке ұлы** жайлы деректер қарастырып, тақырыпты нақтылай түспекпіз.

«Жазықта мал іздеген» қаймана қазақтың ескі тұрмысынан, нақты өз өмірінен хабар беретін, алдыңнан кездесе қалған әр құлпытас бүгінгінің қазағының жадынан толық шығып кеткен атамұрамыз - қадымшаны ұға түсуге үнемі бір қарыс, бір шынтак, бір қадам мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

Айткали А.К., Жунисханов А.С., Доумани Дупью П., Исин А.И., Рахманкулов Е., Курманғалиев А.К. Новые данные о курганах с «усами» Восточного Казахстана // Маргулановские чтения–2019 / Отв. ред. М.К. Хабдулина. Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. С. 208-222.

Бейсенов А.З. Курганы с «усами» Центрального Казахстана // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. Сборник статей, посвященный 70-летию Центрально-Казахстанской археологической экспедиции. Том 2. Алматы: Научно-исследовательский центр истории и археологии «Бегазы-Тасмола», 2017. С. 31-37.

Бейсенов А.З. Чингистау. Размышления у старой зимовки Абая // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. Барнаул: АлтГУ, 2020а. Вып. 25. С. 229-240.

Бейсенов А.З. Крестобразный мазар султана Асана Чингисова и курган с менгиром в долине Бесоба, Центральный Казахстан // Теория и практика археологических исследований. 2020б. №2 (30). С. 77-94. DOI: 10.14258/tpai(2020)2(30).-06

Бейсенов А.З. Вопросы изучения и сохранения казахских зимовок // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. Барнаул: АлтГУ, 2021а. Вып. XXVII. С. 7-16.

Бейсенов А.З. Әлихан Бөкейханов ата қорымы Талдыбейіттегі құлпытастар // Қазақстандағы археологиялық зерттеулер. 2021б. Астана: ҚР Ұлттық музейі, 2022. Б. 215-221.

Бейсенов А.З. Поездка в Милыбулак, Центральный Казахстан: обследование курганов с «усами» и руин зимовок, чтение старинных кулпытасов. Уфимский археологический вестник. 2023а. 1. С. 109–127. DOI: <https://doi.org/10.31833/uav/2023.23.1.009>

Бейсенов А.З. Жақып Ақбаев әулетіне қарасты бес құлпытас // XV Оразбаев оқулары. Алматы: Қазақ университеті, 2023б. 152-162 б.

Бейсенов А.З., Ахияров И.К., Джуманазаров Н.Ш. Карашоқы, старая зимовка в долине Аксары в Центральном Казахстане // Полевые исследования в Верхнем Приобье, Прииртышье и на Алтае (археология, этнография, устная история и музееведение). 2019 г. Вып. 15. Барнаул: АлтГУ, 2020. С. 6-25.

Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т., Дуйсенбай Д.Б. Кызылшилик, зимовка семьи Хасена Акаева // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. Вып. 25. Барнаул: АлтГУ, 2020. С. 240-251.

Гришин А.Е., Марченко Ж.В. Первые объекты типа «курган с усамы» в Кулундинской степи // Проблемы археологии, этнографии и антропологии Сибири и сопредельных территорий. Отв. ред. А.П. Деревянко. 2020. Т. 28. Новосибирск: С. 479-486.

Грудочко И.В. Минлигареев Н.И., Мотовилов А.М., Станишевская С.С. Курганы с «усами» Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР. Наука ЮУрГУ. Материалы 72 научной конференции. Секции социально-гуманитарных наук. Челябинск: ЮУрГУ, 2020. С. 246-252.

Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. «Солнечные» курганы Ашутасты: историческая память в Степи (по результатам радиоуглеродного анализа). Археология Казахстана. 2022. 3. С. 43-73. doi.org/10.52967/akz2022.3.17.43.73

Тихомиров В.А., Бытковский О.Ф., Мульд С.А. Курган с «усами» Северное-1 в Белогорском районе Республики Крым и поиски аналогий в Зауралье и Казахстане // История и археология Крыма. Отв. ред. В.В. Майко. 2020. 12. С. 83–100.

Шашенов Д.Т., Бейсенов А.З. Әлімхан Еркеков әулетінің Бөріктас қыстауындағы археологиялық зерттеулер // XV Оразбаев оқулары. Алматы: Қазақ университеті, 2023. 136-146 б.

### **Бронзовые подвески в виде фигурки лошади из Тлийского могильника\***

Тлийский могильник эпохи поздней бронзы – раннего железа, относится к южной группе памятников Кобанской археологической культуры. Он располагается на южном склоне Главного Кавказского хребта, в Джавском районе Южной Осетии у с. Тли в высокогорной зоне среднего течения р. Большая Лиахва (рис. 1). На территории могильника, который исследовался под руководством Б.В. Техова с 1957 по 1988 гг., было раскопано около 500 погребений (Техов 1977; 1980; 1981; 1985; 2002)<sup>2</sup>.

По материалам Тлийского некрополя прослеживаются тесные культурные контакты с соседними и более отдаленными регионами Предкавказья, Южного Кавказа и Передней Азии. В значительной степени это было связано с тем, что население, оставившее этот замечательный памятник, имело непосредственное отношение к функционированию крупной транскавказской транспортной магистрали, проходившей через современный Рокский перевал, вблизи которого и находится с. Тли.



*Рис. 1. Карта кавказского региона с локализацией могильника Тли*

Довольно представительную группу находок в погребениях Тлийского некрополя составляют предметы украшенные изображениями лошади. Последние представлены как целыми объемными бронзовыми фигурками, так и гравированными изображениями на бронзовых изделиях. Эта статья посвящена рассмотрению только одной категории этих изделий, а именно бронзовым фигуркам в виде лошади. Отношения между человеком и конем в древности были прочными и имели глубокие корни. Они были неразрывно связаны друг с другом, как природой, так и богами, которых почитали в своей мифологии.

#### **1. Материалы**

Литые бронзовые подвески в виде фигурки лошади встречены в пяти захоронениях Тлийского могильника (погребения №№ 99, 105, 214, 244, 361) (Техов, 1977: рис. 115, 7-11; 2002: таб. 31, 4). В четырех захоронениях было найдено по одной такой подвеске, а в погребении № 244 обнаружены две подвески, относящиеся к разным типам. Еще две конские фигурки вероятно, являются, случайными находками на территории могильника, поскольку у Б.В. Техова отсутствует информация об их местонахождении (Техов, 1977: рис. 115, 12, 13).

Костяки в погребениях №№ 99, 105, 244 и 361 определены как принадлежавшие женщинам (Техов, 1980; 2002: с. 21). В погребении № 214 отсутствовали предметы вооружения и ножи,

\* Статья подготовлена в рамках проекта MSCA4Ukraine (ID number 1233005), при финансовой поддержке Европейского Союза.

<sup>2</sup> Благодаря содействию профессора Б.В. Техова, С.В. Махортых имел возможность ознакомиться с материалами коллекции Тлийского некрополя в 1985 г.

типичные для мужских захоронений, в то же время найдены бусы и подвески, характерные для женских погребальных комплексов (Техов, 1980: с. 36).




Рис. 2. Подвески в виде фигурки лошади Тлийского (1-8) и Кобанского (9) могильников: 1 – п. 105; 2 – п. 99; 3 – п. 214; 4 – п. 361; 4, 5 – п. 244; 7, 8 – могильник Тли; 9 – Кобанский могильник (1 – 8 – по Техов, 1980; 2002; 9 – по Chantre, 1886)




Рис. 3. Подвески из могильника Тли: 1, 2 – п. 99; 3 – п. 244; 4 – 8 – п. 105 (по Техов, 1980)

Пять подвесок оформлены в виде фигурки лошади, на спине которой имеется петелька для подвешивания (рис. 2: 1-5). Эти фигурки однотипны. Для них характерны вытянутая, сужающаяся на конце морда, торчащие вверх уши, прямая спина со свисающий узким хвостом, короткие прямые ноги. Грива показана в виде рельефного выступа, который в ряде случаев выходит на лоб (рис. 2, 1, 2, 5). В погребениях №№ 105, 244 и 361 фигурки имеют гриву, оформленную в виде веревочного плетения. Одна подвеска с петлей в средней части из погребения № 244 украшена изображениями двух соединенных друг с другом передних частей туловища лошадей, морды которых направлены в разные стороны (рис. 2, 6). Животные имеют вытянутую морду, рельефную гриву и короткие ноги.

Более мелкие фигурки двух лошадей из случайных находок на территории Тлийского могильника отличаются наличием сквозного отверстия в области груди, а также гривой, намеченной резными линиями (рис. 2, 7, 8).

## 2. Методы

Для определения хронологической позиции захоронений с подвесками в виде лошадиных фигурок в могильнике Тли мы использовали типологический метод, который является

незаменимым при анализе археологических материалов, а также современные компьютерные технологии, опирающиеся на количественные методы обработки больших баз данных.

В базу данных графических изображений Montelius, разработанную доктором П. Штадлером (Stadler, 2014), было введено более 13.000 изображений различных предметов погребального инвентаря из надежных и хорошо документированных комплексов позднего бронзового и раннего железного веков Кавказа. Типологический анализ и классификация археологического материала осуществлялись с помощью компьютерной программы "Drag 'n Drop" интегрированной с базой данных Montelius<sup>3</sup>.

Сериация и корреспондентский анализ различных типов оружия, украшений, орудий труда и керамики для находок из информативных и неразрушенных погребений был проведен для синхронных могильников Тли и Стырфаз, которые локализуются в Джавском районе Южной Осетии недалеко друг от друга. Мы использовали только археологические комплексы, относящиеся к раннему железному веку, поскольку корреспондентский анализ элиминировал более ранние погребения эпохи средней и поздней бронзы (№№ 29, 43, 45, 46, 58) Тлийского могильника как комплексы, чуждые для набора могил Кобанской культуры Стырфаза и Тли. Из сериации и корреспондентского анализа были исключены типы, бытующие на протяжении всего периода раннего железного века, а также комплексы с двумя доступными для анализа типами предметов. Мы также элиминировали комплексы из разрушенных погребений, где были найдены скопления костей с погребальным инвентарем. Были разработаны два варианта сериации и два варианта корреспондентского анализа отдельно для мужских и женских могил.

Парабола корреспондентского анализа показала наличие среди погребений Тлийского могильника нескольких хронологических групп, относящихся к эпохе раннего железного века (рис.4). Наиболее многочисленными являются захоронения, принадлежащие к позднему предскифскому и раннескифскому периодам. К первому раннескифскому периоду отнесены погребения, которые попадают в одну хронологическую группу с захоронением 129, содержащим мужской и женский скелеты, среди инвентаря которых был скифский втульчатый двухлопастный наконечник стрелы с ромбовидной головкой (Техов, 1985: таб. 131, 22). По этому наконечнику стрелы и сопровождающим его предметам первую раннескифскую группу тлийских погребений следует датировать в рамках первой половины 7 в. до н.э. Примыкающую к этой группе агломерацию погребальных комплексов Тли мы относим к позднему предскифскому периоду, предварительно датирующемуся в рамках 725-675 гг. до н.э.

### **3. Результаты**

#### **3.1. Хронологическая позиция подвесок в виде лошади в могильнике Тли**

Фигурки лошади достоверно зафиксированы в пяти захоронениях. Четыре из них (№№ 99, 105, 244, 361) близки к друг другу по времени и хронологически относятся к группе погребений позднейшего предскифского периода (рис. 4).

Погребение № 214 содержит две категории инвентаря, которые были задействованы при анализе материалов Тлийского могильника: фигурка лошади и бусины, покрытые золотой фольгой. Однако, использование только двух категорий предметов являются недостаточно надежным основанием для сериации. Если погребение № 214 привлечь к анализу последовательности погребений, то оно попадает в ту же группу, что и остальные захоронения с фигурками лошадей. Однако, данные о его стратиграфическом положении в Тлийском могильнике указывают на более молодой возраст. Б.В. Техов отмечает, что погребение № 214 было перекрыто и частично потревожено погребением № 212, в котором были найдены железные кинжал и пинцет (Техов, 1980: с. 36; 1985: таб. 158). По данным проведенной нами сериации погребение № 212 относится к раннему 6 в. до н.э. В свою очередь погребение № 214 лежало на 20 см выше потревоженного погребения № 215, которое сопровождалось урартским поясом (Техов, 1981: таб. 126-128). Это погребение было перекрыто наброской из камней и относится к раннескифскому времени. Стратиграфия и сравнение погребального инвентаря трех чередующихся друг с другом погребений с довольно информативным инвентарем указывают на датировку погребения № 214 с подвеской в виде лошади второй половиной 7 в. до н.э., что соответствует второму раннескифскому периоду.

Таким образом, мы допускаем бытование подвесок в виде фигурки лошади в могильнике Тли на протяжении 725-600 гг. до н.э.

---

<sup>3</sup> Более подробную информацию о программном обеспечении разработанном П. Штадлером можно получить здесь <https://www.winserion.org>




Рис. 4. Парабола кореспондентского анализа женских погребений могильников Тли и Стырфаз

### 3.2. Социальная позиция погребенных с подвесками в виде лошади

Важной особенностью захоронений могильника Тли является четкое разграничение погребального инвентаря в зависимости от пола покойного (Техов, 2002). Наблюдается надежная привязка бронзовых фигурок лошади к женским захоронениям. В погребении № 105 такая фигурка входила в состав ожерелья вместе с подвесками в виде головы барана и козы, а также разнообразными бусинами, насчитывающими более 250 экземпляров (рис. 3, 4-8). Помимо этого, в этом захоронении выявлены золотые височные подвески; головной убор, украшенный бронзовой пластиной; ножные и наручные браслеты; три булавки, принадлежащие в двум типам и пр. (Техов, 1980: таб. 68, 1-27).

В женских погребениях №№ 99 и 214 фигурка лошади также входила в состав ожерелий вместе с подвесками в виде бронзовых фигурок быка и оленя, а также бусинами, браслетами и бусинами (рис.3: 1, 2) (Техов 1980: таб. 65; 92).

В женском захоронении № 244 было найдено две фигурки лошадей и фигурка обнаженной женщины (рис. 3: 3). Они были включены в состав ожерелья из 160 бусин, среди которых были также бусины, покрытые штампованной золотой фольгой. Встречены также подвеска из электра, ножные браслеты и бронзовый сосуд (Техов, 1980: с. 41, таб. 105).

Женское захоронение № 361 сопровождалось бронзовыми ромбическими бляшками, ножными браслетами, кружкой, бронзовым поясом и пряжкой. Фигурка лошади входила в ожерелье из фаянсовых и тальковых бусин, а также терракотовых бусин с золотой фольгой (Техов, 2002: таб. 31, 1-38).

Приведенные выше данные определенно указывают на то, что женские погребения Тлийского некрополя с подвесками лошадей принадлежали к элите местного общества. Погребальный инвентарь этих захоронений отражает особый, по всей вероятности, жреческий статус погребенных женщин, особенно применительно к комплексам, включающим несколько бронзовых скульптурных фигурок животных (погребения №№ 99, 105, 244). Мы поддерживаем предположение о связи такого рода изделий с зооморфными образами владычицы зверей, тесно связанной с культом плодородия (Техов, 1977: с. 173). Богиня лошадей и культ коня были известны во всем восточно-средиземноморском мире, особенно в Малой Азии и на Переднем Востоке, где они связываются с деторождением, обрядами исцеления и аграрными,

вегетационными культами (Тержан, 2012: с. 449). По мнению А. П. Мошинского, «у различных кавказских народов существуют либо хозяин, либо хозяйка зверей. Причем образ владычицы зверей более архаичен и восходит к образу богини плодородия» (Мошинский, 1996: с. 111-113). Б.В. Техов отмечал также важную экономическую роль лошади в горных районах Центрального Кавказа, когда только лошади и ослы были пригодны для перевозки грузов по горным дорогам (Техов 1977).




Рис. 5. Бронзовые фигурки лошадей: 1, 2 – Греция; 3 – 6 – Айрум (Армения) (1, 2 – по Маркман, 1943; 3 – 6 (по Есян, Мнацаканян, 1970)



## Заключение

Изображения лошадей являлись популярным художественным образом в искусстве населения, оставившего могильник Тли Кобанской культуры. Образы коней представлены здесь как объемными целыми скульптурами, так и гравированными композициями на предметах. Бронзовые подвески в виде лошади встречены исключительно в женских погребениях, представительный инвентарь которых позволяет интерпретировать их как служительниц культа. Сериация и корреспондентский анализ женских погребений Тлийского некрополя показали, что большинство подвесок было изготовлено в позднейший предскифский период (последняя четверть 8 – ранний 7 вв. до н.э.) и лишь один экземпляр (погребение № 214), относится ко второму раннескифскому периоду (вторая половина 7 в. до н.э.).

Бронзовые фигурки в виде лошади выполнены довольно реалистично. Для них характерны вытянутая морда с приостренными ушами, изогнутая шея с гривой, прямые ноги и хвост. Глаза переданы округлыми выпуклинами. Незначительные изменения в стиле изображения происходят в раннескифское время, когда рельефно выделенная грива сменяется гривой, переданной прочерченным орнаментом, и появляются довольно четко проработанные копыта. Сохранение реалистичности изображений, вероятно, было обусловлено тем, что эти фигурные подвески являлись частью жреческого костюма, для которого можно предполагать определенный временной консерватизм.

Одна из лошадиных фигурок выявленная в погребении № 244 Тлийского некрополя воспроизводит изображения парных конских головок, смотрящих в противоположные стороны. Большинство исследователей связывает происхождение привесок в виде сдвоенной протомы лошадей с Ираном (Погребова, 1984: с. 140-141).

В стиле подвесок позднейшего предскифского периода изготовлена и подвеска из Кобанского могильника, к сожалению, не сопровождавшаяся погребальным комплексом (рис. 2, 9) (Chantre, 1886: pl. 24, 11). Однако ее стилистическая близость к основной группе тлийских подвесок (общая форма морды и тела, рельефно выделенная грива, заходящая на лоб) предполагает ее принадлежность к данному хронологическому периоду.

Близкие подвески в виде фигурок лошади были найдены в разрушенном при земляных работах погребении (?) у станции Айрум Ноемберянского района (Армения) (рис.5: 3-6) (Есаян, Мнацаян, 1970). Этот комплекс сопровождался глиняным кувшином и около 200 бронзовыми фигурками, включающими статуэтки и подвески в виде людей, собак, лошадей и быка. Авторы публикации считают эту находку кладом, который был депонирован в 6-5 вв. до н.э., однако содержит разновременные вещи. Фигурки лошадей они предположительно датируют 9-8 вв. до н.э. (Есаян, Мнацаян, 1970: с. 168).

Крупным центром распространения бронзовых фигурок лошадей в первой половине 1 тыс. до н.э. является Греция. Фигурки лошади были типичны в первую очередь для геометрического периода ее истории. Наиболее близки подвескам из Тли фигурки группы Е по терминологии С.Д. Маркмана (Markman, 1943). Они представлены отдельными скульптурными фигурками и частями бронзовых сосудов, которые датируются второй половиной 8 в. до н.э. (рис. 5, 1, 2) (Markman, 1943: fig.10, 11).

Замечательная коллекция статуэток животных, представленная в том числе и фигурками лошадей известна также из Тальша и северного Ирана, где они предположительно датируются 10-8 вв. до н.э. (Есаян, Мнацаян, 1970: с. 167; Negahban, 1996: p. 132). Необходимо отметить и находки бронзовых подвесок в виде лошади из Бамборской поляны на западной окраине г. Гудаута (Абхазия), где А.Л. Лукин собрал 36 предметов, включавших различные фигурки из бронзы (птицы, собаки, козы, бараны, люди) (Лукин, 1941). Среди них было 15 подвесок в виде лошади, которые имеют только две ноги и менее реалистичны, чем фигурки из могильника Тли. Бронзовые колокольчики, найденные в этом комплексе, позволяют предполагать его датировку скифским временем.

Таким образом, можно говорить о существовании по меньшей мере трех областей распространения довольно реалистичных скульптурных изображений лошади из бронзы в первой половине 1 тыс. до н.э.: Осетия, северо-восточная Армения и Греция. В Греции и Осетии они существовали, главным образом, на протяжении 8 - начала 7 вв. до н.э. Вероятно, близким временем следует датировать и фигурки лошади из Айрумского «клада» в Армении.

Если Греция и Армения были коневодческими областями в древности, то распространение изображений лошадей в искусстве Кобанской культуры следует рассматривать как ее локальную реакцию на определенные инокультурные импульсы, вызванные довольно интенсивными

межкультурными контактами с центрами коневодства на северо-западном Кавказе и Западной Азии.

### Список литературы

Есаян С.А., Мнацаканян А.О. Находки новых бронзовых статуэток в Армении // Советская археология. М.: Изд-во Наука, 1970. № 2. С. 157–168.

Лукин А.Л. Материалы по археологии Бзыбской Абхазии // Труды отдела истории первобытной культуры государственного Эрмитажа. Л.: Изд-во государственного Эрмитажа, 1941. № 1. С.17–97.

Мошинский А.П. Образ хозяина зверей в кобанской пластике // «Между Азией и Европой. Кавказ в VI–I тыс. до н. э. Материалы конференции, посвященной 100- летию со дня рождения Александра Александровича Иессена» / ред. Ю.Ю. Пиотровский. Спб.: Изд-во государственного Эрмитажа, 1996. С. 111–113.

Погребова М.Н. Закавказье и его связи с Передней Азией в скифское время. М.: Наука, 1984. 248 с.

Тержан Б. В поисках Медеи – исследование по раннему железному веку Кавказа // Российский археологический ежегодник. № 2. Спб.: Изд-во Санкт-Петербургского университета, 2012. С. 483–506.

Техов Б.В. Центральный Кавказ в XVI – X вв. до н.э. М.: Наука, 1977. 239 с.

Техов Б.В. Глийский могильник I. Тбилиси: Изд-во «Мецниереба», 1980. 59 с.

Техов Б.В. Глийский могильник II. Тбилиси: Изд-во «Мецниереба», 1981. 73 с.

Техов Б.В. Глийский могильник III. Тбилиси: Изд-во «Мецниереба», 1985. 69 с.

Техов Б.В. Тайны древних погребений. Владикавказ: Изд-во «Проект-пресс», 2002. 512 с.

Мұндай қорғандар... тастан, күйдірілген кірпіштен, саз балшықтан қабырғалары биік етіліп қолмен қаланады. Кейбір қорғанның сыртынан айнала ор қазылады, кейде орға су толтырылады», деп жазылған. Бұл анықтама ортағасырлық қамал-қорғандар, кешік-замоктар, бекіністер, қалаларға қатысты болғанымен біз зерттеп отырған өлік жерлеу ғұпына байланысы қорғандарға да қатысы бар. Себебі, көне қорғандардың кейбірінің сыртын қоршап ор қазылған, шеңбер түрінде үйілген қорғанмен қоршалған және ортасындағы қабір үстіне де тас төселген. Алайда, мұндай тас қоршаулар диаметрі 5-6 метрден 20-25 метрге дейін жететін ірі қорғандарда кездеседі, одан кішірек диаметрі 3-4 метрлік жерлеу орындарының үстіне топырақ үйіліп (биіктігі 0,1-0,5м), олардың үсті түгелдей таспен жабылған. Олардың пошымы дөңгелек те, төрт бұрышты да, сопақ та болып келе береді, таспен жабу, сірә, өлікті дұшпандары қорламасын немесе жыртқыш аңдар (қасқыр, түлкі, шибөрі) жеп кетпесін деген мақсатпен жасалған болуы керек. Б.А.Литвинский зерттеген Батыс Ферғана жеріндегі қорғандардың барлығының дерлік үсті топырақпен, оның үсті майда таспен және кейбірінің жиегі ірі тастардан қаланған дөңгелек қоршаулармен қоршалған. Мұндай қоршаулар екі қатар етіліп жасалғандары да кездеседі (Литвинский, 1972, 6-110). Қысқаша айтқанда, орыс тіліндегі әдебиеттердің барлығында мұндай жерлеу орындары «Курган» деп аталады (Акишев, Кушаев, 1963).

Ал, археолог Дөкей Талеев өзінің «Археология» атты жоғарғы оқу орындарына арнап жазған оқулығында «қорған» деген атаудан мүлде бас тартып олардың кішісін де, орташасын да, үлкенін де «оба» деп атайды, сірә А.И.Бейсебаевтың сөздігін негізге алған сияқты. Біз «оба» атауына қарсы емеспіз, бірақ диаметрі 100 метрден асатын, биіктігі 15-17м болатын алып төбені жәй ғана «оба» дей салу шындыққа сай келмейтін сияқты. Себебі, оңтүстіктің қазақтары «оба» деп тек биік етіліп (1-2м), диаметрі 3-10м арасындағы топырақ немесе тастан үйілген төбешікті ғана айтады. Бұған дәлел ретінде 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты ғылыми жинақтың XI-томындағы анықтаманы келтіреміз, онда «Оба-1- дөңес жерге тастан, топырақтан үйіліп жасалынған меже, белгі; 2- өлген адамдар жерленіп, үйінді төмпешік түрінде жасалған орын. Обаларға жерлеу орындарының бәрі емес, тек қабір үстіне тас, топырақтан үйінді тұрғызылғандары ғана жатады» - делінген. Ал, «қорған» атауы жайлыосы сөздіктің X-томында «Бір нәрсені айнала соққан қошау, дуал, биік қабырға» - дей келе «Қорғанда, қорғанды» деген сөздерге «Белгілі бір жерді қошау, қорған салу, бекіту... Қоршауы бар, айнала қоршалған» деп түсінік береді (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 2014. 74-76. 598-599).

Бұдан шығатын қорытынды – ірі көлемдегі (6-30м), үстіне топырақ үйіліп, тастан дөңгелек қоршау жасалған төбе түріндегі жерлеу орындарын «қорған» деп, ал үстіне топырақтан немесе тастан кішігірім төбешік жасалғандары мен топырақ үйіліп, оның үстіне таспен жабын жабылғандарын «оба» деген дұрыс сияқты, мұнан басқа сағана там түріндегі науыстар да кездеседі, олар да құлап үстін топырақ, құм басып қалған, бірақ «оба» деуге келмейді.

Белгілі ғалымдар К.М.Байпақов пен А.Н.Подушкин өздерінің «Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана» атты еңбектерінде қорымдардың топографиясын талдай келе оларды екі топқа бөледі. Біріншісін сақ-үйсін кезеңі, екіншісін түркі және одан кейінгі кезеңдер ескерткіштері деп топтастырады.

**Бірінші топтағы** қорымдардың ерекшеліктеріне: **а)** өзен арналары, сайлары арасына орналасқан биік аллювиальді қырлардың жотасына, жон арқасына және су көздерінен алыстау орналасуы; **б)** су арналарын бөліп тұрған (водораздел) жоталардың үстіне бір не екі қатар болып тізіле жайғасуы, кейде олар бірін-бірі қиып өтеді; **в)** қорымда 5-тен 50-ге дейін қорғандардың болуы және олар бір-бірінен 10-15м қашықтықта орналасады; **г)** құрылымы жағынан бір текті және аралас келіп (құм тектес бос топырақ пен тас), профилі анық байқалады, көбіне тонаушылық белгілері (80% төбесінде «воронка» тәрізді шұқыр сақталады) бар, кейбір қорғандардың төменгі жиегімен шеңбер тәрізді тас қоршаулар орналасқан. Ғалымдар, сонымен бірге, барлық жеке-жеке тұрған алып қорғандарды сақ-үйсін кезеңіне жатқызады.

**Екінші топқа** жататын қорымдар ерекшеліктеріне: **а)** көне қалалардың, қоныстардың және ірі су көздерінің маңына жақын орналасуы және тасқын кезінде су жайылатын жерлер мен жағалық террасалардың басым бөлігін алып жатуы; **б)** қорғандардың үлкен көлемінің жүйесіз орналасуы (ондаған қорғаннан бірнеше жүз қорғандар шоғыры), олар өзен жағасы террасасына бірнеше шақырымға дейін созыла орналасып кейде су жайылатын (пойма) жерлерге дейін түсіп кетеді; **в)** қорғандардың бірнеше құрамнан тұруы (топырақ, тас) және олар кейде бірінің үстіне екіншісі орналасып, жауып жатады. Мұндай қорғандар әр түрлі кезеңде қалыптасқан және оларды жіктеп, талдау қазба жұмысынсыз өте қиын. Олардың арасында жер өңдеу-малшылық мәдениетіне қатысты жерлеу құрылыстарымен қатар түркі және кейінгі заман қорғандары да кездеседі. кейбір

қорымдар тек түркі немесе жер өңдеу-малшылық шаруашылығымен айналысқан халықтарға тиесілі. оңтүстік Қазақстандағы сақ-үйсін заманынан бастау алып түркі кезеңі және біршама кейінгі замандарға дейін жеткен мәйіт жерлеу құрылыстары негізінен қорған түрінде кездеседі. **Олардың ерекшеліктері:** жерлеу шұқыры мен жер бетіне бөренелерден тұрғызылған құрылыстар; әр түрлі құрылымдағы катакомбалар; лахаттар; жер бетіне пахсадан тұрғызылған мүрдеханалары (склепы); жер бетіндегі сүйек жерлеу аландары және наус түріндегі жерлеу орындары. Қорған үю құрылымы мен сүйек жерлеу құрылыстары түрлері арасында тікелей байланыс бар деуге болады (Байпаков, Подушкин, 1989, 90-93).

Жоғарыдағы екі топтың ерекшеліктерінің біразы Мергентөбе қорымында да кездеседі, атап айтсақ бірінші топтың барлық ерекшеліктері, екінші топтың а) бөлігіндегі «қала не қонысқа жақын орналасуы» деген ерекшелік пен в) бөлігі түгелдей осы қорым қорғандарына қатысты демекпіз. Әсіресе әртүрлі кезеңдердегі қорғандардың бірін-бірі басып жатуы деген ерекшеліктің Мергентөбе қорымының №1,2,3,4 қорғандарында кездесетіндігіне көз жеткіздік және бұлардың барлығы аса ірі (диаметрі 20-25м) қорғандар болып табылады. Ал, бетін түгел таспен жапқан, диаметрлері 3-5м аралығындағы, биіктіктері 0,1-0,5м ғана болатын жерлеу орындарын «оба» деген дұрыс деп, диаметрі 6 метрден 25 метрге дейінгі, жиегі тас қоршаумен дөңгелек етіп қоршалған және биіктіктері 0,5м мен 2м аралығындағы жерлеу орындарын «қорған» деп атаған шындыққа сай келеді демекпіз.

### Әдебиеттер тізімі

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963

Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо скотоводческой культуры Южного Казахстана. Алма-Ата, 1989.

Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. Алматы, 2005.

Бейсебаев А.И. Археологиялық терминдер сөздігі. Алматы, 2008.

Бимендиев Ә., Ускенбай Қ. Большой Атлас истории и культуры Казахстана. Алматы, 2008. 508 б.

Брей У., Трамп Д. Археологический словарь. Перевод с английского. М., 1990.

Евразийский народ саки. Алматы, 2006. 246 с.

Ержігітов Арманның жеке қоры (Бабайқорған орталық аудан әкімшілігі).

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы, 2014.

Қазақ Совет энциклопедиясы. Алма-Ата, 1975. 6-том, 610 б.

Қазақ Совет энциклопедиясы. Алма-Ата, 1976. 8-том. 429 б.

Литвинский Б.А. Курганы и корумы Западной Ферганы. М., 1972.

Матюшин Г.Н. Археологический словарь. М., 1996.

Ожегов С.И. Словарь русского языка. 25-ое издание. М., 2006.

Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. Алматы, 2005. 121 б.

По следам древних культур казахстана. А-Ата, 1970;

Сарқұлов А. «Бабай батыр». Алматы, 2012. 40-67 бб.

Тұяқбаев М. Түркістан өзен-сулары // «Түркістан» газеті, 2013 ж. №17,19,20.



### **Қазақ халқының одонтологиялық типінің қалыптасуы**

Одонтологиялық материал – адамзаттың тарихын, биологиялық дамуын, антропологиялық типінің қалыптасуында өте құнды ғылыми дерек болып табылады. Одонтологиялық зерттеу жұмыстары XIX ғасырдың екінші жартысынан дами бастады. Этникалық одонтологияның ғылым болып қалыптасуына Америка, Батыс Европа, Жапония антропологтарының еңбектерінің зор әсері болғанын атап кету керек (Dahlberg,1963:V35, Hanihara,1966:V74). Ал 1961 жылы Лондонда одонтологтардың бірінші симпозиумы өтті. Онда негізгі мәлімдемелер этникалық одонтологияның тәсілдемелері мен нәтижелері жөнінде болды. Әсіресе Америка мен Жапония одонтологтарының еңбектері өте жоғары бағаланды. Ал 1965 жылы Данияның Ферденсберг қаласында одонтологтардың екінші симпозиумы болды. Онда тұрақты тістердің онтогенезі, филогенезі, генетикасы және расалық ерекшеліктерінің нәтижелері туралы мәлімдемелер баяндалды. Ал 1968 жылы Токио қаласында болған VIII антропологтар мен этнографтардың халықаралық конгресінде арнайы одонтология секциясы жұмыс істеді. Кеңес Одағында этникалық одонтологияға арналған жұмыстар XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап жүргізіле бастады. Бұл ғылым саласының негізін қалаушы атақты Ресей антропологы А.А. Зубов екені бүкіл әлем антропологтарына белгілі (Зубов,1968: 126). Қазақтар арасында да алғашқы одонтологиялық зерттеулерді жүргізген осы ғалым болатын. Ол 1965 жылы Алматы қаласында одонтологиялық зерттеу жұмысын жүргізіп, қазақтардың аралас моңғолоидты – еуропеоидтық расаға жататынын анықтаған (Зубов,1972: 68-72.). Түрікмен антропологі О. Бабаков Түрікменстанда тұрып жатқан қазақтардың тіс морфологиясының санаулы анықтамаларына (алдыңғы бірінші күрек тістің ернелену формасы, жоғарғы бірінші үлкен азу тістің Карабелли төмпешігі, жоғарғы бірінші үлкен азу тістің редукция формасы) талдау жасады. Ол зерттеудің нәтижелері түрікмендерге, өзбектерге, қарақалпақтарға, азербайжандарға, курдтарға қарағанда қазақтардың моңғолоидты екені дәлелденген еді (Бабаков,1977:216). Ал 1980 жылдары Белорус антропологтары И. И. Саливон, Л. И. Тегако, Ресей антропологі М. С. Архангельская т.б. Жамбыл облысы Талас ауданында кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, одонтологиялық анықтамалар бойынша қазақтардың аралас (метистік) топқа жататынын әсіресе ересек адамдарда (балаларға қарағанда) моңғолоидтық белгілердің басымдылығын және Жетісу қазақтарымен салыстырғанда оларда еуропеоидтық (батыстық) сипаттамалардың әлсіздігін көрсеткен болатын (Саливон, Тегако, Архангельская, 1980: 116-127). С. В. Ефимова 1984 жылы Омбы облысының қазақтарына одонтологиялық зерттеу жүргізіп, оны Жетісу қазақтарымен салыстырғанда оларда жоғарғы күрек тістердің ернеленуі I<sup>1</sup>(2+3) мен төменгі екінші үлкен азу тістің төрт төмпешікті формаларының төменгі пайыздары және жоғарғы бірінші үлкен азу тістегі Карабелли төмпешігі мен төменгі бірінші үлкен азу тістердің төрт, алты төмпешіктердің жоғарғы көрсеткіштерімен ерекшеленетінін жазған болатын (Ефимова, 1984: 32-36). К.Б. Сихымбаева 1987 жылы “Одонтология және дерматоглифика зерттеулерінің нәтижесі бойынша Батыс Қазақстан тұрғындарының антропологиялық құрылымы” атты кандидаттық диссертация жұмысында 18 қазақ топтарын зерттеген болатын. Бұл жұмыста одонтологияның негізгі бағдарламасы бойынша (екі жыныс бойынша) күрек және азу тістердің морфологиясы зерттелген. Осы зерттеудің нәтижелері таксономиялық маңызы зор анықтамалардың қазақ топтарында өте шашыранды кездесетін, әсіресе бұл құбылыс батыс өңір қазақтарына тән екені айтылған. Аталмыш еңбектің құндылығы, ол көп өлшемдік статистикалық талдау нәтижесінде қазақтардың гомогендігін, жүздер арасында айырмашылықтың жоқтығын дәлелдеген. Сонымен қатар тураноидтық раса өкілдерінің ішінде қазақтарда еуропеоидтық белгілерінің басымырағы екені айтылған (Сихымбаева, 1987: 23).

Ал 1989 жылы О. Исмагулов, К. Сихымбаеваның “Қазақстанның этникалық одонтологиясы” атты монографиясы баспадан шықты. Бұл ауқымды еңбекте Қазақстанның барлық өңірінен жиналған одонтологиялық материалдарға толық бағдарлама бойынша мағлұмат берілген. Аталмыш зерттеудің басты тұжырымы ол осы уақытқа дейін антропологиялық зерттеулерде айтылып келген қазақтардың өзіндік антропологиялық ерекшеліктерінің этноантропологиялық тұрақтылығы тіс морфологиясының анықтамалары бойынша дәлелін тапқан болатын (Исмагулов, Сихымбаева, 1989: 236).

Енді осы мақалада қазіргі қазақтардың одонтологиялық типінің тарихи қалыптасу процесі туралы тіс жүйесінің морфологиясына сипаттама беріледі. Одонтологиялық материалдар Қазақстанның барлық өңірлерінен жергілікті ауыл тұрғындар арасында жиналды. Тіс морфологиясының жас шамасына байланысты ерекшеліктері ескеріліп, 12-17 жас аралығында (екі жыныс бойынша) оқушылар зерттелді. Себебі 18-20 жастан кейін тістердің эмаль қабаты желініп, таксономиялық маңызы зор анықтамаларды анықтау мүмкіндігі шамалы болады. Одонтологиялық зерттеу А.А.Зубовтың тәсілдемесі бойынша жүргізілді (Зубов, 1973: 202; Зубов, Халдеева, 1993: 226). Барлығы 15 одонтоскопиялық пен одонтоглификалық анықтамалар зерттелді. Атап айтқанда, салыстырмалы анализ үшін төмендегі одонтологиялық анықтамалар зерттелді.

**Тістердің қабысу формасы.** Тістердің қабысу формалары жоғарғы және төменгі жақ сүйектегі тістердің қабысу түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Этникалық одонтологияда олардың мына формаларына: псалидодонтия (PS), лабидодонтия (Lb), стегодонтия (St) көп назар аударылады. Псалидодонтия деп жоғарғы жақ сүйектегі күрек тістердің астыңғы жақ сүйектегі күрек тістерімен қабысқанда сәл алға қарай шығып тұрған формасын айтады. Қазіргі заман адамдарына тістің қабысу формасының осы түрі тән. Лабидодонтия деп жоғарғы және төменгі жақ сүйектегі күрек тістердің бір-бірімен тік шеттері арқылы қабысқан түрін айтамыз. Тіс қабысуының Lb формасы адамдарда 10% шамасына дейін кездеседі. Қазіргі уақытта тек айна халықтарында оның 40 пайыздан астам кездесетіні анықталып отыр. Стегодонтия формасында жоғарғы және төменгі жақ сүйектердегі күрек тістер бір-бірімен қабысқанда үстіңгі күрек тістер төменгі күрек тістерді шатыр тәрізді жауып тұрады. Тіс қабысуының бұл формасы да қазіргі адамдар арасында 10%-дан аспайды. Зерттелген қазақтар арасында псалидодонтия формасы өте жиі кездеседі (89,1%).

**Краудинг (crowding).** Бұл альвеоляр өсіндісінің жойылу процесімен байланысты болатын тістердің қисайып орналасу формасы. Этникалық одонтологияда жоғарғы екінші күрек тістің тіл жаққа қисайып орналасу формасының таксономиялық мәнінің жоғары екені аян. Ол әсіресе моңғолоид тектес халықтарда жоғарғы деңгейде кездеседі. Барлық зерттелген қазақ топтарының ортақ көрсеткіші 25,1% құрайды.

**Диастема (spacing).** Жоғарғы күрек тістердің (I<sup>1</sup>-I<sup>1</sup>) бір-бірінен 1 мм-ден артық мөлшерде алшақтап тұрған формасын айтамыз. Еуропеоид тектес халықтарда диастеманың аталмыш формасы жиі ұшырасады. Қазақтарда аталмыш анықтаманың кездесу деңгейі өте ауытқымалы, ортақ көрсеткіші 1,8 пайыздан аспайды.

**Жоғарғы екінші күрек тістің редукциясы.** Бұл анықтама 0-3 баллдық баға арқылы ажыратылады этникалық одонтологияда 2-3 баллдық (аталмыш тістің кішірейіп 1/3 бөлігіндей болуы) қосындысына ғылыми түрде баға береді. Қазіргі заман адамдарында бұл баллдардың кездесуі 3-4 пайыздан аспайды, және де ол еуропеоид тектес халықтарда жиі кездеседі. Қазақтар арасында I<sup>2</sup> редукция формасы өте аз мөлшерде 1,7% кездеседі.

**Жоғарғы күрек тістердің ернелену формасы.** Одонтологиялық зерттеуде аталмыш анықтаманың таксономиялық құндылығы жоғары бағаланады. Себебі ол еуропеоидтық пен моңғолоидтық типтерді ажыратуда таксономиялық маңызы орасан. Жоғарғы күрек тістердің тіл жағынан тістің ішкі бөлігінің ернеленуін немесе күректің формасына ұқсауын осы тістердің ернелену формасы дейді. Жалпы күрек тістердің ернеленуін 0-3 баллдар бойынша анықтайды. Олардың ішінде 2+3 баллдар жиынтығы моңғолоидтық раса өкілдерінде 70-100 % аралығында кездеседі. Ал еуропеоидтық расаларда бұл форманың кездесу деңгейі 10-12% дан аспайды, тіпті 3-балл көрсеткіші мүлдем кездеспейді. Зерттелген қазақ топтарында алдыңғы бірінші күрек тістің ернелену формасы екі жыныс тобында да өте ауытқымалы ерлерде 29,2 - 64,7% әйелдерде 32,4 - 62% аралығында ауытқиды. Ерлер тобында анықтаманың төменгі пайызы батыс өңірде, ал жоғарғы көрсеткіші шығыс өңір топтарында кездеседі. Әйелдер тобында аталмыш анықтаманың төменгі және жоғарғы пайыздары солтүстік өңірден табылып отыр. Екі жыныстың ортақ көрсеткішінің ауытқулығы 33,4-63,4 аралығында, яғни еуразиялық ауытқулықтың 30% құрайды. Жалпы республика бойынша географиялық таралуы өте шашыранды. Дегенменде батыстан солтүстік-шығысқа қарай I<sup>1</sup> (2+3) жоғарғы көрсеткіштерінің шоғырланғанын байқауға болады. Тек Моңғолияның Баян-Өлгий аймағында тұратын қазақтарда бұл анықтаманың сирек кездесетіні байқалады. Қазақтарда анықтаманың ортақ көрсеткіші 49,7 пайыздан аспайды.

**Карабелли төмпешігі (Cara 2-5).** Бұл төмпешік жоғарғы бірінші үлкен азу тістің тіл жағында (лингвальная) орналасады. Төмпешіктің даму сатысын 0-5 баллдар бойынша анықтайды. Этникалық зерттеулерде 2-5 баллдар қосындысы зерттеледі. Өйткені аталмыш баллдардың көрсеткіштері халықтардың антропологиялық типін ажыратуда орасан рөл атқарады.

Еуропеоидтық расада 2-5 баллдардың кездесу деңгейі 40% дан жоғарғы болып келуі мүмкін, ал арктикалық расада мүлдем ұшырамайды. Бұл төмпешіктің кездесу пайызы екі жыныс тобында өте ауытқымалы 15,2-41,1% ерлерде, 15,8-33,6% әйелдерде кездеседі. Жалпы қазақтарда бұл төмпешіктің төменгі көрсеткіші Баян-Өлгий (Монғолия) тобында, ал жоғарғы деңгейі батыс топтарда екені анықталды. Олардың ауытқу деңгейі еуразиялық ауытқулықтың 24% құрайды. Географиялық таралымы бойынша жоғарғы пайызы Қазақстанның батыс өңірінде шоғырланған.

**Жоғарғы екінші үлкен азу тістің гипоконус редукциясы ( $hy M^2$ ).** Одонтологиялық зерттеулерде бұл төмпешіктің редукцияға ұшырауын 4-, 3+, 3 типтері бойынша бағалайды. Гипоконус төмпешігінің нағыз редукциялық формасын 3+, 3 типтерінің қосындысы айқындайды. Бұл анықтама бір-біріне жақын антропологиялық типтерді ажыратуда үлкен рөл атқарады. Әсіресе арктикалық раса өкілдері гипоконус редукциясының жоғарғы пайызымен ерекшеленеді. Зерттеліп отырған қазақтардың екі жыныс тобында кездесу деңгейі өте ауытқымалы ерлерде 27,6 -65,5 %, әйелдерде 45,6-71,1% аралығында кездеседі. Ерлерде гипоконустың бұл формасы төмен. Ол жыныс ерекшеліктеріне тән құбылыс болып табылады. Қазақтарда гипоконустың бұл формасының географиялық таралымы бағытсыз, шашыранды таралған.

**Жоғарғы бірінші үлкен азу тістің эоконус төмпешігінің 1 жылға формасы (1eo).** Бұл таксономиялық маңызы зор одонтоглификалық анықтама болып саналады. Одонтологиялық материалдарды зерттеу барысында эоконус төмпешігінің екінші қатардағы 1 жылғасының 3 түрлі формасы кездеседі. Әсіресе 3 тип (1eo(3)) формасы «шығыстық» одонтоглификалық бағытты көрсететін ерекшелігімен бағаланады. Моңғолоидтық раса өкілдерінде 1eo(3) типінің кездесу деңгейі 75 пайызға дейін болуы мүмкін. Ал жылғаның 1-2 типтері еуропеоидтық пен негроидтық расаларда жиі кездеседі. Зерттеліп отырған қазақтарда 1eo (3) формасы ауытқулық деңгейі ерлерде 38,9-74,2%, әйелдерде 39,1-69,7% аралығында кездеседі. Бұл жылға формасының төменгі пайызы Қазақстанның орталық аймақтарында, ал аталмыш жылғаның (1eo(3)) формасының жоғарғы деңгейі екі жыныс бойынша оңтүстік өңірінде кездеседі. Жалпы 1eo(3) формасы қазақтарда еуразиялық ауытқулықтың 34% құрайды.

**Төменгі бірінші үлкен азу тістің формасы ( $M_1$ ).** Жалпы төменгі азу тістердің екі түрлі морфологиялық құрылымына, атап айтқанда төмпешіктер саны мен олардың тіркесіп орналасуындағы өрнектердің түрлері ажыратылады. Бірінші үлкен азу тістердің алты, бес, төрттөмпешікті және игрек (y), икс (x), плюс өрнектердің (+) түрлері кездеседі. Этникалық одонтологияда бірінші үлкен азу тістің морфологиялық анықтамаларына үлкен назар бөлінеді. Моңғолоидтық раса өкілдерінде  $M_16$  төмпешікті формалары 50-60 % шамасында, ал еуропеоидтық мен негроидтық расалар 5% ға дейін кездесуі мүмкін. Қазақтарда  $M_16$  төмпешікті формасы ерлерде 22% дейін, әйелдер тобында 3,7-22,3% аралығында ауытқиды. Оның төменгі пайызы Қосағаш топтарында кездеседі. Республиканың шығыс өңірінде  $M_16$  жоғарғы пайызы шоғырланған. Расалық- диагностикалық тұрғыдан төрттөмпешікті форма «батыстық» бағытты байқатады. Ол еуропеоидтарда 80% дейін ұшырасады. Бұл төмпешіктің кездесу деңгейі айтарлықтай (ерлерде 0-10,3%, әйелдерде 0-7,7%) ауытқиды. Төмпешіктің жоғарғы пайызы Қазақстанның батыс және шығыс өңірлерінде кездеседі. Жалпы географиялық таралымы республика бойынша шашыранды орналасқан.

**Төменгі бірінші үлкен азу тістегі тригонидтің дистал жолы ДТС ( $M_1$ ).** Бұл анықтама  $M_1$  ғана анықталады. Ол метаконид төмпешігінің негізгі жылғасы мен протоконид төмпешігінің дистал жылғасы бірігіп осы төмпешіктер арасында жылға пайда болады. Аталмыш анықтама «шығыстық» бағыттағы одонтологиялық комплекске жатады. Бұл анықтаманың ұшырасу деңгейі моңғолоидтық, австралоидтық, веддоидтық расаларға жататын халықтарда 50-55% дейін жетеді. Ал еуропеоидтық расада ДТС мүлдем болмауы да мүмкін. Зерттелген қазақ топтарында ДТС өте ауытқымалы ерлерде 6,1-19,6%, әйелдерде 3,1-34,4% шамасында кездеседі. Екі жыныс тобы бойынша еуразиялық ауытқулықтың 58% құрайды. Жалпы ДТС географиялық таралымында белгілі бағыт байқалады. Атап айтқанда дисталдың тригонид жолы батыс өңірден оңтүстік-шығысқа қарай шоғырлану деңгейі қоюлана түседі.

**Төменгі бірінші үлкен азу тістегі тізе бұрыш қатпары (DW).** Аталмыш анықтама метаконид төмпешігінде орналасады. Метаконидтің негізгі жылғасының бұрыш жасап иілуі нәтижесінде пайда болған қатпарды тізе бұрыш қатпары дейміз. Бұл «шығыстық» одонтологиялық анықтама болып саналады. DW – ның жоғарғы пайызы Моңғолияда, Сібірде, Америка үндістерінде 50% артық деңгейде ұшырасады. Ал еуропеоидтық раса өкілдерінде оның кездесу пайызы 15% дан аспайды. Тек Финно-угор халықтарында тізе бұрыш қатпарының 30% ға дейін болатыны анықталды. Қазақтардың екі жыныс тобында аталмыш анықтаманың ауытқу деңгейінің


өте жоғары көрсеткіші ерлер тобында 12,3-34,9%, әйелдер сериясында 13,0-34,7% екені анықталды. DW пайызы солтүстік өңірдің ерлері мен шығыс аймақтың әйелдерінде кездеседі. Бұл анықтаманың жоғарғы пайызы орталық өңірдің ерлері мен Жетісу аймағының әйелдерінде ұшырасады. Қазақтар арасындағы аталмыш анықтаманың ауытқу деңгейі еуразиялық ауытқулықтың 34% құрайды. Республиканың батыс өңірінен оңтүстік-шығысқа қарай географиялық таралымының көрсеткішінің шамасы ұлғаятыны байқалады.

**Төменгі бірінші үлкен азу тістің қосымша төмпешігі (t.a.m.i.).** Бұл анықтама  $M_1$  тістің тіл жағындағы метаконид пен энтоконид арасында орналасады. Жалпы одонтологиялық зерттеулерде t.a.m.i. төмпешігі әр түрлі раса өкілдерінде бағытсыз, шашыранды түрде кездесетіні анықталып отыр. Еврепеодтық пен моңғолоидтық расаларда 0-10% дейін, ал Африка мен Америка негроидтарында 20% дан артық шамада ұшырасады. Сондықтан аталмыш t.a.m.i. төмпешігін шартты түрде «негроидтық раса» бағытындағы анықтама деп айтуға болады. Зерттелген қазақ топтарында аталмыш анықтама ерлерде 0-15,4% , әйелдерде 1,6-16% аралығында ауытқиды. Төменгі пайызы оңтүстік топтарының ерлері мен әйелдерінде, ал жоғарғы көрсеткіші шығыс өңірдің тұрғындарында кездеседі.

**Төменгі бірінші үлкен азу тістегі метаконидтің 2-ші жылғасының аяқталу варианттары (2med(fc), 2med(II), 2med (III)).** Бұл жылғаның аяқталу варианты одонтоглификалық анықтамалар қатарына жатады. Негізінен жылғаның 3 түрлі варианты ажыратады: 2-ші жылға барлық фиссуралардың қиылысқан жерінде аяқталады (2med(fc)); жылға энтоконид пен метаконидті бөліп тұрған II фиссурада аяқталуы 2med(II); метаконид пен энтоконид арасындағы III аяқталуы 2med(III). Одонтоглификалық зерттеулерде 2med(II) мен 2med(III) варианттарының таксономиялық маңызы зор. Еурпеодтық раса өкілдерінде 2med(II) вариантының кездесу деңгейін 60% дейін болатыны анықталды. Бұл анықтама «батыстық» одонтологиялық бағытпен қатар еурпеодтық типтер арасында солтүстік грацилді, оңтүстік грацилді типтерді ажыратуда да үлкен рөл атқарады. Оңтүстік грацилді типте 2med(II) вариантының ұшырасу деңгейі төмен, яғни аралас еурпеодты-моңғолоидты типтерге жататын топтарға ұқсас болып келеді. Жер шарындағы халықтар арасында 2med(II) вариантының ең жоғарғы деңгейі Прибалтика халықтарында кездеседі. Зерттелген қазақ топтарында 2med(II) вариантының кездесу жиілігі ерлер тобында 2,3 – 19% , әйелдер сериясында 7,8 – 23,5% аралығында кездеседі. Бұл анықтаманың төменгі пайызы батыс өңірдің ерлері мен солтүстік аймақтың әйелдерінде ұшырасады. Республика бойынша аталмыш анықтаманың географиялық таралымы өте шашыранды, әсіресе батыс өңірде 2med(II) барлық пайыздары шоғырланған. Жалпы зерттелген топтарда тіс морфологиясы анықтамаларының ауытқу деңгейі өте жоғары екені анықталды. Бұл негізінен «шығыстық» одонтологиялық тармаққа жататын анықтамаларға тән, оны этнотарихи процестің бір көрінісі деп түсіну қажет. Сонымен қатар таксономиялық маңызы зор анықтамалардың географиялық таралымы өте шашыранды, бағытсыз шоғырланғаны байқалады. Дегенмен де кейбір анықтамалардың көрсеткіші бойынша Қазақстанның батыс өңірінде “шығыстық” бағыттағы анықтамалардың атап айтқанда күрек тістің ернелену формасы ( $I^{12+3}$ ), тригонидтің дистал жолы (DTC), тізе бұрыш қатпарының (DW) кездесу деңгейінің төмен екені анықталды. Ал республиканың оңтүстік – шығыс өңірлерінде «батыстық» одонтологиялық тармақтағы анықтамалардың ұшырасу деңгейінің аздығы байқалады. Дегенмен де Алтай өңірінің қазақтарында төменгі бірінші үлкен азу тістің төрт төмпешікті формасы ( $M_14$ ) мен жоғарғы бірінші үлкен азу тістегі Карабелли төмпешігінің (Cara(2-5)) кездесуі басқа қазақ топтарына қарағанда жоғары екенін байқауға болады.

Енді жоғарыда көрсетілген тіс морфологиясының таксономиялық маңызы зор анықтамалары (DTC, DW,  $M_16$ ,  $M_14$ ,  $M_24$ , Cara(2-5), 1eo(3), 2med(II)) бойынша комбинациялық полигон тәсілімен полигон сызылды. Полигонның ортасы анықтаманың төменгі, ал радиустың шеті жоғары көрсеткіштерін көрсетеді. Сонымен полигонның фенетикалық көрінісі қазақ топтарының өзара жақындығын байқатады. Дегенменде полигон формасы бойынша солтүстік пен батыс аймақтың қазақтары оңтүстік грацильді одонтологиялық типке жақындығын байқатады (1- сурет).

Қорыта айтқанда, тіс морфологиясының анықтамалары қазақтардың аймақтық топтар арасында өзгешеліктің аздығын дәлелдейді. Бірақ орталық пен шығыс өңірдің қазақтарында «шығыстық» бағыттағы анықтамалардың басымдығы байқалады. Ал субэтникалық топтар арасында кіші жүз өкілдерінде «батыстық» комплекстегі көрсеткіштердің жоғары екені анықталды. Бірақ бұл өзгешеліктер статистикалық тұрғыдан дәлелденбейді. Сонымен, қазақ халқының тіс жүйесінің морфологиялық құрылымы негізінде «батыстық» пен «шығыстық» екі комплекстің жігіндегі аралас одонтологиялық типке жатады.



1-сурет. Қазақтардың комбинациялық полигондағы фенетикалық көрінісі

1 - солтүстік өңірдің қазақтары, 2 - оңтүстік өңірдің қазақтары, 3 - батыс өңірдің қазақтары, 4- орталық өңірдің қазақтары, 5 - жалпы қазақтар, 6 - оңтүстік грацильді тип. Радиустарда жоғарыдан сағат стрелкасы бағыты бойынша анықтамалардың реті: Карабелли төмпешігі, Жоғарғы бірінші күрек тістің ернелену формасы, метаконид төмпешігінің 2med (II) формасы, тригонидтің дистал жолы, тізе бұрыш катпары, төменгі екінші азу тістің төрттөмпешікті формасы, төменгі бірінші азу тістің төрт және алтытөмпешікті формасы

#### Әдебиеттер тізімі

Бабаков О. Антропологический состав туркменского народа в связи с проблемой этногенеза. Ашхабад. 1977. 216 с.

Ефимова С.В. Одонтология сибирских татар к проблеме этнической истории //Тезисы докладов научной конференции. Этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий. Омск, 1984. С. 32-36.

Зубов А.А. Материалы по одонтологии казахов //Советская этнография. М., 1972. №3. С. 51-63.

Зубов А.А. Одонтология. Методика антропологических исследований. М.: Наука, 1968, 200 с.

Зубов А.А. Этническая одонтология. М.: Наука 1973. 202с.

Зубов А.А., Халдеева Н.И. Одонтология в антропофенетике. М.: Наука, 1993. 226с.

Зубов А.А., Халдеева Н.И. Одонтология в современной антропологии. М.: 1989. 229 с.

Исмагулов О., Сихымбаева К.Б. Этническая одонтология Казахстана. Алматы. Наука 1989. 237с.

Саливон И.И., Тегакко Л.И., Архангельская М.С. Одонтологическая и дерматоглифическая характеристика казахов аридной зоны // Вопросы антропологии. 1984. Вып. 73. С. 116-127.

Сихымбаева К.Б. Антропологический состав населения Западного Казахстана по данным дерматоглифики и одонтологии. Автореферат диссертации, канд.ист.наук. М., 1987. 23 с.

Dahlberg A.A. Dental morphology and Evolution. Edited by A.A. Dahlberg. Chicago and London, 1971. P. 257-263.

Suzuki M., Sakai T. Morphological analysis of the shovel – shaped teeth // Zinruigaku zassi. 1966 .V. 74. N5.

### О необходимости формирования базы данных о щитах из пазырыкских курганов\*

К настоящему времени возникла необходимость создания базы данных, в которой была бы отражена вся информация о щитах, обнаруженных в пазырыкских курганах скифо-сакского времени. Обозначенный подход обеспечит не только формальное обобщение имеющихся сведений, но и позволит продолжить более детальные исследования изделий защитного вооружения древних кочевников Внутренней Азии. Запланированная систематизация также создает условия для расширения научного потенциала важных археологических источников.

Специально формированием базы данных, содержащей сведения о пазырыкских щитах, пока еще никто не занимался. Основная цель публикации – продемонстрировать возможности и результаты макетирования базы данных на основе электронной таблицы, содержащей информацию об известных щитах и отражающей основные характеристики предмета исследования в контексте целостной системы. В ходе такой деятельности использовались известные методы формирования баз данных различного содержания и оформления (Акашева, 2011; Халимон и др., 2017; и др.).

На данном этапе макет базы данных «Щиты из пазырыкских курганов» создается с помощью программы Microsoft Excel и состоит из следующих 14 столбцов:

1. Район расположения памятника.
2. Название памятника.
3. Номер кургана и автор раскопок.
4. Имеется ли связь с захоронением коня (да / нет / не известно).
5. Форма щита.
6. Материалы для изготовления.
7. Число палочек или их имитаций.
8. Размеры щита
9. Отличительные признаки щита (орнамент, наличие ручки для удерживания и др.).
10. Сведения о публикациях.
11. Архивные и / или музейные данные (номер коллекции).
12. Сведения об экспонировании в музеях или хранении в фондах.
13. Наличие информации в Государственном каталоге Музейного фонда РФ (номер, фонд; дата, характер и история поступления, коллекция).
14. Примечание.

В столбцах 1–3 указываются районы расположения археологических комплексов на основе географических характеристик (например, Юго-Восточный Алтай, Центральный Алтай и др.), а также названия памятников, номер курганов и авторы раскопок. Пока учитывалась собранная автором информация о щитах из курганов Пазырыкской группы (№1 и 3), из Первого Туэктинского кургана и кургана №1 могильника Ак-Алаха-I. Эти сведения транслируются в следующих частях базы данных. Так, в 4 столбце отмечается, имеется ли связь между щитом и захоронением коня, т.е. был ли щит «приторочен» к седлу, находился в погребении с человеком или его изначальное местоположение невозможно точно определить. В столбцах 5–9 указывается развернутая характеристика щита: его форма, материалы изготовления, число использованных деревянных палочек, размеры изделия и отличительные признаки. В столбцах 10–13 отражены сведения о публикациях, архивные и / или музейные данные, а также об экспонировании в музеях или хранении в фондах, наличие информации в Государственном каталоге Музейного фонда Российской Федерации. Последний столбец №14 «Примечание» пока используется для дополнений или уточнений. Возможно, он будет удален в завершающем варианте электронной таблицы. При этом не исключено появление новых столбцов. Например, для размещения сообщений о результатах AMS-датирования или о разных определениях естественно-научного

---

\* Работа выполнена при финансовой поддержке РНФ (проект №22-18-00470 «Мир древних кочевников Внутренней Азии: междисциплинарные исследования материальной культуры, изваяний и хозяйства»).

характера (ксилотомический и дендрохронологический анализы, происхождение красителей, видовая принадлежность использованной кожи и др.).

В ближайшее время в макете будут отражены пазырыкские щиты, которые экспонируются в музеях России и имеют подробные описания. В дальнейшем следует дополнить таблицу информацией об изделиях, хранящихся в фондах, и об отдельных наборах деревянных палочек, из которых можно воссоздать целые экземпляры. Помимо этого, важное значение представляют щиты, обнаруженные в Казахстане и Монголии. Для понимания формирующегося массива информации рассмотрим уже собранные сведения, представим характеристики щитов и сопоставим их с опубликованными сведениями.

В Государственном Эрмитаже (г. Санкт-Петербург) хранятся щиты, обнаруженные на Алтае при раскопках «царских» курганов пазырыкской культуры. Сведения о них опубликованы (Грязнов, 1950; Руденко, 1953, 1960; и др.). В зале «Культура и искусство кочевых племен Алтая VI–IV вв. до н.э.» оформлен раздел экспозиции с названием «Первый Пазырыкский курган V–IV вв. до н.э. Снаряжение коня». Сохранившийся целый щит (инв. №1295/382, размеры 40,5x29,5 см), происходит из этого погребального объекта и представляет собой полотно кожи с прорезями, в которые вставлены тридцать пять округлых деревянных палочек (диаметрами от 0,6 до 0,9 см). Перекрытие кожей палочек дает орнамент в виде ступенчатого зигзага. Два зигзага окрашены в красный цвет. На оборотной стороне по верхнему и нижнему краю проложены деревянные планки, прикрытые краями кожи, завернутой с лицевой стороны. Края этой кожи прошиты тонкими ремешками. Ширина загиба по центру составляет 3,2 см. Кант имеет размеры от 3,2 до 3,6 см, ширина планки – 2,1 см, толщина ее – 0,25 см. В средней части щита продеты ремешки, завязанные узлом с петельками; концы ремешков проходят на оборотную сторону. Расстояние между этими креплениями рукояти из кожи составляет 9,5 см.

В витрине «Первый Туэктинский курган (VI–V вв. до н.э.)» демонстрируются кувшин, поножи, «подушка» и два щита, расположенные асимметрично. Один щит (инв. №2179/960, размеры 49,3x41,4 см) представляет собой деревянную доску, украшенную резьбой, которая имитирует плетенку с геометрическим орнаментом. Показано 39 палочек толщиной 0,7–1,1 см. Местами прослеживаются следы красной, желтой и синей краски. В центре располагается ручка из кожаного ремня, прикрепленного к одному из двух отверстий, пробитых в центре щита. Ширина его 1,6 см, длина 13,4 см. Расстояние между отверстиями составляет 13,2 см. Толщина щита оказалась 1,3 см (посередине). Сверху и снизу присутствует имитация бортика. Ширина бортика сверху – 2,4 см, снизу – 2,2 см. Ширина каемки по бокам – 0,9 см. На задней стороне имитация составной плетенки отсутствует, однако есть бортик (размеры аналогичны, как на лицевой стороне). Левый нижний угол отбит. Второй щит из кургана №1 могильника Туэкта (инв. №2179/959, размеры 49,5x46,5 см), представляет собой полотно кожи с прорезями, в которые продеты деревянные палочки. Такая комбинация образует геометрический узор. Изделие состоит из 57 палочек толщиной 1,1–1,2 см. Щит имеет загибы кожи по всем четырем краям. Условный верх имеет ширину 2,1 см, низ – 2,5 см, по бокам – 1,4 и 1,1 см (замеры делались в центре сторон). Толщина загиба составляет 1,2 см. Хорошо видно, что кожа загнута на оборотную сторону щита, где сверху и снизу были продеты через прорези кожаные нити, затем они протягивались и закреплялись узелком на боковой стороне.

Кроме перечисленных щитов, в фондах Государственного Эрмитажа хранятся следующие находки: обломки деревянных палочек и обрывки кожи от щитов (двух или более); 25 палочек от щита без кожи со следами красной краски (орнамент в виде зигзага); куски кожи с прорезями и 34 деревянные палочки; щит прямоугольной формы, с округлым верхом, сделанный из 52 деревянных палочек, расположенных параллельно и двух поперечных; обломки щита из деревянных палочек, продетых в кусок кожи с прорезями (29 целых палочек и 34 обломка); обломки щита из деревянных палочек, продетых в кусок толстой кожи с прорезями (переплетение палочек и кожи образует узор); обломки деревянных палочек щита с фрагментами лака.

Щиты были обнаружены при раскопках Первого Пазырыкского кургана в 1929 г. (Грязнов, 1950: 30, 63, табл. X). С.И. Руденко (1953: 262, табл. LXXXVII) в своей монографии «Культура населения Горного Алтая в скифское время» представил такое описание: «Щит малых размеров прямоугольной формы (в среднем 28x36 см) состоит из лоскута тонкой кожи и вплетенных в него 34–35 тщательно выструганных палочек, круглых в сечении. В прорезы, сделанные в коже, вставлены указанные палочки так, что с обеих сторон получается орнамент, основной мотив которого – ромбы... По краям лоскута кожи загнуты на обратную сторону щита и там закреплены. На обратной же стороне, посередине щита, из ремня, пропущенного с лицевой его стороны, сделана

широкая петля». Изделия аналогичного назначения были выявлены во Втором, Третьем и Четвертом Пазырыкских курганах. Среди них оказались щиты другого типа (Руденко, 1953: 263). Затем серия находок обнаружена при исследовании других погребальных объектов пазырыкской культуры в разных местах Алтая, где природные условия способствовали сохранению органических предметов (Руденко, 1960; Полосьмак, 1994; Самашев, 2011; и др.). Но лишь некоторые из них попали в музеи Алтайского края и Республики Алтай.

В 1966 г. из Государственного Эрмитажа в Бийский краеведческий музей им. В.В. Бианки (г. Бийск, Алтайский край) были переданы отдельные артефакты из Первого Туэктинского кургана, который располагался на Туэктинском могильном поле, расположенном в долине Урсула, неподалеку от одноименного села (ныне это территория Онгудайского района Республики Алтай). Курган был самым крупным (диаметром 68 м и высотой 4,1 м). Он исследовался в 1954 г. (Руденко, 1960: 96) и оказался ограбленным. На полу погребальной камеры лежали седла, а рядом с ними найдено не менее шести щитов. Из них более-менее хорошо сохранились два «кожаных» изделия, одно из которых, как было выше указано, сейчас демонстрируется в экспозиции Государственного Эрмитажа. От остальных уцелели части, отдельные палочки и кожа. Впервые был обнаружен щит (размерами 49x42 см), изготовленный из цельного дерева. Наружная сторона его оказалась гладкой, а внутренняя – орнаментированной в виде имитации «кожаного» щита из палочек (Руденко, 1960: 123). Он также экспонируется в Государственном Эрмитаже. С.И. Руденко (1960: 122, табл. LXI.-1–2) дал следующую характеристику первому «кожаному» изделию: «Щит, сохранившийся лучше других, представляет собой лоскут кожи размером 51x56 см, в котором на разных высотах сделано около тысячи узких поперечных разрезов шириной 8 мм – соответственно толщине продетых в эти прорезы палочек, подобных древкам стрел. Пятьдесят шесть палочек вставлены в эти прорезы так, что с наружной и внутренней поверхности щита получены два одинаковых узора. На наружной стороне щита узор этот кожаный, а на внутренней такой же узор из палочек». Узор представлял собой следующую комбинацию: «в центре – крест внутри квадрата; по верхнему и нижнему краю расположено по восемь крестов; пространство между центральным квадратом и рядами крестов заполнено четырьмя треугольниками из шести диагонально расположенных полос в каждом треугольнике» (Руденко, 1960: 122).

Среди находок, поступивших в Бийский краеведческий музей им. В.В. Бианки (БКМ), оказались два щита (ОФ 5243 и 5244). Один из них разместили в застекленной витрине с названием «Пазырыкская культура Алтая» вместе с другими древними изделиями. Данный щит имеет следующие характеристики: высота около 44 см, ширина около 33 см. Предмет вооружения, по всей видимости, демонстрируется с внутренней (оборотной) стороны. По свидетельству С.И. Руденко (1960), на одном из щитов из Первого Туэктинского кургана «... свободные края кожи были загнуты на внутреннюю поверхность щита и прошиты кругом узким ремешком». Загнутость кожи и прошивка части края четко просматриваются у щита, экспонируемого в БКМ. Края нижней и боковой сторон скрыты узкими деревянными планками. Второй упомянутый щит (ОФ 5244) находится в фондах. Он состоит из 24 палочек, скрепленных кожей. Сохранность представленных находок требует детального изучения и профессиональной реставрации, как это сделано в Государственном Эрмитаже.

В Национальном музее Республики Алтай им. А.В. Анохина (г. Горно-Алтайск) оформлена экспозиция, отражающая результаты исследования памятников пазырыкской культуры на плато Укок (Южный Алтай). При раскопках кургана №1 могильника Ак-Алаха-1, датированного IV в. до н.э., была обнаружена подкурганная мерзлота, благодаря которой сохранились вещи из органических материалов (дерево, войлок, ткань). Исследованные конские захоронения имеют сходство с аналогичными находками в «элитных» пазырыкских курганах. Было выявлено девять лошадей со снаряжением и три небольших щита (Полосьмак, 1994: 24, 34, рис. 14, 27). Один из щитов, выполненный из цельного дерева, но треснувший почти пополам, демонстрируется в зале №112 «Комплекс плато Укок» в настенной витрине №4, которая имеет название «Предметы вооружения пазырыкской культуры». Его размеры составляют 35,5x25,5x0,9–1,1 см, внешняя сторона щита орнаментирована «...вписанными друг в друга треугольниками, вершины которых сходятся в центре» (Полосьмак, 1994: 34). Эти линии и прямоугольник сделаны простой резьбой (Мыльников, 2011: 57–58).

В ходе сбора дальнейшей информации, кроме уже указанной, планируется учитывать такие сведения, как статус (ранг) кургана и половозрастные характеристики погребенного человека. Это позволит наполнить содержанием реконструкцию комплекса вооружения пазырыкского воина. Также можно выделить другие показатели: толщину деревянных палочек, общее количество



щитов, обнаруженных в кургане, и т.д. Расширение информационного поля и учет различных характеристик обозначенной категории защитного вооружения у древних кочевников Внутренней Азии обозначит использование специальных и доступных программных продуктов для работы с базами данных (например, Microsoft Access).

### Список литературы

Акашева А.А. Пространственный анализ данных в исторических науках. Применение геоинформационных технологий: учебно-методическое пособие. Нижний Новгород: Нижегородский госуниверситет, 2011. 79 с.

Грязнов М.П. Первый Пазырыкский курган. Л.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 1950. 92 с.

Мыльников В.П. Резьба по дереву в скифское время (Северная Азия). Новосибирск: Изд-во Ин-та археологии и этнографии СО РАН, 2011. 188 с.

Полосьмак Н.В. «Стерегищие золото грифы» (ак-алахинские курганы). Новосибирск: Наука, 1994. 125 с.;

Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1953. 402 с. + 120 табл.

Руденко С.И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1960. 360 с. + 128 табл.

Самашев З. БЕРЕЛ. Астана: Изд-во «Таймас», 2011. 236 с.;

Халимон В.И., Мамаева Г.А., Рогов А.Ю., Чепикова В.Н. Базы данных: учебное пособие. СПб.: СПбГТИ(ТУ), 2017. 118 с.

### **Жетісу және Шығыс Қазақстан аумағындағы сақ патша қорғандарының архитектуралық ерекшеліктері**

Жерлеу адамзат қолмен жасаған алғашқы мәдениет бөлігі деп айта аламыз. Тұрғылықты мекеніне, табиғат жағдайлары мен қоғам дамуы сатысына байланысты түрлі сипатқа ие бола бастады. Дана халқымыз «Тал бесіктен, жер бесікке» деп айтқандай, сәби бесігі оған қандай жайлы болса, жердегі бесікте солай жайлы болуы қарастырылады. Дәл осы сәтте соңғы қола және темір, ерте темір дәуіріндегі қоғам дамуының айқын бейнесі бола алатын сақ патша обаларын айта аламыз. Қазақ жерінде ірі сақ патша обалары шоғырлары орналасқан. Қазіргі таңда олардың арасында үлкен элитарлы патша қорғандарынан алтын адамдар табылып жатыр. Мысалы, Жетісудағы Бесшатыр, Алматы облысындағы Есік, Боралдай, Ақжар, Орталық Қазақстанда Талды-2, Шығыстағы Шілікті, Берел, Елекесазы, Бесоба, Қырықоба сынды ескерткіштер ішкі құндылығы жағынан тыңғылықты зерттелуде. Бұл қорғандар сақ қоғамында беделді «көсемдерге» салынған деп болжам жасай аламыз. Оның сырт бейнесіне қарап жай топырақ үйіндісі ғана емес, өзіндік айрықша құрылысы мен архитектурасы бар екендігін бүгінгі күні өзекті болып отыр. Әдетте сақ қорғандары Алматы, Жетісу даласында шоғырлана орналасқан. Сонда біздің көшпелі ата-бабамыз деп есептейтін сақтар көп уақытта еліміздің оңтүстік-шығыс бөлігін мекен еткен бе? Мұның себебін т.ғ.к доцент Еділ Ниязов былай түсіндіреді «Сақтар дәл қазақтар сияқты көшпелі болды, қыстау, жайлау ол тайпаларда да болды. Олардың обаларының бір жерге үйіле жинақталуы олардың салт санасынан. Сырт жерде жан тәсілім болған кісіні өз әулетінің жанына жерлеуі басты себеп.» деген болатын. Оған мысал келтіре қарайтын болсақ Шілікті-52 оба, Бесшатыр-31 оба, Есік-40 оба, Боралдай-63 оба бар. Егер адам басқа жерде оқыстан өмірден озса, оның мәйітін уақытша қабірлерде сақтаған. Еті сүйегінен ажыраған уақытта ата-бабасының жанына келіп жерлеген деген деректер кездеседі. Дәл осындай жоралғы қазақ халқында да кездеседі. «Сөреге жерлеу», «Аманатқа жерлеу» сынды дәстүрлер. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан өңірінде. «Былғары табыты» аталатын жер атауы сөзімізге дәлел бола алады, ел тарихынан белгілі жырақта қайтқан мемлекет басшыларын Түркістанға апарып жерлеу кезінде ішкі ағзаларын алып тастап, былғарыда сақтағаны шындық.

Ескерткіштерді зерттей отырып сол заманға сай тасты, топырақты, ағашты қолдана отырып, үлкен ескерткіштің ұзақ уақыт сақталуы қызықтырады. Қорғандардан түрлі бағалы жәдігерлерге қызығушылық жоғары болғанымен, осы ескерткіштердің ғажайып архитектуралық құрылымы бар екендігі, сол дәуірге тән топырақты, құмды, шымды, ағаш бөренелерін қолданудың өзінің реті болғандығын үлкен ірі биіктігі 20 м дейін жететін ескерткіштердің сәулеттік құрылымдары әліде терең зерттелді деп айта алмаймыз. Алайда еліміздің аумағында 25 000-ға жуық патша обалары табылған. Тек Жетісу, Алматыда емес, Оралдағы Тақсай, Қарағандыдағы Қызылжар, Астана маңындағы Күйгенжар, Ақтөбе, Петропавл, Арқайым елді мекендерінде кездеседі. Жерлеу рәсімі өтетін аймақты таңдауда және көне құрылысты салуда көпті көрген ақсақал, абыздар басқарғаны анық. Жерлену шарасын басқаратын абыздардың белгілеуімен үлкен өзен жағасында белгілі бір уақытта жиналған халық өздерімен бірге әл-ауқатына қарай малдарын ала келген. Дәрежесіне қарай сол уақытта тайпа көсемдері неғұрлым жылқы әкелгенін Берел қазбаларынан көруге болады. З.С. Самашев зерттеулеріндегі Берел обасындағы мәңгілік тонда сақталған 13 жирен аттың ішкі ағзаларына сақталған шөпке қарап әр аймақта жайылған жылқылар екенін полеоботаниктер дәлелдеп отыр. Жерленушіге салынған үлкен обаның және ғұрыптық кешендердің салынуы үшін көрнекі үлкен кеңістікте орналасуына аса мән берген. Обалардың әсіресе сақ дәуіріндегі тәртібі бойынша оңтүстіктен-солтүстікке қарай тізбектеле орналасуын қатаң сақтап обалардың шығыс жақ алдын және батыс жақ артын ашық қалдырып отырған. Обалардың өзен жағаларында орналасуындағы басты мақсат ауыр жұмысты қажет ететін құрылысты салу кезінде суды пайдалану мен бірге мініс малдарын суғаруға және ауыз суға қолданған. Шығыс Қазақстан өңірінде он жылдан астам зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы зерттеулер барысында әсіресе сақ дәуірінің ірі обаларының архитектурасына қатысты тұжырымдарды Шілікті кешенді ескерткіштері көрсетті. Бұл зерттеулер Қазақстан жеріндегі ірі обаларға қатысты архитектуралық шешімдер жасаудың бастамасы десе болады.

Сак-скиф археологиясында «патшалық» обаларды зерттеуге деген қызығушылықтың алғы шарты 1763 жылы генерал Мельгуновтың Литый обасын қазуымен басталды. Кейіннен XX ғасырдың басына дейін жиырмаға жуық оба материалдары белгілі болса, Кеңес үкіметі жылдары С.И. Руденконың Алтайда ашқан Пазырық обасы мен П.К. Казловтың Моңғолияда Ноин-уул обасын ашуымен бұл архитектуралық ескерткіштер қызығушылық пен кездейсоқтық арқасында Алтай, Минусин қазаншұңқыры, Жетісу, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қаратеніз бойында көптеп ашылып келеді. Ерекше айтар болсақ Орджонидзедегі Толстая могила, Алматы маңындағы Есік обасы мен Минусин қазаншұңқырындағы Аржан. (Боковенко 1992: 136-138 бб.)

Сақ дәуірін зерттеген отандық және шет елдік зерттеушілердің классикалық еңбектері олардың қатарында: В.В. Радлов, С. Сорокин, С.С. Черников., З.Самашев., Ә.Т. Төлеубаев., Ғ.Қ. Омаров, К.А. Ақышев, М.К. Кадырбаев, Б.Нурмуханбетов және бүгінгі таңдағы осы тақырыпты зерттеген ғалымдар: П.И. Шульга, А.Д. Таиров және отандық ғалымдар Ұ.Ұ. Үмітқалиев, А. Оңғар сынды зерттеушілердің еңбектерінде байқалады.

- однолезвийный, треугольной формы в сечении, с округлым отверстием, для крепления рукоятки, длина 12 см.



Рис. 9 – Ножи. ЦМК КП 20305\18, ЦМК КП 20490\11, ЦМК КП 2255/5

Формы ножей из коллекции городища Талгар обычные, находят широкие аналогии среди изделий этой категории на памятниках Жетысу и Средней Азии (Байпаков, Савельева, Чанг, 2005).

Ножницы – универсальное орудие труда, широко используемое в быту, домашних промыслах и ремеслах. В археологических материалах известно несколько экземпляров. Все они относятся к типу шарнирных. Конструкция их близка современным ножницам: две половины, состоящие из лезвия и рукояти, заканчивающейся круглым сомкнутым или несомкнутым кольцом, подвижно соединенные штифтом.

В коллекции ножницы представлены двумя экземплярами (ЦМК КП 20305/1, 5, рис.10). Состоят из двух половинок, подвижно соединенных штифтом между собой. Лезвия прямоугольной формы с закругленным концом, рукоятки, заканчиваются несомкнутыми кольцами. Изготовлены из железа, техникойковки. Датируются X-XIII вв.



Рис. 10 – Ножницы. ЦМК КП 20305\1, 5

б) Защитное и наступательное вооружение: панцирные пластины, кинжалы и наконечники стрел.

При изучении коллекции городища Талгар, были выявлены панцирные пластины, кинжал и наконечники стрел.

По мнению Савельевой Т.В. и Воякина Д.А. комплекс вооружения тальхирского воина состоял из оружия ближнего, дальнего боя и защитного доспеха. В качестве оружия дальнего боя, позволявшего поражать противника на расстоянии, воины средневекового Тальхира применяли луки со стрелами и дротики (метательные копья). Защитой тальхирскому воину служил доспех. Это мог быть нагрудник с подолом или куяк, состоящий из соединенных пластин. Пластины крепились, по всей видимости, двумя способами: впритык (пластина к пластине) и одна поверх другой по типу чешуи. Несомненно, неотъемлемой частью защитного вооружения были щиты, шлемы, поножи, и т.д., известные по материалам других памятников, но на сегодняшний день на городище Талгар не было найдено материальных свидетельств бытования этих предметов (Воякин, 2010; Байпаков, Савельева, Чанг, 2005: 88). Комплекс вооружения из Талгара хронологически имеет широкие рамки VIII – начало XIII вв. Исследователями сделано предположение, что вероятно, в средневековом Тальхире существовали железоделательные мастерские, которые специализировались на производстве военного снаряжения.

Панцири служили защитным вооружением населения. В коллекции насчитывается два фрагмента, представляющих несколько спаянных коррозией пластин (ЦМК КП 20490\24а, б, рис.11). Все они имеют прямоугольную форму и от 12 до 18 крепежных отверстий. Размеры: длина 9 см, ширина 2 см.



Рис. 11 – Панцирные пластины ЦМК КП 20490\24а, б. Наконечник стрелы. ЦМК КП 20305\17

Наконечник стрелы из талгарской коллекции черешковый трехгранной формы (ЦМК КП 20305\17, рис 11). Размеры: длина 5см, ширина 1см. Такие наконечники большей частью относятся к категории бронебойных. Усиление бронебойных свойств производилось посредством увеличения кинетической энергии летящей стрелы, изменяющейся прямо пропорционально массе изделия (Воякин, 2010). Хронологически относится к X-XIII вв.

7) Предметы конского снаряжения: удила и подковы.

В коллекции предметы конского снаряжения представлены кольчатыми удилами и подковами.

Удила (ЦМК КП 20305\13, рис.12) состоят из двух подвижно соединенных звеньев, на концах одеты кольчатые псалия. Размеры: длина 16 см, диаметр 4,5 см. Датируются X-XIII вв.

Подковы овальной формы, изготовлены из плоских пластин, утончаются к концам, в сечении – треугольные. В срединной части они более широкие (2 см), к концам плавно сужается до 1 см, толщина подковы 0,6 см. По срединной продольной оси симметрично расположено 6 сквозных прямоугольных отверстия для заклепки (ЦМК КП 20490/8а, б; рис.12).



Рис. 12 – Удила кольчатые. ЦМК КП 20305\13. Конские подковы ЦМК КП 20490\8а, б

8) Предметы домашней утвари: котлы, замки, ключи, металлические элементы дверей и т.д.

В коллекции имеется два фрагмента металлических котлов (ЦМК КП 20305/20, 3, рис.13). Котлы чугунные – полусферической формы, венчик прямой, горизонтально подрезан, тулово округлое, на поверхности замятины от ударов острым предметом. Датируются X-XIII вв. Размеры: длина 8 см, ширина 6 см (КП 20305\20, рис. 13). Размеры: высота 3см, ширина 10 см (ЦМК КП 20305\3, рис. 13).



Рис. 13 – Котлы (венчик). ЦМК КП 20305/20, 3

Гвозди – один из видов кузнечной продукции, относится к крепежно-строительному типу. В коллекции их насчитывается три экземпляра. Представляют собой четырехгранный железный штырь, с округлой шляпкой и заостренным концом. Размеры: длина 10-18 см, ширина 1 см (ЦМК КП 20490\27 а, б).

Замки и ключи в городах Жетысу применялись для запираения помещений, крышек сундуков, оков и пуг. Все изученные замки типологически близки друг другу. Конструкция их состоит из конусовидного полого корпуса, переходящего в массивную дужку. В зависимости от формы запорного устройства замка конец дужки мог оформляться в виде штыря, либо в нем пробивалось

округлое или прямоугольное отверстие. Необходимым элементом замка являлось запорное устройство, которое изготавливалось в двух вариантах. В одном случае запорное устройство состояло из стержня с округлой плоской головкой. На противоположной стороне от нее приваривались расходящиеся пружины. Во втором случае стержень с пружинами увенчивался плоским щитком с округлым отверстием на конце, в которое при запирании продевался штырь дужки замка (ЦМК КП 20305\8, рис.14).



*Рисунок 14 – Замок дверной ЦМК КП 20305\8. Детали дверного замка и скоба ЦМК КП 20305\23, 24; ЦМК КП 20305\25, 26; ЦМК КП 2255*

Для отпирания замков служили специальные ключи с округлой фигурной прорезью на конце. Когда необходимо было отпереть замок, ключ вставлялся в специальное отверстие. При дальнейшем движении ключа пружины сжимались, после чего вынималось запорное устройство. Ключевое отверстие располагалось, как правило, в месте перехода стержня дужки в полый корпус.

По мнению исследователей, при изготовлении замков были использованы методы кузнечнойковки металла в горячую, при сборке отдельных элементов изделия широко применяли медную пайку, а исходным материалом для работы послужила низкоуглеродистая сырцовая сталь (Воякин, 2010).

В талгарской коллекции ключ от замка имеется в одном экземпляре (ЦМК КП 20490\23). Размеры: длина 14 см, ширина 1,1см. Датируется X-XIII вв. Представляет собой стержень, половина которого, имеет прямоугольную форму в сечении, к концу заострена, другая половина раскована в уплощенную прямоугольную пластину слегка загнутую дугой.

Дополняют коллекцию детали дверного замка, состоящие из 3-х звеньев цепи: овального, восьмеркообразной формы и скобы. Размеры: длина 19-20 см (КП 20305\23, 24, рис. 14).

Скобы изготовлены из железной пластины, прямоугольной формы в сечении с заостренными концами, согнута дугообразно (ЦМК КП 2255, рис. 14).

Коллекция металлических изделий из городища Талгар показывает существование и развитие таких отраслей хозяйства, как металлургия, кузнечное ремесло, торговля, земледелие и скотоводство в VIII-XIII вв. в Жетысу, что позволяет выявить истоки казахского железоделательного производства в XV-XIX вв.

### Список литературы

Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг. К. Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. Приложение. Результаты анализов (Естественно-научные методы в археологии). 2-е изд., дополн. Алматы, 2005. 188 с.

Воякин А.Д. Кузнечное ремесло Северо-Восточного Семиречья в средние века (по материалам городищ Талгар, Алматы) // Автореферат дисс. на соискание ученой степени кандидата исторических наук РК. Алматы, 2010. 24.с.

Гамбург Б.С. К характеристике орудий земледельцев Ферганской долины и Ташкентского оазиса конца XIX в. – начало четверти XX в. // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1975. С. 117.

Городецкий В.Д. Древности Семиреченской области. Рукопись ИИАЭ АН Каз ССР. № 37 ф.1, л.3.

Городецкий В.Д. Остатки древнего поселения к югу от г.Алма-Аты {Верный} // Бартольд В.В. туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927. 558 с.

Древности Минусинского музея. Памятники металлических эпох. Томск: Издание Иннокентия Кузнецова, 1886 (Типография "Сибирской газеты"). 185 с.

Дублицкий Б.Н. Хроника археологических разведок и находок на территории Казахской ССР (1928–1938). Алма-Ата, 1939. С. 25 // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. Инв.

№81a/1977).

Евтюхова Л.А. Археологические памятники енисейских кыргызов (хакасов). Абакан, 1948. 109 с.

Зиняков Н.М. Металлургия и металлообработка в средневековых городах Казахстана: характеристика общественных условий и уровня развития производства // Вестник Томского государственного университета. История. 2013. №3 (23). С. 231-234.

Зиняков Н.М., Савельева Т.В. Булатная сталь средневекового Тальхира. Реконструкция производства тигельной узорчатой стали // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2009. № 1. С. 200-210.

Зиняков Н.М. Черная металлургия и кузнечное ремесло Западной Сибири в эпоху раннего железа и средневековья : автореферат дис. ... доктора исторических наук: 07.00.06 / Ин-т археологии и этнографии. Новосибирск, 1996. 59 с.

Маргулан А. Х., Агеева Е. И. Археологические работы и находки на территории Казахской ССР (с 1926 по 1946 гг.) // Известия АН КазССР. Серия археология. Алматы, 1948. Вып. 1. С. 124-135.

Савельева Т.В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII-XIII вв. (по материалам раскопок городища Талгар и памятников его периферии). Алматы: Гылым, 1994. 216 с.

Савельева Т.В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII-XIII вв. Алматы, 1994. 116 с.

Савельева Т.В., Зиняков Н.М., Камалдинов И.Р. Кузнечное ремесло средневековых городов Илейской долины (историография и датирование чугунных изделий) // Қазақстан археологиясы. № 3 (9). 2020. С. 70-91.

Смирнов А.П. Волжские Булгары // Труды Государственного исторического музея. Вып. XIX. М., 1951. 295 с.

Степи Евразии в эпоху средневековья // Археология СССР. М.: Наука, 1981. 304 с.

ЦГМ РК. Акт №109 от 7.05 1986 г. Акты поступлений основного фонда КП 20305/1-30; КП 20490/1-40.

**Талғар қалажұртының зергерлік бұйымдары:  
И.И. Копылов материалдары негізінде**

Талғар (Талхиз) қалашығы қазіргі Талғар қаласының оңтүстігінде орналасқан. XIX ғ бастап археологиялық ескерткіш ретінде танымал. 1921-1924 жж. археолог В.Д. Городецкий қалажұрттың құрылымдарына зерттеулер жүргізді, қолдан сызылған жоспарын жасады. Сондай-ақ, селдің әсерінен қираған мәдени қабаттарды анықтады. Зерттеу барысында мәдени қабаттардан қалашықтың батыс рабадында шеберханалар болғандығы анықталды (Городецкий, 1928, 54).

Шеберханалар қалашықтың батыс қабырғасынан төмен тар жағалауда орналасқан. Бұл ескерткіштің және оның аумағындағы археологиялық орындарының алғашқы ғылыми сипаттама негізінде сақталған бөлігі, алайда басым көпшілігі осы уақытқа дейін жетпеді, жеке адамдардың территориясына кіріп кеткен. Бұған 20-жылдардағы қалажұрттың солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан аумақты жергілікті шаруашылықтарға берілгендіктен біраз бөлігі жойылып кетті (Городецкий, 1928, 54).

Талғар қалажұрты тау шатқалынан ағатын өзеннің қасында орналасқан. Ортағасырлық қалажұртқа дейін елді мекенде адамдар тіршілік еткен тас дәуірінен бастап қоныстанғаны белгілі. Қалажұрт ЮНЕСКО-ның «Жібек жолы» трансшекаралық номинациясына сай келетін әмбебап мәдени құндылықтар негізінде 2014 ж. Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген. Талғар қалажұрттан табылған артефактілер мәдени қабаттар мен мәдени ландшафттағы тығыз байланысты көрсетеді.

Археолог И. И. Копылов Талғар қалажұртына ұзақ жылдар бойы қазба жұмысын жүргізді. И. И. Копыловтың жеке іс-құжаттары «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорында сақталуда. Іс-құжаттарға ғылыми сараптамалар жүргізілуде. Археолог И. И. Копыловтың іс-құжаттарын сұраптау барысында қалажұрттың орталық бөлігіндегі №7 зергерлер үйіне 1964-1967 жж археологиялық қазба жұмысы жүргізілгендігі көрсетілген. Қазба қалажұрттың орталығынан ағатын арықтың оң жағалауында орналасқан. (Копылов, 1978, 48-49) 1964-1967 жж қазба жұмысы жүргізілген зергер үйінен қырықтай тиындар, жүз елуей тиындардың бөлшектері табылған, басым көпшілігі қола және мыстан жасалған тиындар (Копылов, 1978, 49). Тиындар қарақытайлар мен қидандар мерзіміне тән деп көрсетілген. Аталмыш деректер бойынша И. И. Копыловтың жеке-іс құжаттары (Копылов, 1978, 48) және 1980 жылғы №18 есепте қазба туралы жазылған, Есеп жазылған құжаттар А. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатында сақталуда. 1964-1967 жж №7 зергерлер үйіне археолог И. И. Копылов қазба жұмысын жүргізгені туралы екі құжатта да қазба қалажұрттың бекінісі шахристанның орталық бөлігінде жүргізілгені көрсетілген (Копылов, 1987, 35)

И. И. Копылов жүргізген маусымдық қазба кезінде табылған заттай деректер, артефактілер қазіргі таңда қазақстанның көптеген музейлерінде сақталуда, олар Алматы қаласындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы. ҚР МОМ қорында және т.б музейлердің экспозициялық залдарында тұр. Сондай-ақ И. И. Копылов қазіргі Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде оқытушы қызметін атқарған кезде жаз мезгілінде тарих факультетінің студенттерін Талғар қалажұртына археологиялық қазба жұмысына маусымдық тәжірибеге қатыстырған (Копылов, 1987, 65-66).

И. И. Копылов Талғар өзенінің қарама-қарсы бетінде орналасқан қоныс Тунк елді мекен екендігінде айтады. Елді мекенді түркі тіліндегі «түйе тауы» деген атпен байланыстырып «Худуд әл-Алам мин әл-Машрик ила-Л-Мағриб» яғни «Әлемнің шығыстан батысқа қарай шекаралары» атты авторы белгісіз жазба деректерде айтылғанын келтіреді (Копылов, 1987, 61-62).

Шамамен 1950 жылдары Тунк елді мекенін ауылшаруашылық мақсатта пайдалану үшін жері бульдозермен тегістелген, 1960 жылы И. И. Копылов аталмыш аумаққа зерттеу жұмысын жүргізгендігін айта келе, ешқандай нәтиже көрсетпегендігін айтады (Копылов, 1987, 63-64). Кейін 2021 жылы аталмыш елді мекеннің қазіргі таңда бау-бақша өсіріп отырған орнына музей-қорықтың қызметкерлері барлау, бақылау жұмысын жүргізді, өкінішке қарай ешқандай нәтиже шықпады. Ортағасырлық қалажұрттың қалдықтары толығымен жойылғандығы белгілі болды.


№7 зергер үйіне қазба жұмысын жүргізу кезінде қолөнер өндірісінің материалдары мен қалдықтары, күкірт қалдықтары, тигель, зергер құралдары зергер үйінің еден астынан табылғандығы туралы жазады.

Жоғарғы жағында құлағы бар, пішіні созылған адам тәрізді ерекше бұйым осы қазба кезінде табылған екен. И. И. Копыловтың пайымдауынша бұл XII-XIII ғғ. христиан дініне қатысты кресттерге ұқсастайтындығын айтады. Аталмыш бұйым белгілі бір адамның бір реттік тапсырысы болуы да мүмкін дегенде болжам айтады (Копылов, 1987, 87). Осы бұйым жөнінде И.И.Копылов өз қолжазбасында суретін салып көрсетіп, сипаттамасын келтірген. Аталмыш бұйымның өлшемін анықтау қиын, себебі сурет масштабсыз салынған. Жасалу технологиясы иілген сымдарды дәнекерлеу арқылы жасалған, формаға құйылмаған. Осы бұйым жөнінде Б. А. Железняковтың жазған ғылыми мақаласы бар (Железняков, 2003, 202 ).

Қолда бар тағы бір заттай дерек ол «Есік» музей-қорықтың қорында сақталған қосу таңбасы бар білезік. Қосу таңбаны христиан дінімен байланыстырушылар да бар. Дегенмен, орта жүздің ашамайлы керей руының таңбасы қосу таңбалы екендігін білеміз. Осы жөнінде И. И. Копыловтың Талғар қалажұртында орта жүздің ашамайлы керей руының таңбасы белгіленген заттар XII ғасырда қолданыста болған дей келе, ол жөнінде И. И. Копылов пен Л. И. Керекешаның «Талкир (древний Талгар) – развилка Великого Шелкового пути» атты мақаласында Талхиз қалажұртында ашамайлы керейдің таңбасы таңбаланған қыш ыдыстар, еңбек құралдары мен әшекей бұйымдар кездесетіні туралы жазып, мысалдар келтірген (Копылов., Керекеша, 1993, 125).

1980 жылдары Талғар қалажұртына жақын орналасқан Қайназар елді мекенінен табылған жер бетілік материал білезікте де аталмыш таңба белгіленген. Қайназар елді мекені Талхиз қалажұртынан 10 шақырым жерде тау бөктерінде орналасқан.

Білезікті 2020 ж. Б.А. Железняков музей-қорықтың қорына тапсырған. X-XI ғғ. мерзімделінген. Жерді игеру кезінде жер бетіне шығып қалу мүмкін деген болжам айтылып жүр. Білезік туралы археолог Т. В. Савельева сол уақытта басқарған Талғар археологиялық қазбаның жетекшісі ретінде өзінің (Савельева Т.В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII-XIII вв. (по материалам раскопок городища Талгар и памятников его периферии). Алматы, 1994) монографиясында Талғар қалашығынан табылған моншақ, салпыншақ, сырғалармен бірге жарияланған жалғыз олжа екен. Зерттеушінің пайымдауынша, білезік әйел адамға тиесілі, екі ұшындағы қосу белгісі христиандық крест делінген (Савельева, 1994, 212).



1-сур. Әшекей заттар: 1,2,5 – салпыншақтар, 3,6,8,9 – моншақтар, 4,7 – сырғалар, 10 – білезік. (Савельева Т.В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII-XIII вв. (по материалам раскопок городища Талгар и памятников его периферии).

Дегенмен, мұндай айқыш немесе қосу таңбаны дінге қатысты деп бір жақты қараған дұрыс емес деп ойлаймыз. Қазақ этнологиясында мұндай таңба айқас таңба немесе қас таңба деп те аталып жүр. Алайда, білезікке жақсылап назар аударатын болсақ, екі ұшындағы қосу таңба немесе айқыш қазақ рулары мен ұлттық нақыштарында жиі кездесетін таңба екенін ескерсек, дінге ешқандай қатысы жоқ деген уәж айтамыз.

Керейдің ашамай таңбасында айқасқан белгі бар, киіз үйдің шаңырағындағы айқасқан белгі төрт төңіректі білдірсе, сондай-ақ қойдың басын қасқалап төртке тіліп тартамыз, ол дегеніміз ұзыннан түскен сіздің жол көлдененнен түскен біздің жол дегенді білдіреді және тұмсығын қонаққа қаратып қоямыз. Осының барлығын ескерсек, ортағасырлық білезіктегі айқыш немесе

қосу таңбаны дінге қатысты келтіру қисынға сай келмейді деген пікірдеміз. Сонымен қатар ортағасырлық Талғар қалажұрты пайда болғанға дейін де елді мекенде адамдар өмір сүрген, тіршілік еткендігі белгілі.

Демек, екі ұшында қосу немесе айқыш таңбасы белгіленген оймышты бедері бар білезікте белгілі бір рудың таңбасы белгілену әбден мүмкін.

Осы орайда таңба туралы айта кететін болсақ, таңба қоғамдық құбылыс ретінде бірнеше даму сатыларынан өткен. Таңбаның мерзімделу кезеңі тас дәуірінен бастау алады. Тас дәуірінде пайдаланылған және қалыптасқан белгілер мен таңбалар, символдар белгілі бір аумақта, киелі жерді, қару-жарақ пен түрлі заттың нақтылы айқындаушы қызметін атқарса керек. Дегенмен, тас дәуірінде этноәлеуметтік қатынастардың реттелмегенін, қоғамдық институттардың әлі де дамып жетілмегендігін ескерсек, аталмыш кезеңдегі таңбалар жан-жақты терең талдауды қажет етеді (<http://kazmuseum.kz/eksponat-tarikhy/item/2064-bilezik-koneden-zhetken-ashekej>).

Қола дәуірі кезінде символдар мен таңба тектес белгілердің бірізді күрделі жүйесі қалыптасқаны белгілі. Таңба ең алдымен заттың иесінің бар екендігін көрсететін белгі, әрі мифтік-салттық кешендерде кеңінен қолданылған. Қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының нышандарын бейнелеген. Осы кезеңнен бастап қоғам өмірінің рухани саласында символ мен белгі сакральдық-магиялық басымдық ие бола бастаған.

Таңба бастапқы кезде жануарлардың тұяғы, табаны, солярлық аспан денелері сияқты түрлерде жиі қолданыста болды. Алайда уақыт өте келе күрделене түсіп, кейбір таңбалар абстракциялық символдарға айналған. Ерте ортағасырда құрылған тайпалар мен қағандық басқару жүйесінде таңба қолданысының қызметі, оның қолданылу аясы мен мағынасы ерекше мәртебеге ие болды. Түркі кезеңінде таңбалардың семантикалық кеңістігі тереңдеп, әрі мағынасы күрделене түскен (<http://kazmuseum.kz/eksponat-tarikhy/item/2064-bilezik-koneden-zhetken-ashekej>).



2-сур. «Есік» музей-қорындағы білезік

Қорыта келе, Талғар қалажұрты мен маңынан табылған әрбір құнды затты зерттеу арқылы сол кезеңнің ғылыми ортаға беймәлім тұсын аша түсетіні хақ. Демек, табылған заттар мәдени көкжиектің кеңдігі және жасалу мен орындалу технологиясының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен қатар елді мекендегі халықаралық қарым-қатынастың деңгейінде аңғартады. Ал Іле алқабына діндердің келу кезеңдерін кидан мерзімінен байланысты қарастыру мәселелері әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Сондай-ақ Жетісу өңірі Қайназар елді мекенінен табылған білезіктегі таңба туралы да алдағы уақыта тағы қарастырамыз деген ойдамыз. Таңба, тамга, символ, белгілерге қатысты деректер түркі тектес халықтарда жиі қолданыста болғандығы да белгілі. Осы орайда әлі де тың ойлар мен пікірлер туындайды. Егер мүмкіндік болса білезіктің металына сараптама жасату да ойда бар мәселелердің бірі.

Археолог И.И. Копыловтың Талғар қалажұртындағы зергерлер үйіне жүргізген қазба жұмысы кезінде белгілі болғандай шеберлер жергілікті шикізатты пайдалану және металл өңдеу технологиясын меңгерудің және ұста шеберлігінің дамуындағы өзіндік ерекшеліктерді көрсетіге тырысқандығын көреміз.



## Әдебиеттер тізімі

Байпаков К. М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга II. Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII в. Алматы: Хикари, 2013. 514 с.

Городецкий В. Д. Талгарское городище // Известия Средазкомстариса, Ташкент, 1928, Вып. 3. С. 49-55.

Железняков Б. А. Находки предметов с иконографическими изображениями из Жетысу (несторианство, манихейство) // Известия МОН РК, Сер. обществ. наук. Алматы, 2003, № 1. С. 260-276.

Жумай Г. Білезік – көнеден жеткен әшекей // Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік орталығы. 2021. <http://kazmuseum.kz/eksponat-tarikhy/item/2064-bilezik-konedden-zhetken-ashekej> (қаралған күні 05.03.2021 ж).

Копылов И. И. Культура древнего Талгара. Алма-Ата, 1978. 49 с. // Рукопись. Личный фонд И.И.Копылова Фонды ГИКЗМ «Есик». ГИКЗМ «Есік» Фонд музея ф. 3, о. 2, п. 64, л. 5. 49 с.

Копылов И. И. Отчет об археологических раскопках на Талгарском городище в 1986 году. Рукопись. Алма-Ата, 1987. 35 с. //Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Оп-2, П-2147, Св-162.

Копылов И. И., Керекеша Л.И. Талкир (древний Талгар) – развилка великого шелкового пути // Археологические памятники на Великом Шелково пути. Алматы, 1993. С. 122-136.

Мухтарова Г. Р., Железняков Б.А., Жумай Г. Бронзовые зеркала из Тальхира как источник по материальной культуре: исследования И.И. Копылова // Археология Казахстана, № 3, 2021, с. 43-60.

«Ұлы Жібек жолындағы мәдениет пен дін» экспозиция каталогы. Құрастырушы: Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы / Алматы. 2020: ХМЖО.

Савельева Т. В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII-XIII вв. (по материалам раскопок городища Талгар и памятников его периферии). Алматы: Ғылым, 1994. 216 с.

## Ортағасырлық Көделі-1 төрткүлі (2021 ж. далалық зерттеулердің нәтижесі бойынша)\*

### Кіріспе

Ортағасырлық төрткүлдерді Талас өңірінің барлық бөлігінен кездестіруге болады. Төрткүлдердің көбі Талас өзенінің орта ағысында, оған құятын тау алды жазықтықтан бастау алатын шағын өзендердің бойында орналасқан. Шағын өзендерді бойлай белгілі бір қашықтықта тізбектеліп орналасқан төрткүлдерді де кездестіруге болады. Төрткүлдердің саны жыл санап артып келеді. Себебі, өңірдегі ескерткіштерді анықтауда жүргізілген ХХ ғ. ішіндегі зерттеулер тікелей экспедиция маршруттарымен, сонымен қатар жергілікті халықтың айтуымен, сирек жағдайда бас штабтың картасында көрсетілуімен байланыста табылған болса, соңғы жылдарда, шамамен он жыл көлемінде төрткүлдердің орнын анықтау Google Earth бағдарламасының көмегімен, яғни ғарыштан түсірілген суреттердің арқасында жүзеге асырылып жатыр. Төрткүлдердің орнын жылдам анықтауға олардың жоспары себеп болып отыр. Өйткені, жоспары бойынша көбінде шаршылы немесе тіктөртбұрышты келген биік жалдары ғарыштан түсірілген суреттерден анық байқалады.

Кеңестік кезеңде анықталған төрткүлдерге көбінде нақты «төрткүл» деген атау берілмей, «қоныс», «бекініс», «қала» және т.б. атаулармен ескерткіштер жинақтары мен мақалаларда жазылды. Анықталған төрткүлдердің нақты географиялық координаттары көрсетілмей, сол маңайға жақын немесе белгілі ауылдардан қанша шақырым және қандай бағытта орналасқандығы, тіпті «пәленше» атындағы колхоздың немесе совхоздың аумағында орналасқан деп те берілді. Ал, бүгінде ол колхоз бен совхоз жоқ, көз мөлшерлеп қойған қашықтықтағы және бағыттағы ескерткішті анықтау қиын болып қалды. Бірқатар жерлер мен сулардың атаулары өзгерген, жер телімдері жекеменшікке өтіп кеткендіктен, көбі сол жерді алған шаруа қожалығының атымен немесе иесінің атымен, болмаса өздері ойлап шығарған атаулармен аталып кеткен. Атас ауылдар да кезінде көп болды, қазір, олардың көбінің атаулары өзгеріп кетті. Осындай жағдайлардың барлығы, ескерткіштерді анықтауда қиындық туғызып, жүргізілген кейінгі экспедициялар кейбір ескерткіштерді қайта ашуына себеп болып жатыр. Егер ескерткіш орналасқан жердің маңайында ауыл болмаса, оны анықтау өте қиын. Сондай ескерткіштердің қатарына, ауылдан қашықта орналасқан Көделі-1 төрткүлін жатқызуға болды.

### Зерттелу тарихы


Көделі-1 төрткүлі Талас өзеніне құятын, бүгінде арнасы құрғап қалған Қарабақыр өзенінің сол жағалауындағы жазық жерде, әкімшілік-территориялық бөлініс бойынша Жамбыл облысы Байзақ ауданы Тегістік ауылынан 14 км солтүстік-батыста, Шахан ауылынан 11 км батыста орналасқан (сурет 1). Көделі деп аталатын жерде орналасқан ескерткіштің маңына бүгінде жеке шаруа қожалықтың мал қорасы түскен. Осы маңайдағы малшылардың барлығы ескерткішті «Қорған» деп атайды.

Ескерткішті 1983 ж. Университет археологиялық экспедициясының (жетекшісі: У.Х. Шәлекенов) барлау тобының басшысы М. Елеуов анықтап, схемалық жоспары мен фотосуретін түсіріп, сипаттамасын береді (сурет 2). М. Елеуов ескерткішті «Городище Кудели 1» деп атап, Оххум қаласынан 6 км оңтүстік-батыста орналасқандығын, қазба жұмыстары жүргізілмегендігін, үстінен жиналған керамикалық материалдар шарықта жасалып, жақсы күйдірілгендігін жазады. Жоғарғы бөлігі табылған көзеге ұқсас керамикалар Шу және Талас өңіріндегі ескерткіштердің Х–ХІІ ғғ. жататын қабатынан кездесетінін де айтып өтеді (Шәлекенов, 1983, 44-45).

Қазақ тілінде «көделі» және «күделі» деген сөздер кездеседі. Көде – сұлы тұқымдас өсімдіктердің бір түрі. Көделі – көдесі бар, көде біткен, көде өскен (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 171-172 б.). Күде – шошайта жиналған шөп, үйме (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 420 б.).


\* Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR20280993 «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан: археологиялық деректерді жүйелеу және талдау» бағдарламасы аясында орындалды.

Келтірілген екі сөз де ескерткіш орналасқан аймаққа қатысы бары анық. Дегенмен, «көделі» сөзі орыс тілінде көбінде «кудели» деп жазылады.




Сурет 1. Көделі-1 төрткүлінің Қазақстан картасында орналасуы.  
Орындаған: М. Шағырбаев

2002 ж. шыққан Ескерткіштер жинағына М. Елеуовтің авторлығымен «Городище Кудели 1» деп сипаттамасы 122-нөмірмен еніп, схемалық жоспары беріледі (Елеуов, 2002, с. 120).




Сурет 2. Көделі-1 төрткүлінің схемалық жоспары мен оңтүстік жағынан түсірілген фотосуреті (М. Елеуов бойынша)

2010 ж. «Археологиялық экспертиза» ЖШС-нің Ескерткіштер жинағы экспедициясы (С. Ақылбек, Ш. Құдабаев) зерттеп, құралмен жоспарын және фотосуретін түсіріп (сурет 3), географиялық координаттарын алады. Осы жылы шыққан Байзақ ауданының тарих және мәдениет ескерткіштері жинағына 119-нөмірде «Төрткүл» атымен сипаттамасы беріледі. Ескерткішті X–XII ғғ. жатқызады (Ақылбек, 2010, 160-161 б.).



Сурет 3. Төрткүлдің жоспары мен фотосуреті (С. Ақылбек бойынша)

2021 ж. далалық маусымда Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының Талас археологиялық отряды (жетекшісі: Е.Ш. Ақымбек) әуеден фотосуретін түсіріп, лазерлі тахеометр арқылы топографиялық жоспарын алып (сурет 4), қабырғасы мен мәдени қабатын анықтау мақсатында қазба жұмыстарын жүргізді.



Сурет 4. Көделі-1 төрткүлінің топографиялық жоспары (түсірген: Б. Железняков, орындаған: А. Казизова) мен әуеден түсірілген фотосуреті (түсірген: М. Шағырбаев)

### Төрткүлдің сипаттамасы

Әлемнің төрт тарабына сәл ауытқып орналасқан төрткүл жоспары бойынша тіктөртбұрышты келген. Шығыстан батысқа қарай болмашы созылған төрткүлдің ұзындығы 128 м, ені 120 м. Жал болып жатқан қабырғаларының ені 15 м-ге дейін барады, биіктігі 2 м. Бұрыштары мен қабырғаларының бойында мұнара іздері сақталған. Солтүстік және оңтүстік қабырғаларының бойында екі-екіден, ал шығыс пен батыс қабырғаларының ортасында бір-бірден кездесетін мұнараларының орны төбешік болып, қабырға сыртына дөңгеленіп шығып тұр. Мұнара орындарының диаметрі 18–20 м, қабырғасынан мұнаралары 0.2–0.4 м биік. Солтүстік және оңтүстік қабырғаларының бойындағы мұнаралар ішке қарай да дөңгеленіп шыққан болса, керісінше шығыс пен батыс қабырғаларының ортасындағы мұнаралардың орны қабырға ішіне қарай ойық болып кіріп тұрғаны байқалады. Қақпа оңтүстік қабырғасының ортасында орналасқан. Осы жерде қабырға үзіліп, сай болып жатыр, оның ені 6 м. Қақпа алдында төрткүлмен байланысы бар құрылыстардың ізі сақталған. Ескерткіштің солтүстігінен бастап, батысын айнала оңтүстігіне дейін 350–550 аралықтағы қашықтықтан білінер-білінбес жал өткен. Ені 6–8 м болатын жал бір кездері төрткүлді айнала қоршап жатқан қабырға болған секілді. Жал мен төрткүлдің арасынан арықтар және шаршылы немесе тіктөртбұрышты келген көптеген құрылыс қалдықтарын көруге болады (сурет 5).

Барлау жұмыстарында үстінен аз мөлшерде қыш ыдыстардың сынықтары анықталды.




Сурет 5. Көделі-1 төрткүлі. Google Earth бойынша, 2016 ж.

### Қазба жұмысы

Көделі-1 төрткүлінің солтүстік-солтүстік-батысындағы бұрыш мұнарасы үстінен оңтүстікке қарай 14 м жерден қабырғасын қиып өтетін ұзындығы 19 м, ені 1 м (19 м<sup>2</sup>) траншея жүргізілді (сурет 6). Қалыңдығы 0.1–0.15 м шым қабатының астынан, жер бетінен 0.25 м тереңдіктен, жалдың ең биік жерінің сырт жағынан пақсадан тұрғызылған қабырғаның қалдықтары ашыла бастады. Жер деңгейінен 1.5 м тереңдетілген қазбадан толығымен ашылған қабырғасының қалыңдығы 4.5 м, сақталған биіктігі 1.4 м. Қабырғаның ішкі жағынан 1.5 м жерден, отқа қызарған еден деңгейінен ашық ошақтың орны анықталды. Ошақтың астына өзеннің малта тастары төселген. Траншеяның шығыс жақ шетіне таман шыққан қисық төртбұрышты тастың өлшемі: 40×17×7–8 см. Қабырғаның сырт жағынан анықталған, отқа қызарған саз кірпіштің өлшемі: ?×22×8 см.

Стратиграфиясы. Құрылыстың іші мен сыртын бос топырақ қабаты басып қалған. Қабырғаның екі бетінің іргесінде құлаған қабырғалар жатыр. Әсіресе, ішкі бөлігінде бірнеше құланды қабырға қабаты катпарланған. Бұл ескерткіш өмір сүруін тоқтатқаннан кейін, қабырға көбінесе ішке қарай құлағандығын көрсетеді.

Көделі төрткүліне жүргізілген траншея жұмыстарынан, ескерткіштің ішкі бөлігінен ешқандай да құрылыстың қалдықтары байқалмады. Дегенмен, тапталған топырақ қабаты анықталды. Осыған байланысты, ескерткіштің ішкі бөлігінде, яғни орта тұсында құрылыс қалдықтары, яғни мәдени қабатының бар-жоғын анықтау мақсатында оңтүстік-оңтүстік-батыстағы қабырғасының ортасындағы қақпа орнынан 15 м ішкері, батыс жағынан көлемі 4×3 м (12 м<sup>2</sup>) қазба жұмыстары жүргізілді. Қазбаны 0.5–0.85 м тереңдеткенімен, құрылыс қалдықтары анықталмады. Бірақ, қазбаның төменгі бөлігінің барлығы қатты тапталғаны белгілі болды.



Сурет 6. Көделі-1 төрткүлі. 1 – қазбаның солтүстіктен қарағандағы көрінісі. Түсірген: М. Шағырбаев; 2 – қазбаның сызбасы. Сызған: Е. Ақымбек, орындаған: Р. Абир. 1 – қазба шекарасы; 2 – шым қабаты; 3 – бос топырақ; 4 – құланды қабырға; 5 – тас, 6 – қам кірпіш; 7 – ашық ошақ; 8 – материк.

### Керамикалық материалдар

Барлау, траншея және қазба жұмыстарынан аз мөлшерде керамикалық материалдар табылды (сурет 7).

**Барлау.** Барлау жұмыстары нәтижесінде барлығы 19 дана қыш ыдыс фрагменті табылды. Қыш бұйымдар қолданылу аясына қарай асүйлік (2), асханалық (14) және шаруашылық-тұрмыстық (3) деп үшке жіктелді. Қыш ыдыстардың күйдірілу температурасы бірқалыпты. Түсі қызғылт қоңыр. Асүйлік ыдыстар қазанның ернеу және бүйір қабырғасының сынықтарынан тұрады. Ернеуінің қалыңдығы 1.1 см. Жасалу әдісі бойынша ернеуі сыртқа қарай қайтарылмаған. Қазанның бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0.9–1.2 см аралығында ауытқиды. Сыртында күйе іздері сақталған. Ыдыстардың басым бөлігі қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Асханалық ыдыстарды құмыраның бөлшектері құрайды. Құмыраның бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0.5–1.3 см аралығында ауытқиды. Тұтқасының қалыңдығы 1.6–2.1 см, жалпақтығы 2.6–5.2 см. Құмыра түбінің диаметрі 8 см, түптерінің қалыңдығы 1.2 см. Ыдыстардың басым бөлігі шарықта жасалған. Шаруашылық-тұрмыстық қыш бұйымдарды хұмның бөлшектері құрайды. Хұмның бүйір қабырғаларының қалыңдығы 1.4–1.6 см аралығында ауытқиды. Ыдыстар қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған.

**Траншея.** Қазба жұмыстары нәтижесінде барлығы 27 дана қыш ыдыс фрагменті табылды. Қыш бұйымдар қолданылу аясына қарай асүйлік (29.6%), асханалық (63%) және шаруашылық-тұрмыстық (7.4%) деп үшке жіктелді. Керамикалық материалдардың басым бөлігі отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр.

Асүйлік ыдыстар қазанның ернеу және бүйір қабырғасының сынықтарынан тұрады. Ернеуінің қалыңдығы 1 см. Жасалу әдісі бойынша ернеуі сыртқа қарай аз ғана қайтарылған.

Қазанның бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0.6–0.9 см аралығында ауытқиды. Сыртында күйе іздері сақталған. Ыдыстардың басым бөлігі қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Асханалық ыдыстарды құмыраның бөлшектері құрайды. Құмыра ернеуінің қалыңдығы 1 см, бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0.6–1.2 см аралығында ауытқиды. Жасалу әдісі бойынша ернеуі сыртқа қарай шығыңқы етіп жасалған. Тұтқасының қалыңдығы 1.6 см, жалпақтығы 4 см. Құмыра түптерінің диаметрі 12–18 см, түптерінің қалыңдығы 0.9–1.2 см аралығында ауытқиды. Ыдыстардың басым бөлігі шарықта жасалған. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр. Шаруашылық-тұрмыстық қыш бұйымдарды хұмның бөлшектері құрайды. Сақталған бір хұм ернеуінің сынығы бойынша диаметрі 32 см, ернеуінің қалыңдығы 4 см. Ернеуі сыртқа қарай шығыңқы етіп жасалып, жиегі саусақ ұшымен бастырылып өрнектелген (сурет 7, 9). Бүйір қабырғаларының қалыңдығы 1–2 см аралығында ауытқиды. Ыдыстар қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған.

*Қазба.* Қазба жұмыстары нәтижесінде барлығы 17 дана қыш бұйым фрагменті табылды. Қыш бұйымдар қолданылу аясына қарай асүйлік (3), асханалық (13) және шаруашылық-тұрмыстық (1) деп үшке жіктелді. Керамикалық бұйымдардың басым бөлігі отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр. Асүйлік ыдыстар қазанның ернеу және бүйір қабырғасының сынықтарынан тұрады. Ернеулерінің қалыңдығы 0.9–1.2 см. Жасалу әдісі бойынша ернеуі сыртқа қарай аз ғана қайтарылған. Қазанның бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0.8–1 см аралығында ауытқиды. Сыртында күйе іздері сақталған. Ыдыстардың басым бөлігі қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Асханалық ыдыстарды құмыраның бөлшектері құрайды. Құмыраның бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0.5–1.2 см аралығында ауытқиды. Кейбірінің сыртына ангоб сұйықтығы жағылған. Құмыра түптерінің қалыңдығы 1.2–1.6 см аралығында. Ыдыстардың басым бөлігі шарықта жасалған. Шаруашылық-тұрмыстық қыш бұйымдарды ұршықтың басы құрайды (сурет 7, 4). Ұршық басының диаметрі 4 см, ортасындағы тесіктің диаметрі 0.6 см, қалыңдығы 0.9 см.



Сурет 7. Көделі-1 төрткүлі. Керамикалық материалдар. 1-2 көзе ернеуі; 3 құмыра ернеуі; 4 ұршықтың басы; 5-8 құмыра тұтқалары; 9 хұм ернеуі; Фотосуретті түсірген: Н. Нұрғали, сызған: Ө. Доспенбетов

### Археозоологиялық зерттеулер

Көделі-1 төрткүлінен барлығы 35 жануар сүйегі табылды. Остеологиялық коллекцияға археозоологиялық талдау жүргізіліп, жануар түрлері, қаңқа элементтері мен жас ерекшеліктері анықталды. Остеологиялық материалдардың 25 данасы нақты жануар түрлеріне дейін ажыратылды. Оның ішінде 15 сүйек – уақ малға, 3 сүйек – жылқыға және 7 сүйек – ірі қараға тиесілі. 11 сүйектің морфологиялық белгілері нашар сақталғандықтан, жалпы сүтқоректілер деп анықталып, сүйектердің морфологиялық пішіндеріне (сүйектің қалыңдығы, қорек тесігінің көлемі және т.б.) қарай «ірі» және «ұсақ» жануарлар деп топталды (кесте 1). Остеологиялық материалдардың морфологиялық белгілері Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының зооархеология зертханасындағы эталон коллекциясымен салыстырмалы түрде талданды. Жануарлардың жас ерекшеліктері ұзын сүйектерінің эпифиздерінің жетілуіне қарай жалпылама анықталып отыр [Silver 1969].

Жануар түрі	Сүйек саны	Сүйек саны, %		Жануар саны
Үй жануарлары				
Уақ мал – <i>Ovis et Capra</i>	15	60.0		3
Жылқы – <i>Equus caballus</i>	3	12.0		1
Ірі қара – <i>Bos taurus</i>	7	25.0		1
	25	100		5
Анықтауға келмейтін сүйектер				
Сүтқоректілер – Mammalia indet	11	Ірі	6	54.5
		Ұсақ	5	45.5

Кесте 1. Көделі-1 қалашығынан табылған жануар сүйектерінің таксономиялық құрамы

Уақ мал (қой – ешкі) – *Ovis et Capra*. Уақ малға жалпы 3 жануардан тарайтын 15 сүйек тиесілі. Сүйек материалдардың басым бөлігі бөлшектенген (93.4%). Қаңқа бөліктерінің құрамы біртекті. Кеуде және тірек-қимыл жүйесіне тиесілі сүйектердің саны өзара бірдей (кесте 2). Бас сүйек элементтерінен тек төменгі жақ пен жеке бір дана тіс анықталды. Сойылған жануарлардың үшеуі де ересек. Уақ малдың құрамында бірыңғай ересек жануарлардың басым болуы, төрткүл тұрғындарының жүн-тері өнімдерін алу мақсатында шаруашылықта пайдаланғанын жанама түрде растайды.

Жылқы – *Equus caballus*. Үй жануарларының бұл түріне бір (шартты түрде алынып отыр – авт.) жылқыдан тарайтын үш сүйек (асықты жіліктің төменгі бөлігі, төменгі жақ сүйектің вентральды қыры және топай сүйегі) тиесілі. Жылқы сүйектерінің екеуі тағам қалдығы болса, біреуі өңдеуге түскен. Барлық сүйектер ересек жануарға тиесілі.

Ірі қара – *Bos taurus*. Жеті дана қаңқа элементінің барлығы бір ересек сиырға тиесілі. Ірі қара сүйектері жалпы материалдардың 25% құрағанымен, басым көпшілігі сынып, бөлшектеніп кеткен (85.8%). Сиыр сүйек саны бойынша уақ малдан кейінгі орында болғанымен, жануар саны бойынша жылқымен бірдей. Қаңқа бөліктерінің өзара қатынасында ортақ ұқсастық байқалмайды. Сүйек коллекциясының құрамында тек «етті» бөлік саналатын кеуде және аяқтың жоғарғы бөлігіне тиесілі элементтер басым. Сүйек эпифиздеріне жүргізілген талдау, жануардың ересек шағында (шамамен 3.5–4 жастан асқанда) сойылғанын айғақтайды.

Қаңқа элементтері	Ірі қара		Жылқы		Уақ мал	
	Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф
Төменгі жақ сүйек – Mandibula	0	0	0	1	1	0
Тіс – Dentes	0	0	0	0	0	1
Қабырға – Costae	0	2	0	0	0	1
Тоқпан жілік – Humerus	0	1	0	0	0	0
Кәрі жілік – Radius	0	0	0	0	0	2
Жамбас – Os coxae	0	0	0	0	0	2
Сан жілік – Femur	0	1	0	0	0	1
Асықты жілік – Tibia	0	0	0	1	0	5
Артқы сирақ – Metatarsalia	0	1	0	0	0	0
Алдыңғы сирақ – Metacarpalia	0	1	0	0	0	2



Фаланга 1 – Phalanx 1	1	0	0	0	0	0
Фаланга 2 – Phalanx 2	0	0	1	0	0	0
Жиыны	1	6	1	2	1	14
	7		3		15	
%%	14.2	85.8	33.3	66.7	6.6	93.4
Б – бүтін; Ф – фрагмент						

Кесте 2. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің құрамы

*Модификацияланған сүйектер.* Көделі-1 төрткүлінен табылған сүйектердің арасында төрт дана өңделген қаңқа элементтері кездесті. Жалпы остеологиялық материалдар саны аз болғанымен, өңделген сүйектердің салыстырмалы түрде көп анықталуы (11.1%), төрткүл тұрғындарында сүйек өңдеу кәсібінің тұрақты түрде орын алғанын көрсетеді.


1) Ақбөкен мүйізі. Мүйіздің сыртқы сүйекқабы (*periosteum*) тегістелген. Ортаңғы бөлігінде медиальды-латеральды бағытта екі саңылау жасалған. Бұл – екі саңылаулы мүйізден жасалған сулық. Мүйіздің табиғи пішінін тиімді қолдана отырып жасаған. Өлшемдері: ұзындығы 13 см, жуан бөлігінің диаметрі 1.8–2.1 см, саңылауларының өлшемі бірдей 1.2×0.6 см. Жуандау келген жағындағы тесік тұсы қатты қажалып жіңішкерген (сурет 8).

Классификациясы бойынша өзекті, сәл иілген. Саңылаулары негізгі ұзындық бойымен сопақ пішінде бір тегістікте (сәл ауытқу бар) тесілген. Екі саңылау арасындағы қажалған іздер сулықтың сол кезде шығыршықты немесе 8-тәрізді ауыздықпен қолданғандығын білдіреді.


2) Жылқының жақ сүйегі. Вентральды қыры ғана сақталған сүйектің бетінде егеу, кесу іздері сақталған. Сүйектің жұмыс бетін нақты көрсету қиын. Сүйек тұрмыста пайдаланылмаған (сурет 9, 1; 1.1).

3) Сиырдың тұсамыс сүйегі (*Phalanx 1*). Сүйектің дистальды эпифиз маңынан (эпифизарлы жік) дорса-плантарлы бағытта тесік жасалған. Сүйек тұрмыста пайдаланылмаған (сурет 9, 2; 2.1).

4) Қойдың асықты жілігі. Асықты жіліктің дистальды эпифизіне жақын аумақтан, краниальды бетіне тесік жасалған. Сүйек материал тұрмыста пайдаланылмаған (сурет 9, 3; 3.1).



Сурет 8. Көделі-1 төрткүлінен табылған сүйек сулық. Сызған: Ө. Доспенбетов, Фотосуретті түсірген: Е. Ақымбек



Сурет 9. Көделі-1 төрткүлінен табылған өңделген сүйектер: 1 – жылқының жақ сүйегі, 1.1 – өңдеу іздері; 2 – сиырдың топай сүйегі, 2.1 – өңдеу ізі; 3 – қойдың асықты жілігі, 3.1 – өңдеу ізі мен өлшемі. Фотосуретті түсірген және орындаған: М. Шағырбаев

### Нәтижесі

Көделі-1 төрткүліне жүргізілген далалық зерттеулердің нәтижесінде топографиясы өңірдегі басқа да ескерткіштерге ұқсамайтындығы белгілі болды. Қабырғаларының бойындағы мұнараларының саны барлық жағында бірдей емес, сонымен бірге шығыс және батыс қабырғалары ортасындағы мұнараларының құрылымы бөлек. Яғни мұнараларының ішкі жақтары қабырғаға қарай кірген. Қабырғасының қалыңдығы 4.5 м, сақталған биіктігі 1.4 м болғанымен, қабырғаның ішкі жағынан ешқандай құрылыс анықталмады. Бірақ, ашық ошақ орны шықты. Ошақтың астына малта тастар төселуі қызуды ұзақ уақыт бойы ұстап тұрады. Осындай әдісте ошақты оңтүстік өңірлердің ауыл тұрғындары әлі күнге дейін жасайды. Ошақтың маңынан ерте темір дәуірінде қолданылған жылқы жүгенінде болатын сүйек сулықтың болуы өте қызық жағдай.

Төрткүлдің ішкі бөлігінің бедері бір деңгейде тегіс емес, бірақ нақты құрылыстардың орны да байқалмағандықтан, қазба жұмыстары жүргізілгенімен, ешқандай құрылыс қалдықтары анықталмады. Құрылыстың ішкі бөлігі 0.8 м-ге дейін тапталған топырақ қабатымен қатпарланған. Бұл ескерткіштің ұзақ уақыт бойы қызмет атқарғандығын білдіреді.

Табылған керамикалық материалдардың жартысынан көп бөлігін асханалық ыдыстардың құрайтынын ескерсек, құрылыс тұрғын-жай қызметін атқармағандығын білдіріп тұр. Ашық ошақ анықталғанымен, асүйлік қазан, көзе, таба және т.б. секілді ыдыстар өте аз.

### Радиокөміртекті зерттеу нәтижелері

Төрткүлдің тіршілік еткен уақытын анықтау үшін қорғаныс қабырғасының ішкі бөлігінен 1 м тереңдіктен, қабырға іргесінен ағаш көмірі алынды. Үлгіге жүргізілген радиокөміртекті (C14) талдау жұмысы VII ғ. аяғы – VIII ғ. басын көрсетті. Нәтиженің ортақ көрсеткіші VIII ғ. басын көрсетіп отыр (кесте 3).

Ескерткіштің атауы	Зертхана шифры, мерзімдеу нөмірі	<sup>14</sup> C-мерзім, ж.б.	Мөлшерлік мәні, б.д. жж.		pMC*
			1σ (68,3%)	2σ (95,4%)	
Көделі-1	FTMC-SF12-103	1341±30	652–759 Cal AD	645–775 Cal AD	84.62±0.31
Оххум	FTMC- SF12-122	798±31	1226–1265 Cal AD	1180–1279 Cal AD	86.49±0.38

Ескерту: \*pMC (percentage modern carbon) – көміртегінің қазіргі пайызы

*Кесте 3 – Радиокөміртекті талдаудың нәтижесі  
(«БАРНАС» ғылыми қызмет компаниясы, Вилниус рабиокарбон)*

### Талқылау

Жазық жерде орналасқан төрткүлдің үстінен солтүстік-шығыста 5.5 км жерде орналасқан Оххум қаласы анық көрінеді. Төрткүлдің Оххум қаласына қатысы бары анық, екеуі де Қарабақыр өзенінің екі жағасында орналасқан. Бірақ, төрткүлден алынған үлгіге жүргізілген радиокөміртекті талдау нәтижесі көрсеткендей VIII ғ. басында Оххум қаласы және оның маңайындағы ортағасырлық ескерткіштер тіршілік етті ме, осы мәселеге тоқталып өтсек.

1894 ж. В.В. Бартольд Әулиеата қаласының солтүстігінде орналасқан Окум (Оххум – авт.) қаласын анықтап, сипаттайды (Бартольд, 1966, с. 31).

1936-1938 жж. Материалдық мәдениет тарихы институты мен КСРО ҒА Қазақ филиалының Семиречье археологиялық экспедициясы (жетекшісі: А.Н. Бернштам) Оххум қаласын зерттеп, IX–XIII ғғ. мерзімдейді (Труды САЭ, 1949, с. 85-86).

Г.И. Пацевич Оххум (Ох-хум) қаласының алып жатқан көлемі мен қорғаныс қабырғаларын зерттей келе, үстінен жиналған материалдарды сипаттай отырып, шартты түрде VIII–XIII ғғ. мерзімдейді (Пацевич, 1954, с. 288-290).

1983 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) Университет археологиялық экспедициясының барлау тобы (М. Елеуов) қаланың қорғаныс қабырғаларына қазба жұмыстарын жүргізіп, алынған материалдарына салыстырмалы талдау жүргізіп, X–XII ғғ. жатқызады (Шәлекенов, 1984, с. 41-44).

Өңірдің ортағасырлық ескерткіштеріне зерттеу жүргізген М.С. Қасенов Оххумды VI–XII ғғ. (кейде IX–XII ғғ.) жатқызады (Қасенов, 2015, 23-24 бб.).

Көріп отырғанымыздай Оххум қаласының өмір сүрген уақыты бойынша зерттеушілердің арасында ортақ пікір жоқ. Барлау жұмыстары кезінде Оххум қаласының үстінгі қабатынан (жер бетінен 25 см тереңдіктен) алынған өртенген ағаш көміріне жүргізілген радиокөміртекті (C14) талдау нәтижелері XIII ғ. басын көрсетті (кесте 3). Қаланың төменгі қабаттарына бүгінгі күнге дейін ешқандай қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен, оның нақта қай уақыттан бастап тіршілік еткендігін белгісіз болып отыр.

Оххум қаласынан басқа осы аймақта Көделі-1 төрткүліне жақын орналасқан бірқатар төрткүлдер бар. Жүргізілген зерттеу жұмыстары Талапты төрткүлі X–XI ғғ. (Ақымбек және т.б., 2022, 157-168 бб.), Арна төрткүлі XI–XII ғғ. (Ақымбек және т.б., 2022, 22-43 бб.), Ақарық төрткүлі X–XII ғғ. (Ақымбек және т.б., 2023, 186-202 бб.), Жаргүл төрткүлдері IX–XII ғғ. (Ақымбек және т.б., 2024, 256-287 бб.) белгілі болды.

Олай болса, Көделі-1 төрткүлі орналасқан аймақтағы ескерткіштердің ішінде Оххум қаласының өмір сүрген уақыты біршама ерте уақытқа кететіні анық. Себебі, оның мәдени қабатының қалың болуы уақыт өте қабатталғанын білдіреді. Сонымен бірге, Көделі-1 төрткүлін сыртынан бірнеше жүздеген метрден қоршаған білінер-білінбес қабырға-жалы Оххум қаласын сыртынан қоршаған жіңішке жалдарына ұқсас келген.

Керамикалық бұйымдардың ішінде жоғарғы бөлігінің бір шеті ғана сақталған хұмның сынығы дамыған ерте орта ғасырдың шаруашылық ыдыстарына ұқсамайды. Ернеу астындағы саусақ ұшымен бастырылып бедерленген өрнектер үлкен хронологиялық шеңберде кездескенімен, биік (ұзын) келген мойны бар хұм ыдыстары сирек (сурет 7, 9).

Қазбадан анықталған мерзімін көрсетуге септігін тигізетін сулыққа келетін болсақ. Жалпы, мүйіздің өзегінен жасалған, үш саңлаулы сулықтар б.з.д. XV ғ. бастап, ал екі саңлаулы сулықтар б.з.д. V ғ. бастап ерте орта ғасырға дейін кездеседі. Екі саңлауы бар сулықтар осы көрсетілген

мерзімнің кейінгі уақыттарына тән. Сүйектен жасалған сулық Түзусай қонысының б.з.д. V–IV ғғ. жататын қабатынан табылған (Chang, 2018, p. 84).

### **Қорытынды**

Қарабақыр өзені арнасы бойында Көделі-1 төрткүлінен басқа, жақын орналасқан ескерткіштер – Арна мен Қарабақыр төрткүлдері. Қарабақыр өзенінің Арна төрткүліне жетпей арналары көбейсе, Қарабақыр төрткүлі өзеннің Таласқа құяр жеріне жақын орналасқан. Арна мен Қарабақыр төрткүлдерінің сыртқы қабырға-жалдары биік емес және екеуінің де қақпаларының орны шығыс жағынан байқалады. Өңірдегі, негізінен IX–XII ғғ. жататын төрткүлдердің көбінің қақпалары шығыс жағында, тек үлкен қорғанысты келген Қонысбай және Нарымбай секілді төрткүлдердің қақпаларының біреуі оңтүстікте орналасқан.

Ішкі жағынан нақты құрылыс қалдықтары байқалмайтын, тек тапталған топырақ қабатынан тұратын Көделі-1 төрткүлі қақпасының оңтүстікте орналасуы, оның белгілі бір дәрежеде атқарған қызметіне байланысты болған сияқты. Үлкен аумақты ала қоршап жатқан қабырға-жалдарының болуы қорғаныс жүйесінің жоғарғы деңгейін көрсетеді. Орталық бөлігінің шығыс жағындағы жалы көрінбейді. Осы жағынан көптеген арықтар өткендіктен бұзылып кеткенге ұқсайды. Сыртындағы жал мен орталық бөлігінің аралығынан, әсіресе солтүстік және оңтүстік бөлігінен құрылыс қалдықтары мен оларға қарай Қарабақыр өзенінен тартылған арықтың қай уақытқа жататындығын анықтау мүмкін болмады, себебі ол жерлерден материалдар анықталмады. Құрылыстар шаршылы және тікбұрышты болып келген.

Жүргізілген қазбадан анықталған 4.5 м қабырға уақыт өте іші мен сыртына қарай 6-8 м-ге дейін жайылып шайылғанына қарағанда қамал қабырғасы орта ғасырда биік болғандығын көруге болады. Қабырғаның іргесінен ашық ошақ орнының шығуына және қабырғаны жағалай құрылыстардың жоқтығына қарағанда тұрғын үй ретінде қызмет атқармаған. Бүгінгі күнге дейін Талас өңірінен анықталған төрткүлдердің ішінде топографиялық жоспары бойынша ерекше келген Көделі-1 төрткүлі VIII–IX ғғ. өмір сүрген қорғанысы берік құрылыс болған. Оның Оххұм қаласымен қандай байланысының барын, келешектегі қаланың төменгі қабаттарына жүргізілген далалық зерттеулер көрсетеді.

*Алғыс. Көделі-1 төрткүлінде жүргізілген қазба жұмыстарына қатысқан Жамбыл облыстық «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының» қызметкері Ілияс Шайбекке, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Археология, этнология және музеология кафедрасының түлектері Зильфия Құралова мен Нұрдәулет Бектемірге алғыс білдіреміз.*

### **Әдебиеттер тізімі**

Ақылбек С.Ш. Төрткүл / Торткуль // Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Байзақ ауданы / Жауапты ред. К.М. Байпақов. Алматы: Археологическая экспертиза, 2010. 204 б.

Обсуждение данной темы приводит нас к выводу о том, что тамговые знаки племени майман/найман у алтайцев находят аналоги со знаками, которые хронологически коррелируются обозначениями бытовых предметов эпохи древних тюрков и огузов VIII в. Отметим, что речь идет об огузах эпохи создания тюркских каганатов (VII-IX вв.). Тамговые знаки на стелах и изваяниях тюркского времени позволяют нам идентифицировать их принадлежность к племенам огузского (местного) происхождения. Согласно опубликованным материалам, чаще всего они встречаются в Туве, Северной Монголии. Вместе с тем они не фиксируются на официальных (государственных) памятниках, установленных в Северной Монголии представителями Ашина и советника Тоньюкука. Однако «полудуга/полуэллипс» выбита на стеле Моюн-Чура. На некоторых источниках тамга представлена с «косичкой», а на некоторых в виде полуэллипса, что затрудняет её интерпретацию на памятнике этого кагана. Данный знак на этом памятнике требует дальнейшего исследования, уточнения. Голубые *кёгёл/кёк* и черные *кара* майманы/найманы Горного Алтая, обладатели маркировочных знаков *чорго* и *культя*. Их предки, очевидно, имеют отношение к «восьми огузам» *сегиз огуз*, вступившими в союз с *кёк тюрками*, пытавшимися поднять восстания в Уйгурском государстве (IX в.), очевидно позже часть из них подчинилась Моюн-Чуру. Однако, нельзя утверждать, что тамговый знак *чорго* не фиксируются в ранние эпохи, например, во времена поздних гуннов (IV-V вв.). Ведь этнический состав центральноазиатских огузов отличается от состава среднеазиатских огузов (Ховалыг, 2009), и, тамги-знаки в виде полуэллипса и бараньего рога *культя* принадлежали сибирским огузам. Тамга *кёгёл* майманов «луна с «бараньим рогом» *культялу ай* «косичка» *кетъеге культа* может быть отнесен к эпохе «великого переселения». Тамговый знак *чорго* в виде полуэллипса (иногда с диакритической черточкой), принадлежащий алтайцам, свидетельствует о том, что предками майманов/найманов были огузские племена, занимавшие огромную территорию на юге Сибири и Северной Монголии, обозначенную в китайских летописях как «бывшие земли северных хунну». Потомки огузов, многочисленные племена средневековых найманов, объединенные в одно время в единое Найманское государство, возможно, отличались разнообразными тамговыми знаками, и, алтайские майманы сохранили свои «родовые» знаки.

### Список литературы

Алтай кеп-куучындар (Алтайские мифы и предания). Сборник фольклорных текстов /Сост. Е.Е.Ямаева, И.Б.Шинжин. Горно-Алтайск: Ак-Чечек, 1994. 415 с.

Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы: Издательство «Мектеп», 2003. 368 с.

Аржанцева И.А., Иневакина О.Н. Еще раз о росписях Афрасиаба: Новые открытия, которым четверть века // Центральная Азия. Источники. История. Культура. М.: Восточная литература РАН, 2005. С. 118-145.

Вайнберг Б.И., Новгородова Э.А. Заметки о знаках и тамгах Монголии // История и культура народов Средней Азии. М.: Издательство «Наука», 1976. С. 66-74

Войтов В.Е. К вопросу о летних и зимних резиденциях первых уйгурских каганов в Монголии // Материальная культура Востока. М., 2002. Вып.3. URL: <http://annales.info/step/uygur/uygur.htm> (дата обращения 23.08.2022)

Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр - Дарьинской области. М.: Издательство фирма «Восточная литература» РАН, 2011. 566 с.

Древние геномы о предках и потомках хунну. URL: [http://xn--c1acc6aafa1c.xn--p1ai/?page\\_id=3949](http://xn--c1acc6aafa1c.xn--p1ai/?page_id=3949) (дата обращения 15.09.2023)

- Елин В.Н., Ларин О.В. Два оленных камня из Горного Алтая // Материалы по истории и культуре Республики Алтай, 1994. С. 50-52
- История Железной империи. Пер. и коммент. Л.В. Тюрюминой. Новосибирск: Издательство Института археологии и этнографии СО РАН, 2007. 356 с.
- Кляшторный С.Г. Юечжи и гунны // URL: <https://lib.icr.su/node/2230> (дата обращения 05.09.2023)
- Кормушин И.В. Тюркские енисейские эпитафии. Грамматика. Текстология. М.: Наука, 2008. 340 с.
- Кубарев В.Д. Чашечные камни на Алтае // Материалы по археологии Горного Алтая. Горно-Алтайск: Горно-Алтайское книжное издательство, 1968. С. 68-80
- Кызласов Л.Р. Новый памятник енисейской письменности // Советская этнография. М.: Издательство «Наука», 1965. № 2. С. 104-113 <https://nbdrx.ru/pdf/Kyzlasov/ax0000006.pdf> (дата обращения 23.07.2023)
- Кызласов Л.Р. Новая датировка памятников енисейской письменности // Советская археология. М.: Издательство «Наука», 1960. № 3. С. 93-120.
- Кызласов И.Л. Рунические письма Сибири. Рассказы археолога. Москва-Абакан: Хакасское книжное издательство, 2021. 152 с.
- Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. Москва-Ленинград: Издательство АН СССР, 1959. 105 с.
- Окладников А.П. Петроглифы Центральной Азии. М.: Наука, 1980. 227 с.
- Пиков Г.Г. Западные кидане / Пиков Г.Г. // История Железной империи. Пер. и коммент. Л.В. Тюрюминой. Новосибирск: Издательство Института археологии и этнографии СО РАН, 2007. С. 316-329
- Пилипчук Я.В., Сабитов Ж.М. Очерки этнополитической истории кыпчаков. Астана: «Гылым» баспазы, 2015. 248 с.
- Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. Ленинград: Издательство «Наука», 1969. 195 с.
- Потанин Г.Н. Очерки северо-западной Монголии. Горно-Алтайск: Издательство «Ак-Чечек», 2005. 1025 с.
- Савинов Д.Г. Исторические свидетельства о времени появления найманов на Горном Алтае // Проблемы изучения истории и культуры Алтая и сопредельных территорий. Материалы конференции, посвященной 40-летию ГАНИИИЯЛ. Горно-Алтайск: ГАНИИИЯЛ, 1992. 119-121 с.
- Стал известен генетический портрет гуннов. URL: <https://dzen.ru/a/YEtpNuKeR159qMhX> (дата обращения 11.08.2023)
- Туран Нурбев, Осоров Эшполот. Тёёлёс. Тарых жана санжыра. Б.: «Турар», 2001. 520 б.
- Ховалыг У.Т. «Тогуз-огузская» проблема в истории изучения древних уйгуров Центральной Азии // Вестник НГУ. Серия: История, Филология. Том 8 (2009). Вып. 5. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tokuz-oguzskaya-problema-v-istorii-izucheniya-drevnih-uygurov-tsentralnoy-azii> (дата обращения 23.08.2022)
- Ямаева Е.Е. Родовые тамги алтайских тюрков. Горно-Алтайск, 2003. 60 с.
- Ямаева Е.Е. Кёнтюркей /Кёён(и)-Тюрк/ - небесный дух-покровитель войны и богатырей в алтайском героическом эпосе (по материалам сказания «Ирбис-Буудай»). Исполнительница К.Кокпоева). //Научный вестник Республики Алтай. Статья. Горно-Алтайск: РИО Горно-Алтайского государственного университета, 2010. Вып. № 4. С. 142-155.
- Ямаева Е.Е. "Семнадцать их было": к проблеме культурных ландшафтов Большого Алтая // Известия Алтайского республиканского отделения русского географического общества = The news of the Gorno-Altai department of the Russian geographical society / отв. ред. А. М. Маринин. Горно-Алтайск: БИЦ ГАГУ, 2017. Вып. 5. С. 254-259.

## 2022-2023 жылдары жүргізілген археозоологиялық зерттеулерге шолу<sup>7</sup>

### Кіріспе

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының археологиялық технологиялар зертханасында жүргізілген археозоологиялық зерттеулердің нәтижелері бұған дейін 2018-2022 жылдар аралығындағы зерттеулер бойынша топтастырылып, шолу жүргізілген болатын (Шағирбаев, 2022). Соңғы екі жылдағы зерттеулерде остеологиялық материалдар көлемі қордаланып, оларға жеке сараптама қажеттігі туып отыр. Археология институтының зооархеология зертханасында (бұрынғы археология технологиялар зертханасы – авт.) 2022-2023 жылдары 59 археологиялық нысаннан (қайта зерттелгендерді есепке алғанда 55 ескерткіш) табылған жануар сүйектеріне талдау жүргізілді. Салыстырмалы түрде, бір зертхананың зерттеу әлеуеті үшін мұндай көрсеткіш саны жағынан көп болып көрінгенімен, материалдардың көлемі жағынан үлкен қиындық тудырды деп айта алмаймыз. Бүгінде зертханада бұған дейін ғылымда қалыптасқан археозоологиялық зерттеу әдістерінің басым бөлігі еркін қолданылып келеді. Салыстырмалы-морфологиялық зерттеулер үшін эталон коллекциясы (үй және жабайы жануарлар және құс қаңқалары немесе қаңқа элементтері) да жинақталған.

Зерттеу жұмысының мақсаты – зертхана қорына келіп түскен остеологиялық коллекцияны зерттеудің нәтижелерін жүйелі түрде сипаттау және кейбір таксономиялық және фауналық ерекшеліктерін атап өту. Төменде сипатталған ескерткіштерінің бірқатары ғылыми айналымға еніп үлгерді. Ол туралы толығырақ мәліметтерді сілтемедегі еңбектерден табуға болады.

Зерттеу жұмысында Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, зооархеология зертханасының қорында сақталған остеологиялық материалдар негіз болып отыр. Жануар сүйектері зертхана қорына 2022-2023 жылдары түскенімен, бірқатарының қазба жүргізілген уақыттары әртүрлі. Алайда біз материалдардың зертханада талданған кезін неізге алып отырмыз. Зерттеу нәтижелері ескерткіштердің хронологиялық кезеңдері бойынша топтастырылды.

### 2022 жылғы зерттеу нәтижелері

*Шағалалы-2 қонысынан* – 3293 сүтқоректілердің сүйектері зерттелді. Археозоологиялық талдау барысында, жануарлардың 13 түрі анықталды: ірі қара, қой, ешкі, жылқы, түйе, шошқа, ит, бұғы, елік, қабан, қасқыр, түлкі, қоян. Остеологиялық материалдардың ішінде үй тұяқтыларының сүйектері басым. Бірінші орында ұсақ мал – 749 немесе 51,7%. Бұл топқа қой (31,8%) және ешкі (0,9%) сүйектері кіреді. Ірі қара мал екінші орында – 580 немесе 40%. Үшінші жылқы сүйектері – 65 немесе 4,5%. Материалдардың құрамында түйе (0,4%), шошқа (0,5%) және ит (0,2%) сүйектері де бар<sup>1</sup>.

*Бәбіш мола қаласынан* – зертханалық талдауға 654 сүйек ұсынылып, 617-сі нақты түрге дейін ажыратылды. Туысы мен түрі анықталған жануар сүйектерінің басым бөлігі үй жануарларына тиесілі (90,2%). Оның ішінде негізгі орынды уақ мал сүйектері (66,5%) құрайды. Сүйек саны жағынан екінші орында ірі қара (15%), үшінші жылқы – 7,6%. Уақ мал сүйектерінің ішінде қойдың қаңқа элементтері басым (52,1%). Аздаған мөлшерде түйе сүйектері де кездеседі (0,6%). Жабайы жануарлардың сүйектері өте аз, оның ішінде еті (ақбөкен, құлан) және терісі үшін ауланған жануарлар (қоян) деп бөлуге болады<sup>2</sup>.

*Ақбауыр қонысы* – бойынша остеологиялық материалдар Ақбауыр кешенінде қазба жұмыстары жүргізілген 7 қоныстың мәдени қабатынан жиналған. Барлығы 23252 сүтқоректілердің және 14 құстың сүйектері зерттеліп, олардың ішінде 5745 (24,7%) сүйек нақты түрге дейін анықталды (Шағирбаев, 2022).

*Бозай-1 қорымынан* - зерттеу жұмысына жалпы 24 дана жануар сүйектері тапсырылды. Қаңқа қалдықтарын салыстырмалы-морфологиялық талдау нәтижесінде 22 дана сүйек элементінің бір құсқа және 2 дана сүйек фрагментінің сүтқоректі жануар(лар)ға тиесілі екендігі анықталды.

<sup>7</sup> Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR20280993 «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан: археологиялық деректерді жүйелеу және талдау» бағдарламасы аясында орындалды.

Зерттеудің қазіргі деңгейінде зертханаға тапсырылған құс сүйектері жануарлар классификациясы бойынша тек туыс/род деңгейіне дейін (Туыс *Aquila* Brisson, 1760 – Бүркіттер) анықталып отыр<sup>3</sup>.

*Бурнооктябрьское қаласынан* – 2018-2019 жылдары табылған жануар сүйектері уақытша Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының зертханасына өткізіліп, палеозоологтар П.А. Косинцев және М.С. Шагирбаев талдау жасайды (Талеев, Шагирбаев, 2020, 234). 2020-2021 жылдары қазба барысында табылған жануар сүйектеріне палеозоолог М.С. Шагирбаев археозоологиялық сараптама жасады (Шагирбаев, Ақымбек, 2023).

*Бақатөбе төрткүлінің* – остеологиялық материалдары 2022 жылы Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының Теріс-Аса отряды (жет.: Е.Ш. Ақымбек) жүргізген барлау жұмыстары кезінде жинап алынады. Жануар сүйектеріне М.С. Шагирбаев археозоологиялық талдау жүргізеді (Шагирбаев, Ақымбек, 2023).

*Қарақабқ қаласынан* – 295 сүтқоректілердің, 1 балық және 15 құс сүйектері зерттелді, олардың ішінде 257 (82,6%) сүйек нақты түрге дейін анықталды. Тұқым мен түрге дейін анықталған сүйек қалдықтарының барлығы дерлік үй тұяқтыларына жатады (89,4%). Олардың ішінде уақ малдың сүйектері (50,6%) көп бөлігін құрайды. Сүйектер саны бойынша екінші орында жылқы (21,4%), үшінші орында ірі қара – 16,3%. Ұсақ мал арасында қой сүйектері басым. Түйе мен ит сүйектері де кездесті<sup>4</sup>.

*Үшбастөбе қонысынан* – 385 сүйек анықталғанымен, жануарлардың құрамы өте көп. Оның ішінде қой, ешкі, ірі қара, жылқы, түйе, есек, ит, мысық, бұғы, тау ешкі, арқар, қаракұйрық, ақбөкен, елік, қабан, құлан, аю, түлкі және басқа да сүтқоректілердің қаңқа элементтері анықталды. Археозоологиялық зерттеу тәжірибеде шағын сүйек коллекциясынан 20-ға жуық жануар түрінің анықталуы өте сирек жағдай<sup>5</sup>.

*Төрткүлдер* – 2022 жылы Талас өзенінің сол жағалауы мен Аса өзенінің бойында орналасқан ортағасырлық төрткүлдерді зерттеу барысында (экспед., жетекшісі – Е.Ш. Ақымбек), 12 төрткүлден әртүрлі көлемде жануар сүйектері анықталып, археозоологиялық зерттеу жүргізілді. Археозоологиялық зерттеу жүргізілген төрткүлдерден жалпы саны 435 дана сүтқоректі жануарлардың қаңқа элементтері табылды. Аталған ескерткіштердің бірқатарының остеологиялық материалдары ғылыми айналымға енген (Ақымбек, Шагирбаев, Нұрғали, 2023, Ақымбек және т.б., 2023).

*Аспара қаласынан* – зертханалық талдауға 3277 дана сүйек ұсынылып, 2526 сүйек нақты түрге дейін ажыратылды. Туысы мен түрі анықталған жануар сүйектерінің басым бөлігі үй жануарларына тиесілі (77%). Оның ішінде негізгі орында уақ мал сүйектері (42%) құрайды. Сүйек саны жағынан екінші орында ірі қара (29%), үшінші орында жылқы – 21,8%. Аздаған мөлшерде түйе сүйектері де кездеседі (1,4%). Жабайы жануарлардың ішінде еті үшін ауланған жануарлар (ақбөкен, құлан, арқар, қабан) және терісі үшін ауланған жануарлар (қоян, түлкі, қасқыр?) деп бөлуге болады (Шагирбаев, Буранбаев, 2022).

*Шаруашылық қаласынан* – 2406 жануар сүйегі зерттеліп, оның ішінде 1604 данасы нақты жануар түріне дейін анықталды. Үй жануарларының құрамында уақ мал мөлшері басым (50,4%). Екінші орында ірі қара – 30,4%, үшінші – жылқы (13,5%). Аздаған мөлшерде түйе, есек, ит сүйектері кездесті. Жабайы жануарлардың құрамында ақбөкен, елік және құлан (?) сүйектері кездесіп отыр (Шагирбаев, Буранбаев, 2022).

*Қастек қаласынан* – остеологиялық материалдар 2022 жылы Қастек қаласына жүргізілген барлау жұмыстары кезінде, 2021 жылы жүргізілген қазба аумағынан М.С. Шагирбаевтың тарапынан жинастырылған. Барлығы 59 дана сүтқоректі жануарлардың сүйектері зерттеліп, оның 55 данасы (93,2 %) нақты түрге (species) ажыратылды. Археозоологиялық зерттеу нәтижесінде 5 үй жануары (*Ovis et Capra*, *Bos taurus*, *Equus caballus*, *Camelus bactrianus*, *Equus asinus*) және 1 жабайы тақтұяқты жануар (*Equus hemionus*) анықталып, қала тұрғындарының шаруашылығы мен аңшылық кәсіптері туралы талдаулар жасауға мүмкіндік туды (Таңғытова, Идришева, 2023).


*Рахат қаласынан* – жалпы зерттеуге 591 дана сүйек ұсынылып, 490 данасы нақты түрге ажыратылды. Нақты туысы мен түрі анықталған жануар сүйектерінің басым бөлігі үй жануарларына тиесілі (79%). Оның ішінде негізгі орында уақ мал сүйектері (50%) құрайды. Сүйек саны жағынан екінші орында ірі қара (30%), үшінші орында жылқы – 15,5%. Уақ мал сүйектерінің ішінде қой сүйектері басым (76,9%). Аздаған мөлшерде түйе сүйектері де кездеседі (1,8%). Жабайы жануарлардың сүйектері өте аз, оның ішінде еті (арқар, тау ешкі, қабан, елік) және терісі үшін ауланған жануарлар (түлкі) деп бөлуге болады<sup>6</sup>.



Қойлық қаласынан – барлығы 435 дана жануар сүйегіне археозоологиялық талдау жүргізілді. Таксономиялық құрамында уақ мал (қой-ешкі), ірі қара, жылқы, түйе, ит және мысық сүйектері анықталып отыр<sup>7</sup>.

Қышқала қаласынан – 2022 жылы 2388 дана жануар сүйегі зерттеуге ұсынылып, оның 2237 данасы нақты түрге ажыратылды. Қышқаладағы үй жануарларына тиесілі материалдардан (96,5%) басқа, құлан (*equus hemionus*), бұғы (*cervus elaphus bactrianus*), елік (*capreolus*), қоян (*Lepus tolai*) және кеміргіштерге (*Rodentia*) тиесілі қаңқа элементтері анықталды (Елеуов, Шагирбаев, Молдахмет, 2022).

Найманқаладан - жалпы 157 дана жануар сүйегі зерттеуге ұсынылып, оның 157 данасы (100%) нақты түрге дейін ажыратылды. Оның ішінде негізгі орында уақ мал сүйектері (89%) құрайды. Уақ малдың ішінде саны жағынан қой сүйектері басым (66,6%). Ешкі сүйектері уақ малдың ішінде – 16,6% құрайды. Қалған 16%-ы қой-ешкі деп ажыратылды. Уақ мал сүйектерінің нақты морфологиялық белгілері жойылған, белгілі бір таксон түрін айтуға жеткіліксіз. Сүйек саны жағынан екінші орында ірі қара (10,8%), үшінші орында жылқы - 7,6%<sup>8</sup>.



Сурет 1. 2022 жылы археозоологиялық материалдары зерттелген ескерткіштердің Қазақстан картасында орналасуы (картадағы ескерткіштер I-кестедегі нөмірлермен сәйкес). Орындаған: М. Шағырбаев

№	Ескерткіш ататуы	Әкімшілік-территор.	Мерзімделуі	Сүйек саны*	Археолог
<i>Қола дәуірі</i>					
1	Шағалалы-2	Ақмола обл.	қола дәуірі	3293	Сәкенов С.Қ.
<i>Ерте темір дәуірі</i>					
2	Бәбіш мола	Қызылорда обл.	б.з.д. IV-II	654	Утубаев Ж.Р.
3	Ақбауыр	ШҚО	VII	23 252	Самашев З.С.
4	Бозай 1	ШҚО	б.з.д. IX-VIII	Қаңқа**	Омаров Ғ.Қ.
<i>Ерте ортағасыр</i>					
5	Бурнооктябрьск	Жамбыл обл.	II-IV	646	Талеев Д.Ә.
6	Бақатөбе	Жамбыл обл.	II-IV	108	Төрежанова Н.
7	Қарақабак	Маңғыстау обл.	II-IV	257	Оралбай Е.
8	Үшбастөбе	Түркістан обл.	III-IV	385	Подушкин А.Н.
<i>Ортағасыр</i>					
9	Ақарық	Жамбыл обл.	X-XII	159	Ақымбек Е.Ш.
10	Аса	Жамбыл обл.	X-XII	5	Ақымбек Е.Ш.
11	Кіші Аса 2	Жамбыл обл.	X-XII	4	Ақымбек Е.Ш.

12	Төрткүлтөбе	Жамбыл обл.	X-XII	4	Ақымбек Е.Ш.
13	Қапал	Жамбыл обл.	X-XII	5	Ақымбек Е.Ш.
14	Қусак	Жамбыл обл.	X-XII	8	Ақымбек Е.Ш.
15	Жұма	Жамбыл обл.	X-XII	22	Ақымбек Е.Ш.
16	Өрнек	Жамбыл обл.	X-XII	98	Ақымбек Е.Ш.
17	Наурызбас	Жамбыл обл.	X-XII	30	Ақымбек Е.Ш.
18	Саза	Жамбыл обл.	X-XII	44	Ақымбек Е.Ш.
19	Шайдана 2	Жамбыл обл.	X-XII	17	Ақымбек Е.Ш.
20	Кіші Аса 1	Жамбыл обл.	X-XII	37	Ақымбек Е.Ш.
21	Аспара	Жамбыл обл.	XIII-XIV	3277	Рогожинский А.Е.
22	Шаруашылық	Жамбыл обл.	XIII-XIV	2406	Рогожинский А.Е.
23	Кастек	Алматы обл.	X-XII	60	Нуржанов А.А.
24	Рахат	Алматы обл.	X-XII	541	Айтқұл Х.
25	Қойлық	Алматы обл.	VIII-XIV	435	Байпақов К.М.
26	Қышқала	Қызылорда обл.	XIII-XIV	2388	Елеуов М.Е.
<i>Этнографиялық кезең</i>					
27	Найманқала	ШҚО	XIX	157	Оралбай Е.
* бұл жерде жалпы анықталған сүйектер. Нақты түр белгілі болған сүйектер саны аз болуы мүмкін.					
** бұл жерде қаңқа саны сөз болып отыр. Жеке элементтер есепке алынбайды.					

*Кесте 1. 2022 жылы жүргізілген археозоологиялық зерттеулердің ескерткіштер бойынша тізімі*

### **2023 жылғы зерттеу нәтижелері**

*Шағалалы-2 қонысынан* - жалпы 2351 жануар сүйегіне морфологиялық талдау жүргізіліп, 1883 сүйек нақты түрге дейін ажыратылды. Аталған сүйектер кемінде 144 бас жануарға тиесілі. Зооархеологиялық талдау барысында 13 үйі және жабайы жануар түрлері анықталды. Зооархеологиялық зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, Шағалалы II қонысында уақ мал сүйектері басым. Уақ сүйектерінің ішінде қойдың сүйектері негізгі орынды алады. Екінші орында ірі қара, ал үшінші орында жылқы сүйектері. Остеологиялық материалдардың ішінде Солтүстік Қазақстан өңіріндегі қола дәуірі қоныстарынан жиі кездесе бермейтін түйе сүйектері де анықталып отыр (Сакенов, Шагирбаев, 2023).

*Елеке қонысынан* - жалпы 2882 жануар сүйегі зерттеуге ұсынылып, оның 1675 данасы (58,1%) нақты түрге дейін ажыратылды. Нақты туысы мен түрі анықталған жануар сүйектерінің басым бөлігі үй жануарларына тиесілі (97,1%). Оның ішінде бірінші орында уақ мал сүйектері (66,2%) құрайды. Сүйек саны жағынан екінші орында ірі қара (27,3%), үшінші орында жылқы – 4,4%<sup>9</sup>.

*Тарангул қонысынан* – жалпы 2908 дана жануар сүйегі зерттеліп, оның ішінде нақты түрге дейін 2447 сүтқоректілердің сүйектері немесе 40,1%, (ең аз дегенде 232 жануар) анықталды. Қатты бөлшектелген 3642 сүйек «анықталмайтын сүтқоректілер» ретінде көрсетілді. Археозоологиялық зерттеу нәтижесінде жануарлардың 18 түрі белгілі болып отыр: ірі қара, қой, ешкі, жылқы, шошқа, ит, қасқыр, түлкі, аю, елік, бұлан, тур, ақбөкен, қабан, қоян, суыр, сарышұнақ және дала тышқаны<sup>10</sup>.

*Белқарағай қонысынан* – жалпы 161 дана жануар сүйегі зерттелді. Оның ішінде 116 сүйек – жылқыға, 1 сүйек – қасқыр және 1 сүйек – ақбөкенге тиесілі. 43 сүйек қатты бөлшектенгендіктен, жалпы сүтқоректілер деп көрсетілді<sup>11</sup>.

*Қырықұңгір қонысынан* – барлығы 376 сүтқоректілердің сүйегі зерттелді. Түрге дейін 221 сүйек немесе 58,7% анықталып отыр. Барлық материалдар кемінде 30 жануардан тарайды. Қатты бөлшектелген 155 сүйек «анықталмайтын сүтқоректілер» ретінде көрсетілді. Тұяқты жануарлардың 8 түрі анықталды: ірі қара, қой, ешкі, жылқы, бұғы, елік, ақбөкен, арқар<sup>12</sup>.

*Сазды қорымындағы* – остеологиялық материалдар тек қаңқалардың бөліктерімен, ең алдымен қой сүйектерімен ұсынылған. Сүйек кешендерінің құрамында жылқы сүйектері де кездеседі. Құрбандық шалу рәсімі үшін 1 жастан асқан жылқы (1 жануар) және шамамен 2 жастағы қой (2 жануар) тандалған. Морфометриялық талдауға сәйкес, жылқы мен қой қысқа бойлы жануарларға жатады. Бұл жануарлардың жас ерекшелігімен байланысты<sup>13</sup>.

*Қызылжар қорымынан* – құрбандыққа шалынған жануарлардың қаңқа элементтері анықталып отыр. Оның ішінде түйе, ірі қара, жылқы, қой және иттің қаңқа сүйектері зерттелді<sup>14</sup>.

*Бәбіш мола қаласындағы* – остеологиялық материалдарының басым бөлігі Бәбіш мола 1 қаласы аумағындағы қазбадан және аздаған мөлшерде Бәбіш мола 10А (ғибадатхана) нысанынан табылды. Зертханалық талдау нәтижесінде 1186 сүйек зерттеліп, оның 822 данасы нақты түрге

дейін анықталды. Остеологиялық коллекцияның 96,5% үй жануарларының қаңқа элементтері құрайды. Тұяқты үй жануарларының құрамында уақ малдың (қой және ешкі) сүйектері – 54,4%. Сүйек саны жағынан екінші орында – ірі қара, үшінші жылқы сүйектері. Аздаған мөлшерде түйе және иттің қаңқа элементтері де кездесті. Жабайы жануарлардың құрамында құлан (*Equus hemionus*), ақбөкен (*Saiga tatarica*), арқар (*Ovis ammon*), түлкі (*Vulpes vulpes*), қоян (*Lepus tolai*), тасбақа (*Testudo horsfieldii*) және құс (*Aves ind.*) сүйектері кездесіп отыр (Утубаев, Шагирбаев, 2024).

*Таутүрген ескерткішінен* – бір дана мүйізден жасалған сулық зерттеуге ұсынылды. Сүйектің морфологиялық белгілері бұғыға тиесілі екендігін көрсетті<sup>15</sup>.

*Тауткелі қорымындағы* – жылқылардың сүйек қалдықтары 2023 жылғы қазба жұмыстары нәтижесінде табылды. Жыныстық диморфизмді №56 қорғандағы жылқыдан анықталды<sup>16</sup>.

*Елеке сазы қорымынан* – зерттелген барлық остеологиялық материалдар екі жануарға тиесілі. Оның ішінде негізгі орынды жылқы қаңқасы алады. Жылқы қаңқасының құрамы толық емес, бас сүйегі сақталмаған. Бірақ зерттеу кезінде жоғарғы жаққа жататын оқшауланған тістер анықталды. Қаңқаның омыртқа жүйесінен мойын омыртқасының бір ғана элементі – эпистрофей кездесіп отыр. Сүйек нашар сақталған, осы тік омыртқаның жотасы сынған. Қалған мойын мен кеуде омыртқалары толық емес<sup>17</sup>.

*Құрайлы асар қорымынан* – төменгі жақ сүйек және атлант, мойын омыртқалары зерттелді. Метакарпальды және метатарсальды сүйектер барлық фалангтармен бірге табылып отыр. Грант әдісіне сәйкес (Грант, 1982), зерттеулер қойдың төменгі жақ тістерінің тозу дәрежесі жануардың 40-42 айлық кезінде өлгенін көрсетті<sup>18</sup>.

*Кансар қорымынан* – табылған 3 жылқы қаңқасына археозоологиялық зерттеулер жүргізілді. Жануарлардың сүйектері археологиялық қазба жұмыстары кезінде бүлінбеген қаңқа түрінде табылды, бірақ бірқатар сүйектер топырақ қышқылдарының әсерінен нашар сақталған<sup>19</sup>.

*Жайлаутобе қалашығынан* – 466 сүтқоректілердің сүйектері зерттелді. Нақты түрге дейін 357 сүтқоректілердің сүйектері немесе 76,6% сүйек (ең аз дегенде 36 жануар) анықталды. Остеологиялық материалдардың ішінде үй тұяқтыларының сүйектері басым (98%). Бірінші орында ұсақ мал – 181 немесе 38,8 %. Бұл топқа қой (11,8%) және ешкі (1,9%) сүйектері кіреді. Сондай-ақ, сүйектердің 25,1% ұсақ мал ретінде анықталған. Ірі қара сүйек саны бойынша екінші орында – 120 немесе 25,8%. Үшінші орында жылқы сүйектері – 44 немесе 9,4%. Сүйек коллекциясының құрамында түйе (0,2%) және ит (0,9%) сүйектері де бар. Үй сүтқоректілерінен басқа жабайы фаунаның сүйектері анықталды<sup>20</sup>.

*Берел қорымынан* – барлығы 21 жылқының қаңқасына археозоологиялық зерттеу жүргізілді. Жерлеу рәсімі үшін әр түрлі жастағы айғырлар таңдалған. 21 жылқының алтауы-20 жастан асқан, екеуі 18-20 жаста, біреуі 10-12 жаста, біреуі 12-15 жаста, төртеуі 10-15 жаста, біреуі 5-6 жаста, екеуі 4-5 жаста, үшеуі 3,5 жаста және біреуі 2,5-3 жаста. Жылқылардың жалпы санының 62% ересек және қартайған шағында құрбандыққа шалынған<sup>21</sup>.

*Ақтөбе қаласынан* – барлығы 103 дана жануар сүйегі анықталды. Үй жануарларының ішінде уақ мал мен сиыр сүйектерінің саны өзара жақын. Жылқы сүйектері материалдардың ішінде 17,4% құрап отыр. Сонымен қатар есекке тиесілі қаңқа элементі де анықталды<sup>22</sup>.

*Қаракемер-1 қаласынан* – 426 дана жануар сүйегі табылды. Зертханалық талдау барысында үй жануарларының барлық түрі және құлан мен түлкі сүйектері анықталды. Үй жануарларының құрамында уақ мал негізгі орын алғаны белгілі болып отыр<sup>23</sup>.

*Тұттыбұлақ үңгірінен* – барлығы 6093 сүтқоректі, 368 құс, 2 балық сүйегі және 1 ұлу қабығы зерттеліп, олардың ішінде 2242 (36,7%) сүйек нақты түрге дейін анықталды<sup>24</sup>.

*Жанкент қаласынан* – 480 сүтқоректілердің сүйектері зерттелді. Остеологиялық материалдардың ішінде үй тұяқтыларының сүйектері басым (99,3%). Бірінші орында ұсақ мал – 362 немесе 75,4 %. Бұл топқа қой (55,8%) және ешкі (1,2%) сүйектері кіреді. Ірі қара мал сүйек саны бойынша екінші орында – 53 немесе 11%. Үшінші орында жылқы сүйектері – 37 немесе 7,7 %. Түйе (0,8%) және ит (0,6%) сүйектері де бар. Үй сүтқоректілерінен басқа жабайы фаунаның сүйектері де анықталды<sup>25</sup>.

*Қаракемер-2 қаласынан* – барлығы 100 дана жануар қаңқасы анықталды. Мұнда да Қаракемер-1 қаласы секілді негізінен үй жануарларының сүйектері кездесіп отыр. Тұқым мен түрге дейін анықталған сүйек қалдықтарының көпшілігі үй тұяқтыларына жатады (80,7%). Олардың ішінде ұсақ малдың сүйектері (35,0%) көп бөлігін алады. Сүйектер саны бойынша екінші орында ірі қара (31,7%), үшінші орында жылқы – 27,2%. Ұсақ мал арасында қой сүйектері басым.

Түйе, есек, ешкі және ит сүйектері де бар. Жабайы жануарлар және «ет» және «жүн» өнімдері түрлерімен ұсынылған<sup>26</sup>.

*Аққала-2 төрткүлінен* – барлығы 40 дана жануар сүйегі зерттелді. Таксономиялық талдауда уақ мал, ірі қара және жылқы сүйектері анықталды<sup>27</sup>.

*Төрткүлдер* – 2023 жылы Талас өңіріндегі төрткүлдерге (Қандымтөбе, Қызылқорған-1, Қызылқорған-3, Бекбұлақ-1, Тамды, Үлкен Ақарық) жүргізілген зерттеулер нәтижесінде 602 дана жануар сүйегі археозоологиялық талдауға ұсынылып, оның 542 данасы (90,0%) нақты түрге дейін ажыратылды. Зерттеу барысында әрбір жануар түрінің қаңқа элементтерінің құрамы, сүйектердің бөлшектену үдерісі, эпифиздердің жетулі жағдайы мен тіс жүйесі, әртүрлі төрткүлден табылған жануар сүйектерінің қаңқа элементі бойынша анатомиялық құрылымы, уақ малдың сойылған мерзімдері сипатталды<sup>28</sup>.


*Рахат қалашығынан* – 2023 жылы қазба жұмыстары кезінде табылған барлығы 137 дана жануар сүйегіне археозоологиялық зерттеу жүргізілді. Оның ішінде 92 данасы нақты түрге (таксон) ажыратылды (66,4%). Үй жануарларына тиесілі остеологиялық материалдардан (88%) басқа арқар және елік секілді жабайы фауна түрлері анықталып отыр<sup>29</sup>.

*Қышқала қаласынан* – табылған сүтқоректілер, балық және құстарға тиесілі 462 дана жануар сүйегінің 429 данасы (92,8%) нақты түрге (таксон) ажыратылды. Сонымен қатар, Қышқаладағы үй жануарларына тиесілі материалдардан (92%) басқа, ақбөкен (*Saiga tatarica*), арқар (*Ovis ammon*), түлкі (*Vulpes vulpes*) секілді сүтқоректілер, сазан және жайын секілді балық түрлері анықталып отыр<sup>30</sup>.

*Болған ана ескерткішінен* – құрбандыққа шалынған 33 жануар сүйегі зерттеліп, олардың екі жануар түрі (қой, ірі қара) мен құстан тарайтыны анықталды<sup>31</sup>.

*Талмас ата ескерткішінен* – құрбандыққа шалынған 22 сүйек зерттеліп, олардың жылқы, қой және ірі қараға тиесілі екендігі белгілі болды<sup>32</sup>.

*Көптам қорымынан* – сүтқоректілердің 59 сүйегі зерттелді. Остеологиялық материалдардың ішінде үй тұяқтыларының сүйектері басым (99,3%). Бірінші орында ұсақ мал – 21 сүйек немесе 35,7 %. Ірі қара екінші орында – 14 сүйек немесе 23,7%. Үшінші орында жылқы сүйектері – 13 немесе 22%. Түйе (1 сүйек / 1,7%) және ит (9 сүйек немесе 15,3%) сүйектері де бар<sup>33, 8</sup>.



*Сурет 1. 2023 жылы археозоологиялық материалдары зерттелген ескерткіштердің Қазақстан картасында орналасуы (картадағы ескерткіштер 2-кестедегі нөмірлермен сәйкес). Орындаған: М. Шағырбаев*

<sup>8</sup> 1–33 – тізіміндегі ескерткіштердің остеологиялық материалдарына археозоологиялық зерттеулер жүргізіліп, ғылыми есебі (қорытынды) жазылған.

№	Ескерткіш атауы	Әкімшілік-террит.	Мерзімделуі	Сүйек саны	Археолог
<i>Қола дәуірі</i>					
1	Шағалалы-2	Ақмола обл.	қола дәуірі*	2351	Сәкенов С.Қ.
2	Елеке (қоныс)	ШҚО	қола дәуірі	2882	Жұматаев Р.С.
3	Тарангул	Ақтөбе обл.	қола дәуірі	6908	Байтілеу Д.А.
4	Белқарағай	Ақмола обл.	қола дәуірі	161	Сәкенов С.Қ.
5	Таутүрген	Алматы обл.	қола дәуірі	1	Бесетаев Б.Б.
<i>Ерте темір дәуірі</i>					
6	Қырықүңгір	ШҚО	ЕТД**	376	Дүйсенбай Д.
7	Сазды	Ақтөбе обл.	ЕТД	қаңқа (2***)	Бейсембаев А.С.
8	Қызылжар	Ақтөбе обл.	ЕТД	қаңқа (7)	Бейсембаев А.С.
9	Бәбіш мола	Қызылорда обл.	б.з.д. IV-II	790	Утубаев Ж.Р.
<i>Ғұн-сармат және ерте ортағасыр</i>					
10	Тауткелі	ШҚО	ғұн-сармат*	қаңқа (2)	Айтқали А.Қ.
11	Елеке сазы	ШҚО	ғұн-сармат	қаңқа (1)	Айтқали А.Қ.
12	Құрайлы асар	Қызылорда обл.	ғұн-сармат	қаңқа (2)	Тажекев А.
13	Кансар	ШҚО	ғұн-сармат	Қаңқа (3)	Айтқали А.Қ.
14	Жайлаутөбе	Жамбыл обл.	II-III	466	Буранбаев Р.
15	Берел	ШҚО	сяньби*	қаңқа (21)	Чотбаев А.
16	Ақтөбе	Жамбыл обл.	II-V	103	Ақымбек Е.Ш.
17	Қаракемер-1	Жамбыл обл.	VIII	426	Ақымбек Е.Ш.
18	Тұттыбұлақ	Түркістан обл.	IV-XIV	6464	Горячев А.А.
<i>Ортағасыр</i>					
19	Жанкент	Қызылорда обл.	IX-X	480	Искандерова А.
20	Қаракемер-2	Жамбыл обл.	X-XII	100	Ақымбек Е.Ш.
21	Аққала-2	Жамбыл обл.	X-XII	40	Ақымбек Е.Ш.
22	Қандымтөбе	Жамбыл обл.	X-XII	46	Ақымбек Е.Ш.
23	Қызылқорған-1	Жамбыл обл.	X-XII	161	Ақымбек Е.Ш.
24	Қызылқорған-3	Жамбыл обл.	X-XII	126	Ақымбек Е.Ш.
25	Бекбұлақ-1	Жамбыл обл.	X-XII	6	Ақымбек Е.Ш.
26	Тамды	Жамбыл обл.	X-XII	164	Ақымбек Е.Ш.
27	Үлкен Ақарық	Жамбыл обл.	X-XII	59	Ақымбек Е.Ш.
28	Рахат	Алматы обл.	X-XII	137	Айтқұл Х.
29	Қышқала	Қызылорда обл.	XIII-XIV	462	Елеуов М.Е.
30	Болған ана	Орт. Қазақстан	XIII-XIV	33	Есенов С.
31	Талмас ата	Орт. Қазақстан	XIII-XIV	22	Есенов С.
32	Көптам	Ақтөбе обл.	ортағасыр	59	Бейсембаев А.С.
* мерзімделуі жалпы алынып отыр;					
** ерте темір дәуірі;					
*** қаңқа саны есепке алынып отыр;					

*Кесте 2. 2023 жылы жүргізілген археозоологиялық зерттеулердің ескерткіш бойынша тізімі*

### **Талқылау және қорытынды.**

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, археозоологиялық материалдар Қазақстанның тоғыз облысынан жиналған. Оның ішінде Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстарынан табылған материалдар көлемі және ескерткіш саны жағынан ерекше көзге түседі. Бұл зерттеушілердің аталған өңірлердегі қазба жұмыстарында жануар сүйектерін тұрақты жинауға мән бергенін және зертхана қорына жыл сайын тапсырып отыруымен байланысты. Ескерткіштердің мерзімделуі жағынан алғанда, остеологиялық коллекцияның басым бөлігі ортағасырлық нысандарға тиесілі. Қола дәуірінің қоныстарының сүйек материалдары бұған дейін де жүйелі түрде зерттеліп келген. Оның ішінде Л.А. Макарова, Л.Л. Гайдученко, П.А. Косинцев, А. Оутрам секілді палеозоологтардың зерттеулерін атауға болады. Соңғы 3-4 жыл көлемінде Қазақстан аумағындағы қола дәуірі қоныстарының материалдары Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының зертханасына өткізілді. Ғылыми нәтижелері де мүмкіндіктерге қарай жарияланып келеді. Ерте темір дәуірі ескерткіштерінің ішінде шірікрат мәдениетіне тиесілі ескерткіштердің коллекциясы жүйелі түрде зерттеліп отырғанын ерекше атап өткіміз келеді. Шығыс Қазақстандағы Ақбауыр қонысынан табылған 23 мыңнан астам сүйекке жүргізілген зерттеу нәтижелері де өте маңызды. Бұл қазіргі күнде аталған өңір бойынша ең ірі археозоологиялық зерттеу болып табылады (бұл жерде қоныстық материалдар сөз болып отыр –

авт.). Берел қорымындағы сяньби кезеңімен мерзімделген жерлеулерден табылған жылқы қаңқаларын (21 бас жылқы қаңқасы) зерттеу де ерекше назар аударуды талап етеді. Рахат, Қышқала, Бурнооктябрьск, Қастек секілді қалалардың материалдары 4-5 жыл тұрақты зерттелді. Бұл аталған есерткіштердегі мал шаруашылығы мен сол өңірдегі палеоэкологиялық, палеоэкономикалық жағдайлар туралы батыл тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Ескерткіштердің ішінде Тұттыбұлақ үңгірінің материалдары өте маңызды. Қазақстан археологиясында бұған дейін Л.А. Макарова зерттеген Қараүңгірдің остеологиялық материалдары ғана ғылым айналымға енгенін ескерсек, Тұттыбұлақ үңгірінің сүйек коллекциясы көлемі және таксономиялық құрамы жағынан да жеке зерттеуді қажет етеді. Қаңлы дәуірімен мерзімделетін Бақатөбе, Үшбастөбе және Жайлаутөбе қалаларының остеологиялық материалдары да алғаш рет ғылыми айналымға еніп отыр.

Қорыта айтқанда, зооархеология зертханасында жүргізіліп келе жатқан зерттеулер авторлардың (археолог/археозоолог) мүмкіндіктерінше жарияланымға ұсынылып, ғылыми талқылауға түсуде. Бұл отандық археологияның маңызды бағыттарының бірі – археозоология ғылымына ерекше көңіл аудару қажеттігін көрсетеді. Әлемдік археологияда зооархеологиялық зерттеулерге сұраныс өте көп. Биоматериалдардың ғылыми мәліметтері бірнеше пәнаралық зерттеу бағыттарының қиысуы нәтижесінде алынатындықтан, оған мамандардың сенімі де арта түсті. Бір ғана сүйектен (мысалы тіс – авт.) абсолютті жасы, таксон түрі, палеогенетикалық типі, жануардың тірі күнінде сезінген стрестік жағдайлары (гипоплазия), эксплуатациялану мәселесі, оның қоректенген жем-шөбінің құрамы, сол кездегі табиғи-климаттық жағдай, катаклизм, жануардың өлген мезгілі секілді маңызды мәліметтерге қол жеткізе аламыз. Мұндай мәліметтер бұған дейін қолданған/қалыптасқан салыстырмалы зертеулерге қарағанда әлдеқайда маңызды екендігін көрсетеді. Соңғы уақытта әлемдік археологиядағы қалыптасқан жағдайлар (немесе ғылыми трендтер) археология ғылымының дамуы көрсеткіші мен жетістіктері жаңа ашылымдардың есебінен емес, биоматериалдарды тиімді зерттеумен көрініс табатынын айқындай түсуде.

### Әдебиеттер тізімі

Шагирбаев М.С. Археологиялық технологиялар зертханасында 2018-2021 жылдары жүргізілген палеозоологиялық зерттеулер // Ақынжанов оқулары–2022: студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары (Алматы қ., 20–22 сәуір 2022 ж.). Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2022. 45–53 бб.

Шагирбаев М.С. Первые результаты археозоологического изучения костных остатков животных из поселенческих комплексов на Акбауыре // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі.: зерттеулер жинағы. /Көкшетау: «Көкше-Полиграфия» АҚ, 2022 жыл. С. 158–185.

Талеев Д.Ә., Шагирбаев М.С., 2020. Бурнооктябрьск 1 (Жылқышөте) қаласының остеологиялық материалдары // Марғұлан оқулары-2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 17–18 қыркүйек 2020 ж.). 1 том. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. 230–241 бб.

Шагирбаев М.С., Ақымбек Е.Ш. Қаңлы дәуірі ескерткіштерінің археозоологиялық материалдарын талдау (2022 ж. Бурнооктябрьское және Бақатөбе материалдары бойынша) // Журнал Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – № 3. – Р. 41–71.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С., Нұрғали Н.Б. Ортағасырлық Ақарық төрткүлінде 2022 жылы жүргізілген зерттеулер. Оңтүстік Қазақстан // Қазақстан археологиясы» журналы №1 2023 ж. 49–56 бб.

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А., Шагирбаев М.С., Нұрғали Н.Б., Абир Р.Қ Аса Алқабындағы ортағасырлық Саза төрткүлі // «Қазіргі кезеңдегі Еуразия археологиясы, этнологиясы және музееологиясының өзекті мәселелері: жаңа тұжырымдар мен нәтижелер» тақырыбында белгілі ғалым, археолог, этнограф, ұстаз Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлының 70 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (15 қараша, 2023 жыл). / Жауапты ред. Б.К. Қалшабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. 109–121 бб.

Шагирбаев М.С., Буранбаев Р.Н. Видовой состав костных остатков животных из средневековых городищ Аспара и Шаруашылык (по результатам раскопок 2021 года) // Вестник КазНУ, 2022, Том. 107. Выпуск 4. С. 158-168.

Таңғытова Д.Қ., Идришева Б.У. Ортағасырлық Қастек қаласының остеологиялық материалдарын археозоологиялық зерттеудің нәтижелері (2022 ж. барлау материалдары бойынша) // Ақынжанов оқулары–2024 / *баспада*

Елеуов М., Шагирбаев М.С., Молдахмет А. Ортағасырлық Қышқаладан табылған жануар сүйектеріне археозоологиялық талдау (2021 жылы табылған остео материалдар негізінде // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Хабаршы. Тарих сериясы. № 1 (104). 2022. 34–48 бб.

Шагирбаев М.С., Сакенов С.К. Скотоводческое хозяйство населения эпохи бронзы Северного Казахстана (по материалам поселения Шаггалалы II). Археология Казахстана. 2023. № 4 (22). С. 212–242.

Утубаев Ж.Р., Шагирбаев М.С. Бәбіш мола кешенінің археозоологиялық материалдары (2023 жылғы қазба бойынша) // Марғұлан оқулары–2024 / *баспада*

### **Применение тахеометра TS 03/07 в археологических исследованиях\***

Актуальным вопросом в вопросах информатизации и научно-технической автоматизации археологических работ является комплексная задача цифровизации археологических полевых и камеральных работ путем привлечения современных геодезических методов и ГИС-систем в традиционные археологические изыскания. Подобный симбиоз позволит получить качественно новый, емкий и простой в использовании информационный продукт, который может обеспечить оперативный сбор, обработку, предоставление и хранение геодезической информации об объектах исследования, получаемой в ходе археологических работ. В качестве примера рассматривается использование тахеометра TS 03 и TS 07, демонстрируется отличие приборов между собой.

В практической археологии можно выделить три иерархических уровня организации исследовательской работы, каждый из которых характеризуется собственным набором типов данных и методов их обработки:

1. Полевые исследования – предоставляет комплекс археологических материалов и полевой документации, которую необходимо систематизировать для получения предварительных данных по изучаемому археологическому объекту;
2. Камеральные (лабораторные) исследования – этап, позволяющий изучать археологический материал с целью получения аналитических данных для дальнейшего анализа, обобщений и археологической реконструкции;
3. Анализ и презентация результатов исследования – этап, суммирующий результаты двух предыдущих уровней исследования и вводящий археологические источники в широкий научный оборот.

На каждом из этапов применяются или могут применяться различные информационные и компьютерные технологии, внедрение которых зачастую ведет к усовершенствованию традиционных или развитию новых методов и направлений археологических памятников и артефактов.

Тахеометрическая съемка археологических исследований может проводиться ежедневно или периодически. Обновление и пополнение файлов должно вестись параллельно и взаимосвязано с абрисом (рисованием ям, погребений, костяков, профилей). Геодезист или археолог, работающий с тахеометром, должен вести записи по данному объекту с регистрацией дат и этапов археологических исследований с последующей камеральной обработкой. Оперативная камеральная обработка дает возможность выявить ошибки привязок и нивелировок археологических объектов, а также представить целостную картину раскопа с возможностью вывода на печать любого масштаба. (Барабанов, 2007).

Тахеометр представляет собой оптикоэлектронный прибор, совмещающий в себе электронный теодолит, лазерный дальномер и бортовой компьютер. Тахеометр TS 03/07 используют для вычисления координат и высот точек местности, при топографической съемке, переносе на местность высот и координат проектных точек (Золотухин, 2011: 61-66).

Отличие тахеометра TS03 от тахеометра TS07 заключается в пользовательском интерфейсе. В тахеометре TS03 черно-белый дисплей, а тахеометр TS07 имеет цветной сенсорный дисплей, также дополнен створоуказателем и стилусом.

В археологических исследованиях установка тахеометра TS 03/07 возможна следующими способами: обратная засечка и ориентирование по углу. В методе установки обратной засечки координаты станции неизвестны, ориентирование производится на две или несколько количество точек. Определить координаты точек можно с помощью GPS, которые в последующем вводятся в тахеометр TS 03/07 для ориентирования. При методе обратной засечки прибор можно установить на свободную станцию, это означает что прибор может стоять в любом месте. Ориентирование по

---

\* Работа выполнена в рамках проекта фундаментальных научных исследований Комитета науки МНВО РК на 2023–2025 гг., ИРН BR20280993 «Казахстан в древности и средневековье: систематизация и анализ археологических источников».



углу предусматривает известные координаты станции. В этом методе необходимо выполнить ориентирование на заднюю точку.

Перед началом работы необходимо установить прибор на точку, при установке прибора обеспечивается близкое к горизонтальному положению штатива. При включении тахеометра появляется экран компенсации наклона, если автоматически не был активирован, то можно нажать на клавишу «**Избранное**» и нажать на «**Уровень и Отвес**». В следующем шаге надо привести уровень в нульпункт при помощи трех подъемных винтов, на экране будут отображаться подсказки в виде стрелок – направления вращения подъемных винтов. При появлении трех галочек на экране будет означать что тахеометр отгоризонтирован (рис. 1).




Рис. 1 – Тахеометр TS 03/07. Интерфейс тахеометра при правильном положении оборудования

Для ориентирования необходимо создать проект, в котором будет проводиться съемка археологических объектов. Для этого на главном экране необходимо зайти в меню Новый проект либо нажать на клавишу цифру 6, далее вводим имя проекта и имя оператора. Выходим в меню «**Управление**» на твердые точки. Твердая точка – это фиксированная точка, полученная путем измерения GPS. На местах двух или более измеренных точек забиваются металлические колышки (реперы), реперы должны располагаться друг от друга в 500-1000м. В появившемся окне ввести номер (например, 1001, далее для других твердых точек 1002 и т.д.) и координаты твердых точек полученных с GPS, нажать «**Далее**» и занести координаты второй твердой точки (1002). После занесения всех твердых точек нажать на клавиатуре «**ОК**» (рис. 2).




Рис. 2 – Тахеометр TS 03/07. Интерфейс тахеометра при выборе точек для съемки

Следующим шагом ориентирования является установка тахеометра на станцию, для этого в главном меню экрана нажимаем Установка. Здесь необходимо выбрать метод установки – обратная засечка. Далее вводим произвольное название станции, точка где установлен прибор, в

этом же окне необходимо нажать на «Изм Н» (измерить высоту инструмента), ввести это значение в «h инст». В следующем окне в списке выбираем первую твердую точку (1001), нажать «Далее». В появившемся окне ввести значение высоты призмы (смотреть на вехе призмы). Веху с призмой установить на первую точку, навести тахеометр на призму и нажать на экране «Измер», в следующем окне нажать на «Измерить больше точек» или кнопку F1. Повторить все действия с остальными твердыми точками, как и с первой точкой, после всех измеренных точек нажать «Вычислить коорд. Станции» или кнопку F4. Тахеометр выполнил ориентирование, далее можно производить тахеометрическую съемку. Для того чтобы начать съемку местности необходимо в главном меню зайти в «Съемка», в окне «Съемка» ввести имя точки и высоту отражателя, с помощью кнопки триггер на приборе производить съемку (рис. 3).




Рис. 1 – Тахеометр TS 03/07. Интерфейс тахеометра, готового к съемке объекта

Результатом правильной установки тахеометра TS 03/07 является минимальная погрешность данных съемки. В археологии с помощью прибора можно получить микрорельеф изучаемой территории, планы раскопов, расположение находок по высотам и т.д., также можно произвести разбивочные работы по раскопам и квадратной сетки.

Комплексность археологических исследований во многом зависит от полноты собранной информации и сделанных выводов. В первую очередь это касается использования методов геофизики при проведении полевых работ и междисциплинарных при лабораторных исследованиях. Поиски и картирование археологических объектов геофизическими методами, в частности, с применением новейших технологий, находят все более широкое применение в полевых археологических исследованиях.

### Список литературы

Барabanов П.Ю. Новое геодезическое оборудование в археологии. Опыт и перспективы применения электронного тахеометра при археологических исследованиях [Электронный ресурс] // Археология и геоинформатика. Москва: АГИС, ИА РАН 2007. Вып. 4.

Золотухин В.В. Цифровое геодезическое оборудование в археологических исследованиях с применением методов геоинформационных систем // Вестник Новосибирского государственного университета. Новосибирск: Изд-во НГУ. 2011. № 7 (22). С. 61–66.

**М. Шерғазынұлы<sup>1</sup>, Б.Т. Қосылбаев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ҚР Мемлекеттік орталық музейі

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: kossylbayev@gmail.com

### **Аягөз ауданының археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі (тарихнамалық талдау)**

Аягөз ауданы қазіргі Абай облысы, әкімшілік территориясы Қазақстанның шығыс өңіріндегі ең үлкен аудан болып саналады. Алайда, осы бір үлкен территорияда археологиялық тұрғыдан алғанда мүлде зерттелмей қалған өлке деп айтуға болады.

Аягөз өңірінде ең алғашқы зерттеу жұмыстарын академик В.В. Радлов жүргізіп, зерттеуде өте үлкен үлес қосқан. Археологиялық ескерткіштерді зерттеуде шынайы ғылыми әдістерді пайдалана отырып, ол 1862 жылы Семей, Сергиополь (Аягөз) маңында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп өтті. Өзінің зерттеулерінде қола кезеңінен бастап орта ғасырларға дейінгі ескерткіштерді (қоныстар, қорымдар мен тас мүсіндер) зерттеумен айналысқан. Академик В.В. Радлов шығыс Қазақстанның ежелгі мәдениеттері тарихын қола, ерте темір және жаңа темір, ерте ортағасыр кезеңдеріне бөліп қарастырған. Ғалымның бұл еңбегі археологиялық ескерткіштерді дәуірлерге бөлу мен жүйелеудің алғашқы бастамаға негіз салған еді. Аягөз өңіріндегі экспедициясы барысында В.В. Радлов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» - деп қазақ ауызында айттылып жүрген, Аягөз өзенінің оң жағалауында орналасқан, үлкен жерлеу ескерткішінің жанындағы тас мүсіндерін зерттеген. Бір-бірінің қасында орналасқан 3 тас мүсін, біреуі – ер бейнесінде болса, қалған екеуі әйел адамның бейнесінде. В.В. Радловтың айтуы бойынша: “қазақ әдебиетінде бұл мүсіндерді Қозы Көрпештің ертегісімен байланыстырады, соған орай ер адамның фигурасын Қозы Көрпештің бейнесі, бір әйел фигурасы - оның сүйіктісі Баянсұлу, ал екінші әйел фигурасы - діни қызметкер деп санайды. Бұл үш тас мүсіннің XVII немесе XVIII ғасырларға жататын Көрпеш ескерткішіне ешқандай қатысы жоқ екені анық. Себебі тас мүсіндердің мерзімделуіне назар салатын болсақ, жерлеу-ғұрыптық ескерткішіне кейіннен орнатылғандығының іздері байқалады, олардың төменгі бөлігі сынған және олар қазір кіреберістің оң жағындағы қабірдің бүйір қабырғасына сүйеніп орнатылған”. В.В. Радловтың археологиялық зерттелулері, ғылымда өңірдің алғашқы ірге тасын қалаған (Радлов, 1989, с.12-434; Радлов, 1895, с.186-189).

Өңірдегі келесі зерттеулер Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшесі Н.Н. Пантусов келуімен байланысты. 1897 жылы сол кездегі Лепсі уезіне қарасты Сергиополь аулында болып, өңірдегі тас мүсіндерді есепке алып, суретке түсіріп және сипаттамасын жазып, зерттеген болатын. Ол Басқана өзенінің сол жағалауында орналасқан тас мүсіндеріменен, гранитті тас жазуларын зерттеген. Н.Н. Пантусовтың айтуы бойынша: “Бұл тастардың ең үлкені өз кескінінде ер-тоқымы бар жатқан түйеге ұқсайды. “Түйе тәрізді” тастың артқы жағында ешкі бейнелері мен жазу бар. Қатар жатқан екі тастың бірінде мұсылманша жазу қашалса, екіншісінде бес тесігі бар. Жергілікті тұрғындар бұл тастарды қасиетті орын ретінде құрметтеп, “Әулие-тас” - киелі тас деп атайды” – деп сипаттаған. Н.Н. Пантусов зерттеу жұмыстары Аягөз ауданының тас мүсіндері есепке алу жұмыстарымен, оларды фотосуретке түсіріп толық сипаттын жазып қалдырған. (Пантусов, 1899, с.68; Бахтыбаев, 2023).

Революциядан кейін бұл өңірде археологиялық зерттеулерді, Балқаштың солтүстік аймақтарына тиесілі Аягөз ауданының Шұбартау өңірінің Қотанемел (Емелтау), Мұзбел, Қараүңгір таулары маңында 1959 жылы А.Г. Медоев барлау, іздеу жұмыстарын жүргізіп, тас дәуірінің ескерткіштерін анықтайды. Ол тұрақтардың әрқайсысын жіті зерттеп, толық сипаттамасын берген.

Қараүңгір тұрағы Балқаш қаласынан шығысқа қарай 115 км, Балқаш көлінің жағасынан солтүстікке қарай 35 км қашықтықта орналасқан микролиттік ашық (жер) типті тұрақ. Тұрақтан әртүрлі дөңгелек типтегі қырғыш - 225 дана; жебе ұштары - 12 дана; тас пышақ тәрізді пластиналар - 53 дана; өңделмеген пластиналар (көбінесе фрагменттері) - 202 дана; призмалық үлгідегі нуклеустен - 52 дана; нуклеус - 7 дана; дайындамалар (көпшілігі өңделген) - 900 данадан астам; 300 данадан астам өндіріс қалдықтары. Бұйымдардың материалы - шақпақтас, кварцит. Солтүстік-батысқа қарай 550 м (шамамен) Қараүңгір тауларының беткейлерінде тасқа қашалған суреттері бар, олардың негізгі бөлігі неолит дәуіріне жатады.

Қотанемел (Емелтау) тауларында А.Г. Медоев тас дәуірінің 4 тұрағына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Тұрақтар Ақөзек алқабының сол жағында және Қотанемел тауларының оңтүстік-шығыс етегінде, Қотанемел тауларының оңтүстік етегінде орналасқан. Тұрақтардан: қырғыштар; жебе ұштары; пышақ тәрізді пластиналар; нуклеус фрагменттері; қабыршақтар, өңделген тас қалдықтары табылған.

Мұзбел тауларындағы барлау жұмыстары кезінде табылған микролиттік заттар: артқы жағында ретуші бар пышақ тәрізді пластинаның фрагменті, сұр кварцит; екі жақты диск тәрізді өзек, жасыл кварцит; қырғыш дайындамалар, кварциттер. Жотаның жазық бетінде, бұлақ маңында, микролит өнеркәсібі үшін тау жыныстарын өндіруге арналған карьер болған. Карьер ақ және жасыл түсті кварциттердің ұсақ фрагменттері 1000 данадан астам табылған (Артюхова, 2014, с.212-265).

А.Г. Медоевтың зерттеулері өңірді ерекше жағынан ашып көрсеткендей, себебі ғалым Аягөз өңірінің тас дәуіріне тән тұрақтарды ашып көрсетіп, зерттеп, өңірге басқа да зерттеулерге тың көзқарас қалыптастырды.

Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының басшысы, осы аумақтағы «скиф әлемінің» жалпы көрінісін қалыптастырған С.С. Черников 1950-ші жылдары Абай ауданының орталығы Қарауылдан Шыңғыстау арқылы Ақшатау – Аягөз – Үржар – Мақаншы – Бахты бағытын барлау барысында Дөненбай, Ақшәулі (Знаменское) обаларын картаға түсіріп, сипаттамасын жазған. Одан бөлек өңірде кешенді археологиялық зерттеулерді жүргізіп, барлау жұмыстарында жүргізген (Черников, 1960, с.140-160; Омаров, 2014, 5-45 б.).

1967-1968 жылдары М.Қ. Қадырбаев Шұбартау өңірінде Тесіктас, Қотанемел, Жалғызтау, Қайрақтас, Арқарлы, Жорға, Көксеңгір, Қараүңгір, Түлкілі, Қызылтас, Қонжаулау, Шөладыр мекендерінде қола және ерте темір дәуірінің жерлеу ескерткіштерін анықтап, Орталық Қазақстанның белгілі ескерткіштерімен салыстырмалы тұрғыда қарастырған (Қадырбаев, 1972, с.107-121).

2012 жылы Ұ.Ұ. Үмітқалиев Ақшатау (Дөненбай) елді мекенінен батысқа қарай 20 шақырым қашықтықтағы Қырықоба ескерткіштерін барлау барысында анықтап, 2018 жылы осы қорымдағы №7 обасында зерттеу жұмыстарын жүргізгенге дейін бұл өлкеге археологтардың аяғы жетпеген. Қырықоба №7 обаның құрылыс уақыты бойынша ол Аржан-2, Шілікті, Талды II, Жалаұлы сияқты ескерткіштерге жақын екендігі дәлелденді. Ұ.Ұ. Үмітқалиевтің ойынша: обада жерленген әйел әлеуметтік жағдай бойынша, сақ қоғамының элитасына жатады. Ол Алтайдың солтүстік-батыс бөктерінде жерленген Шығыс Қазақстан мен Батыс Сібірдің жерлеу-ғұрыптық кешендерінің байланысын айқын көрсетеді. Бұл, ең алдымен, көркемдік дәстүрлердің бірлігінде – бейнелердің, композициялар мен сәндік мотивтердің ұқсастығында көрінеді. Сонымен қатар, дала белдеуіне тән емес шикізаттан жасалған бірқатар заттар С–О бағытында жүзеге асырылған құрлықшілік сауда және мәдени хабарларды зерттеу мәселесін өзектендіруге мүмкіндік береді. Оңтүстік теңіздердің жағалауынан олар Солтүстік Үндістан мен Хорезмнің шеберханаларына жол тартты, онда Дала Азиясының көшпелі тұрғындары үшін бағалы металдар мен сәндік минералдардан әшекейлер жаппай жасалды. Қазақстан даласында алыс қашықтықтағы сауда кейінгі қола кезеңінде қалыптасты. Ерте темір дәуірінде бұл билеушілерінің күшеюін қамтамасыз ететін маңызды шарт болды – қоғам ішінде сирек кездесетін және оғаш тауарлардың таралуы олардың беделі мен субъектілерге әсерін арттыруға мүмкіндік берді (Искаков и др., 2022, с.67-73).

Ақтоғай өңірінде Қазақмыс компаниясының тапсырмасы бойынша Т. Смағұловтың қола дәуірінің жерлеу ескерткіштерін зерттесе, 2020 жылдың маусым-қазан айларында Қазавтожолдың тапсырмасымен Д. Воякиннің тобы «Археологиялық сараптама» ЖШС археологиялық экспедициясы Ай елді мекенінің маңында зерттеулер жүргізді. Соның ішінде археологиялық қазбалар зерттеу есебіне сәйкес №6 нысаның №3 обасында зерттеу жұмыстарын жүргізген. 3-оба қорымның шығыс бөлігінде орналасқан. Үйіндінің диаметрі 13 м, биіктігі – 0,17 м. Үйінді сыртқы диаметрі 10 м, биіктігі 0,10–0,15 м болатын тас крепидпен қоршалған. Крепидтің ені 1,5 м-ге жеткен. Крепидтің орталық бөлігі көтерілген және бүкіл шеңбер бойымен тегіс сыртқы жағы бар. Үйіндінің ортасында ені 90 см, тереңдігі 70 см-ге дейін жететін шұңқыр болған, шамасы, тонаушылар шұңқыры. Обаның ерекшелігі оның археологиялық деректері, яғни обадан жерлеу жабдықтары. Жерленген жамбас сүйектерінің аймағында, олардың үстінде және бүйірлерінде жерлеуді тазарту кезінде 8 қола белдік жиынтығы табылған. Органикалық заттардың іздері және былғары белдіктің нашар сақталған фрагменттерінің қалдықтарыда табылған. Белдік жиынтығының металл бөлшектері бес бірдей белдік қапсырмалармен, қапсырманың ұшымен және қару-жарақ заттары табылған. Жерленген адамның сол қолынан 7 см шығысқа қарай ұшы

солтүстікке қарай жатқан қола пышақ табылды (жерленгенге параллель дерлік). Оның қасында және астында шіріген былғары бұйымның фрагменттері жатыр, бәлкім, пышаққа арналған қабшық болуы мүмкін. Сол жақта және сол аяқтың тізе буынынан сәл жоғарыда әртүрлі типтегі үш жебе ұштарының шоғыры, ал тізе буынының дәл астында - бір сапты жебе ұшы анықталды. Барлық ұштар біліктердің және орама жіптердің (бумалардың) қалдықтарымен жатыр. Ұштары жиналған жерден былғары, ағаш сынықтары да табылған. (Захаров и др, 2023, с.4-15).

2021-2023 жылдар аралығында Аягөз ауданында қола дәуірінен бастап түркі кезеңіне дейінгі аралықта жүйелі түрде, жіті зерттеуді Ғ.Қ. Омаров бастаған болатын.

2021 жылы Ақшатау ауылдық округіне қарасты Дөненбай ауылынан 4 км батыста Қалғұты өзенінің оң жағалауындағы қола дәуірінің Ботбай 1 және 2 қорымдарындағы екі қоршауда қазба жұмыстары нәтижесінде радиокөміртектік сараптау көрсеткендей №1 қоршау б.з.б. XVI–XIV ғғ. мерзімделсе, ал № 2 қоршау б.з.б. XX мерзімделетіндігі анықталды. Сонымен қатар, барлау және есепке алу жұмыстары барысында 43 – жерлеу – ғұрыптық ескерткіштері анықталды (Омаров и др., 2023, с.8-13).

2022 жылы Абай облысы Аягөз ауданы Мамырсу ауылдық округіне қарасты ерте темір дәуірінің Бозай 1 қорымындағы 4 оба зерттеліп, қазбаға дейінгі бастапқы қалпына келтірілді, олардың өмір сүрген уақыты анықталды. Бозай қорымы ерте темір дәуірінің элитарлық обалары қатарына жататын әйгілі Шілікті, Елеке сазы, Есік патша обаларына ұқсас ескерткіш Бозай ауылының шығысында, Аягөз өзенінің оң жағалауында, Аягөз – Баршатас автожолының оң қапталында орналасқан. Қорымның теңіз деңгейінен есептегендегі орташа биіктігі 569 м. Бұл ескерткіш Орталық Қазақстандағы Талды-2 мен Тарбағатайдағы Шілікті және Елеке сазы ескерткіштері аралығында орналасқан. Оның Жетісу мен Орталық Қазақстан, Моңғолия мен Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы ескерткіштерімен өзара байланысы қазба жұмыстарының нәтижесінде нақты анықтамақ мақсатта жүргізілді. Көршілес Ресейдегі Таулы Алтайда шағын ауданның өзінде археологиялық зерттеулер нәтижесінде ерте темір дәуірінің бірнеше мәдениеттері анықталып, олардың мерзімделуі мен кезеңделуі нақты археологиялық деректермен тұжырымдалды. Сондықтан да Тарбағатайдың Орталық Қазақстанмен астасатын шағын ауданы аумағындағы тарих қойнауынан сыр бүгіп жатқан осынау Аягөз өңіріндегі авариялық жағдайдағы сақ қорғанын зерттеу барысында көне тайпалардың әлеуметтік, мәдени, тарихи, идеологиялық, діни, өнертанушылық және т.б. аспектілерін қоса қарастыратын пәнаралық зерттеу әдістерін қолдану нәтижесінде біршама жаңалықтарды ашты. Зооархеологиялық талдаудың көмегімен Аягөз ауданында ерте темір дәуірі кезіндегі құспен (бүркіт) бірге жерлеу рәсімі анықталды. Мұның өзі сол уақытта құсбегіліктің болғанын аңғартқандай болса, ал Бозай қорымы көшпелілерінің тамақтану жүйесі анықтау барысында олардың күнделікті тамаққа тары мен балықты көп қолданғаны белгілі болды. Бозай 1 қорымының №1 қорғанынан тонаудан қалған алтын бұдырлы түтіктердің 7 данасы, жапсырма түріндегі бұғы бастарының 4 данасы, алтын пластиналы жапсырманың 13 данасы, 1762 бірлік ұсақ алтын моншақтар, 831 ірі алтын моншақ, 357 қалпақтары бар алтын моншақ Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылды.

2022 жылы қазба жұмыстарынан бөлек экспедиция барысында барлау жұмыстары да жүргізілген: Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б., Сағындықова С.Т. Барлау жұмыстары кезінде Аягөз ауданына қарасты Тарбағатай ауылдық округінен көптеген ескерткіштер табылып есепке алу жұмыстары жүргізілді. Олар: Малтыгөл 1 маңынан ерте темір дәуіріне жататын 10-нан аса ескерткіш, Малтыгөл 2 – ден түркі кезеңіне тән 2 ескерткіш табылды. Келесі Сампай жазығынан табылған ескерткіштер – Сампай 1 және Сампай 2 қорымдары. Бұл жерлерде де ерте темір дәуіріне жататын көптеген ескерткіштер табылып есепке алынды. Барлау жұмыстарының барысында Шимайлы жазығынан да ерте темір дәуіріне және қола дәуіріне жататын 20 шақты ескерткіштер есепке алынды. Шимайлы 1 қорымынан ерте темір және қола дәуірлеріне жататын ескерткіштер кездеседі. Ал Шимайлы 2 қорымындағы ескерткіштер тек қола дәуіріне жатады. Барлау жұмыстарының келесі бөлігінде Төребек жайлауынан қола дәуіріне жататын 2 ескерткіш табылды. Бөкенбай жазығынан да ерте темір дәуіріне жататын ескерткіштер табылып, Бөкенбай 1 және Бөкенбай 2 болып бөліп қарастырылды. Бөкенбай 1-ден сақ кезеңіне тән қоныс орындары байқалып, керамикалық артефактілердің сынықтары арқылы нақтыланды. Ал Бөкенбай 2 қорымынан ерте темір дәуіріне тән мұртты қорғанның кездесуі де ерекше жағдай (Омаров и др, 2023).

2023 жылғы жазғы маусымда Тарбағатай ауылдық округіне қарасты тонаудан қалған авариялық жағдайдағы Сампай қорымында екі қорғанға тексеру мақсатында қазба жұмыстары

жүргізіліп қайта қалпына келтірілді. Табылған адам қаңқасынан сынамаға үлгі алынып зертханаларға жіберілді.

2023 жылғы Ғ.Қ. Омаровтың қазба жұмыстары Қарағаш ауылдық округіндегі Кеніш қорымындағы түркі кезеңінің бір жерлеу-ғұрыптық кешені мен ерте темір дәуірінің авариялық бір қорғанында қазба жұмысын жүргізді. Одан басқа Ақтүбек қорымында түркі дәуірінің үш, Экспедиция қорымында бір ескерткішін зерттеген (Омаров и др, 2023, с. 147). Экспедиция барысында барлау және картаға түсіру жұмыстары да жүргізілген. Анықталғандай: Кеніш қорымында 40-қа жуық, Ақтүбек қорымында 20-ға жуық, Экспедиция қорымында 10-ға жуық ескерткіш анықталған.

Қортындылай, айтатын болсақ, Аягөз өңірі тарихи байлыққа өте бай, археологиялық ескерткіштері мәдени тұрғыдан басқа мәдениеттерге қарағанда, ерекше болып келеді. Көпжылдар бойы жиналған зерттеу материалдары бойынша кең таралған. Ерекше керемет жерлеу орындары, орасан зор құрылыстар, обалар, қорымдар, тас мүсіндер көптеп кездескендігінің өзі бұған дәлел. Бірақта осы бір кең өлкенің мәдени ескерткіштерін бұзып, ластап, қорлап, тонап жүрген қарақшы, тонаушы, ұрылардың кесірінен, біраз ескерткіштің көзі жойылған, ал күнделік тоналып жатқан ескерткіштердің саны жылдан-жылға артуда. Бұндай оқиғалар ғылымның дамуымен, өңірдің зерттелуіне кедергі жасауда.

### Әдебиеттер тізімі

Артюхова О.А., Мамиров Т.Б. Каменный век Сарыарки. Книга 1. Палеолит. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2014. 295 с.

Бахтыбаев М.М. Исследовательская деятельность Н.Н. Пантусова в Семиречье // Режим доступа: <http://www.rusnauka.com>. Дата обращения: 18.04.2023.

Захаров С.В., Марыксин Д.В. Новая находка раннесакского боевого пояса из Восточного Казахстана // Народы и религии Евразии. 2023. Т. 28. № 1. С. 7-26.

Искаков К.А., Умиткалиев У.У., Митько О.А. Сопроводительный инвентарь элитного сакского погребения могильника Кырыкоба в системе культурных взаимосвязей кочевников Казахстана и Сибири // Археология, этнография и антропология Евразии. 2022. Т. 50, № 3. С. 66–75.

Кадырбаев М.К. Археологические раскопки в Северном Прибалхашье // Поиски и раскопки в Казахстане / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука КазССР, 1972. С. 107-122.

Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Сагындыкова С.Т. и др. Отчет о научно-исследовательской работе по теме: «Археологические памятники Аягозского района ВКО: междисциплинарные исследования» (заключительный). Алматы, 2023. 147 с.

Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Сагындыкова С.Т. Археологические раскопки на памятниках Ботпай 1 и 2 в 2021 году // «XV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті, 2023. 8-11 б.

Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 256 б.

Пантусов Н.Н. Ауліа-гасъ // ПТКЛА, Год IV. Ташкент, 1899.

Радлов В.В. Из Сибири: страницы дневника. М.: Наука, 1989. 749 с.

Радлов В.В. Сибирские древности. // Записки Русского археологического общества. СПб., 1895. Т. VII. С. 186-189.

Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы / МИА. № 88. М.-Л.: 1960. 272 с.

Ж.Ж. Тілеуқабыл<sup>1</sup>, С.Ж. Альсейтова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі  
Әйтеке би кенті, Қазақстан

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті  
Қызылорда қ., Қазақстан  
E-mail: 1981janat1981@mail.ru

### Жанкент қалашығы: Қорқыт ата университеті ғалымдары зерттеулерінде

Сыр өңірі үлкен мәдениеттер ежелгі және ортағасырлық мемлекеттердің ірі археологиялық ескерткіштері жиналған аймақ. Қазақстан тарихы мен археологиясында ойып тұрып орын алатын Сырдария төменгі ағысы, Шығыс Арал маңында IX-XII ғасырларда мекен еткен оғыз мемлекетінің резиденциясы қызметін атқарған Жанкент қаласы өткен ғасырдың 40-50 жылдары Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясы жетекшісі С.П.Толстовтың зерттеу жұмыстарын жүргізіп қала тарихына қатысты құнды тарихи деректер қалдырады. Көрнекті ғалымның 1947 жылы Совет этнографиясы журналында жарияланған «Города гузов» мақаласында Жанкент, Кескен Күйік, Күйік қалалары туралы құнды деректері бірнеше тілге аударылып әсіресе түрік тіліне аударылып қазіргі Түркия Республикасы аумағында құнды еңбек болып табылады. Қазіргі таңда Жанкент қаласын зерттеуде кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп Қорқыт Ата университеті «Археология және этнография» ғылыми орталығы ғалымдары атап өтуімізге болады.

Жанкент қаласы – қазіргі Сырдарияның төменгі ағысы Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Жанкент ауылынан ( бұрынғы Өркендеу ауылынан) оңтүстікке қарай 1,5 км жерде орналасқан (сур.1).



Сур.1 Жанкент қалашығының орналасқан аумағы (Google планета земля бағдарламасымен дайындалған) 2024 жыл

Қалашықтың жоспары шығыстан батысқа қарай созылып жатырған «Т» әрпі тәрізді, шығыс бөлігі шығыңқы тіктөртбұрышты болып келеді. Оның аумағы шамамен 15 га, 415 x 230 (шығыс бөлігінде – 320 м) м. Бүгінгі күні ескерткіштің ең жақсы сақталған бөлігі оның фортификациясы қорғаныс жүйесі – Шығыс беткі жартылай дөңгелек шығыңқы мұнаралары бар пахсадан құйылған сыртқы қабырғалары. Бекіністің оңтүстік-батыс бұрышы кейінгі уақыттағы тұрғындар салған жолмен қатты бүлінген. Әлі күнге дейін қабырғалар бойымен аралары 25-40 м болатын дөңгелек қарауыл мұнараларының іздері сақталған.

Цитадельдің көлемі 100x100 м болатын төртбұрыш түріндегі бекініс қабырғаларынан тұрады. Қабырғалары айнала сындағы жерлерден 7-8 м биік тікте, қаланың орта деңгейінен 3-4 м биіктікте орналасқан. Цитадельдің ішкі бөлігі көше желісімен бөлінген және үлкен үйлер алабы түрінде тығыз салынған. Қаланың шахристаны батыстан шығысқа қарай сыртқы қабырғамен қатар орналасқан негізгі көшемен бөлінген. Көшенің тіке бұрышынан қаланы үлкен үйлер бөліп тұрған

тұйық көшелер тарайды. Әуеден түсірілген суреттерде құрылыс бедерлері анық көрінеді. Батыс пен шығыс жағында кіреберіс қақпасы болған (Воякин, 2017:504-507).

Жанкенттің рабады қаланың шахристанынан солтүстікке қарай орналасқан. Рабадтың мәдени қабаттары қатты бұзылған және табиғи эрозияға ұшыраған. Жанкент Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, айта кететін жайт Жанкент қаласы астаналық қала рөлінде болғандықтан ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралардың алдын ала тізіміне «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинация компоненті бойынша 2012 жылы енгізілген. Бұл номинациясыны алу үшін біренеше критериялар қаралады.

Жазба деректерде оғыз тайпаларының тарихта танымал астанасы әртүрлі тілдер мен диалектілерде «Янгикент», «Жанкент», «Джанкент», «Шехркент», «ал-Карьят ал-Хадиса», «ал-Мадина ал-джадида», «Дих-и-нау», «Жаңа қала» деген атаулармен аталған. XI ғ. атакты араб тарихшысы ал-Идриси бұл қаланы «Жаңа гузия» деп атаған. X ғ. Бағдадта өмір сүрген араб географы және саяхатшысы Ибн Хаукалдың «Жаңа елді мекен» деп аталатын Жанкент туралы қызықты мәліметтері бар (Байпаков, 1998; Байпаков, Воякин, Ильин, 2012:22-44). Өзінің тарихи-географиялық жұмысында ол «Жаңа елді мекенді» Оғыз мемлекетінің қысқы астанасы деп нақтылайды. Оның сөзіне қарағанда, Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Жанкент ең үлкен елді мекен болған. Ол тек астана ғана емес, ол Оғыз патшасының қысқы ордасы қызметін де атқарған. Жаңа Гузияны Оғыз мемлекетінің саяси орталығы ретінде таңдауы көптеген жағдайларға байланысты болды (Аржанцева, Зиливинская, Караманова, Рузанова, Уткельбаев, Сыдыкова, Билалов, 2010). Олардың ішіндегі ең маңыздысы Орта Азияның ірі ауылшаруашылық оазистерімен шектесіп жатқан Жанкенттің қолайлы географиялық аймақта орналасуы болды (Сыдыкова, 2014:11-15). Ежелгі қаланың бірегейлігі жөнінде жергілікті археологиялық ескерткіштерді көне ескерткіштермен қатар қойған XIX ғ. Орыс ғалымы танымал өнертанушысы тарихшы, архивист, сол кездегі қоғам қайраткері В.В. Стасов: «... Жанкенттің маңындағы ескі қала неге біздің Помпей бола алмайды?» – деп атап өтеді (Воякин, 2017:505).

Патшалық Ресей тарапынан әскери офицерлер бұл ескерткішті Сырдарияның бойындағы бекіністерге негізделген тарихи маңызды нысан ретінде санайды. Олар ескі елді мекендерді сақтауға әрекет жасап, көне ғимараттардың жойылуына, олардың кірпіштерін тасып әкетуге тыйым салады. В.В. Стасов бұл туралы: «Әдетте ескі заттарға ешқандай көңіл бөлмейтін әскери адамдар..енді..қирағандарға қызығушылық танытуда, олардың ғылымдағы маңыздылығы туралы ойлайды, оларды қорғау үшін сақшылар қояды, оларды кез-келген залалдардан қорғауға тырысады. Бұл біз үшін жақсы жаңалық емес пе?» – деп жазады. Арал маңы мен Оңтүстік Қазақстанның археологиялық зерттелу тарихы XIX ғ. екінші жартысында Ресейге қосылғаннан кейін басталады. 1867 ж. мұнда Ресей археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша белгілі шығыстанушы П.И. Лерх келді. Ол ортағасырлық Жанкент, Сауран, Сығанақ қалаларының қираған орнын зерттеп, сипаттайды және Жанкентте шағын қазба жұмыстарын жүргізеді. 1867–1868 ж.ж., кейінірек 1869–1870 ж.ж. Оңтүстік Қазақстанда белгілі орыс суретшісі В.В. Верещагин болды. Ол сондай-ақ Жанкентте қазба жұмыстарын жүргізіп, керамика жинақтаған, осы авторлар мен басқа да ғалымдар, саяхатшылардың жариялаған жаңа, белгісіз болып келген өлкенің айқын сипаттамалары орыс қоғамының Түркістан тарихы мен өнеріне деген қызығушылығын тудырады. Сырдария алқабының ежелгі дәуірін зерттеудің келесі кезеңі 1895 ж. Ташкентте В.В. Бартольдтің ғылыми қолдауымен құрылған Археология әуесқойларының түркістандық үйірмесі мүшелері зерттеулерімен байланысты. Ол Түркістан археологиясына барынша қызығушылық танытқан адамдарды, зиялы қауым өкілдерін, әскери қызметкерлерді, шенеуніктерді біріктірді.

Жоғарыда атап өткеніміздей Арал өңіріндегі зерттеу жұмыс тарын КСРО Ғылым академиясының профессоры С.П. Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедициясы зерттеп кейін, Кескен күйік қала, Жент қаласы, Күйік қала, Жанкент қалалары жайлы мәлімет беріліп деректерді талдап, топографиялық жоспарлары әуеден түсірілген суреттер берілді (Толстов, 1947:55-162).

Тәуелсіздік жылдары Қалада кең көлемде қазба жүргізу жұмыстарын 2005 ж. Бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті бірлесе отырып, РФ ҒА М.М. Миклухо-Маклая атындағы Этнология мен антропология институты Германия Федеративтік Республикасы Тюбнген университетімен бірге қарқынды жүргізіліп келеді (сур.2).





*Сур.2 Жанкент қалашығы әуеден көрінісі. Қызылорда облыстық ескерткіштердің қорға мекемесі сайтынан алынған 2023 жыл*

Археологиялық зерттеулер жүргізілген 16 жыл ішінде Жанкент қаласының орнында алыс-жақын шет елдерден бірнеше экспедиция жұмыстар жасады (Билалов, Тажекеев, Дарменов, 2018:380-386). Қазіргі таңда қала аймағында бірнеше қазбалар жүргізу үстінде соңғы нәтижелері қазба барысында табылған мысық сүйегі қолға үйретілген және қаланың тұрғындарының қолмен сүт беріп өсіргендігін анықтағанмысық сүйегіне кешенді лабораториялық талдау жасалып, құнды нәтижелерге қол жеткізіп отырмыз бұл жайлы көптеген отандық және шет елдік басылымдарда жарияланды (Haruda, Ventresca, Miller, Rajmans et cetera. 2020).

2005 жылдан Жанкент қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде салынған №1 қазбада қазба жұмыстары жүргізіліп келе жатыр. Ашылған нысанда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп келе жатыр. Қазбадағы археологиялық зерттеулердің нәтижесінде бірнеше ауқымды тұрғын-үй кешені және құнды музейлік жәдігерлер табылды (Аржанцева, Зиливинская, Караманова, Рузанова, Уткельбаев, Сыдыкова, Билалов, 2010).

Ортағасырлық Жанкент ескерткішіндегі археологиялық зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның ортағасырлық тарихын, соның ішінде оғыз тайпаларының тарихын зерттеуге зор үлесін қосып келеді (Билалов, Тажекеев, Дарменов, 2018, с.25).

2005-2023 жж. далалық жұмыстарының нәтижесінде №1 қазба учаскесінде жаңа тұрғын бөлмелер ашылып, кешеннің құрылысында маңызды рөлді негізгі қабырғалар атқарғандығы және олардан әр түрлі бағытта (шығыс және батыс) екі немесе үш бөлмелі тұрғын үйлер орналасқандығы туралы болжамымыз расталып отыр. Цитадельдің солтүстік бекініс қабырғасында диаметрі 6 м-ден 7 м-ге дейін жететін 5 шығыңқы мұнаралар аршылып, цитадельдің солтүстік қабырғасында ұзындығы – 94 м болатын бөлігі тазартылып, қайта қалпына келтіру жұмыстарына дайындық жүргізілді.

Қала аймағында №7 қазбада 300 м<sup>2</sup>-ге жуық аумақта қазба жүргізілді. Мерзімделуі екі түрлі кезеңге тиесілі бекініс қабырғалар аршылды. Сондай-ақ, ерте кезең қабырғасына ішкі жағынан іргелес орналасқан тұрғын-жай фрагменттері аршылды.

Ашық аспан астындағы музейлендіру барысында профилактикалық тұмшалау жұмыстарының нәтижесінде №1 және №2 қазба нысандарында аршылған архитектуралық құрылыстар тұрғын үй мен мұнаралар жергілікті халық тұтынатын қолжетімді құрылыс материалдары үш қабатты сылақпен: «қарабатпақ», сабан қосылған топан және күріш кебегі қосылған топанмен сыланып жүр бұл ашылған нысандарды ұзақ уақытқа дейін сақтау және облыс аудан туристеріне ұсынылып отыр.

Қазба аумағында ағаш материалдардан жасалған уақытша жол мен нығайту құрылыстары салынып келеді. 2022 ж. табылған археологиялық материалдарды талдау нәтижелері негізінен жапсырмалы әдіспен дайындалған керамикалық ыдыс-аяқ түрлері басым екенін көрсетті.

Қазіргі таңда соңғы қазба жұмыстары барысында ортағасырлық Жанкент ескерткішінің шамамен 450 м<sup>2</sup> аумағы зерттелді. Келесі 2023 ж. шаруашылық-тұрғын үй кешенінде (№1 қазба), шығыс қақпасында (№7 қазба) және ескерткіштің цитаделінің батыс қорғаныс қабырғасында қазба жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.

Қазіргі таңда Жанкент қаласының «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» және Сыр өңірінің қасиетті орындар жобасы аясында "жалпыұлттық қасиетті нысандар" тізіміне енгізілген (Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар, 2019). 2019 жылы қалашықтың аумағы толық қоршалып, қалаға кіре беріс жерге «JANKENT» стеласы орнатылған. Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұра объектілерінің 3D форматтағы интерактивті (www.virtualmar.kyz) картасында қалашық туралы ақпарат енгізілген. QR-код тақтайшасы орнатылған. Қазіргі таңда Жанкент қаласы Қызылорда облысы аумағында орналасқан туристік нысан ретінде қызметін жүргізіп келеді. Жанкент қаласындағы археологиялық зерттеулер Қорқыт Ата университетінің ғалымдарымен бірнеше конференцияларда шетелдік ғылыми журналдарда жарияланып жүр. Қазіргі жан жағы қоршалған Жанкент қаласы болашақта зерттеу жастарды отанға деген сүйіспеншілік пен ескіге деген ұқыптылық қатынастарына балуды мақсат тұту керек.

### Әдебиеттер тізімі

Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX–XIII вв. – Ашхабад: Ғылым, 1969. – 294 с.

Аржанцева И. А., Зиливинская Э. Д., Караманова М. С., Рузанова С. А., Уткельбаев К. З., Сыдыкова Ж. Т., Билалов С. У. Сводный отчет об археологических работах на городище Джанкент в 2005–2007, 2009 гг. Кызылорда: «Компас Кызылорда», 2010. 162 с.

Байпаков К.М. Средневековые города на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 с.

Байпаков К.М., Воякин Д.А., Ильин Р.В. Города Хувара и Янгикент – старая и новая столицы государства огузов // Вестник МИЦАИ. – 2012. – Вып. 16. – С. 22–44.

Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. Итоги археологических исследований на городище Джанкент (2010-2017 гг.) // «Рухани жаңғыру және археологиялық мұра. Марғұлан оқулары – 2018». Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. – Алматы – Ақтөбе, 2018. – 639 б / «Марғұлановские чтения – 2018. Духовная модернизация и археологическое наследие». Сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Алматы – Ақтөбе, 2018. – 639 с.

Воякин Д.А. Жанкент қаласы // Қазақстанның киелі орындарының географиясы // Табиғат, археология, этнография және сәулет өнері нысандарының тізілімі. Жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА академигі Байтанаев Б.Ә. Алматы: Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. 1- шығарылым. 504-507 бб.

Зиливинская Э.Д. Очаги жилого комплекса на городище Джанкент // Известия НАН РК. Сер. обществ. и гум. наук. – 2013. – № 3 (289). – С. 84–93.

Сыдыкова Ж.Т. Место Джанкента в средневековой Истории Приаралья: Огузы и их города по средневековым письменным источникам // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). Алматы: Издательство «Арыс», 2014. С.11-15

Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар // жоба авторы: С. Қосан; жауапты редактор: А. Жұмабекқызы. – Қызылорда : «Тұмар» баспасы, 2019. – 432 б. : суреттер, аудиожазба. – (Рухани жаңғыру).

Толстов С.П. Города гузов // СЭ. – 1947. – № 3. – С. 55–162.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Наука, 1962. – 322 с.

Naruda A.F., Ventresca Miller A.R., Pajmans J.L.A., Barlow A., Tazhekeyev A., Bilalov S., Hesse Y., Preick M., King T., Thomas R., Härke H. & Arzhantseva I. The earliest domestic cat on the Silk Road // Scientific Reports (2020) 10:11241 <https://doi.org/10.1038/S41598-020-67798-6>

### **Изучение неолитических памятников Павлодарского Прииртышья (историографический аспект)**

Изучение неолитических памятников на территории Павлодарского Прииртышья предоставляет возможность узнать особенности быта, орудий труда, посуды, украшений и оружия жителей этого региона.

Исследование неолитических памятников на территории Павлодарского Прииртышья дают большой материал о развитии технологий обработки камня и изготовления керамики и их типологических особенностей.

Здесь пока отсутствуют признаки производящей экономики. Как известно в Павлодарском Прииртышье, как и во всем Казахстане не в полной мере проявлялись классические признаки проявления неолитической революции. (Захаренко и др., 2003: 20).

Большинство стоянок и местонахождений эпохи неолита на территории региона еще не изучено. Это в основном памятники с не сохранившимся культурным слоем. Поэтому исследования будут еще продолжаться и остаются актуальными.

Цель статьи – сделать историографический обзор и дать общее представление о неолитических памятниках в целом, рассмотреть проблемы изучения памятников археологии и вопросы историографии. Среди задач необходимо выделить следующие: какова связь культур этого региона с тельманскими памятниками атбасарской культуры Северного Казахстана; исследование проблемы связи с памятниками Западной Сибири, ведь еще с эпохи камня огромна роль территории Павлодарского Прииртышья в развитии Западной Сибири; рассмотреть отличия ранне и поздне-неолитических материалов; рассмотрение аналогий данным памятникам, как археологи связывают и какие проводят аналогии с материалами Юго-Западного Алтая, со стоянками оюклинской культурой Восточного Прикаспия и др. Поскольку это очень важно, например проводя аналогии изделий одного из памятников с другими североказахстанскими памятниками Явленка 7, Виноградовка 10 и 12, и памятниками оюклинской культуры Восточного Прикаспия, с которыми также видится связь атбасарских памятников. Это говорит о распространении в данный период на территории северной части степной и лесостепной зоны Казахстана и сопредельных регионов комплексов атбасарского типа, которые составляли самостоятельную этнокультурную область (Мерц, 2019: 58). А также рассмотреть: какие методики применяют археологии при раскопках памятников эпохи неолита.

Следующим вопросом является анализ вклада Л.Т. Яблонского в изучение антропологического облика населения Павлодарского Прииртышья на рубеже неолита-энеолита по костным остаткам из Шидерты.

На основе изучения работ В.К. Мерца, Л.А. Чалая, Л.Л. Гайдученко мы сделаем обобщающие выводы об истории исследования этих памятников.

Историография самого края начинается в XVIII веке и оформляется в середине XIX века, в 50-х годах XX века появляются обобщающие работы. А первые сведения о неолитических памятниках были собраны только в конце 20-х годов XX века.

Рассмотрим в целом историю исследования и дадим в общем представление о памятниках на примере материалов со стоянок Шидерты 3 (ранний неолитический комплекс - VI тыс. до н.э., памятники среднего неолита - V тыс. до н.э., памятники позднего неолита V- начало IV тыс. до н.э.), Пеньки 1, которая датируется в пределах V-IV тыс. до н. э., Телектес (конец III-го- начало II-го тыс. до н.э) и Железинского могильника (по керамике -поздний неолит-энеолит).

Как известно, еще в 1916 г. были переданы неолитические каменные орудия в музей Сибирского отдела РГО, которые нашел и собрал А.С. Сорокин на берегу озера Шарбакты. А уже в конце 1920-х были собрана информация о памятниках эпохи неолита в результате исследований Драверта, сборов материала, которые он провел на берегу оз. Жасыбай (Мерц, 2019: 44).

В середине 50-х годов были собраны первые материалы, происходящие из древнейших погребений, а именно из неолитического могильника у села Железинка. Когда строили канал Иртыш-Караганда, были обнаружены группы стоянок голоценовой эпохи (послеледниковой эпохи). А. Г. Медоев изучая эти памятники, предположил, что в Левобережном Прииртышье

существовали культуры микролитов и карасорской культуры, представленной некой макроиндустрией (Мерц, 2019: 44).

В 1970 году в северо-восточной окраине проводились раскопки стоянок неолита и энеолита Пеньки 1 и 2. Стоянка Пеньки расположена в 5 км к юго-западу от с. Жанажулдыз Железинского района. Материалы с этих стоянок имеют сходство с железинскими. (например, керамика со стоянки Пеньки 1 имеет полную аналогию с керамикой из Железинского могильника). Стоянка Пеньки 1 изучалась экспедицией МГУ под руководством Л.А. Чалой. Она датируется в пределах V-IV тыс. до н.э. (Мерц, 2019: 62). Данные стоянки по большей части были вскрыты ветровой эрозией, но по мнению, Л. А. Чалой, писавшей в 1970-х годах в своей статье, разрушение произошло недавно, о чем говорит остатки культурного слоя и непереотложенность материала. Площадь участка с находками 70x180 м. Собираение подъемного материала производилось поквратно, что позволило точно зафиксировать весь материал на плане. На составленном плане было показано залегание материала, для чего площадь была разделена на три участка: северный, средний и южный. На плане было отмечено: северном участке больше всего кремневых изделий, на среднем участке - керамики, на южном находок мало. Анализ материала позволил рассматривать северный участок как стоянку неолитического времени; средний участок — эпохи неолита, ранней бронзы. Территория северного участка или стоянка Пеньки 1 занимала площадь 70 x 70 м. Большая часть инвентаря из культурного слоя представлена каменной. Сырье- кремнь белого цвета, светло-серого; уральская яшма и кремнистый сланец. В целом, на этом участке найдено 2820 экземпляров кремневой индустрии. На остальной территории стоянки материал был обнаженным. Коллекция состоит из 3127 каменных образцов. Среди сколов-заготовок процент отщепов выше, чем процент пластин. Однако среди изделий преобладают изделия из пластин. Поэтому технику данной стоянки можно назвать пластинчатой, а памятник отнести к микролитической культурной зоне (Чалая, 1972: 163-164, 168).

В инвентаре стоянки пластины составляли примерно 66% изделий. Типологический состав орудий – пластины с притупленной спинкой, пластины со скошенным концом, симметричные, в том числе рогатые трапеции и другие орудия довольно характерны для эпохи неолита. Л.А. Чалая обращается за аналогиями к 4-му слою пещеры Джебел (Гребенюков, 2008: 72).

По мнению Л.А. Чалой, общий высокий процент изделий из пластин и наличие в материале трапеций, пластин с выемками, с притупленной спинкой и со скошенным ретушью концом сближает этот комплекс с инвентарем 4-го слоя Джебела, датируемого IV тыс. до н. э. Однако наличие двусторонне обработанных наконечников стрел, миниатюрных дисковидных скребков, ножей с двусторонней краевой ретушью склоняет ученых к тому, что надо отнести его ко времени существования обитателей 3-го слоя и датировать III тыс. до н. э.

Но в данном случае не учли возможность перемещения материала, ведь стоянка была в основном разрушена. И с аргументом о непереотложенности материала был не согласен В. Ф. Зайберт. Мысль о непереотложенности материала влияла на конечные выводы. Большую роль в этом случае, по мнению В.Ф. Зайберта, сыграло то, что нет критериев выделения «чистого» комплекса. Но это не совсем верно по мнению других исследователей. Немалую роль играл обобщенный подход к типологическим сопоставлениям.

Например, Л.А. Чалая проводила аналогии, совпадения материалов стоянки Пеньки I с инвентарем стоянки Кават 7. Среди изделий этих стоянок большую группу составляют скребки из отщепов, соответственно 560 и 148 экземпляров. Как известно, скребки сами по себе не являются хронологическими показателями типами орудий. Доля их в инвентаре двух стоянок была неодинакова: Кават 7 – примерно 15%, Пеньки I – около 25%.

В.Ф. Зайберт в свое время, говорил о возможно более древнем возрасте стоянки Пеньки 1. То, что в материалах стоянки Пеньки I совсем нет кельтеминарских наконечников, возможно говорит о большей древности стоянки, чем материалы IV слоя пещеры Джебел, где эти наконечники есть и залегают совместно с трапециями. То есть в отличие от Джебела на стоянке Пеньки 1 не нашли наконечники кельтеминарского типа. Трапеции в материалах стоянки Пеньки I, в том числе рогатые и со слегка выраженной асимметрией, предполагают параллель со слоем V и со слоем Va пещеры Джебел. То, что надо удревить материалы стоянки Пеньки указывает характер ретуши некоторых трапеций стоянки, что говорит о более раннем периоде, чем 3 тыс до н.э. Потому что они ретушированы способом, характерным для комплексов эпохи раннего неолита. Анализируя керамику пеньковской стоянки, Л.А.Чалая предложила схему развития орнаментации и отмечала преемственность в формах сосудов. На раннем этапе преобладают волнистые и прямые линии, которые потихоньку превращались в зигзагообразную.

В поздний период, господствует зональное членение орнамента. Возникновение и последующий процесс развития сосудов проходил по схеме от остро-круглодонных к плоскодонным.

Орнаментальные композиции становились сложнее, что говорит развитию керамического производства. Появление плоскодонной посуды связано с тем, что происходило оседание подвижных охотников, рыбаков и собирателей (Гребенюков, 2008: 72).

Исследованиями ПАЭ (В.К. Мерц) было выяснено, что памятник это не две стоянки Пеньки 1 и 2, а одна, имеющей разновременные слои. Сделана коррекция хронологии памятников, относимого Л.А. Чалой к 3-му тыс. до н.э. По аналогиям со стоянкой Шидерты 3 комплексы неолита Пеньки датируются 5- начало 4 тыс. до н.э., комплексы эпохи энеолита - второй половиной 4 – начало 3 тыс. до н.э. Материалы сборов этой экспедиции в Центре археологических исследований ПГУ имени С. Торайгырова. Местонахождение коллекций находок, собранных Л. А. Чалой, к сожалению, не известно (Камалова (отв. ред.), 2010 :430).

В 1976 г. открыта стоянка Телектес. Она находится в Лебяжинском районе Павлодарской области и располагается в 400 м к северу от с. Телектес. Инвентарь собирался Л.Л. Гайдученко совместно с краеведом В.П. Полозовым на дне пяти котловин выдувания. Находки распределены во всех котловинах. В котловине, расположенной близко к кромке берегового обрыва, исследователями было обнаружено скопление отщепов и обломков. И еще нашли интересную находку выпрямилку из гальки. Прослеживается незначительная переотложенность, а где-то даже отсутствие таковой. Для расследования стратиграфии они заложили шурф и произвели зачистку стенки котловины, которая ближе к берегу.

В береговом обрыве, в 1,8 м западнее шурфа, мощность светло-бурых песков от 1,8 до 2,3 м. Они налегают на средне- и крупнозернистые пески, которые в некоторых местах ожелезненны и содержат верхнепалеоценовую фауну.

Мощность культурного слоя от 2 до 5 см, не богатый инвентарем, говорит о том, что люди здесь жили не продолжительное время. Несмотря на малое количество инвентаря понятно, что ее обитатели владели технологией изготовления керамики и обработкой камня (Гайдученко, 1979: 235-236, 239). В целом, всего с обнаженной поверхности и шурфа собрано 128 предметов- 117 и 11.

Керамика представлена двумя фрагментами. сосудов Один фрагмент — это обломок венчика. Венчик чуть-чуть отогнут наружу. У горловины – орнамент в виде вертикальных черточек, расположенных близко к другу к другу. А второй – это обломок тулова горшка. Орнамент представлен в виде параллельных черточек, которые образуют ряды вокруг тулова. Из-за того, что фрагменты маленькие, незначительные их форму выяснить не удалось (Гайдученко, 1979: 238-239).

Кости животных, которые нашли здесь, тоже фрагментарны, их было трудно определить. Исследователями установлено, что, возможно эти кости принадлежали крупным животным таким как быки, лошади. Кости, которые принадлежали бы животным поменьше не нашли (Гайдученко, 1979: 239).

Новые исследования по неолиту появились лишь в конце 80-х годов, когда изучались Экибастузский археологический комплекс: стоянки-мастерские, поселения эпохи камня, и другие памятники в начале 1990-х (Мерц, 2019:44).

На данный момент в регионе обнаружено около ста стоянок и местонахождений эпохи неолита, большинство из них еще не изучено. По большей части это памятники с несохранившимся культурным слоем. Наибольшее представление о неолитических культурах Павлодарского Прииртышья дает стоянка Шидерты 3, которая показывает развитие неолитических культур на территории региона в эпоху раннего, среднего, позднего неолита (Мерц, 2019: 44). Данная стоянка находится в 7 км к юго-западу от станции, на первой надпойменной террасе левого берега реки Шидерты.

Стоянка Шидерты 3 изучается Павлодарской археологической экспедицией изучалась с 1989 по 2009 гг. А обнаружена была в 1988 году разведочным отрядом ПАЭ. Ее исследованием занимался Виктор Карлович Мерц. В 1989 году был заложен шурф. Он показал наличие культурных отложений культурных отложений мощностью 840 кв. м площади стоянки (Камалова и др., 2010: 223).

Известно, что данная стоянка изучалась по программе «Культурное наследие», по которой в 2005 году на ней проводились исследования.

Стратиграфия стоянки Шидерты 3 отражает палеоклиматическую ситуацию в эпоху голоцена, а находки – последовательность развития каменных индустрий и культур в регионе в эпоху мезолита – энеолита, в том числе неолитические комплексы.

Коллекция находок и материалы исследований хранятся в центре археологических исследований ПГУ имени С. Торайгырова (Камалова и др., 2010: 225).

Ранний неолитический комплекс с керамикой и пластинчатой индустрией представлен находками 3-го культурного слоя. Данные материалы датируются VI тыс. до н.э. Типологическую особенность представляют: плоскостные, конические, призматические и реже клиновидные нуклеусы с фасетированными ударными площадками. Преобладают скребки на отщепках. В данном комплексе нет двусторонне обработанных изделий. Впервые были для раннего неолита получены образцы толстостенной керамики черного цвета, без орнамента, с округлым дном и прямым венчиком. Памятники среднего неолита датируются V тыс. до н.э. Период среднего неолита представлен материалами слоя 2а стоянки Шидерты 3. Слой содержит микропластинчатую индустрию. Комплекс представлен множеством конических нуклеусов для микропластин (Мерц, 2019: 46, 54-55). Теперь надо рассмотреть исследования аналогий неолитическим памятникам Павлодарского Прииртышья. Здесь существует проблема происхождения комплексов, исследования контактов с другими народами. Например, слой 3 памятника Шидерты 3 имеет аналогии в памятниках различных регионов. В целом он близок материалам, найденным на стоянках Тельмана 7, 8, 9, 14, стоянок Казахстанского Притоболья и Южного Урала. Касательно происхождения этого комплекса и тельманских памятников археологи отмечают их близость раннему неолиту Хорезма и Среднеазиатского междуречья, где тоже не было ассиметричных наконечников стрел (Мерц, 2019: 50).

Слой 2а шидертинского памятника отличается своим комплексом от других слоев. Отличается появлением двусторонне обработанных орудий в виде овальных бифасов и наконечников стрел на отщепках. Для данного комплекса не характерны геометрические микролиты и являются исключением. В связи с этим непонятно наличие в тельманских стоянках симметричных и отсутствие ассиметричных трапеций. Видимо материалы тельманских стоянок смешанные и разновременны. Появление в этом слое бифасных наконечников стрел и на пластинах, вкладышей, говорит о переходе к позднему неолиту. Аналогии эти изделия находят в памятниках оюклинской культуры Восточного Прикаспия (Мерц, 2019: 56-58).

Этап завершения развития этих индустрий в регионе представлен материалами слоя 2, связанного с погребенной почвой «Б», намечающий временные пределы существования пластинчатых индустрий и переход на отщепно-бифасную технологию. Там представлены конические нуклеусы, концевые и боковые скребки, двусторонне обработанные вкладыши, наконечники на отщепках. Керамику и иные элементы материальной культуры, которые связаны с этой индустрией, выявить не удалось. Аналогии этому комплексу каменных орудий можно найти в памятниках позднего неолита – раннего энеолита Юго-Западного Алтая и Казахстанского Правобережного Прииртышья. Например, на стоянке Шарбакты 1, где собрана коллекция аналогичного каменного инвентаря, но еще и с керамикой. Данный комплекс, в отличие шидертинского, рассматривается как закрытый, без инородных примесей. (Мерц, 2019: 60-61).

Теперь поговорим о неолитических погребениях. Нужно упомянуть и о погребениях из могильника у села Железинка.

Его обнаружили жители села Железинка. А обследован он был основателем Павлодарского историко-краеведческого музея – Д.П. Багаевым. Д.П. Багаев дал описание железинским находкам. Он нашел фрагмент керамики и три целых глиняных сосуда баночной формы со сферическим дном ручной лепки (Камалова и др., 2010: 415).

В 1955 г. около с. Железинка в овраге на глубине 0,6 м от поверхности земли обнаружены остатки захоронения. Вместе с костями человека найдены такие предметы: три сосуда баночной формы и обломок боковины сосуда. Сосуды имели сферическое дно. Сделаны из серого дресвяного теста. Тулово у первого сосуда покрыто параллельными рядами оттисков гребенчатого штампа, которые были сделаны вдоль тулова. В центре дна круглая розетка: рядов оттиска того же штампа. По краю сосуда, и где тулово переходит к дну, и по центру дна – пояски из круглых углублений, нанесённых острой палочкой. Тулово второго сосуда покрыто идущими поперёк ровными рядами поясков, нанесённых гребёнкой. Орнаментация третьего сосуда отличается, она сложнее. Сосуд покрыт чередованием параллельно идущих волнистых и прямых поясков гребенчатого штампа поперек тулова, перемежающегося с прямоугольными и круглыми ямками. Также найдено пять костяных наконечников стрел. Самые крупные из них имел длиннее черенок,

прямоугольный в сечении. Еще нашли пять листовидных наконечников стрел из кварцита и камня и костяная накладка серповидной формы на лобной части черепа, ожерелье из просверленных зубов хищных животных, две фаланги кулана, окрашенные охрой и 14 круглых пластинок, сделанные из раковин, возможно это остатки ожерелья. Судя по аналогиям с памятниками неолита Сибири, захоронение у села Железинка относится к эпохе неолита (Агеева, Максимова, 1959: 33-3). Описания данным находкам дали Е.И. Агеева, А.Г. Максимова. По керамике, имеющая аналогии с находками со стоянки Пеньки 1, могильник можно датировать эпохой позднего неолита -энеолита и отнести к среднеиртышской или екатерининской культуре, в их погребениях встречаются подобные наконечники стрел. Украшения из клыков кабана и раковин использовались также обитателями Западной Сибири и Прибайкалья (Мерц, 2019: 68). Памятник показывает нам погребальный обряд и материальную культуру жителей Прииртышья в эпоху неолита и более позднее время. Коллекцию находок сейчас можно увидеть в Павлодарском историко-краеведческом музее имени Г.Н. Потанина (Камалова и др., 2010: 416).

Шидертинское погребение располагалось в центральной части стоянки, в основании энеолитического слоя, его относят как к позднему неолиту, так и к энеолиту. Погребение было раскопано в 1991 году. Здесь нашли каменную кладку, перекрывающую поверхность могилы. Могила имела вытянутую форму. В могиле обнаружены кости человека, у которого голова на юго-восток, кости рук были вытянуты вдоль тела. Дно могилы имело вогнутую поверхность с уступами под головой и ногами, из-за чего они были выше таза на 15-20 см. Такая форма могилы, похожая на лодку и то, что она ориентировалась вдоль русла реки, делалась преднамеренно и имеет объяснение по аналогии с погребениями в могильнике Бузан 3 в Западной Сибири (Мерц, 2019: 68-69). Погребение датируется серединой-второй половиной 4 тыс. до н.э.

Л.Т. Яблонский сделал пластическую реконструкцию внешнего облика погребенного человека из Шидертинского погребения. Череп был найден в 1991 году. Автор реставрации – К.Н. Солодовников. Измерение черепа, определение пола и возраста проводилось по общепринятой в российской антропологии методике. Графическое и скульптурное восстановление мягких тканей головы осуществлялось по методу М.М. Герасимова. Известно, что состояние облитерации швов черепа свидетельствует о том, что этот человек умер в возрасте 18-30 лет. В соответствии с картиной состояния зубов возраст этого человека около 25 лет. По большинству диагностических признаков череп принадлежал мужчине. Он был смешанного антропологического типа. При очень сильно выступающем носе (33°) и некоторых европеоидных признаков на лице признаки, присущие для монголоидной расы, в частности брахикrania. Череп умершего типологически вписывается в группу приуральских и западносибирских находок. Положение памятника Шидерты указывает на то, что южные границы ареала этой группы популяций надо отодвинуть до территории Павлодарской области (Яблонский, 2002: 44, 46-47, 54, 60).

*Заключение.* Материалы стоянки Шидерты 3 и других памятников Северо-Восточного Казахстана наглядно показывают эволюцию пластинчатых индустрий от средних размеров с обилием вкладышей с притупленной спинкой и торцом, пластин с выделенной головкой, скребков на отщепах на раннем этапе. В это же время появляется керамика, а дальше происходит переход к более микролитовидной индустрии, появляются специфические резцы на крупных пластинах. А на позднем этапе пластинчатые изделия делают крупнее и становятся больше бифасов и изделий из отщепов.

Рассматривая историю исследований по В.К. Мерц, мы узнаем, что она начиналась с собранных коллекций и часто сбором подъемного материала, затем последовали исследования, гипотезы и в итоге мы видим большое количество аналогий и различий и по этому поводу появляется много вопросов, которые приводили ученых к различным предположениям.

Внимание к этнографическим трудам и рукописям в Казахской автономии было не случайным, это доказывается работой Академического центра. В КАССР в 1927 году состоялось обнаружение ценных рукописей авторов дореволюционного периода, о казахах, составленных русскоязычными исследователями. Об этом сообщается в выписке из протокола научного и научно-методического совета Казнаркомпроса от 29 января 1927 года под председательством Джулдыбаева. Дело в том, что в фондах географического общества были найдены рукописи Казанцева «О киргиз-кайсаках» объемом 204 страницы (1856 г.) с картами и Андреева «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» (1786 г.). Докладчик Джулдыбаев считал, что «обе рукописи нужно переписать по современной орфографии – в особенности Андреева, т.к. она написана в славяно-русской транскрипции» (ЦГА РК. Ф.693. Оп.1 Д.83 Л.23). Постановили предложить Обществу изучения Казахстана издать обе рукописи за свой счет, как «особо ценные материалы». И далее: «поручить А.Н.Букейханову редактировать их, снабжая соответствующими материалами» (Там же. Л.23). Здесь невольно возникает вопрос, насколько Букейханов в 1927 году имел свободу коммуникаций с Казахстаном. Заседание нашло выход, по-видимому, для передачи ему переписанных рукописей через профессора Швецова С.П., который вначале должен был переписать рукописи, затем - получить разрешение от Совета Географического общества на печатание обеих книг. В документе указан адрес проживания Швецова: Ленинград, петроградская сторона, ул. Калинина, 11, кв.12. На расходы по переписке книг, было поручено Обществу

изучения Казахстана перечислить Шевцову в виде аванса 100 рублей. (ЦГА РК. Ф.693. Оп.1 Д.83 Л.23)

Новизна содержания выявленного источника заключается в идентификации факта того, что лидера Алаш привлекали в качестве эксперта по истории и этнографии края, для потенциального редактирования найденных исторических рукописей и книг члены Акцентра обращались к А.Н.Букейханову. Это – любопытная находка, которая ранее не встречалась и нуждается в детальном изучении редакторского вклада лидера Алаш в издании ценных книг по истории казахского народа.

Существуют довольно полярные мнения о времени открытия ВУЗа (Университета) в Казкрае и качестве первых учебников; недостаток источников привел в свое время к игнорированию роли Алаш в этом процессе (их именовали в советское время – «спецы», «беспартийные», «оқығандар»). Действительно, был период взаимного отчуждения между казахскими коммунистами и алашевцами в 1920 годы, однако затем лед растаял и сотрудничество продолжилось вплоть до начала арестов в 1929 году.

Сложный и противоречивый процесс становления национальной научно-педагогической методической мысли важно реконструировать, в целях обобщения опыта предшествующих поколений в познании многовековой казахской культуры.

Создание Казахской автономии в 1920 году в историографии довольно примитивно представляется однобоко, как формирование правительства, которое принимало определенные декреты. Между тем государственный аппарат формировался в части создания органов правопорядка, а кадры готовились на месте, их приходилось обучать основам наук. И что любопытно, специфика казахского быта и казахского языка учитывались и в обозначенной отрасли просвещения.

Этнография как важнейший аспект изучения особенностей Казахского края, в 1920 годы был введен в курс подготовки будущих кадров для НКВД, Наркомюста и ЧК\* (ЦГА РК. Ф. 27. Оп. 1. Д.2. Л. 67). (Текст публикуется в Приложении). Об этом становится известно при изучении архивов Военно-Политических курсов (далее – ВПК), которые были открыты в Оренбурге летом 1921 года. Для обеспечения общественного порядка требовались грамотные, тренированные работники, в связи с чем имела место официальная переписка (июль 1921) между начальником курсов Гурвичем, с одной стороны, и – народным комиссаром просвещения А.Кенжиным, с другой. В результате, последний предоставил в распоряжение ВПК здание с мебелью. Однако трудности этим не были исчерпаны. Выяснилось, что нет преподавателей с казахским языком, для обучения казахов-курсантов.

Пришлось срочно искать преподавателей со знанием казахского языка. Беремжанов Ахмет был назначен заведующим кир(казахским) отделением (ЦГА РК. Ф. 27. Оп. 1. Д 13.Л. 412 об.). В профессорско-преподавательском составе курсов встречаются фамилии казахов, деятелей Алаш - Бегимбетов Насангали (Нысангали) Умбетович значится профессором, его фамилия есть в списках на получение продуктов. Время было тяжелое, курсанты и педагоги были поставлены на довольствие. Таким образом казахское отделение на курсах начало функционировать (ЦГА РК. Ф. 27. Оп. 1. Д 13.Л. 313).

Попутно решались вопросы обеспечения питанием и обмундированием, что зачастую привлекало на курсы аульчан, в годы массового голода. Программа ВПК была рассчитана на 6 месяцев, набор составлял до 300 человек. Государство брало на себя трудоустройство выпускников: в органах ЧК, НКВД и НКЮста (ЦГА РК. Ф. 27. Оп. 1. Д.2. Л. 45 об.). Часть курсантов ВПК после успешного завершения учебы переводилась в Совпартшколу для дальнейшего обучения и трудоустройства.

Другой документ, освещающий деятельность Общества «Талап», призванного направлять просветительскую работу казахской интеллигенции в Туркестане (Ташкент), обнаружен нами в ЦГА РК. (ЦГА РК. Ф. 693. Оп. 1. Д. 15. Л.27). Полный текст публикуется ниже (см. Приложение).

Историко-этнографическая специализация «Талапа» не вызывает сомнений. Это отражено уже в самом факте присутствия фамилии А.Диваева под текстом устанавливающего документа общества. Известно, что Устав «Талапа» содержит оригинальные подписи: Джаленов Карим, Жумабаев Магжан Бекенович, Архангельский Николай, д-р Досмухамедов Халиль, Шмидт Александр, Диваев Абубакр (ЦГА РК. Ф. 693. Оп. 1. Д. 15. Л.28-30).

Один из Протоколов заседания правления Общества датирован маем 1923 года, до размежевания, что позволяет рассматривать его как источник по истории Алаш. Из других документов, отложившихся в деле, следует, что большую активность проявлял М.Есполов

(Испулов) в качестве заместителя председателя, часто отсутствовавшего Х.Досмухамедова. Обществом были созданы тематические комиссии, изучавшие конкретные вопросы, например, в протоколе заседания от 24 февраля 1923 упоминается «комиссия по изучению положения женщин в Жетысу». В ее состав вошли: Дж.Досмухамедов, М.Ауэзов, С.Акаев, Ак.Дошанова, А.Мангельдин). Планировалась экспедиция в Семиречье. (ЦГА РК. Ф. 693. Оп. 1. Д. 15. Л.36). Талаповцы проявили гражданское самосознание, объединились с целью научного изучения богатого культурного наследия казахов, находили время для экспедиционного обследования края. Опыт интеллигенции Алаш бесценен, таким образом были сохранены уникальные образцы устного народного творчества и музыкальной сокровищницы. На одном из заседаний был рассмотрен вопрос о чтении благотворительной лекции, с целью сбора средств в поддержку казахского студенчества в Берлине. Тема лекции «Историческое развитие учения о бехаизме» (бехаизм – светское течение в исламе, нашедшее поддержку в Персии со стороны предпринимателей) обращает на себя внимание, как экскурс в историю и этнографию Ирана. Прочтение ее решено было пригласить профессора Н.Ф.Успенского и содокладчиком – С.Асфендиярова (ЦГА РК. Ф. 693. Оп. 1. Д. 15. Л.27).

Внимание к этнографическим трудам и рукописям в Казахской автономии было не случайным, это доказывается работой Академического центра. В КАССР в 1927 году состоялось обнаружение ценных рукописей авторов дореволюционного периода, о казахах, составленных русскоязычными исследователями. Об этом сообщается в выписке из протокола научного и научно-методического совета Казнаркомпроса от 29 января 1927 года под председательством Джулдыбаева. Дело в том, что в фондах географического общества были найдены рукописи Казанцева «О киргиз-кайсаках» объемом 204 страницы (1856 г.) с картами и Андреева «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» (1786 г.). Докладчик Джулдыбаев считал, что «обе рукописи нужно переписать по современной орфографии – в особенности Андреева, т.к. она написана в славяно-русской транскрипции» (ЦГА РК. Ф.693. Оп.1 Д.83 Л.23). Постановили предложить Обществу изучения Казахстана издать обе рукописи за свой счет, как «особо ценные материалы». И далее: «поручить А.Н.Букейханову редактировать их, снабжая соответствующими материалами» (Там же. Л.23). Здесь невольно возникает вопрос, насколько Букейханов в 1927 году имел свободу коммуникаций с Казахстаном. Заседание нашло выход, по-видимому, для передачи ему переписанных рукописей через профессора Швецова С.П., который вначале должен был переписать рукописи, затем - получить разрешение от Совета Географического общества на печатание обеих книг. В документе указан адрес проживания Швецова: Ленинград, петроградская сторона, ул. Калинина, 11, кв.12. На расходы по переписке книг, было поручено Обществу изучения Казахстана перечислить Шевцову в виде аванса 100 рублей. (ЦГА РК. Ф.693. Оп.1 Д.83 Л.23)

Новизна содержания выявленного источника заключается в идентификации факта потенциального редактирования найденных исторических рукописей и будущих книг А.Н.Букейхановым. Это – любопытная находка, которая ранее не встречалась и нуждается в детальном изучении редакторского вклада лидера Алаш в издании ценных книг по истории казахского народа. Как признанный лидер мнения передовой национальной интеллигенции, Алихан Букейханов привлекался к экспертной работе, его мнение было важным при оценке исторической и научной ценности рукописей по истории казахского общества. Обнаруженные источники за 1927 год проливают свет на эти, малоизвестные страницы его научной биографии. Источники из фондов РГАЭ (Российский Государственный архив экономики, Москва) подтверждают востребованность знаний Букейханова при национальном размежевании; так, в ноябре-декабре 1923 года он присутствовал на совещаниях Кирсекции Госплана в Москве и делился ценными справками по вопросам казахского хозяйства (РГАЭ. Ф. 4372. Оп. 15. Д. 303. Л. 23, 32). На совещаниях секции районирования Киргосплана в октябре-декабре 1923 года были заслушаны доклады зам.председателя Госплана КазАССР Смагула Садвокасова по вопросам национального районирования, где требовались знания демографии и специфики хозяйствования казахов (РГАЭ. Ф. 4372. Оп. 15. Д. 303. Л. 33. Ф. 4372. Оп.15. Д. 464. Л. 1-35).

Примечательный факт: при вынужденном увольнении Садвокасова Смагула с должности ректора Казпедвуза в Ташкенте, в своем письменном заявлении он просил Казкрайком оставить его в вузе и указал тот фронт работ, где быгодились его познания. Его устраивала на тот момент должность председателя Краеведческого Бюро при Казпедвузе, которая высвобождала время для творческих занятий по написанию учебников, как сам Садвокасов объяснял. Эта запись в весьма сложный для него период показывает, как ценил он возможность отстраниться от

руководящих должностей и окунуться в создание учебников и посвятить себя научно-педагогической и исследовательской работе.

Тема качественных учебников поднималась им неоднократно. Например, в 1926 году в ходе заседания Бюро Казкрайкома партии от 17 ноября 1926 года, был заслушан доклад адмсоцкультсекции НКРКИ КССР «По обследованию Казнаркомпроса». Стенографический отчет заседания интересен как борьба мнений (Голощекин, Джандосов, Морозов, Смирнягин, Байдильдин vs Садвокасов, Татимов и Нурмаков) (АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 490. Л. 114 - 137 об.). Морозов в тот период возглавлял наркомат РКИ, Смирнягин был его заместителем. Татимов руководил Казнаркомтруд, Мурзагалиев - Казнаркомфином (АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д.1040. Л.148). Наметилось противостояние в вопросе об Акцентре, который был переименован в Научно-методический Совет. Тенденция искоренения названий с приставкой «Ак» в тот период (газеты «Ак жол», Акцентра) наводит на мысль о превратном толковании перевода слова «ак» как противостояния «кызыл» - красный, т.е. большевистский. Хотя, по сути, Акцентр был аббревиатурой от «Академический центр».

Садвокасов четко выразил свою позицию в отношении критики учебников, авторами которых были «некоммунисты», что подразумевало принадлежавших в прошлом к Алаш. Проблема была актуальной, однако ей придавали политическое значение, что мешало работе: «По вопросу об учебниках я неоднократно здесь говорил и неоднократно говорил со многими товарищами, что пока мы казахскую национальную школу не снабдим достаточным количеством учебников, сколько бы мы ни планировали, ни руководили, все равно ничего не выйдет. Мы национальную школу без учебников не создадим. А сейчас национальная казахская школа имеет учебники? Не имеет в достаточном количестве. Как же теперь дело обстоит? Привлекли мы несколько беспартийных, которые плохо ли, хорошо ли, но выпустили ряд учебников. Что же сделали коммунисты, которых привлекли к этой работе? Вообще нужно сказать, что работа эта кропотливая, специфическая, черновая. У нас коммунисты очень неохотно туда идут... Со стороны коммунистов работы в этом направлении никакой нет и даже здоровой критики с их стороны нет...» (Там же. Л.126}. И далее Смагул аргументирует свою позицию примерами: «Без учебников мы не создадим нашей школы. Что же теперь получается? Я выдвинул частичный переход к преподаванию на русском языке. Учебников нет, учащиеся развращаются, занимаются всякими митингами и критикуют правительство. Вчера я был в КИНо, учащиеся заявляют, что чем дальше идут, знаний становится все меньше и меньше, потому что не учебников. Это один из самых больных вопросов» (АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 490. Л. 126 об.).

Он довольно резко говорил: «О подготовке учебников. Здесь представитель АПО несколько недооценивает наше положение. Сколько бы не были скверны учебники В., и т.д., ведь даже этих скверных учебников не хватает. В этом отношении нам нужно перестать хаять на всяком заседании, на всяком переулке наших беспартийных, или нужно сказать, что они – контрреволюционеры и их не нужно привлекать. Если же мы их привлекаем, то привлекаем с разрешения Крайкома. Для них нужна подходящая обстановка и контроль. Как мы можем критиковать эти учебники? Эти учебники нужно серьезно обсудить, писать критику и т.д. Этого у нас нет; у нас говорят только устно, что это плохо и т.д., а кроме этого, у нас ничего нет. Я считаю, что если все, что у нас есть, никуда не годится, а нового ничего не даем, то в данном случае мы абсолютно априорно отрицаем» (АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 490. Л.134 об. - 135).

Оппонентом Садвокасова по вопросу открытия ВУЗов формально был Варламов: «Относительно ВУЗов. В то время, когда у нас не ликвидирована еще неграмотность, поднимают вопрос об организации ВУЗов. Появляются статьи на страницах печати, организуют Бюро и т.д. Мы в одном предложении вносим свое дополнение местному РКИ, чтобы не было разнобоя в области культурно-просветительного строительства, необходимо иметь общую линию с партией в этом вопросе» (АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 490. Л.132).

Текст заявления ректора С.Садвокасова от 9 февраля 1928 года хранится в Архиве Президента РК (АП РК. Ф.141. Оп. 1. Д. 1704. Л.22). Документ выявлен из рассыпи 1928 года, представляет собой машинописный текст, заверенный личной подписью Смагула, причем на полях внизу его же рукой сделана приписка: «P.S. Кстати, должен добавить, что ячейка против использования меня в ПЕДВУЗЕ не возражает, о чем можно запросить ее» (АП РК. Ф.141. Оп. 1. Д. 1704. Л.22).

Однако ему не давали даже такой возможности спокойно трудиться. После увольнения С.Садвокасова с должности ректора Казпедвуза в Ташкенте, в республиканских СМИ увидели свет статьи его бывших коллег. Среди череды обвинений в национализме, групповщине и издании

злополучной статьи в журнале «Большевик», некоторые бывшие соратники-коммунисты обрушились на его с выходом книги «Молодой Казахстан», к которой Смагул написал предисловие (Садвокасов, 1928: 3-7). Так, в 1929 году вышла заметка А.Байдильдина с вызывающим названием «Садвокасовщина под маской «Молодого Казахстана» в журнале «За партию» (Байдильдин, 1929: 86-88). Еще более беспрецедентным представляется тот факт, что вниманию республиканской общественности была представлена статья И.Кабулова «Садвокасовщина» в одной из центральных газет (Кабулов, 1935: 4). Об этой статье см. возмущенное письмо Н.Нурмакова на имя Мирзояна и Ежова от 27.10.1935 года (АП РК. Ф. 141. Оп.1. Д. 8131. Л. 82-84). Кабулов исполнял обязанности ректора Казпедвуза после увольнения Садвокасова. По некоторым данным, с мая 1928 года на этот пост был назначен Сакен Сейфуллин. Почему Кабулову в 1935 году вздумалось обобщать «грехи» коммунистов под хлестким ярлыком, уже после кончины Жалау Мынбаева (умер в 1929 г.) и Смагула Садвокасова (умер в 1933 г.), остается только догадываться.

В соседних государствах на системной основе издаются документальные источники по периоду репрессий (Зюзин, 2004). Аналогичные сборники важно готовить с привлечением материалов из зарубежных архивов, и в Республике Казахстан, освещая многогранную научную, методическую и просветительскую деятельность Алаш интеллигенции. Тема идентичности в государствах постсоветской Центральной Азии чрезвычайно интересует зарубежных экспертов (см. Schoeberlein-Engel, 1994). Исследования как полевые, так и академические, в указанном плане имеют результатом полярные мнения и публикации (Naugen, 2003 etc.). Naugen

К примеру, писатель М.О. Ауэзов еще в 1930 годы преследовался за создание пьесы для театра из истории Казахского ханства; в пьесе естественным образом выписаны автором этнографические детали. Но пьеса была посвящена последнему казахскому хану Кенесары, в связи с чем в центральной газете о ней и авторе было написано следующее:

«...Пьеса «Хан Кене», естественно, была встречена нашей общественностью в штыки, как пьеса, в основном дающая идеализацию ханского строя. Тов. Ауэзов в этой пьесе еще не перестроился. Наша задача заключается в том, чтобы создать все условия писателям типа Ауэзова, чтобы они скорее покончили со своим прошлым, перестроились творчески» (Кабулов, 1934: 2). Такие обвинения привели к затуханию образов исторических личностей и вымыванию их из театральных репертуаров, чтобы зрители позабыли их навсегда. Однако образы султанов, батыров оставались в памяти народа.

Среди Алаш интеллигенции было немало профессиональных юристов? А также востоковедов, овладевших арабским, турецким, персидским, японским и другими языками, и при лучшей ситуации политического склада наука Казахстана развивалась бы гораздо ускоренными темпами. Труды многих Алаш пропали, не сохранились, а тиражи их произведений были уничтожены в типографиях и изъяты из продажи.

В целом этнографическое направление исследовательской и просветительской работы в Казкрае и смежных регионах, где проживало казахское население, занимало не последнее место в программе деятельности государственных учреждений образования, методического Совета Наркомпроса (Акцентр) и общественных объединений просветительского характера. Об этом мы писали ранее (Муканова и др., 2022:257-266). В эпицентре перечисленных мероприятий находился ученый, просветитель, организатор Ахмет Байтурсынов.

Обозначенный аспект отражает серьезный взвешенный подход национальной интеллигенции (Алаш) к формированию правового сознания сограждан, уважительного подхода к культурным ценностям, языку, истории и этнографии народа. В русле обозначенного пласта массовой просветительской и организационной работы трудились лица передовых взглядов, хорошо знакомые с реалиями полиэтнической структуры населения Центральной Азии. В их числе - А.Букейханов, А.Байтурсынов, М.Есполов, М.Жумабаев, М.Джолдыбаев, Ж. и Х. Досмухамедовы, Ж. Акпаев, А.Беремжанов, С.Асфендияров, С.Садвокасов, - на разных статусных ролях в государстве и в рамках сообщества они внесли посильный вклад в научное изучение специфики края и обобщение результатов региональных экспедиций. Право на этничность, обещанное вождем мировой революции В. Лениным в многочисленных статьях и публичных выступлениях, позже было сведено к схеме федерации и Союза советских республик, а понятие «националы» стало обретать оттенок двусмысленности.

## Список литературы

Байдильдин А. Садвокасовщина под маской «Молодого Казахстана» // За партию. 1929. № 1-2. С. 86-88.

Зюзин (ред.) 2004 - История сталинского Гулага. Конец 1920-х – первая половина 1950-х годов: Собрание документов в 7-ми томах / Т.1. Массовые репрессии в СССР / Отв.ред. Н.Верт, С.В.Мироненко. Отв. сост. И.А.Зюзина. М: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2004. 728 с.

Кабулов (Ильяс), зав. культпропом Крайкома ВКП(б). Марксистско-ленинскую критику – казакской литературе! // «Казакстанская правда». 1934 августа 9. С. 2-3.

Кабулов И. Садвокасовщина // Казакстанская правда. № 162 от 16 июля 1935 г., с. 4.

Муканова Г.К., Байжуманова З.Б. Лекция по «бехаизму», редактор Букейханов и «писание учебников» Смагулом Садвокасовым // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2022. № 3(31). С. 257-266. URL: <http://edu.e-history.kz/index.php/history/issue/view/1>.

Садвокасов С. О книге «Молодой Казахстан» // Молодой Казахстан. М., 1928.

Haugen A. The establishment of national republics in Soviet Central Asia. NY: Palgrave Macmillan, 2003. 276 p.

Schoeberlein-Engel J. Identity in Central Asia: Construction and Contention in the Conceptions of 'Ozbek', 'Tajik', 'Muslim', 'Samarqandi' and Other Groups. Ph.D. thesis. Harvard, 1994. 762 p.

\*Ссылки на архивные фонды даны в тексте.

### **Дала руханияттарының халық арасындағы бейнесі**

Батыс Қазақстан өңірінде XIX ғасырда өмір сүрген «Дәдем ата» деген атпен әйгілі Жұмағазы хазірет Тәңкеұлы дін ғұламасында ерекше атауға болады. Деректерде хазірет қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданына қарасты Жалпақтал ауылының маңында өмірге келген, шыққан тегі Тама руы екендігі белгілі.

Жұмағазы хазірет кезінде Түркістан шаһарында білім алып, Қожа Ахмет Яссауи дүрбесінде имамдық қызмет атқарған. Содан кейін туған жеріне оралып, мешіт және медресе ашып, елге рухани білім таратқан. Оның аталары XIX ғасырдың басында Бөкей ханмен бірге Жайықтың Самар (Бөкей Ордасына қарайтын Қамысты-Самар округі) бетіне көшіп келіп, Сары-өзеннің екі бетіндегі Ақкөл ауылы маңына қоныстанған екен. Бірақ, 1820-1825 жылдар шамасында Жайықтың сол жағына (қазіргі БҚО, Сырым ауданы) кері көшкен. Дегенменде хазіреттің бабалары Ақкөл ауылының шығыс жағындағы Төремұрат қорымында болуы керек, онда 30-дан астам көне құлпытастар сақталған (Жахатов, 2015: 5-6).

Жұмағазы хазірет төрт рет қажылыққа барған. Ислам дінін берік ұстаған хазіреттің философиялық трактаттары мен қолжазбалары болғанмен жоғалып кеткен (Болатұлы, 2017-6). Ел аузында Жұмағазы хазірет туралы көптеген аңыз-әфсана тараған. Оның ұрпағы Ғарифолла Жанбузовтың айтуы бойынша бойындағы қасиеті бала күнінде байқалған. Ғарифолла аға хазірет жайында кезінде естіген мынадай әңгімені айтады: «Жұмағазы хазірет Түркістаннан оралған соң қазіргі Сырым мен Теректі аудандары аралығындағы жерді жайлап отырған қазақ руларының ақсақалдарына жолығып, қоныс сұрапты. Бірақ рубасылар Жұмағазының өтінішіне құлақ салмайды. Сол кезде бұрылып кетіп бара жатқан Жұмағазы хазіреттің арқасынан лаулап от көрінген екен. Мұны байқаған бір ақсақал: «Оу, жұртым, мына адам тегін кісі болмады, киесі ұрар, өтінішін орындап, жер бөліп бермесек болмас!», - деген екен дейді. Қазіргі Тамасай, Үбінияз жайлауы деген жерлер сол кезде Жұмағазы хазіреттің үлесіне берілген жерлер болса керек. Ал, қыста қыстауы Қараоба бетте болғанымен, жаз жайлауы оңтүстік батыс жақтағы Қауыз, Тамасай деп аталатын кең жазық болған көрінеді.

Сондай-ақ, Ғ. Жанбузов хазіреттің бойындағы ерекше қасиетін сипаттаған келесі бір аңызды былай дейді: «Жұмағазы хазіреттің ерте күзде жаңа қатқан Аңқаты өзенінің үстінен тарантас арбамен өтіп кеткендігі сөз болады. Сонда қабыршақ мұз арбаны қауырсын құрлы көрмей көтерген, ал арба соңынан ерген күшік ит малтығып, суға бата берген екен». Бірде Ақберлі руынан шыққан барымташы, сотқар жігіттер тастай қараңғы әрі тұманды түнді пайдаланып қарияның жылқысын айдап кетпек болады. Жылқыны түн ауа дүркірете қуып ала жөнелген жігіттер таң ағарғанша тоқтамапты. Таң қылаң бере алдынан аттылы Ата күтіп алғанда жігіттер жан-жағына қараса, түні бойы Тамасайды айнала жүре берген екен. Атаның құдіретіне әбден көзі жеткен тентектер аяғына жығылып кешірім сұрапты. Содан кейін әулиенің жылқысына ешкім жақындамайтын болыпты».

Хазірет қосшы баласына бұл оқиғаны көзінің тірісінде елге жария қылуға тиым салған екен. Бүгінде «Дәдем ата» жеке қоры ресми тіркеліп, зиярат орнында мешіт, қонақ үй, намазхана салынған. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып қалып отырған бұл мәдени мұра – Самара-Шымкент күре жолының бойында, Орал қаласынан Жымпитыға қарай 80 шақырымдай жерде орналасқан (Жахатов, 2015: 5-6).

Әулиенің жатқан басына сегіз қырлы кесене тұрғызылып, зиратының маңы абаттандырылған. Хазірет жатқан қауым қоршалған, бейіттің басында бұлақ ағып жатыр. Жұмағазы хазіреттің кесенесіне күніне 100-ден аса адам келеді, ал сенбі-жексенбі күндері 300-400-ге дейін жетеді. Зиярат етушілер атаның басына түнеп, өз дұға-тілектерінің орындалуын, түрлі дерттен сауығуын тілейтіндер де аз емес. Мұнда Қазақстан қалалары ғана емес, өзге елдерден де ат арытып, келіп жатады. Құрбан айт сынды мейрамдар кезінде көпшілік шаралар да ұйымдастырылып жатады (Болатұлы, 2017: 6).

Сондай-ақ бүкіл батыс өңіріне танымал тұлғалардың бірі – діндар, емші, әулие ишан Едіге Шымырұлы (1850-1926 жж.) Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының тумасы, тегі –

Байұлына жататын алаша руынан. Жерленген жері Қалдығайты өзенінің Зират жағасындағы көне қорымда (Әнес, 2002: 240).

Едіге жас кезінде ауыл молдасында мұсылманша оқып, арабша қара таныпты, ерекше қабілетті болған. Жымпиты уалаятынан Бұхара медресесінде оқыған екі адам, оның біреуі – Жұмағазы хазірет болса, екіншісі – Едіге ишан болған (Ахметов, 2016: 87-88).

Ол сонда 8 жыл оқып Бұхара қаласында діни медресені үздік бағамен бітіріп, алтын жазумен жазылған – «шатрқат» дипломына ие болады. Едіге үлкен ғалым, ишан болған кісі, 7 елдің тілін меңгерген. Орысша, қазақша, түрікше, арабша, парсы, тәжік, ауған тілдерінде жақсы сөйлеген. Сонымен оқуын бітіріп, туған еліне оралған соң ауыл балаларын оқытқан. Ерте кезеңдерде науқастарды қарап, ауруынан жазған көріпкелдігі бар өте қасиетті адам болған. Мекке-Мәдинаға барған қажылығы да бар.

Едіге ишан діни мәселелермен Уфа, Қазан қалаларында болған. Ислам дінін берік ұстанған ишан өз заманында бас молда ретінде Құран аяттарын оқуда озық болған. Тіпті көршілес мұсылман татар, башқұрт, қазақ арасында жоғары беделді иеленген. Бірде оны Самарқанд, Ташкент қаласындағы үлкен мешітте қызмет жасап, шәкірттерді оқытуға шақыртыпты. Бір жылдары Едіге ишанның ұрпақтарын іздеп Самарқандтан діни кісілер келіп, сынықшы Құтқожаның баласы Исламға жолығыпты. Олар «Самарқандта үлкен мешіттің қабырғасында алтындаған үлкен әріппен «Бұл мешітте Шымырұлы Едіге ишан қызмет жасаған», - деп жазу тұрғанын айтыпты (Хасанов, 2014: 15).

Қажылыққа үш рет барған, тіпті өзімен бірге Мекке-Мәдинаға Өзбекстаннан да адамдарды апарған. Едіге әулиенің асаяғы болған, бірақ ол сақталмапты. Ел ішіндегі діни рәсімдерді атқарып, қайтыс болған адамның жаназасын өткізген (Ларина, 2016: 113-114).

Осы тұлғаның атында «Едіге тоғайы» сақталған, ол Қаратөбе ауданының шығыс бетіндегі Ақтай-сай ауылынан бері кіші Қоскөл елдімекенінің батысында Қалдығайты өзенінің жағасында орналасқан. Хазіреттің құрметіне аталған тоғай ағашы 1800-жылдан бері егілген. Онда аққайың, көктерек, қаратал және басқа да жеміс ағаштары өседі. Едіге тоғайы бірнеше мәрте өрт құшағында қалғанымен, әулие зиратына 25-30 метр қалғанда өрт өзінен өзі сөнген екен. Ол да болса ата әулиелігінің айғағы болса керек.

Едіге ишан Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедовпен байланыста болған. Оның немересі Қайырахманың әңгімелеуі бойынша Жымпиты өңірінде Жаһанша Досмұхамедовтың қатысуымен өткен бір жиынға әкесі Мұзафар ишанмен бірге барып қатысып, ел ішіндегі өзекті мәселелерге көңіл бөлген (Набиоллаұлы, 2016: 30-31).

Едіге ишанның басына барып, ауырған адамдар дұға жасап, түнеген екен. Атаның басына ауырған адам, ем-шипа болсын деп дұға оқып, түнекке барып сыйыну әлі күнге дейін жалғасын табуда. 1991 жылы Шыңғырлау ауданында атаның басына «Едіге» деген жазуымен ақ күмбезді мазары көтерілді. 2000 жылы Кіші Қоскөл ауылында Едіге ишанның атында алты қырлы көкмешіт салынды. Әулиенің күмбезді зираты Егіндікөлден 35 км қашықтықта Қалдығайты өзеніндегі Едіге тұрағында орналасқан (Сафуллин, 2016: 150).

Сонымен Қаратөбе өңірінде өмір сүріп, өз заманында ел арасында белгілі болып, дәстүрлі ислам өкілі ретінде халық арасында рухани сауаттылықты арттыруға үлес қосқан Едіге Шымырұлын жас ұрпақ ешқашан ұмытпайды. Рухани жаңғыру бағдарламасының негізінде ұмыт болған ақтандақтар зерттеліп, қайтадан тарих бетіне шығуда. Едіге Шымырұлын халық әулие, ишан ретінде танып ғана қоймай тіпті емшілік пен көріпкелдік қасиетін бүгінде жоғары бағалайды.

Жоғарыда айтылғандай XIX ғасырда Қазақстанның батыс аймағында өмір сүріп, шекаралас елдер Түрікменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан жерлеріне дейін танымал болған діни қайраткердің бірі – Досжан Қашақұлы.

Оның әкесі Қашақ та ескіше хат таныған молда кісі болған. Әкесінен 14-15 жасына дейін сауатын ашқан. Жастайынан араб тілін меңгеріп, құран негіздерін, хадис және құранды дұрыс оқу жолдарын меңгерген. Кейін жас Досжан Орынбор қаласына 18 шақырым қашықтықта орналасқан Қарғалы медресесінде 12 жыл білім алған. Медресені ол 1842 жылы бітіріп ишан дәрежесінде мешіт-медресе ашып, мүрид жинауға рұқсат беретін иршад дәрежесін алып шығады (Сабыргалиева, 2020: 173-174).

Досжан ишан өз білімін Хиуа, Бұхара, Үргеніш қалаларында жалғастырған. Ол жерден әулие, сопылық ұстаз-пір Олданнан бата алып, ишан жоғарғы діни атағын бекіткен (Қалыш, 2020: 76). Елге келген соң ағартушылықпен айналысып, Доңызтаудағы Қайнар деген жерде, кейін Шилісуда екі үлкен мешіт салғызды.



Әбубәкір Кердерінің жырында осы өңірде Досжан ишанның мешітінде жүздеген шәкірт білім алғаны айтылады (Кердері, 1993: 8). Досжан хазіреттің Қарашың орталығында жиылып намазға тұратын жамағатхана да, мүридтер сабақ өтетін медресе де, Алла жолын машахат тартып, риязат шегіп табуға бастайтын ханака орны да болғанын Ә. Кердерінің жазбаларын көрге болады.

М. Көпеев Досжан хазіретті «халфе» деп көрсетеді (Көпейұлы, 1993: 9-10). Софылықта бұлай деп ірі шайхтың өзі отырған жердегі не шеткері аймақтағы орынбасарын, көмекшісін айтады. Ендеше Қараштың мешіті Бұхар, Қарғалы мешіт-медреселері сияқты таза софылық үлгідегі қадими орталық болған деу керек (Әділханұлы, 2015: 100).

Досжан хазіреттің Тасастау-Қайнарда көп жыл, яғни 1868 жылға дейін отырғанын тілге тиек етіп қана қойған. Әбубәкір Кердерінің баяндауынша Қарашыңда Досжан ишан 1868 жылға дейін табан аудармаған. 1868 жылғы ырың-жырыңнан ел ауаланып көшкенде, Досжан хазірет Ойылдың Шилісу деген жеріне қоныстанған (Ілиясова, 2016: 80).

Соның маңындағы салынған екінші мешітті ол он саусағынан өнер тамған белгілі Бірман ұстаға салдырған. Бүгінге дейін жеткен деректерге қарағанда, мешіт жанында 150 орындық балаларға білім беретін медресесі, қонақ сыйлайтын орны да болған. Досжан хазірет мешітті өз қаржысына салған (Сабыргалиева, 2020: 173-174).

Мұхтар Шайқы хазірет Досжан ишанның исламдық жолы атты мақаласында Досжанның қазақ шежіресін ең алғаш жазғандардың бірі деп дерек келтірген (Шайқы, 2015: 103-104).

Жергілікті тарихшы, өлкетанушы Сәбит Салқынұлы: «Досжан хазіреттің пір дәрежесін иеленуі Шилісуға көшіп келгеннен кейін яғни 1870 жылдары орын алған уақиға ма дейміз? Себебі бұған дейін қағаз жүзіне халфе атағымен шыққан ол (1858 жылғы хаж жөніндегі Мәшһүр-Жүсіп шежіресінде) 1874 жылғы екінші тәуап сапары жайлы әңгімеде «хазірет» деп аталады және жұрт имандай ұйып отырған үлкен ықпал иесі болғаны аңғарылады (Салқынұлы, 2006: 79).

Досжан ишанның ортада беделі жоғары болып айнала түгел сыйлаған. Тіпті жаназасына бес мың адам жиналған. Оның мал ұстап, мал қорасының болғандығы, хазірет қайтыс болғанда малы халыққа бөлініп берілгендігі Ә. Кердерінің жыр жолдарында келтіріледі (Кердері, 1993: 152-153).

Одан әрі хазіреттің алпыс екі түрлі тұқым еккен бағбандығы егжей-тегжейлі жырланады. Досжан ишан өзі отырған аймаққа отырықшылық, жер, егін, бау-бақша шаруашылығын енгізген. Ол мешіт пен медресе қасында 10 гектар жеріне Хорезм (Хиуа) хандығынан, Орал губернаторымен, Темір үйезд басшысынан тұқым әкеліп, жеті түрлі алма ағашын, жүзім шыбықтарын еккендігі сөз болады. Оған үйезд бастығы мен губернатор тарапынан арнайы бөлінген шыбықтардан арша, қызыл ағаш, көкше терек, қарағай тоғайы бой түзеп екі жағын орлатып қоршаған. Алма, жиде тәрізді жеміс ағаштары бір бөлек отырғызылған. Осы шоқ-шоқ тоғайдың арасына қарағайдан қыйықтап бұрама ағаш үй салдырған. Көктем-жаз мезгілінде Шиілі өзенінен бастау алатын арнайы арығы болған бау-бақшаны суаратын. Кезінде жеміс-жидек отырғызуға жер сұрап Орынбордың губернаторының қабылдауын күтіп Досжан бабамыздың үш күн жатып, жер мәселесін шешіпті деген дерегін жоғарыдағы істер нақтылай түседі (Кердері, 1993: 152-153).

Жалпы Досжан хазірет өзі өсіріп баптаған бау-бақшамен мешіттің ішкі шығындарын толық қамтамасыз етіп, мүрит, мүддәріс пен шәкірттерін тегін тамақпен қамтамасыз етіп отырған. Бақшаның өнімдерін сатып, қажетті тауарларға, затқа айырбастап сол аймақ тұрғындарымен мешіт қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайларын қамтыған. Бір орыс саяхатшысының айтуынша оның мәуелерін Орынбордың көпестері келіп көтере сатып алады екен.

Сондай-ақ, көршілес Ресей мен Орта Азия елдеріндегідей отырықшылық жер шаруашылығы халықты бейімдеп, шәкірттерін еңбекке баулыған. Барлық бақша өнімдерін сатудан түскен ақшаны мешіт пен медресеге жұмсап, жетім және кедей шаруа отбасының балаларын тегін оқытып, олардың жатын орны, тамағы, киім-кешегімен басқа да қажеттіліктеріне өз қаржысын жұмсап тәлімгер болған.

Досжан хазірет сондай-ақ қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге араласып отырған. Қазақ халқының мүфтилікке қайтадан қосылуына атсалысқан. Яғни 1890 жылдардың оқиғасы. Осы екі аралықта Досжан хазірет дін жолында үлкен бір кесек іс бастайды, яғни қазаққа арнап өз алдында мүфтилік ашу шарасына белсене араласады. Ә. Кердерінің сөзімен айтқанда:

Баршасы үшбулардың пірім деді,  
Хазірет ақылы дана білімді еді.  
Патшадан қазақ үшін мүфти сұрап,  
Өзінен халықтың қамын бұрын жеді.  
Ойлады пайда етуге халықтың қамын,

Халықтың бүкіл қазақ, емес табын.  
Мүфти сұрап зор орынды талап етті,  
Жиһанға жандыруға діннің шамын.

Сөйтіп тарихқа көз жүгіртсек осы аралықта қазан төңкерісіне дейін қазақ арасынан шыққан діни тұлғалар мен зиялылар мүфтилік құрамына қайтадан қосылу немесе қазаққа жеке дара мүфтилік ашу туралы түрлі шағым-арыздармен айналысады. Бұл іс-әрекеттерге Досжан хазіретте атсалысқан. Оған дәлел ретінде тарихшы әрі патша шенеунігі С. Рыбаковтың 1888 жылы жазған хаттары дәлел болады (Рыбаков, 1917: 43-44).

Досжан хазіреттен білім алған көптеген шәкірттері Батыс Қазақстан аймағында, көршілес Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей, Қарақалпақстан елдерінде ілімін жалғастырды. Шәкірттері арасында ахун, ишан, хазірет, молдалар сияқты діни атақ алып, рухани-ағарту саласында ізін жалғап еңбек сіңірген тұлғалар: Жұмағали ахун, Сұлтан ахун, Отали қажы, Қайыпқали ишан, Құтты кожа азиз (Қарақум ишан), Ыдырыс мақсұм, Айымбет ишан, Кожабай ишан, Бұхарбай ишан, Жиенғали ахун, Мұстафа ишан, Абдиғали ишан, Камал ахун, Илияс ахун, Тұрғанбай ишан, Досжан ишанның баласы мен немересі Абдолла Мактым ишан, Зайыт ишан, Нұролла ахун, Беркін халфе, Сағитжан халфе, Бекес хажы, Ысмайыл ишан, Жұбанияз ахун, Салмен ишан, Ансатбай ахун, Нұрлепес әулие және т.б. (Қалыш, 2020: 79).

Кейін Кеңес үкіметі тұсында Досжан хазіреттің ұрпақтары қуғындауға ұшырады. Үлкен ұш ұлы НКВД құрбаны болып, қаза болағн. Хабиболла ұлы халық жауы ретінде 1936 жылы қамауға алынып, Темір түрмесінде 1937 жылы 12 қаңтарда атылған. Абдолла ишан мүлкі тәркіленіп, бақылауға алынған. 1931 ж мезгілінен бұрын қайтыс болады. Аққұбаш репрессия құрбаны болып, Ақтөбеге 20 км қашықтықтағы Түйтөбе деген жерде қайтыс болады. Досжан хазіреттің ұлы Хабиболланың тұңғышы Зайыт 10 жылға Сібірге жер аударылды. Қыз-күйеу баласы Үммагүлсіммен Жұмағали ишанның баласы Жиенғали ишан да Сібірге жер аударылды. Жиенғали ишан Ыстамбұл медресесінде және Орынбордағы Хусайния медресесінде білім алған (Қалыш, 2020: 79).

Бүгінде, хазіретті құрмет тұтып, зиярат ететіндер үзілмейді деседі. Қорыта келе, Досжан хазірет мешіт-медресе салып, шәкірттерді білім мен имандылыққа баулыған діни ағартушы. Халқының болашағын біліммен байланыстырғандығы сол үшін рухани-ағарту саласында атқарған істері ерекше.

Досжан ишанның Үммагүлсім атты қызын алған күйеу баласы ел арасында діни ағарту ісінде мол үлес қосқан Жұмағали ишан. Ол атақты Оразалы ишанның бел баласы. Арғы атасы әрі ғұлама, әрі би болып ісі Табын еліне төрелік айтқан Ербатыр ишан екен. Жұмағали ахун 1860-шы жылдары Ақтөбе үйезі Доңызтау деген жерде дүниеге келген (Садықов, 2006: 93-99).

Ата-бабасы дін исламға қызмет еткен Жұмағали ахун Уфадағы Ғалия медресесін үздік бітірген. Мысырдағы «Әл-Аскария» медресесінде оқып жатқанда елдегі әкесі Оразалы ишан қайтыс болады. Ол кездегі тәртіп бойынша Мысырдағы медреселер төлемді болса керек. Жұмағалидың оқуы үшін төлейтін қаржысы әкесі өлгеннен кейін уақытында жетпей қалып, біраз тарығады. Сол жерде Мысырдың бір уәлаятында тұратын (аты-жөні белгісіз) араб адамы келіп, Жұмағалимен сөйлесіп, медресені бітірген соң менің өз медресемде мүдәррістік, яғни оқытушылық қызмет атқарасың дегендей шарт қояды. Оқуға әбден құмартқан зейінді Жұмағали сол арабпен келісім шартқа отырып, оқуын тәмәмдаған соң айтылған медреседе оқытушы болуға келісім береді (Аралбай, 1998:16).

Оқуын аяқтаған Жұмағали сөз берген жерінде оқытушылық жұмысқа кірісіп кетеді. Сол уақытта Меккеге келген Досжан ишан Жұмағалиды іздеп тауып, жүздесіп, әлгі арабтың оқуға жұмсаған ақшасын қайтарып, Жұмағалиды елге алып келеді.

Алғаш өзі салдырған мешітке имам етіп дайындайды. Алғыр да зерек, араб-парсы, түркі, орыс, француз тілдерін өте жетік білетін жас жігіт сауаттылығымен де, адал да іскерлігімен де атақты діни тұлғаның сеніміне толығымен ие болса керек. Оның белгісі ретінде Жұмағалиға өзінің қызы Үммагүлсімді беріп, оны күйеу етеді. 1880 жылы олардың Жиенғали есімді ұлы дүниеге келген. Жұмағали Досжан хазіреттің елінде Қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Қарақамыс қаласы тұрған мекен) «Шилі» деген жерде салынған үлкен мешітте мүдәррістік етіп тұра береді (Аралбай, 1998: 10).

Жұмағали Досжан ишанның үлкен медресесінде мүдәрріс-оқытушысы болып бала оқыту жұмысына кірісіп кетеді. Тұрақты түрде ұстаздықпен шұғылданып жатқан Жұмағали ахундық атаққа ие болып, осы жерде Досжан ишан мешітінің оқу сабақтарын ілгерілетіп, шәкірттерге жақсы білім беріп жатқан жас ахунның атағы сол төңіректегі қалың елге жайылады. Оның жас та

болса өте білімді, жеті жұрттың тілін білетін ғұлама екендігін естіген Доңызтау төңірегіндегі табынның Ажым-Қаражон ұрпақтарының игі жақсылары бас қосып, Досжан ишанға келіп, Жұмағалиды қалап сұрап, отбасымен Доңызтауға көшіріп алады (Ілиясова, 2016: 103-104).

Келген бойы Жұмағали осы ауқымдағы Шаған өзенінің төменгі ағысы тұсындағы Тасқабақ деген жерде өз заманында мешіт-медресе салғызып, оқытушылық қызметін жалғастырған. Көп ұзамай оның маңайы кең алқап, орманды, егінге, бау-бақша өсіруге қолайлы жерге айналады, жанынан үлкен керуен жолы өтетін болған (Аралбай, 1998:11).

1890 жылдары Жұмағали ахун «бұратана» елдерді христиан дініне кіргізуді қолға алған Ресей патшалығының миссионерлік саясатына ашық қарсылық білдіруге Петербургке сапарға шығады. Жолда ұсталып, дереу түрмеге жабылады (Ілиясова, 2016: 104).

Сондай-ақ Жиенғали ахун Жұмағалиұлы (1880-1943 жж.) да шыққан тегі жағынан да, жасаған еңбегі жөнінен де қазіргі ұрпаққа өнеге болар жағы көп, тарихтан өзіндік орнын алуға тиісті тұлға.

Жергілікті халық арасында Жиенғали ахун туралы Омар шайыр мынадай өлең шумақтарын шығарған :

Жиенғали ахуным

Мысырға барып шам жаққан.

Бұл мекенге белгілі

Ғұлама келген жан – жақтан...

Шәкірттерге дем берген

Шарапатын ел көрген.

Жиенғали ахунның

Іліміне ел таң қалған... (Аралбай, 1998: 7).

Дәуқара, Шымбай, Көкөзек, Қара бұға, Нұрым түбек елдеріне белгілі болған Омар шайырдың бұл өлеңінен де Жиенғали ахунның елге қаншалықты қадірменді, беделді ұстаз болғанын тағы бір мәрте тануға болады.

Жиенғали ахунның өсіп жетілген ортасы – дін исламды насихаттаған ағартушы-мүдәррістер арасы болды. Жасынан бастап исламиятты таратуды басты борышым деп түсінген ахун алғашында Көрсайдағы мешітте оқиды, кейін Тасқабақтағы мешітте арабша, парсыша, түркіше тіпті орысша да сауаттанған Жиенғали ахун Жаманқала (қазіргі Орск), Қарақамыс (Темір ауданы), Орынбордан бастап Ресей қалаларының біразын аралаған. Петербургте болып, сол қаладағы татар-қазақ зиялыларымен танысып, достасқан. ХХ ғасырдың басында Жиенғали ахун Ыстамбұлға барып медреседе оқиды, бірақ оқуын толық бітіре алмайды. Еліне келген соң оқуын Орынбор қаласындағы атақты Хусайния медресесінде жалғастырады. Сол кезде Ресей, әсіресе Қырым мұсылмандары, жалпы түркі халықтары арасында пантүркизм, панисламизм идеялары мен әрекеттері күшейе бастаған шақ еді. Болашақ ахун осы идеяның жақтаушысы болғандықтан, патша өкіметінің саяси сенімсіз тұлғалар қатарында тізімге алынған.

Қорыта келе қазақ қоғамында ел арасында мектеп-мешіт салып, қазақ балаларын сол кездің өзінде жаңашылдыққа баулыған діни ағартушы-ұстаздар көп болды. Сондай-ақ, еліне ем-шипа жасаған, әулиенің емші ретіндегі ісі бүгінде жерлестері арасында жалғасын тауып отыр. Қазіргі таңда да жергілікті тұрғындар бейітіне барып, басына құран оқып, ал әртүрлі ауруға шалдыққан адамдар басына түнеген соң жазылып кетіп жүр.

Ел арасында білім мен ағарту саласында аянбай қызмет еткен діни қайраткерлердің тұлғасын жас ұрпаққа үлгі ретінде дәріптеу, сол кездің ақтаңдақ тұстарын таныту болып бүгінгі күннің талабы болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

Аралбай Қ.Қ., Құғынбай М.Ә. Асылдың сынығы: Әдеби-ғылыми ғұмырнамалық зерттеу. Нөкіс: ҚР «Рухани мәдениет және ағарту» қоғамдық орталығы, 1998. 48 б.

Ахметов К.Ф. Кіші жүз Алаша руының шежіресі. Алматы: Арыс, 2016. 352 б.

Әділханұлы М. Досжан хазірет // Ана тілі. 2015. 10-22 шілде.

Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2002. 592 б.

Болатұлы А. Жұмағазы хазірет // Орал өңірі. 2017. 7 желтоқсан.

Жахатов М. Жұмағазы хазіреттің бөкейлік ағайындары // Dانا. kz. 2015. № 27. 5-6 бб.

Калыш А.Б. Хазрет Досжан Кашакулы – путь подвижника // Вестник КазНУ. Серия историческая. \2020. № 3 (98). С. 73-84.

- Кердері Әбубәкір. Қазағым: Өлең, толғаулар, айтыс, жырлар / Құрастырған Б. 9.Сандыбайұлы. Алматы: Жазушы,1993. 288 б.
- Көпейұлы М.-Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, «Жалын», 1993. 76 б.
- Ларина Е.И. Материалы к изучению культа святых у казахов (на примере Западно-Казахстанской области // *Oriental Studies*. 2016. № 27(5). С. 109-118.
- Набиоллаұлы Н. Едіге ишан // Орал өңірі.2016.5 мамыр.
- Рыбаков С. Устройство и нужды управления духовными делами мусульман в России. Петроград: Типография С. Самойлова, 1917. 55 с.
- Садықов С. Ажым Бесбұршақтың шежіресі. Алматы. 2006. 93-99 бб.
- Салқынұлы С. Досжан хазірет: ғұмырнамалық баян. Алматы: Дөйт-Принтхаус, 2006. 160 б.
- Сафуллин Н. Егіндікөл тарихы. Орал: Ағартушы, 2016. 178 б.
- Хасанов Қ. Шымырұлы Едіге. Орал: ШұғылаПринт, 2014. 67 б.
- Шайқы М. Хазірет Досжан ишанның исламдық жолы // Ақиқат. 2015. № 11. 103-104 бб.
- Ілиясова Р. Ел иесі, жер киесі... Ақтөбе: А-Полиграфия, 2016. 248 б.
- Saburgalieva N. Kazakistan’ın batı bölgesindeki aydınlanma hareketleri ve dini şahsiyetler. *Türk Kültür ve Sanatı Sempozyumu*. 29-30 october2020Etimesgut / Ankara.Proceedings Book 1. S. 173-174.

### **Қазақ даласындағы қажылықтың зерттелуі**

Ортағасырлық мұсылман тарихшылары мен географтарының еңбектерінде Ресейдің құрамына кірген мұсылман халқының территорияларында қажылық тәжірибесі ғасырлар бойы тұрақты дамып келе жатқанын көрсетеді. Қажылық Ресейде ислам әлемінің басқа аймақтарында да мұсылмандардың діни дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының таралуында үлкен рөл атқарды.

Ислам дінінің таралу ауқымы мен деңгейінің де ең басты көрсеткішіне айналған қажылық мұсылман елдерінде тұрақты дамыған. Қажылық қозғалысы территориясы, саяси-экономикасы, мәдениеті, тіпті тілі жағынан да әртүрлі мұсылман халықтарын рухани, идеологиялық біріктіруші әлеуеті институционалдық құрылым болатындығы да сондықтан (Мухтарова, 2009: 3).

Сонымен қатар қажылық Ресей империясының аумағына мұсылман әлемінде идеялар мен пікірлермен алмасу үшін қолжазбаларды (кейінірек басылған көшірмелер) жеткізудің маңызды арнасы болды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында империядағы мұсылман азаматтарының саны 16 миллион адамға жеткен кезде (Ресейге тәуелді Бұхара және Хиуа хандықтарымен бірге) Мекке үшін қажылық мәселесі біртіндеп Ресей үшін маңызды бола бастады. Еуропаның басқа державалары да қажылықты ең алдымен діни-саяси құбылыс ретінде көрді, сондықтан мұсылман халқы бар колониялардағы тәртіпсіздіктер көбінесе Меккедегі бұйрықпен байланысты болды. Ресей империясының мұсылман территориясындағы орыс әскери-саяси агенттерінің айтуы бойынша қажылықты ұйымдастырудың жақсы жұмыс істейтін жүйесі болған (Ермаков, 2001: 295).

Ресей империясы құрамында болған ресей мұсылмандарының және қазақ даласындағы қажылар мен қажылық қозғалысын зерттеуде көптеген Ресей және Отандық ғалымдар қарастырды. Дегенмен қажылық мәселесі әлі де зерттеуді талап етеді.

Бұл аталған ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне назар аударсақ XIX ғасырдың орта тұсынан бастап мұсылмандар арасында қажылық қозғалыстың күшейгені байқалады.

Қазақстан Ресей империясы құрамына қосылғаннан соң орыс ғалым-саяхатшыларының қазақ даласының мәдениетіне, тарихы мен дініне, ділге деген қызығушылығы артады. Бұл әрине қазақ жеріне орыс ғалымдарымен саяхатшыларының зерттеу ынтасын арттырды. Осыған орай қарастырылып отырған кезеңдегі ресми мұрағаттар мен басылым беттерінде орыс және қазақ ғалымдарының, сахатшыларының, Ресей отарлық мекемелері шенеуніктерінің еңбектерінде және ресми құжаттарда қажылыққа байланысты деректер көп кездеседі.

Патшалық кезеңде Ресей мұсылмандарының қажылығына шолу, әртүрлі сипаттама берілгенімен толыққанды Қажылар тарихы мен исламда қажылықтың алатын орны, рухани саланың дамуында атқаратын рөлін анықтау жаңа көзқараспен баға беру демократия мен саяси тәуелсіздік жылдары ғана мүмкін болды. Қажылар туралы Қазан төңкерісіне дейін, Кеңестік дәуірде, қазіргі тәуелсіз Отандық тарихнамада түрліше қарастырып пікірлер берілген. Революцияға дейінгі бұл мәселеге арналған арнайы іргелі зерттеу болмаса да қазақ баспасөзінде, зиялылар мен ақындардың мұрасында қажылыққа қатысты материалдар, қисса-шежірелердегі мәліметтер кездеседі. Кейбір қазақ қажылары өз естеліктерін жазған. Қажылыққа қатысты Әбубәкір Кердері, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сияқты ауызша тарих материалдарында Құнанбай қажы, Досжан ишан, Нүрпейіс хазірет т.б. атақты қажылардың есімдері аталады.

Қазір бұл бағытта зерттеуші тарихшылар, этнографтар, өлкетанушылар өз үлестерін қосуда. Осы орайда қажылар тарихы мұрағат деректері мен зерттеу жұмыстарына саралау арқылы жаңаша пікірлер мен ғылыми тұжырымдарға итермелейді. Бүгінгі қайта рухани жаңғыру кешенінде қажылардың қызметіне оң баға беру, олардың дінге беріктілігі мен тұрақтылығын үлгі ету баға жетпес мұра.

Алғашқы құнды зерттеулердің бірі – Исабай Қ., Байжан ата С. «Қажыға барған қазақтар» атты 1996 жылы шыққан дерекнамалық баянда мұрағат деректері негізінде қажылар тарихы айғақталады. Бұл еңбекте қазан төңкерісіне дейінгі қазақ даласындағы Ресей саясатының барысы кезіндегі қажылықтың рөлі, әлеуметтік мәселе мен діни ахуал қозғалған (Исабай, Байжан- ата, 1996:100 ).

Жалпы Қазақстандағы қажылық тарихы мен оның рөлі жөнінде мұсылмандық мәселесіне арналған зерттеулерінде Отандық тарихшылардың біразы тоқталып өткен. «Қазақстан қажылары» жинағы болып шыққан дерекнамалық альбомды құрастырушы Г.А.Орынбекованың бастауымен қажылық тарихы мен қажылар динамикасы, әр жылдардағы статистикалық мәліметтер берілген (Орынбекова, 2008:100).

Г.Р. Мухтарованың редакциялауымен жарық көрген «Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX - XX ғ. басы) атты материалдар жинағында ғылыми жоба нәтижелерін ұсынады. Қазан төңкерісіне дейін белең алған қазақ даласындағы қажылық тарихына объективтік көзқараспен қарауды жақтайды. Еңбек негізінен Ресей және Қазақстан мұрағат дерек көздерінен алынған тың ақпараттармен жаңа мәліметтер берумен ерекшеленеді (Мухтарова, 2009: 10).

Қазақстандағы ислам дінін таралуы тарихына арналған зерттеулерінде Н.Д. Нұртазина қажылық жолының ұзақ та ауыр болуына қарамастан бұл жолдың қазақ көшпелілер арасында қалыпты дәстүрге айналған құбылыс болғанын негіздейді. Патшалық кезеңде жарияланған еңбектерге сүйеніп автор қажылыққа барудың 3 жолын көрсете, соңғы жол торабын Қазақстан қажылары ең жеңіл жол Константинополь және Суэц арқылы Джиддаға не Янбо арқылы Қара теңіз портымен Мекке-Мединеге бару Суэц каналын пайдаланды деп түсіндіреді. Зерттеуші қажылық жолын ауырлығына қарамастан қазақ мұсылмандары ішінде қажыға барып қажы атанған адамдар ең беделі жоғары болуымен есептелді дейді (Нуртазина, 2013:870).

З.Т.Садвокасова зерттеуінде Меккеге қажылыққа баруға рұқсат алу үшін жергілікті билікке жүгінген қазақтардың барған сайын саны көбейе түсті деп: «1905 жылы тек бір Омбы қаласында ғана 500 адам осы Меккеге сапар шегу үшін Дала генерал-губернаторының кеңсесінен шетелдік төлқұжаттар алған» деп пайымдайды. Автор Меккеге барғысы келетіндер үшін әртүрлі заңсыз кедергілер жасалғанын, соның ішінде “артында қарызы бар болыстан шыққан адамдар” саяхаттау құқығынан айырылды («за чьей властью есть недоимки») деп Ресей патшалығының қажылыққа рұқсат бермеу үшін бар қатал тиым салу шараларын жүргізгенін айтады (Садвокасова, Алматы: 165).

Бұл авторлар еңбектерінде революцияға дейінгі Қазақстандағы қажылық қозғалысы туралы Ресей мен Қазақстан мұрағаттарымен, кітапханалар материалдарымен жазылған зерттеулер қажылық институты туралы мол ақпарат береді.

Белгілі тюрколог В.В. Радлов өз еңбегінде мұсылмандар арасында діни түрлі кітаптардың таралуы, Орта Азия мұсылмандарының арасында білім мен ғылымның өркендеуі тікелей қажылықпен байланысты дейді. Қазақ қоғамында ауызша жырлар мен қисса дастандарды ауызша оқу дәстүрі қалыптасқанын ғалым еңбегінде атап кеткен (Радлов, 1989).

Ахун Ғұмар Қараш «Бәдел хаж» атты мақаласында қажылықтың түрі Бәдел хажды сипаттаған. Бәдел жасап қажыға баруды кәсіпке айналдырмаудың маңызын түсіндірген (Қараш, 1913).

Посткеңестік зерттеулер арасынан қажылық мәселесіне миграция тұрғысынан қараған П.К. Дашковский, Е.А. Шершнёваның «Роль мусульман в миграционных процессах в Российской империи во второй половине XIX – начале XX в.» атты ғылыми мақаласыда XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында мұсылмандар арасында көші-қон мәселесінде ең өзекті құбылыс қажылықтың күшейгенін растайды. Тіпті Түркістан өлкесін бақылау Әскери губернатордың қолына берілді дей келе Шет ел істер министрлігінің де баста назарына ауған деген. Автор Ресей үкіметінің мұсылмандық мәселеге назар аударуына ең басты себеп әр мұсылманның міндетті құбылысына айналған қажылық деп негіздейді (Дашковский, Шершнёва, 2017:551).

Н. Лыкошиннің «К статистике паломничества в Мекку» атты мақаласында бірінші дүниежүзілікке дейін қажылыққа барған мұсылмандар саны келтірілген. Жалпы Лыкошиннің мәліметінде қажылыққа бару мұсылман қазақтары арасында саны жыл өте ұлғайғандығын, тіпті жасы ұлғайған ақсақалдар баруы өте жиі кездесетіндігін айтып өтеді. Оларды әйелдері не жас балаларының қасына еріп көмек ретінде апаруы да кездесіп отырған (Лыкошин, 1902).

XIX ғ. соңы мен XX ғасырдың басында қажыға барушы мұсылмандар Үндістаннан бастау алған оба, тырысқақ, шума т.б. жұқпалы эпидимиялық ауруларға шалдығып, қажылық жолда қайтыс болады. Бұл туралы Н.А.Смирнов өзінің «Ислам и современный Восток» атты еңбегінде мұсылмандардың қажылыққа барар жолдағы түрлі алаяқтарға тап болып, күннің ыстығы мен жолдың ұзақтығы, гигиеналық тазалықтың сақталмауы т.б. кедергілерге тап болуын жан жақты талдап көрсеткен (Смирнов, 1928: 120).

XX ғасырдың басында Орынбордан шығып тұрған «Қазақ» басылым беттерінде қазақ қажылары туралы хабар беріліп отырған. Газет беттерінде қажылар хаты, олар туралы

хабарландыру сияқты толық ақпараттар берілген. Қажылар ішінде Орынбор арқылы бару жиі үрдіс алған. Тіпті қажылар туралы өлеңдерде жарияланып отырған. Орынбор арқылы қажыға барған қазақтар Қазақ газеті басылымына соғып, редакция мүшелерімен тығыз байланыста болған. Мәселен 1912 жылы Қазақ газетінде Зайсан имамы Әбдрахман Мұртазының 2 ақпан айында қажыдан аман қайтқандығы, елге қайтар жолда Орынбор қаласында 1 күн тоқтағандығы айтылған.

Мұрағат деректері қажылық туралы сол кезеңге тарихи анализ жасауға толық ақпарат береді. Әсіресе Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатынан, Башқұртастан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатынан, Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағатынан қажылыққа байланысты Ресей әкімшілігі мен жергілікті әкімшіліктер арасындағы құжаттар, рапорттар, бұйрықтар, қолхаттар, ескертулер, есептер, хаттар, актілер, хабарландырулар, тізімдер, түбіртектер, анықтамалар, ережелер, қаулылар, қажылардың сұраныстары, өтініштері, телеграммалар т.б. іс-құжаттар қажылық барысы туралы мол мағлұмат береді.

Жалпы қазақ қажылары Мекке-Мединеге үш жол торабы арқылы барып отырған. Қазақтар Меккеге Орта Азия арқылы, Ауғанстан, Пакистан немесе Закавказье және Түркия арқылы барған. Алайда кейінгі соңғы уақытта деректер бойынша мұсылмандардың қажылыққа баруы Орта Азия, Қазақстан және Поволжья мұсылмандары үшін 3 жол торабы арқылы жүзеге асқан. 1) Закавказье және Парсы елінің солтүстік бөлігі арқылы Бағдатқа қатынаған. (бұл бағытпен көбіне шиит бағытын ұстанатын Закавказье және Түркменстан) Бұл жерде Ресейден келетін қажылар саны жылына 12-15 мыңды құраған. Маңғыстау қазақтары мен батыс өңірінің қазақтары бұл бағытпенде аз қатынамаған. 2) Самарқанд және Бұхара арқылы Ауғанстаннан асып, Мазари-и Шәріп, Қабыл және Пешевардан Бомбейге тоқтап, Үнді мұхитымен Жиддаға және Янбоды басып өтіп Мекке мен Мединеге жол тартқан. Пешевардан Бомбейге темір жол арқылы қатынаған. Бұл жолдың ұзақ әрі қиын сапар болғанына қарамастан, Орталық Азия-Қазақстан аймағының мұсылмандары арасында дәстүрлі басымдыққа ие болды, сонымен бірге оларға төлқұжат талаптары мен отаршылдық биліктің кедергілерінен өтуге мүмкіндік берді. Бұл жол жыл сайын 4 мыңнан 7 мыңға дейін мұсылман қажылыққа барады.

3) Кемемен Қара теңіз порттары арқылы Константинопольге одан Суэц қаласымен Жидда немесе Янбодан Мекке мен Мединеге өткен. Бұл жол жеңіл әрі қысқа болып есептелінді. Бұл жол торабымен Кавказ мұсылмандары, татарлар және қазақтар да пайдаланып, жылына 2-3 мың қажылардан бары отырған (Nurtazina, 2013: 872 ). Бұл жол тораптары арқылы қажыға барған тәуешшілерді әртүрлі қиындықтар мен заңсыз кедергілердің болуына қарамастан мұсылмандардың қажылыққа баруын тоқтатпаған. Ресей империясының қол астындағы мұсылмандардың барлығында бұл жағдай бірдей дамыды.

Ресей мұсылман қажылары ескі түрік, парсы, бұхар және тіпті қытай төлқұжаттарын пайдалануды жөн көрген. Бұл әрине Ресейдегі төлқұжат алуға кезіккен қиындықтармен байланысты болды. XIX ғасырдың аяғынан бастап Ресей мұсылмандарына Шығыс елдеріндегі оба-індет ауруының шығуына орай төлқұжат берілмеу қатаң жүзеге аса бастайды. Бірақ заңды төлқұжаттардың берілмеуі қажылардың санын азайтпаған. Бірақ бұл жағдай қажылардың өз жолдарында түрлі жалған құжат үшін өтірік олардан өте көп ақша алған алып-сатарларға тәуелді етіп отырды. Қажылар көбіне өз қандастарының қолдауларына жүгінген. Тіпті Мекке-мединаде кейбір ұлттардың арнайы қонар үйлері де болған. Бұл қажылардың үйлері көбінесе қандас аумақты байлардың қолдауымен салынып, ақшалай көмек беріліп, қамтамасыз етілген. Қажылық көп материалдық шығынды талап еткен. Шындығында өте қауіпті болған. Джиддадағы Ресей консулдығының мәлімдемесі бойынша Ресей мұсылман қажыларының саны орташа есеппен жылына 8-10 мың адамды құраған. 1901ж-6000, 1902ж-16000, 1903ж-5000 адамды құраған. Алайда сондай қиын жағдайдағы Ресей мұсылман қажыларының нақты санын анықтау мүмкін емес. Себебі қажылардың көпшілігінде төлқұжат болмаған. Осындай жағдайға орай ресей мұсылман қажылары шамамен орта есеппен 18000-25000 адамды құрайды. Орта Шығыс пен Орталық Азиядағы оба-індеті, тырысқақ ауруы сияқты қауіпті жұқпалы аурулар миллиондаған адамдардың өмірін алып кетіп жатты. Негізінде Астрахань губерниясындағы оба ауруының тез таралып, бұрқ етуі қажылықпен тікелей қатысты болған (Ермаков, 2001: 297-299).

Астрахань губерниясына қарасты Бөкей ордасында оба ауруы да XX ғасырдың басынан жайылғандығы жөнінде Қазақ газетінде дәрігер Дәулетшах Күсепғалиұғлы хабарлама жазып аймақтағы оба ауруы туралы алаңдатушылық білдірген. Онда: «Орал облысы һәм көршісі Астрахань губерниясында шума ауруы ұялады. Соңғы он жыл ішінде шума үзілмей тұр. Әуелі шума Орал облысы Гурев уезінде 1904-нші жылда болып еді. Бөкейлікте 1899-ншы жылдан бері

бар. Сол уақыттан бері шуманы жоюға түрлі амал бітсе де, бұл сырқат уақыт-уақыт шоршып шығуын қоймай тұр» деп аурудың аймақтағы барысы мен жұқпалы аурудың белгілері туралы жазған (Смагулова и др., 2018: 87).

1913 жылы Қазақ газетінде студент Есенғали Қасаболатов қазақтар арасындағы оба ауруының таралуына алаңдатушылық білдіріп былай деп жазған: «шума деген бек жаман ауру. Солай бола тұрса да сақтанғанда мұндай пәледен аман қалуға мүмкін. Шума бірнеше ай Мысыр қаласында болып, адамдар бек көп өлген. Ақырында қаланың бірқатар адамдары қорқып қашып шығып, Түркия, Испания, Италия деген патшалықтарға барып, ауру жайған. Одан Мекке, Медине һәм басқа жерлерде де бола бастаған. Қажы жолында Месопотамия деген жерде ауру болғандығы себепті. Бұл күндерде соның ұшқыны біздің қазақ араларына түсіп, жылма-жыл һәрбір жерден жұлып шығып жатыр. ...Және біздің қазақ секілді науқастанған кісінің көңілін сұраймын деп, барып жүргенде шама келсе, ауру бір адамнан екіншіге жұғады. Неше шума уақытында жарамайтын осындай ғадеттерді тастап, сақтану керек. Ауырған, сырқаған адам болса докторға хабар беріп тұру тиіс. Одан басқа, араласып жүргенде тағы да басқа кісілер ауруға мүмкін», - деп аурудан сақтану керектігін ескертеді (Смагулова, 2018: 54-55).

Қажылар арасында Қазақ газетіне хат хабар жазып, өз өлеңдерін баспаға ұсынғандары да болған. Бұл дегеніңіз қажылардың Қазақ газетін оқып, онымен тығыз байланысты болса керек. Мәселен Қазақ ақыны тақырыпта мақалада Торғай уезі Қайдауыл болысының қазағы ақын Бекмұхамед Әлмұхамедұлы (лақап аты Ақмолла) қажылыққа 1913 жылы барар жолында Орынборға тоқтап Қазақ газетінің баспасында болған. Онда ақын әрі молда Ақмолла өзі жазған барлық өлеңдерін Қазақ баспасына бастырып шығаруға Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа рұқсат беріп, қолына законға муафиқ подписка берген. Осындан бастап кімде кім ақынның өлеңдерін көрсе Қазақ баспасына жіберу сұралған. Заң бойынша ақынның өлеңдерін бастырып шығаруға Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов ғана құқылы болған да ал басқалары молданың өлеңдерін бұлардың рұқсатынсыз шығару құқығын ала алмаған. Бұдан байқағанымыз молда әрі ақын қажының Қазақ газетіне өз өлеңдерін бастыруға рұқсат беруі, Қазақ баспаханасына арнайы баруы діни тұлғалардың рухани әрі ағарту саладағы қызметтерін көрсетеді. (Смагулова, 2018: 306).

Оба ауруы күшейіп қауіп төндіруіне орай Ресей үкіметі бұл мәселеге сақтықпен қараған. Қазақтар арасында қажыға барушылар жыл өткен сайын көбейе түседі. Осы орайда қазақ газетасы: «шумаға қарсы тұру үшін амал іздейтін комиссия қажылар параходының түрлі бөгеттермен кешігіп қала ма деген қауіплеуде болғандықтан Бейрут һәм Жидда портына баратын параходтарға бір мөлшерлі мезгіл белгіледі. Бұған қарағанда Бейрутке баратұғын параходтың ең соңғысы 3-нші қазанда, Жидда баратұғыны 14-нші қазанда қозғалады» деп қажыларға алдын ала ескерту хабарын берген (Смагулова, 2018: 239).

Сол сияқты Қазақ газетіндегі қазақтардың қажы сапарынан хабар беріп отырған хабарландырулары куә.

1913 жылы Орал облысы Темір уезінің мәшһүр адамдарынан Жолбатыр қажы Шонтиев қасында он жолдасы бар 7 тамызда Орынбордан Одессаға жүргендігін Қазақ газетасы хабар берген. Қазақ газетасы арқылы қажылар туралы ақпарат алу мүмкіндігіне ие болу қажылар туралы мәліметті нақтылайды. Яғни қазақ газетасы да қажылыққа кеткен қазақтармен байланысып отырған. Қарап отырсақ қажылыққа Орынборға соғып Одесса арқылы кету үрдісі жиі кездескен (Смагулова, 2018: 263).

Торғай уезінің қажылары 5-нші желтоқсанда Орынбор арқылы елдеріне оралғандығы жөнінде Қазақ газетасы хабар берген. Орынбор арқылы қажыға аттану қажылар арасында жиі байқалады (Смагулова, 2018: 413).

Көбінесе қажылыққа діни тұлғалар немесе жағдайы бар ауқатты қазақтар топтасып кетіп отырған. Мәселен Темір уезі Жем болысы №5-нші ауылдың қазақтарынан Жолмұхамед ишан Құрымбаев өзінің он шақты жолдастарымен бірге Орынбор арқылы қажылыққа кеткендігін Қазақ газетасы хабар берген (Смагулова, 2018: 250). Яғни Қазақстанның батыс өлкесінен қажылыққа аттану Орынбор арқылы тиімді болған деуге болады.

Бөкей ордасынан 1862ж.-8, 1863ж.-11, 1864ж.-6, 1868ж.-2, 1874ж.-5, 1875ж.-3, 1879ж.-12, 1880ж.-23, 1881ж.-17, 1882ж.-2, 1883ж.-17, 1884ж.-12, 1885ж.-76, 1886ж.-23, 1887ж.-23, 1888ж.-25, 1889ж.-17, 1890ж.-11, 1891ж.-95, 1896ж.-16, 1897ж.-18, 1901ж.-130, 1902ж.-59, 1903ж.-92, 1911ж.-20, 1914ж.-261. (Орынбекова, 2008:82-89). Бөкей Ордасынан төлқұжатты Петербургтен, Орынбордан, Астраханьнан алып барып отырған. Мәселен 1901ж. 11 қазақ қажылары төлқұжатты Орынбордан, 1902ж.-9 қазақ Петербургтан алған. 1898, 1899, 1900 жылдары Мекке сапарына



төлқұжат берілмеді. Бұл жөнінде Ішкі істер министрлігінің арнайы қаулысы шыққан. 1897 жылы Индияда етек алған оба індеті салдарынан аталған жылдар бойынша Бөкей Ордасынан барған қажылар құжаттары толық сақталмаған. 1904, 1905, 1906, 1907, 1908, 1909, 1910, 1911, 1912, 1913 жылы Бөкей Ордасынан барған қажылар туралы мұрағатта толық құжаттар сақталмаған. (Орынбекова, 2008: 89).

Сонымен XIX ғ. ортасынан бастап қазақ қоғамында қажылыққа бару ислам дінінің дамуының ең басты көрсеткішіне айналды. Қажылық қозғалысы Ресей империясы қол астындағы территориясы, саяси-экономикасы, мәдениеті, тіпті тілі жағынан да әртүрлі мұсылман халықтарын рухани, идеологиялық және саяси біріктіруші құралы болып табылды. Тіпті нәсілдік, этникалық өзара айырмашылықтарына қарамастан мұсылман елдерінде бірігу үрдісі байқалды. Сол кезеңде белең алған саяси жағдайларда мұсылмандардың бірігуіне де алып келгенін мұрағат деректері растайды. Қажылық бару мұсылман елдерінде білім мен ағарту саласын күшейтті. Мұсылман діни білім беру ошақтарына айналған Бұхара, Самарқанд, Орынбор, Уфа, Қазан қалаларында білім алған мұсылмандар саны арта түсті. Қазақ даласына жақын болған бұл рухани орталықтар да қажылық қозғалысының жылдан жылға дамуына ықпал етіп отырғаны байқалады. Халықаралық саясатта болып жатқан түрлі кедергілер, ішкі әлеуметтік жағдайлар қажылықты күшейтпесе тосқауыл бола алған жоқ. Керісінше діни сауаты бар мұсылмандар саны артып, қажылықтың тұрақты дәстүрге айналуына ықпал еткен.

### Әдебиеттер тізімі

Дашковский П., Шершнёва Е. Роль мусульман в миграционных процессах в Российской империи (во второй половине XIX – начале XX в. ). // *Vyuce Gody*. 2017. №44. Is. 2. 551-559 .

Ермаков И.А. Ислам в культуре России в очерках и образах. М.: Издательский сервис, 2001. 512 с.

Исабай Қ., Байжан-ата С. Қажыға барған қазақтар. Дерекнамалық баян. Алматы: Ана тілі, 1996. 192 б.

Қазақ газеті. 1913 жыл. 2-ші басылымы / Кұраст.: С.Смағұлова, Ғ.Әнес, Т. Замзаева. Алматы: Арыс, 2018. 480 б.

Қараш Ғұмар. Бәдел-хажы. Қазан: 1913.

Лыкошин Н. К статистике паломничества в Мекку // *Туркестанские ведомости*. 1902. 14 февраля.

Лыкошин Н. К статистике паломничества в Мекку // *Туркестанские ведомости*. 1902. 14 февраля.

Мұхтарова Г.Р. Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX–XX ғасырдың басы). Материалдар жинағы. Алматы: Баспалар үйі, 2009. 3-16 бб.

Орынбекова Г. Қазақстан қажылары. Алматы: Полиграфкомбинат, 2008. 140 б.

Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. Перевод с немецкого К.Д. Цивинной и Б.Е. Чистовой. М.: Наука, 1989. 752 с.

Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (вторая половина XIX – начало XX вв.). Алматы: Қазақ университеті, 2005. 339 с.

Смирнов Н.А. Ислам и современный восток. М.: Акционерное издательское общество Безбожник, 1928. 120 с.

Nurtazina N.D. Islam and the Role Hajj in the History of Kazakhstan Middle-East // *Journal of Scientific Research*. 2013. No 15 (6). P. 869-873.

### **Міржақып Дулатұлының ұлы мұрасын зерттеу тарихы**

Жиырмасыншы ғасыр таңғажайып ғасыр, тарих үшін қызықты, ал замандас үшін қасірет ғасыры деп – Дінмұхамед Қонаев» атамыз айтқандай, «XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерінің біразы Алаш партиясы мен Алашордаға тікелей байланысты. Сонымен қоса XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Елдегі мұндай ауыр жағдайды ресейлік империализмнің пәрменде отарлау және орыстандыру саясаты тереңдете түсті. Басқаша айтқанда бұл мезгілде орта ғасырлық пен ұлттық езгі қыспағына бірдей іліккен қазақ елінің болашағына үлкен қауіп төнген еді. Міне осындай жағдайда қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш-үлттық ителлегенция араласа бастайды. Барлық күресі жағынан қазақ қоғамы үшін нағыз өтпелі кезең болған сол уақытта тарих сахнасына көтеріліп, бас-аяғы жиырма жылға созылған қысқа мерзім ішінде өшпес із қалдырған бұл ұлт зиялылары қоғамдық-саяси болмысы тұрғысынан алғанда кімдер еді? Анығырақ айтқанда, қазақ зиялыларының жүріп өткен тарихи жолы әсіресе 1917 жылғы қазан революциясына дейінгі қоғамдық саяси қызметі халқымыздың күрделі тарихының әлі жазылмаған ақтаңдақтарының қатарына жатады. (Нұрпейісов 1995, 5-6).

Бірінші орыс революциясынан кейінгі уақытта қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі саяси тақырыптарға кітап бастырылып, елге тарату түрінде де көрінді. Ұлттық мерзімді баспасөз жоқ, ал жазба әдебиеттің қалыптасып үлгермеген кезінде қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған кітаптардың орны ерекше еді. Сондай-ақ отаршыл әкімшілік орындарына үлкен қолайсыздық тудырған кітаптардың бірі «Оян қазақ!» болды. Уфа қаласындағы «Шарқ» баспасынан 1909 жылы жарық көрген бұл кітаптың авторы Міржақып Дулатов еді.

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты! Жер кетті, дін нашарлап, хал һерам боп, Қазағым енді жату жарамасты!» деп кең даласында алаңсыз өмір сүріп, малын бағып, бейқам халқын оятып, оларды ілім-білімге шақырған тіл, ұлт жанашыры Міржақып Дулатұлы халық тарихында аштықтан зардап шеккен адамдарға көмектесетін алғашқы қор құрған қоғам қайраткері, Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері әрі жалынды көсемсөз шебері, әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер.

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада Торғай уезінің, Сарықопа облысының бірінші ауылында дүниеге келген. (Нұрпейісов, 1995, 33-35).

Бала Міржақып анасы Демештен ерте айырылды. Анасы Міржақыптың екі жасында, ал әкесі Дулат 12 жасында қайтыс болды. Жастайынан жетім қалған бала ауылда бастауыш мектепті бітірді. Міржақып 1901 жылы педагогикалық сыныпты мемлекеттік орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіп, оны 1902 жылы бітіріп, ауыл мұғалімі болды. Бұл училищеде қазақ тілінен А. Байтұрсыновтың өзі сабақ берген. Осы кезден бастап А. Байтұрсынов пен Міржақып Дулатұлының әдеби-саяси қызметі бір-бірімен тығыз байланысты болады. 1904 жылы Міржақыптың бүкіл өмірін өзгерткен оқиға болды. Сол жылы ол Қарқаралыда Ахмет Байтұрсынов және Әлихан Бөкейхановпен тағы да кездесті. Осылайша, ол жаңа қалыптасқан қазақ реформашыл ұлттық қозғалысының осы екі көшбасшысының ықпалымен колониалға қарсы, антиресейлік көзқарасқа ие болды. 1907 жылы ол Санкт-Петербургтегі бүкілресейлік кадет конгресіне конституциялық демократтардың қазақстандық партиясының делегаты ретінде барды. Санкт-Петербургте ол «Серке» журналын құрастырып және оның жалғыз шығарылымына «Жастарға» атты өлеңін жариялайды. Сондай-ақ, ол журналдың екінші нөміріне арнап «Біздің мақсатымыз» мақаласын жазады. Бірақ, бұл мақала сол күйі жарыққа шықпады.

1907 жылғы 3 шілдеде патша жарлығымен Сібір мен Орталық Азияның барлық байырғы халықтары секілді қазақтар да Ресейдің мемлекеттік думасына қатысу құқығынан айырылды. Бұл өзін-өзі басқару мүмкіндігін түбегейлі бұзды. Міржақып Дулатов 3 шілдедегі «заң мен қазақтар» атты мақаласында бұл шешімді әділетсіз деп сынаған. Ол егер қазақтардың депутаттары қазақтардың мәселесін шешуге қатыспайтын болса, онда бұл жағдайда депутаттардың қаншалықты шыншыл және білімді екендігіне қарамастан, осы мәселені көтерген құзырлы орган ешқандай нақты шешім қабылдамайды деп есептеді.

Қазақ елінің қоғамдық санасына ең жақын жанр өлең түрінде жазылған бұл кітап сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының өмірінің ең зәру саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, ұлттық сананың оянуына үлкен қызмет жасаған болатын. (<https://stan.kz/oyan-kazak-dep-khalykty-bilimge-shakyr> 2018).

«Оян, қазақ!» Орал, Торғай, Семей және Ақмола облыстарында тез тарап өте көп оқылатын кітапқа айналды. Бұл кітаптың тез насихатталуына белсенділік танытқан дін қызметкерлері молла, имамдар еді. Мәселен Ақтөбе уезінің бастығы Орынбор губернаторлық жандарм басқармасының бастығына 1910 жылы Орынбор округтік соты прукорорының жолдасы және уездік полиция бастығының қатысуымен жандарм ротмистрі Жанкиннің Ақтөбе қалалық мешітінің Омар Абдулганиевтің қырғыздардың арасында көтеріліске шығатын татар тілінде шыққан кітапшаны тарату ісіне байланысты, оның үйінде тінту жүргізгендігін хабарлайды. Өкінішке уез бастығы бұл тінтудің немен аяқталғандығын жазбаған. Бірақ әңгіменің «Оян, қазақ!» жөнінде болып отырғандығында күмән жоқ.

Ұйқас жағдай Ақмола облысында да болғанын байқаймыз. Орынбор губерниялық жандарм басқармасы бастығы өтініш бойынша Омбы губерниялық жандарм мекеменің бастығы «Оян, қазақ!» - қа байланысты мынадай фактіні баяндайды. 1911 жылы маусым айында Ақмола губернаторының нұсқауы бойынша «Мұсылман жұрттарының арасында қылмысты басылым «Оян, қазақты!» - ты таратып қылмысты іс жасағаны үшін Ақмола қаласындағы 2-үлкен мешіттің имиамы Хаджитулла Хаким Дулат Махмудовтан жауап алынып», имимның осындай іспен айналысқаны дәлелденген соң, ол қызметінен қуылып, Дала Ережесінің 34-бабына сәйкес дала облыстарынан үш жылға жер аударылған.

«Оян, қазақ!» шыққанға дейін Омбы уезі Қорған облысы, Арқалық ауыл мектебінде мұғалімдік жұмыста жүрген Міржақып Дулатов 1909 жылы қазан айында Ақмола облысындағы Петропавл қаласына келіп алдымен қалалық мұсылмандар кітапханасы – оқу залының меңгерушісі, соңынан соттың хатшысы қызметінде жұмыс жасайды.

Деректің көрсетуіне қарағанда Міржақып Дулатовқа Петропавл қаласына келіп орналасуы екінші басылым көрген «Оян, қазақ!» - ты, 1910 жылы жарық көрген «Бақытсыз Жамал» романын және басқа азаттық үшін күрес рухында жазылған кітаптарды ел арасында таратуға қолайлы жағдай тудырса керек. Осылайша Міржақып Дулатұлы 1910 жылы қазақ тілінде жазылған қазақтың тұңғыш романы «Бақытсыз Жамал» атты кітапты жарыққа шығарды. Сондай-ақ, бұл туынды сол қоғамда Шығыстағы мұсылман әйелдердің теңсіздігін көтерген, алғашқы шығарма болды.

Бірақ бұл уақытта «Оян, қазақ!» - тың авторларының сыртынан жандармдық бақылау қойылып, оның «қалмыстық» ісін дайындау бұдан бұрын Ж.Ақбаев пен А.Байтұрсыновтың тергеу ісін жүргізген Омбы жандарм басқармасы бастығының ротмистр Левановскийге жүктелді.

Ротмистр Левановский 1911 жылы 15 маусымда Семей губернаторына жолдаған қатынас хатында Міржақып Дулатовтың үстінен қылмыстық кодекстің 129-бабының 6-тармағы бойынша іс қозғағандығы жөнінде мәлімдеп, артынша «Оян, қазақ!» орыс тіліне аударылғанын және оның көптеген даналарының ел арасында тарап кеткенін айта кетіп, «Өлеңмен жақсы тілде, шебер жазылған «Оян, қазақ!» тіптен аударма түрінде-ақ айтарлықтай әсер қалдырды, ал мазмұны жағынан орыс үкіметінің қырғыздарға қатысты бүгінгі саясатына наразылық туғызуды көздейді, сондай-ақ оның ішінде Жоғары мәртебелі Императорды мазақ ету және панисламизм идеясын тарату пиғылы да байқалды» деп көрсетеді.

Өз ретінде Семей губернаторы Дала облыстары генерал-губернаторлары жолдаған хатында «Оян, қазақ!» - тың аудармасын ұсынып, «қазақ жұртының белгілі бір бөлігінің орыс билігі мен орыс жұртына қатынасын білдіретін», бұл кітапшаны оқып шығуын өтінді.

Семей округтік соты Міржақып Дулатов ісін жүргізу барысында Қазан қалаларындағы баспа ісі бойынша Уақытша комитетке қайтарылып, «Оян, қазақ!» қаншалықты заңға сәйкес екендігі жөнінде пікір сұрайды. Уақытша комитет 1911 жылы 8 қарашада берген №1735 жауабында өзінің «Оян, қазақты!» қылмысты деп тауып, кітаптың таралуына тиым салуға және оның авторы Міржақып Дулатовты қылмыстық істер заңының 128 және 129 – баптарына сәйкес жауапқа тартуға рұқсат сұрап Саратов сот палатасына қатынас қағазын жібергенін хабардайды. Баспа ісі бойынша Уақытша комитеттің бұл шешімін негізге ала отырып, Семей округтік соты Міржақып Дулатовты қылмысты істер заңының 129-бабының 6-тармағы бойынша қылмысты деп тауып, 1911 жылдың 23 желтоқсанында тергеу кезіндегі мерзімін есепке алмағанда 1 жылға абақтыға жабу туралы үкім шығарды.

Міржақып Дулатовтың абақтыға жабылғанынан хабардар азаматтық қозғалыстар өкілдері оған араша түсу әрекетін жасайды. Мәселен 1912 жылы қаңтарда Бөгелі болысынан Саман

Бегімбетов пен Абралы болысынан Белгімбай Алдабергенов кепілге екі мың сом ақша төлеп Міржақып Дулатовты абақтыдан шығарып алады. Бірақ артын ала губернатор Троицкийдің бұйрығымен қайтадан Семей абақтысына жабылады.

1911 жылы Орынборда татар тілінде шығатын «Уақыт» газеті мен «Айқап» журналы Міржақып Дулатовтың абақтыға жабылғаны туралы хабар жарияланды. «Айқаптың» 6-нөмірінде жарияланған автор «Былтыр қазақ шайыры А. Байтұрсыновта Семей түрмесінде тоғыз ай себепсіз һәм тексерусіз зарығып отырған еді. Мұның хәлі нешелік болар?!» деген қауіп білдірді. Міржақып Дулатов жөнінде хабарды жариялағандары үшін Орынбор генерал-губернаторының қаулысы бойынша «Уақыт» газетіне 300, ал «Айқап» журналына 100 сом айып салынады.

Міржақып Дулатов Семей абақтысында 1912 жылдың желтоқсан айына дейін отырып шықты. Шыққан бетте яғни 1913 жылдың басында ол Орынбор қаласына келіп жетеді. Оған себеп болған сол тарихи кезеңдегі қазақ облыстарында қалыптасқан саяси жағдай еді.

Шамамен 1912 жылы бірінші орыс революциясынан бері белсенді қоғамдық-саяси қызметке араласа бастаған қазақ интеллигенциясының отаршыл әкімшілікпен бетпе-бет келген күрестің алғашқы кезеңі осылайша аяқталды. Сонымен бірге осы кезеңде жаңа ғана қарқын ала бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың жетекші тобы да айқындала түсті. Бұл топ 1913 жылы қазақ қоғамы үшін саяси күрестің мүлдем жаңа құралы – жалпыұлттық саяси басылымды ұйымдастырылды. Ол «Қазақ» газеті еді (Қойгелдиев 1995, 137-140).

«Қазақ» газеті 1911 жылы Семейде тұтқындалып, бір жыл сегіз айға бас бостандығынан айырыған. Дулатовпен бірге Ахмет Байтұрсынов және Әлихан Бөкейханов та абақтыға жабылған еді. Олар үшеуі бірігіп «Қазақ» газетін құрған.

Бірақ, қамаудан босатылғаннан кейін М. Дулатов «Айқап» журналына және «Қазақ» газетіне шығармаларын басып шығара бастады. Кейінірек, «қазақ» газеті де жабылды. М. Дулатұлы өз өлеңдерінде және мақалаларында патша әкімшілігінің қысымына ұшыраған қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайын қатаң сынайды. 1913 жылы ол «Азамат» патриоттық поэмасы жариялайды.

1914 жылы түркітанушы Владимир Гордлевский танымал шығыстанушы Веселовскийдің туғанына 70 жыл толуына орай шығарылатын «Шығыс топтамасы» жинағы үшін қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдері ретінде Абай Құнанбайұлы мен Міржақып Дулатұлының шығармаларын таңдап алды.

1916 жылы А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейханов патша өкіметінің 25 маусымдағы қазақтарды майданға жұмысқа тарту туралы жариялаған жарлығына қарсы шықты. Олар патша өкіметі онсызда аштыққа ұшыраудың алдында тұрған халықты аштықтан өлтіретін болды деп санады. Міржақып сол кезде аш адамдарға көмектесетін тарихтағы алғашқы халықтық қор құрды. Содан бастап ол халық арасында кеңінен танылып, көпшілікті артынан ертіп жүрді.

1917 жылдың жазында М. Дулатов Орынбордағы тұңғыш бүкілхалықтық конгресті ұйымдастырушыларының бірі болды, онда алғашқы саяси қазақстандық Алаш партиясы құрылды. Сонымен қатар, Міржақып Семей аймағының делегаты болған, атақты ғалым, саяхатшы Григорий Николаевич Потанинді қазақ тілінде өте жақсы сөйлейтін, «біздің құрметті сібірлік ақсақал» деп атаған.

Ал 1917 жылғы Дулатов өзінің көшбасшылары Ә. Бөкейханов және А. Байтұрсыновпен бірге Алаш-Орда үкіметінің құрамына кіреді.

Кейіннен М. Дулатов баспалық және педагогикалық іс-шараларға қайтып оралып, 1922-1928 жылдары Орынборда тұрды. 1928 жылы Міржақып тілдік реформаны халықтың жазбаша тарихымен байланыстырудың құралы ретінде бірден араб алфавитінің жойылуына қарсы шықты. Ол қазақ халқы өзінің ана тілін жоғалтып, халық өз тарихынан айырып қалады деп қорықты.

Ол сол кездегі қазақ тілінің «мемлекеттік мәртебесі» туралы декларациялардың екіжүзділігін алғаш сезіп, қазақтың тілін және дінін қорғауға тырысты. Болашақ та оның сөзінің дұрыс екендігін көрсетті. Бірақ 1928 жылғы 29 желтоқсанда биліктегілер оны қазақ ұлтшылы деп айыптап тұтқынға алды.

Қызылордадағы түрмеге түскен Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және Ахмет Байтұрсыновпен көрші бөлмеде жатты. Дулатов 1929 жылы өзін «ұлтшыл» деп айыптағандарға: «Біз өзіміздің тегіміздің бізге тиесілі болғанын қалаймыз» деп жауап берді. Ол әділетсіз сот алдында да, басын тік көтеріп: «Халқымның болашағы үшін мен бәрін істеуге міндеттімін. Егер мен қателесем, онда халқыммен бірге қателестім. Ерте ме, кеш пе шындық, әділеттілік орнайды» деп, соңына дейін алға қойған мақсатынан қайтпады. Осы сөздерден кейін М. Дулатовқа ату жазасы берілді, бірақ кейін лагерьге 10 жылға ауыстырылды.

Ол Бутырка түрмесінде екі жыл отырып шығып, содан кейін Соловецкий арнайы мақсаттағы лагеріне жіберілді. Онда оны ғалым және дін қызметкері Флоренский бірден таныды. М. Дудатовтың есімі сол кездің өзінде «Әдеби энциклопедияда», сондай-ақ «Кіші кеңестік энциклопедияда» болды. Сонымен қатар, М. Дудатов түрмеде болса да, оны ауыр жұмыстардан босату үшін ауруханада медициналық көмекші ретінде қызметке орналастырған. Сол кезде қазақтың қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай Франциядан келген сауда кемесіне Дулатовты отырғызып, оны Соловкиден қашырып жіберуге тырысты. Бірақ тұтқын отбасы үшін қорқып, ол ұсыныстан бас тартты. Осылайша, қазақтың тілі, діні үшін жанпида болған көсемсөз шебері, Алаш қозғалысының қайраткері М. Дулатов 1935 жылы 5 қазанда тұтқында қайтыс болды. Оның сүйегі сол жерде тегін зиратқа жерленді.

Қорыта келе ұлтын сүйген ұлт жанашыры, халқының мақтанышы М. Дулатовтың халқына, өскелең ұрпаққа қалдырған мол мұрасы ұшаң теңіз. 1990 жылы Карелия Республикасының үкіметі жергілікті тұрғындардың дәлелдері, фактілер мен құжаттардың негізінде М. Дулатовтың сүйегін анықтайтын арнайы комиссия құрды. 1992 жылы қазан айында М. Дулатовтың сүйегі отанына жеткізіліп, қазіргі Қостанай облысының Торғай облысы, Жангелді ауданы, Бидайық ауылына жерленді. (<https://stan.kz/oyan-kazak-dep-khalykty-bilimge-shakyr> 2018).

### Әдебиеттер тізімі

- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: «Санат», 1995. 368 б.
- Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы «Атамұра», 1998. 360 б.
- Нұрпейсов К. Алашорда. Алматы: «Ататек», 1995. 256 б..
- STAN.KZ Дүйсенбі, 22 Қазан, 2018 ж.

### Досжан Хазірет Қашақұлының қажылық сапарлары

Досжан хазірет Қашақұлы - дін тарихында жарқын есімі қалған ардақты тұлғалардың бірі. Ол – діни ұстаз, ағартушы, ірі ойшыл, өз дәуіріндегі қоғамдық елдік мүдделерге етене араласқан қоғам қайраткері.

Құлпытасына қашалған деректерге қарағанда, Досжан Қашақұлы 1815-1890 жылдары өмір сүрген. Кіші жүздің Жетіру тайпасының Табын руынан, оның Сарай (Қарақойлы) атасы.

Сәбит Салқынұлының кітабында «ел ішіндегі кәріқұлақтардан сұрастырып, салыстырып-салғастырып жасаған ататек кестесі бойынша Досжан бабамыздың шежірелік тегі былайшы түзіледі: Шөмішті Табыннан – Асан, Тоқшық, Сарай (Қарақойлы). Сарайдан – Ақжол, Бекжол. Ақжолдан –Қоңыр. Қоңырдан – Тоқ, Ыстыбай, Жанқара. Жанқарадан – Қашақ. Қашақтан – Досжан» - дейді (Салқынұлы, 2006: 10).

Қашақ үлкен молда болған кісі. Қазақтың атақты шайыры Кердері Әбубәкірдің «Табын Досжан хазіретті жоқтап айтқаны» деген атпен жарияланған белгілі жырында Қашақ молданың ел ішінде қадірлі, сабыр иесі, ақылды кісі болғаны айтылады (Әбубәкір Кердері, 1993: 5). Осы мәліметке қарағанда, ол сопы болып ізгі жолға қадам ұрған, дін ілімін терең игерген.

Әбубәкір Кердерінің одан әрі жырлауынша, «жасынан ғалымдықты кәсіп еткен Досжан Қашақұлы күннен-күнге талабы артып, шариғат ғылым бабын бірден ашады» (Әбубәкір Кердері, 1993: 6).

Зерттеуші Марат Қабиджанұлы «Досжан хазірет әкесі Қашақ молдандан 14-15 жасына дейін сауатын ашып, Орынбордағы «Хусайния» медресесін бітіріп, үш жыл сондағы жастарға муддаристік етіп, Ойылдағы ауылына келіп, бала оқытқан» деп, қолға нақты деректер ұстатады (Қабиджанұлы, 2004). Автор одан әрі бұл мәліметті Әбубәкір Кердерінің өлеңімен тиянақтайды.

Табындардың тайпасы еді Шөміш,  
Қауымның ортасында тапты өріс.  
Дүниядә бір нәрсеге мұқтаж болмай,  
Дәреже, бақыт, ғылым – бітті тегіс.

Аймағы ол Шөміштің еді қоныс,  
Зорлық қып Орынбордан қуған орыс.  
Орынборда медресе бітірген соң  
Үш жылдай шәкірттерге берді жұмыс ...

Ал Сәбит Салқынұлы өз кітабында Досжан хазіреттің «Хусайния» медресесінде оқығанын жоққа шығарады. Себебі бұл медресе ресми түрде 1891 жылы ашылған, ал Досжан хазірет бұл кезде жетпісті алқымдағанын тілге тиек етеді. Дегенмен Досжан хазіреттің Орынборда оқығаны рас, Орынбордағы Қарғалы медреселерінде оқыған (С. Салқынұлы, 2006: 15). Қарғалы – Орынбордан 18 шақырым жерде орналасқан слобода. 1745 жылы бірнеше Қазан саудагері Қарғалы өзені жағасынан сауда орнын салады. Бір жылдан кейін жамиғ мешітінің жанынан медресе ашылады. Қарғалы слободасы – заманында Ресейді Шығыс елдерімен жалғастырған көпір, ірі сауда нүктесі, кеден орны. 1869 жылы Қарғалыда барлығы 9 медресе болған, ондағы мектептерде бес жүзге тарта шәкірт жатып оқыған. Қарғалы медреселері бастауыш ибтидай, орталау иғтидай, орта рушдияны қосқанда он төрт жыл тиянақты оқытатын дәстүрлі мұсылман медресесі үлгісінде жұмыс істейді.

Оқудан кейін еліне келіп, бала оқытып, мешітте имам қызметін атқарған.

Досжан хазірет өз заманында *қазақтардың Мекке - Мәдинеге қажылыққа бару сапарын ұйымдастырған, Алла разылығы үшін өзі де үш рет қажылық парызын өтеген*. Осыған қатысты үлкен бір мәліметті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» еңбегінен ұшыратамыз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақтардың үлкен бір тобы 1858 жылы Меккеге қажылыққа барғанын айта келіп: «Орта жүзден жиырма кісі болыпты. Кіші жүзден табандаған жүз кісі болыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет, Досжан халпе бар дейді» - деп жазады (Көпейұлы, 1993: 10).

Досжан хазіреттің бірінші рет қажыға баруы жалпы қазақ қажылығының бастауы, яғни алғашқы тәуап сапарларының біреуі болуы әбден мүмкін. Тіпті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

ілгерідегі «Қазақ шежіресі» еңбегінде: «Қазақ мұнан бұрын бүйтіп бас қосып хажға бармаған екен» деп, 1858 жылғы тәуап қазақтардың алғашқы сапарының бірі екендігін анық етіп айтқан (М.Ж.Көпейұлы, 1993: 12). «Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай, тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері де көзге түсерлік әр таптың қасқа жайсаңы болғандықтан көргендер таңырқарлық болыпты. Қазақ байғұстың салпиған тымағының құлағын, сүйретілген тонының етегін, аңқиған аузын көрген соң, көргендер қызығып сұқтана бастайды ғой», - деп жеткізеді одан әрі М.Ж.Көпеев (Көпейұлы, 1993: 17).

Досжан Қашақұлының тікелей ұрпағы, қазірде Қарақалпақстанның Кегейлі ауданында тұратын Өтеген Иманбаев ақсақалдың айтуына қарағанда, хазірет алғашқы қажылық сапарынан «жат жұрттың елін-жерін танымай, тіліне түсінбей, көп қиындық көріп, жадап-жүдеп қайтыпты. Сонда ол: «Бізден кейін де қажылыққа талай қазақ сапар шегер. Олар да осындай қиындыққа ұшырай ма? Бұлай болмас үшін не амал етпек керек?» - деп толғанады. Ойлай-ойлай келгенде, ең дұрысы – Меккеде қазақтардың өз үйі болса деген тоқтам жасаған (Өтеміс, 2000).

Бірақ хазіреттің бұл ойының жүзеге асуына әлі аттай он бес жыл керек еді.

Досжан Қашақұлының екінші қажылық сапары белгілі Құнанбай Өскенбайұлының қажылық сапарымен бірге, яғни 1874 жылы болды. Бұған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі» дейтін еңбегінде Құнанбай қажы жайындағы мына жолдар дәлел: «1874 жылы хажға барғанында қазақ хажылары түсетұғын Меккеде бір тәкия яки үй сатып алып құдайы қылып еді. Осы күнде «Кіші тәкия» деп атайды. Кіші жүзден Сұлтан деген бек ғалым жігіт ие болып тұр. ... Сұлтан айтты: Бұл тәкия осы күні Кіші жүз Досжан қажының атына жазулы екен. Не себеп екенін білмедім дейді... Қажы марқұм тәкияны мен бастап алсам да, Кіші жүз қажылары көп ақша берді деп еді. Сол себептен бе яки құдайы қылғанда Досжан қажы атына қалдырған ба, біле алмадым» (Құдайбердіұлы, 1991: 8)

Осы жайды Әрхам Кәкітайұлы былайша тарқатқан: «Құнанбай Меккеге барған соң, ондағы жалпы жағдаймен танысады. Онда нашар, кедей адамдар келсе түсетін, тегін жататын орынның жоқтығын байқайды. Осы оймен Меккеге барған қазақ байларының басын қосып:

– Біз осында Құдай жолы деп келдік, бәрімізде нашар емеспіз, жететін қаражатымыз бар. Ал осында қаражаты жоқ, кемтар келсе қайда жатпақ? Пұл төлеп жатуға шамасы келмесе не істемек? Сондықтан біз ортамыздан ақша жинап, бір жатақхана салдырып, құдайы қылсақ, оған нашар-кемтарлар жатса, үлкен сауап болмай ма? Және құр қажы болып қайтқанға мәз болмай, халыққа, оның ішінде нашарларға жәрдемі тиетін іс істеп қайтқанымыз жөн емес пе? Бізді көріп тағы игілікті іс істеп, бірте-бірте үлкен сауапты істер істеліп жатпай ма? – дейді.

Осыны айтқан соң қазақ қажылары орталарынан ақша жинап, бұл істі басқарып, орындауды Құнанбайға тапсырады.

Құнанбай ағаштан астылы-үстілі үлкен жатақхана салдырып, құдайы қылып, оған Қанатбай деген адамды күзетші, басқарушы етіп тағайындап қайтады.» (С. Салқынұлы, 2006: 94).

Досжан хазіреттің қаржы шығарып Меккеде қонақ үй салдырғаны жөнінде мәлімет Әбубәкір Кердерінің шығармасында да кездеседі:

Үш барды Қағбаға талап етіп,  
Шайтанның әскерлерін харап етіп.  
Такия қазақ үшін үй салдырды,  
Тұрғандай қажыларды қонақ етіп.

Жоғарыда айтылған, хазіреттің ұрпағы Өтеген Иманбаев хазіреттің алғашқы қажылық сапарынан кейін тәкия салуға бекініп оралғанын айта келіп, одан әрі: «Қажылыққа келесі барғанында осы ойын тобықтының азулы биі Құнанбаймен бөлісіп, оны жүзеге асырмаққа тізе қосып кіріседі: жер, құрылыс заттарын сатып алады, ресми қағаздарын реттейді, –дейді. – Қағаз реттеуге шыққандарында үлкен кедергіге душар болды. Сол кездегі араб билеушілері: «Ау, көз көріп, құлақ естімеген алыстан келген қазақ деген жұрттың мұсылман екенін біз қайдан білеміз? Мүмкін сендер кәпір шығарсыңдар? Кәне, мұсылман екендеріңді дәлелдейтін құжат әкеліп тапсырыңдар» - деп талап қояды. Талапты орындауға бір жыл мерзім береді. Бабам бұл құжатты ел кезіп, жер кезіп сарсылып іздеп, ақыры Қазаннан тапқан деседі. Бұхараға апарып, растайтын мөр соқтырған. Сөйтіп арабтарға дер кезінде жеткізген. Үй дайын болған кезде Құнанбай қажы: «Досжанның еңбегі де көбірек сіңді, қаржысы да көбірек жұмсалды, сондықтан Тәкиені соның атымен атаған дұрыс», - деп ризашылық берген көрінеді. Мен көнекөз қариялардың «Шіркін-ай, бар қазаққа Құнанбай мен Досжанның достығын берер ме еді?»-деп тамсанғанын талай естіген едім (И.Өтеміс, 2000).

Марат Қабижанұлының пайымдауынша, «Араб елі қазақ халқын толық мұсылман қауымы» деп қабылдағаннан кейін, Меккедегі тәкиені салдыруға көп қаражат шығарған Досжан хазірет үшінші рет қажылық сапарға өз көзімен көріп келуге аттанады (Қабижанұлы, 2004).

Әбубәкір Кердері өлеңінде бұл былайшы суреттеледі:

Соңында Машкенменен бірге барып,  
Көзінен такияны қайтты алып.  
Қазақта дінге шарик жарандары,  
Келмес деп шайқымызды тұрды налып.

Бір қайтты халәлімен сонда жатып,  
Салған үй қырық мың сом артық латиф.  
Айрылған анасынан қозыдайын,  
Халықты кетіп еді жабырқатып.  
Жалтырап жасын кібік жетіп келді,  
Қуантып бұқараны таңырқатып ...  
Тілектес Алаш ұлы болып тұрды,  
Құдайым сау-саламат жолықтырды.  
Тапсырып тәкианы Қанатбайға,  
Мұндағы шариф жайға келіп тұрды (Әбубәкір Кердері, 1993: 12).

Үзіндіден «жасы үлкейген қажы әлдеқалай болып кете ме?» деп елінің уайымдағаны, бұл жолы қажылыққа зайыбын ерте барғаны, екінші қажылық кезінде салынған тәкиенің жұмыстарын реттеп қайтқаны көрінеді. «Машкен» дегені – Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

*Досжан хазірет қажылық сапарда жүргенде өзге ұлттардың тұрмыс-тіршілігін, ғылым-білімін зерттеген. Көшпелі өмірдің заманы өткенін терең түсініп, ел арасында оқу-білімнің пайдасын, отырықшылық пен егіншіліктің берекесін насихаттаған.*

*Ресей патшалығы қазақ ұлтын бөліштеп, шоқындыру саясатын жүргізе бастағанда, Досжан ишан ислам дінінің бірлікке шақыратын, ағартушылық, тәрбиелік аспектілерін мейлінше кең таратуға тырысқан. Ресей патшасына, Орынбор губернаторына қайта-қайта хат жазып, қазақ ұлты үшін бөлек мүфтилік ашу шарасына белсене араласады. Тағы да Әбубәкір Кердерінің сөзімен айтқанда:*

Баршасы үшбулардың пірім деді,  
Хазірет ақылы дана білімді еді.  
Патшадан қазақ үшін мүфти сұрап,  
Өзінен халықтың қамын бұрын жеді.

Ойлады пайда етуге халықтың қамын,  
Халықтың бүкіл қазақ, емес табын.  
Мүфти сұрап зор орынды талап етті,  
Жиһанға жандыруға діннің шамын (Әбубәкір Кердері, 1993: 15).

1868 жылы 21-қазанда «Жаңа низам» (Уақытша ереже) енгізілді. Ережеге сәйкес қазақтардың дін істері Орынбор мүфтилігінен алынып, ішкі істер басқармасына берілді (азаматтық мекеме). Мешіт салу мен діни оқыту бақылауға алынды. Осыған байланысты 1888-1917 жылдар аралығы қазақтың діни қайраткерлері мен оқығандарының жеке мүфтилік ашу жолындағы ходатай шараларына толы. Патша өкіметінің ұзақ мерзім осы мәселемен айналысқан шенеунігі, тарихшы С.Рыбаков 1917 жылы Уақытша үкіметтің қаперіне салу үшін шығарған кітабында әлгі жүгіну құзырнамаларды архив сөресінен суырып алып жариялады. Кітаптың «Ходотайства и предположения мусульманских обществ, собраний и учреждений о преобразований существующего порядка управления мусульманами» деп аталатын IV бөлімінде бірінші болып Досжан хазіреттің есімі көрсетілген:

*«Ходотайства Уральскихъ, Тургайскихъ и Оренбургскихъ киргизовъ о назначенія для нихъ особаго муфтия и духовнога собранія.*

*Именовавшіе себя аксакалами (почетными лицами) Уральскихъ, Тургайскихъ и Оренбургскихъ киргизовъ ишанъ Досжанъ-Кашаковъ, Умырь Акылбековъ, Ибн-Джемагуль Муса-оглу и др. подали въ 1888 г. прошение на имя Министра Внутреннихъ Дель о назначеніи для ихъ доверителей особаго муфтия и духовнога собранія, при чемъ объясняли необходимость такой меры темъ, что киргизы во времена существованія Средне-Азіатскихъ ханствъ постоянно обращались по своимъ духовнымъ деламъ къ суду муфтіевъ и кадіевъ въ этихъ ханствахъ, то же продолжалось и съ*



*принятием или русского подданства до Положения 1868 г. и что со введением последнего Положения и упразднением указных мullah применение шаріата при разрешении разного рода дель и споровь среди киргизовь не допукается.*

*На запрось Министерства Внутренних Дель Военный Губернаторь Уральской области от 4 апреля 1888 года №43 уведомиль Департаментъ Духовных Дель Иностранныхъ Исповеданіи, что изложенное ходатайство есть не что иное, как одно изъ проявленія мусульманской пропоганды и что изъятие из веденія Оренбургского Магометанского Духовнаго Собранія духовных дель киргизов и починеніе ихъ общему порядку гражданскаго упраленія «параграфъ 252 Полженія 1868 года) не только не вызываетъ неудобствъ, но представляетъ гарантію какъ для охраненія личныхъ и имущественныхъ правъ киргизскаго населенія, такъ и для смегченія нравовъ и обычаевъ и положенія женщины вследствие участія администраціи въ делахъ киргизов.*

*Военный Губернаторь Тургайской области по поводу того же ходатайство направлено противъ Временнаго Положенія 1868 г., имеющаго целью изъять киргизскій народъ из рукъ мусульманскаго духовенства и открыть ему почву для сближенія и объединенія с русскимъ народомъ, почему ходатайство не заслуживаетъ удовлетворенія» (С.Рыбаков, 1917: 43-44).*

Нақтырақ айтқанда қазақ, даласында өз алдында діни басқарма болуын, әр ауылда мешіт оны басқаратын өз молдасы болуын оған көшпелі жұрттың неке қиғызу, отбасына қатысты істерін шешуді қарауына беру сияқты мәселелерін шешуін қалады. Бірақ отаршыл билік бұл өтініштерді аяқсыз қалдырып, ишандарды полиция бақылауына алған.

Хазірет Досжан өз дәуірінде діни сауатты, жан-жақты ғибратты ойшыл, халыққа тәлім-тәрбие беруде асқан білімпаздықпен еңбек сіңірген, мұсылмандық пен сопылық жолды насихаттаудың жаршысы бола білген деп ой түйіндейміз. Ал, ишан - деген әулие сөзінің баламасы, сопылық мектептің жетекшісі деген ұғымды береді. Өз заманында әрі хазірет, әрі ишан атағын алып, ұлы Жаратушы Алланың барлығы мен бірлігін растап, хақ дініміз исламның иманды жолын бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, насихаттауда Хазірет Досжан Қашақұлының қосқан үлесі ұшан-теңіз деп білеміз.

#### Әдебиеттер тізімі

- Кердері Әбубәкір. Өлеңдері мен шығармалары. Алматы, 1993. 152 б.  
Қабижанұлы М. Досжан хазірет: дінді уағыздап, діл ұстанған // Ақтөбе. 2004. 1 шілде.  
Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі. Алматы, 1991.  
Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1993. 96 б.  
Өтеміс И. Досжан хазірет // Алтын Орда. 2000. 14 шілде.  
Рыбаков С. Устройство и нужды управления духовными делами мусульман в Россий. Петроградъ, 1917. 117 с.  
Салқынұлы С. Досжан хазірет. Алматы, 2006. 148 б.

## МУЗЕЙ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

**Б. Дандығараева**

*«Таңбалы» Мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы*

*Ұзынағаш а., Қазақстан*

*E-mail: bibigul.dandygarayeva@mail.ru*

### **Музей жүйесін жаңаша жандандыру**

Қазіргі кезеңде Мәдениет қоғамның ар-ұждан идеалы мен кісілікке негізделген құндылық бағыт-бағдарын ғана емес, ежелден жалғасып келе жатқан этникалық дәстүрдің озық үлгілерін сақтаудың және өркендетудің айрықша күшіне айналып отыр. Мәдени саланың Қазақстан қоғамын өркендетудің басым бағыттарының бірі болып отырғандығы да сондықтан.

Әңгіме ұлттық мәдениетті этностың, қоғамның және тұлғаның өмірлік энергиясын жұмылдыратын әрі жүзеге асыратын бірден-бір механизм ретінде сан салалы функция атқаратын қуатты күйге жеткізуде болып отыр. Осы ретте тарихи-мәдени мұра атаулыны жинақтау, көздің қарашығындай сақтау, ғылыми айналымға енгізіп зерттеу, насихаттау әрі дәріптеу сияқты сан алуан функцияны қатар атқаратын бірегей институт – музейлердің орны мен рөлі ерекше.

Сөз жоқ, еліміздегі музейлер жүйесін қазіргі заман талабына сай жетілдіру ісін ұлттық мәдениетіміздің қоғамдық – әлеуметтік күшін артырудың бір тетігі ретінде қарастырған жөн. Шынтуайтына келсек, ғылымды, қоғамдық сананы, ұлттық менталитетті, психологияны қалыптастыруда ұшан - теңіз қызмет атқаратындығын көреміз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жақын күндері «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында «Біз тиянақты және жоспарлы әрекет жасаймыз, мақсатқа жету үшін үздіксіз алға ұмтыламыз. Бұл – айрықша маңызды жыл болмақ. Өйткені осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады" –деп айрықша айтып өтті. Осы орайда ел мәдениеті мен білім жүйесінің ең маңызды салаларының бірі саналатын музей маманы ретінде бүгінгі жаһандану заманында отандық музейлерге де өзінің қызметін қайта қарастырудың қажеттілігі туындап отырғандығын тілге тиек еткім келеді.

Ұзақ жылдар бойы музейлер коллекцияларды жинақтап, сақтайтын ағартушылық мекеме ретінде қарастырылып келеді. Ендігі уақытта тұтас бір елдің, қала мен аймақтың дамуында мәдени, әлеуметтік феномен ретінде, сондай-ақ өскелең ұрпаққа ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттау және оларды, рухани-танымдық тәрбиелеуде маңызды рөлге ие мекеме ретінде музей жұмысына жаңаша көзқарас қалыптастыру қажет. Музейлер бір-бірімен келушілер санымен бәсекелесіп, жеке дара қызметін көрсетпей, керісінше бір-бірімен әріптестікті дамытып, жұмыстың бірыңғай моделі мен механизмін жасап шығуы тиіс.

Музейлердің қазіргі қоғамдық үрдістегі әлеуметтік - мәдени институт ретіндегі ықпалын күшейтудің бірден - бір мүмкін жолы олардың ғылыми базасын күшейту. Еліміздің мәдени саясаты тұжырымдамасында музейлер ғылым мен зерттеу қызметін дамытудың тірек орталығы болуы тиіс делінген. Демек музей ұлттық тарихи - мәдени құндылықтарды сақтайтын әрі дәріптейтін құрылым ғана емес, іргелі ғылыми - зерттеу жұмысын барынша тиімді жүргізетін мекеме болуы керек. Ғылыми - зерттеу базасы жеткілікті музейлер ғана тарихи - мәдени құндылықтарды тиімді де сақтайды және насихаттай алады. Алайда, өкінішке қарай, отандық музейлердің басым көпшілігінің ғылыми - зерттеу базасы жоқтың қасы. Олардың, әсіресе, шоуға көбірек ұқсайтын шаралармен тым әуестенгендіктері сондықтанда болса керек. Реті келген соң айта кету керек, шетелдің озық үлгідегі музейлерінде көп тараған шоу сияқты іс шаралар музей жұмысының небәрі 4-5 пайызын ғана құрайды. Жалпы, музей тарихтың жады болғандықтан, даңғара музыкадан гөрі, ғылыми ортасы қалыптасқан, мәдени-білім беру және ғылыми зерттеу жұмыстарын қатар атқаратын іргелі мекеме болғаны жөн.

Келесі кезектегі өзекті мәселелердің бірі – отандық музейлердің халықаралық деңгейде мәдени әлеуетін көтеру бағытындағы жұмысты жандандыру, халықаралық аудиторияны көбірек тартуды қолға алу. Осы бағытта 2023 жылғы 5 шілдеден 2024 жылдың маусымына дейін Қазақстанның Шанхай ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуіне орай, мүше елдердің мәдениет пен білім жүйесіндегі негізгі салаларының бірі де бірегейі музей саласы мамандарының басын қосатын Халықаралық музейлер форумының кезекті отырысын елімізде өткізу мәселесін қарастыру қажет деп есептеймін. Осы форумда ірі музей ісі бойынша ой бөлісіп, тәжірибе алмасып, пікір таластырып, Қазақстан музейлерінің имиджі мен мәртебесін көтеретін шаралар

ұйымдастырылса, игі бастама болар еді. Осы ШЫҚҰ форумы аясында Қазақстан музейлерінің таныстырылымы жасалып, ШЫҚҰ елдеріне музей қызметінің тарих, өнертану, табиғат мұраларын өз коллекциялары мен мәдени құндылықтары, жобалары көрсетілсе, музейлер дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтеріліп, әлемдік белгілі мәдениет орталықтарының рейтингіне енуге мүмкіндік туар еді. Демек, қазіргі заманғы даму үрдістері көрсетіп отырғандай музейлер өз қызметінде инновация мен бастамашылдыққа ерекше назар аударуы керек.

Президентіміз Қ. Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық Құрылтайда: «Халықтың болмысын және қоғамдық сананы жаңғырытпай, түбегейлі өзгеріс жасау мүмкін емес» – деген еді. Осы тұрғыдан келгенде ұлттық сана мен елшілікті халықтың бойында дарыту үшін Ұлы Дала тарихын ұрпақ жадында тірілту керек. Бұл ретте, ұлттық танымды жетілдіру мақсатында отандық музейлерді мәдениетімізді жаңғырту орталығына айналдырып, тарихымыз бен қайталанбас мұраларымызды осы орда арқылы жастарымыздың бойына сіңіру – қоғамның асыл міндеті.

Музей мамандары – түрлі идеялардың бастамашысы және оны жүзеге асырушысы ретінде де саланың мәртебесі мен басымдықтарына тың өзгерістер енгізіп, отандық кәсіби қызметке жан бітіріп, жаңа сатыға көтеруі қажет. Сондықтан білігімізді арттырып, мемлекет тарапынан қаржыландыруды күтіп отырмай, серіктестермен әріптестік орнату арқылы бюджеттен тыс қаражат көздерін қарастырып, қоғамның сұранысына сай тың әлеуметтік маңызды жобалар дайындап, ұсынуымыз керек. Ендігі кезекте заманауи музейлердің миссиясын терең түсіну, кәсіби қызметіміздің бағыттары мен формаларын модернизациялау мемлекетпен қоғамның ортақ ісіне айналса екен дейміз.

### **Әдебиеттер тізімі**

«Егемен Қазақстан» газеті, 2024, 1-бет.

Жәкішева З.С. Өзбекәлі Жәнібеков тағылымы. Алматы 2011.

### **Тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттаудағы музейдің рөлі мен қызметі**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес азаматтар «тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті» болып табылады (ҚР Конституциясы, 1995). Сондай-ақ, еліміздің «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңында ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қауіптерінің бірі ретінде «ҚР халқының мәдени және рухани мұрасын жоғалту», деп көрсетілген (ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы заңы, 2012).

Тарихи-мәдени ескерткіш – жалпыадамзаттық мәдениеттің ажырамас құрылымдық бөлшегі, қоғамның рухани жан дүниесін қалыптастыру мен дамытудың пәрменді тетігі, тарихи жадының, ғылым мен білімнің, мәдениеттің қайнар көзі. Ол рухани және материалдық құндылықтардан құралып, ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде жетіп, өркениетті қоғамның негізін құрайды, сондай-ақ, ұлттың өзін-өзі құрметтеуінің және оны әлемдік қауымдастықтың мойындауының басты негізі. Себебі оның әрбір бөлшегі арқылы халықтың бүтін тарихы айшықталады. Сондықтан да, тарихи-мәдени ескерткіш – бұл орны толмайтын рухани, мәдени, әлеуметтік және экономикалық құндылық.

Сарапшылардың пайымдауынша, тарихи-мәдени ескерткіш халықтарды өзара байланыстырушы, біріктіруші, оларды бір-бірімен жете түсіністіруші маңызды элемент болып табылады (Ажигали, 2013: 39).

Көп ғасырлық тарихы бар Қазақстанда әлемдік өркениеттің қазынасына енген төлтума тарихи-мәдени құндылықтар молынан кездеседі. Олар Ұлы дала жерінде көшпелі және отырықшы мәдениеттердің, ғылым мен өнердің, сауда мен кәсіптің дамығандығын айғақтайды.

Бүгінде мәдениет, дәстүр, атадан балаға мирас болып қалған тарихи-мәдени мұралар ел бірлігін сақтаудың мәйегі болатыны анық. Тарихи-мәдени мұра тек ата-бабалардың тәжірибесін сақтап ғана қоймай, қоғамның жан дүниесін рухани тұрғыда жаңғыртады. Елдің мәңгілік болуы тарихи-мәдени құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа ұласып, буындар бірлігін сақтаушы болатын сабақтастықта жатыр.

Заңнамалық актілерге сүйенетін болсақ Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері – Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұра объектілері болып табылады. Өз кезегінде Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі ғылыми негізделген ұсынымдар негізінде толықтырылып отыратын, тарих және мәдениет ескерткіштері деп танылған, түрі, санаты және координаттары көрсетілген тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізбесін құрайды (Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заң, 2019).

Тарихи-мәдени ескерткішті насихаттау – тарихи-мәдени мұраның көпшілікке қолжетімділігі мен олардың оны қабылдауы, ол арқылы рухани және эстетикалық тәрбие беру, білім деңгейін арттыру мен бос уақытын тиімді өткізу, сондай-ақ тарихи-мәдени мұра нысандарын мемлекеттік қорғау, сақтау және пайдалану шараларын жүзеге асыруды ұйымдастыруға бағытталған бірнеше іс-әрекеттер жиынтығы болып табылады.

Қазіргі уақытта қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану заманында тарихи-мәдени ескерткішті сақтау өзекті мәселенің бірі болып отыр. Тарихи-мәдени ескерткіш қоғамның тарихи жадын жинақтап қана қоймай, оның әрбір мүшесінің мәдени өзін-өзі сәйкестендіру мен рухани әлеуетін кеңейтуге, ұлттық бірегейлікті сақтауға, тұлғаның өзіндік санасын қалыптастыруға негіз болады.

Осы тұрғыдан алғанда жоғарыда аталған қоғамдық процесте музейдің алатын орны ерекше болып тұр.

Музей әлеуметтік және мәдени мекеме ретінде бірнеше қызметтерді жүзеге асырады. Ең алдымен ол тарихи-мәдени мұраны сақтау, зерттеу және насихаттау жұмыстарын орындайды, яғни ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылыққа бағытталған көп функционалды мекеме ретінде әрекет етеді.

Жалпы музейдің анықтамасы мен қызметін айшықтайтын болсақ. Музей – табиғат пен адам қолымен жасалған мұралар мен көне заман ескерткіштерінің үлгі нұсқаларын жинақтаушы, сақтаушы, насихаттаушы және бұл мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, осы негізде қоғам мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін мекеме (Российская музейная энциклопедия, 2001: 396-

397). Сондықтан да, бүгінгі күні дүниежүзінде музейі жоқ елді кездестіру мүмкін емес. Ал, әлем мемлекеттері музейінің қалыптасуы мен дамуы сол халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне де байланысты болды.

Мемлекет құрап отырған ұлттың тарихы мен мәдениетін өзге жұрт бірінші музей арқылы таниды. Бұл өркениетті елдерде аксиомаға айналған қағида. Осы орайда, музей – көне тарих пен бүгінгі дәуір арасындағы бірегей көпір секілді.

Музей саласының тарихында оның қызметінің сипаты айтарлықтай өзгеріп, ол «көп функционалды әлеуметтік институтқа» айналды. Оны Халықаралық музейлер кеңесі (ICOM) айқындаған музей анықтамасынан байқауға болады. Оған сәйкес музей – жалпыға ортақ материалды және материалды емес құндылықтарды көпшілікке таныту және білім беру мақсатында жинақтайтын, сақтайтын, зерттейтін, насихаттайтын және көрсететін әрі тұрақты негізде қоғамның игілігі мен оның дамуы үшін жұмыс істейтін көпшілікке ашық коммерциялық емес мекеме (Этический кодекс ИКОМ для музеев, 2014: 7).

Бұл анықтама музейдің дәстүрлі қызметі тарихи-мәдени мұраны жинақтау, сақтау, зерттеу, насихаттау және көрсету жұмыстарымен қатар, ғылыми және мәдени-ағарту жұмыстармен толыққанын көрсетеді.

Қазіргі уақытта кезкелген мемлекет үшін тарихи-мәдени ескерткішті сақтау, зерттеу және насихаттау айрықша маңызды мәселенің бірі болып отыр.

Халықаралық қауымдастық шеңберінде тарихи-мәдени ескерткішті қоғамның маңызды бір бөлігі ретінде қарастыру заңды құбылыс болып табылады. Себебі оған әлеуметтік-экономикалық салаларда орын алып жатқан жағдайлар, сондай-ақ, антропогендік, экологиялық және техногендік өзгерістер тікелей әсер етеді. Сондықтан да, әрбір мемлекет тарихи-мәдени ескерткішті сақтауды жіті бақылауда ұстауға тырысады.

Осы орайда, тарихи-мәдени ескерткішті сақтаудағы тиімді әрі нәтижелі әдістердің бірі – насихаттау, яғни тарихи-мәдени ескерткіш туралы ақпаратты көпшілік арасында тарату болып табылады. Зерттеушілердің пайымдауынша тарихи-мәдени ескерткішті насихаттау жұмысын кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Бұл жұмысты атқару барысында осы бағыттағы ғылыми-зерттеу және өндірістік-тәжірибелік жұмыстарды ұштастыру тиімді нәтиже береді.

Бүгінгі таңда тарихи-мәдени ескерткішті насихаттау музей саласы қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Оны жүзеге асыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдер мен шаралар қолданылады.

Музейдің бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу және оның нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу және жариялау музей қызметкерінің жұмысының бірі екені белгілі. Көпшілікке арналған әдебиет музей жәдігерлері мен ескерткіштері арқылы азаматтарға туған жерінің тарихы мен мәдениетін кеңінен және жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс кезкелген музейде жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Музей қызметкерлері әзірлеген танымдық әдебиеттердің электронды нұсқасын музейдің сайты арқылы көпшілікке қолжетімді ету әлемдік тәжірибеде қалыптасқан үрдіс. Бұл әрекет өз кезегінде музейдің ғылыми әлеуетін танытады әрі оның қорындағы тарихи-мәдени ескерткішті насихаттайды.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттаудың кең тараған әдістерінің бірі музейлік дәрістер мен сабақтар. Оларды музейдің аумағында немесе тарихи-мәдени ескерткіште, білім беру немесе мәдени мекемелерде, БАҚ және әлеуметтік желілерде өткізуге болады. Бұл әдісті музей саласында «музей педагогикасы» деп атайды. Әдетте, аталған жұмыс музейде жүйелі түрде іске асырылады. Музей қызметкерлері музейлік сабақтар мен дәрістердің тақырыбын белгілеп алады. Соның негізінде оның құрылымы мен мазмұнын әзірлейді. Білім беру және мәдени мекемелермен келісе отырып, болашақ музейлік дәрістер мен сабақтардың жоспарын бекітіп, сол бойынша жұмысын жүргізеді.

Сонымен қатар, тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау жұмысына жасөспірімдер мен жастарды тарту өзекті болып табылады. Жастарға арналған танымдық дәрістер және сабақтар өткізумен қатар, оларды археологиялық және ғылыми-ізвестіру экспедициялар, экскурсия жұмыстарына қатыстыруға болады. Музейлердің жанынан құрылған волонтерлік үйірме немесе қауымдастық халықаралық тәжірибеде қалыпты жағдайға айналған. Яғни, жастарды тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау жұмыстарына араластырудың өзіндік үрдісі қалыптасқан.

Бүгінгі таңда адамдардың басым көпшілігі кезкелген ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы қабылдайды. Осы негізде музей қызметкерлері танымдық телебағдарламаларға қатысып, сұхбаттар береді. Сондай-ақ, әлеуметтік желілер мен

музейдің ресми сайтында тақырыптық айдарлар мен парақшаларды жүргізеді. Қазіргі уақытта бұл музей қызметкерлері арасында кеңінен қолданылатын әдістердің бірі болып табылады.

Жалпы музейдің қызметін, онда жүргізіп жатқан жұмыстарды көрсету үшін бұқаралық ақпарат құралдарын тарту тарихи-мәдени ескерткішті насихаттап қана қоймайды, сонымен қатар, көпшілік арасында музей саласының өзіндік бейнесін қалыптастырады.

Тарихи-мәдени ескерткішті насихаттаудың келесі түріне жылжымалы және ұзақ мерзімді тақырыптық көрмені жатқызуға болады. Жәдігерлерді экспозициялау арқылы оларды көпшілікке қолжетімді ету кезкелген музейдің басты мақсаты мен міндетін құрайды. Кез келген музейдің жұмысы мен танымалдығы оның экспозициясымен тікелей байланысты. Экспозиция келушілерге тарихи-мәдени ескерткіштерді, құнды материалдық мұраларды қолжетімді ету арқылы, олардың физикалық және рухани тұрғыда сақталуына негіз болады (Зотова, 2022: 33).

Бүгінгі таңда жәдігерлерді экспозициялаудың әдіс-тәсілдері өзгеріске ұшырап жатыр. Интернет желісінің кең таралуы әлемдік музейлерді виртуалды тамашалау мүмкіндігін беріп отыр. Бастықыда ірі музейлердің ресми сайтында таңдаулы экспонаттары немесе сирек экспозицияланатын жәдігерлердің фотосуреті мен шағын аннотациялық мәтіні берілді. Жалпы айтқанда экспонаттар электронды каталог форматында ұсынылды. Уақыт өте фотопанорама технологиясының көмегімен музей экспозициясына мәтіндік сипаттама және аудиогидпен сүйемелденген «виртуалды тур» қалыптасты. Мұнда музей экспозициясында ұсынылған заттарды таңдап алып, жақындату және үлкейту қосымшалары арқылы жан-жақты тамашалауға болады. Халықаралық тәжірибеде музей саласын цифрландыру және онлайн форматқа көшіру үдерісі қарқынды түрде жүріп жатыр (Обласов и др., 2018). Мәселен, шетелдік және отандық музейлердің ресми сайтындағы «виртуалды тур», «online көрме», «online музей» және «видео экскурсия» айдарлары қалыпты жағдайға айналған. Бұлар заман талабына сай қалыптасқан тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттаудың музейлік құралы болып табылады.

Тарихи-мәдени ескерткішті насихаттаудың кешенді түрі ретінде музейлендіруді атап өтуге болады. Жалпы тарихи-мәдени ескерткіш деп танылған нысанды музейлендіру күрделі үдеріс екені анық. Себебі бұл процесте тарихи-мәдени ескерткішті насихаттау және сақтау жұмысы қатар жүріп отырады. Бұл кезде нысанға әсер ететін барлық ішкі және сыртқы факторлар ескерілуі қажет. Осы ретте тарихи-мәдени ескерткіштің түрі мен қызметі, оның сақталу дәрежесі, зерттелуі, орналасқан жері және т.б. Әдетте музейлендірілген тарихи-мәдени ескерткіштер музей-қорық немесе ашық аспан астындағы музей ретінде құрылады. Сәйкесінше тарихи-мәдени ескерткішті насихаттауға бағытталған музей-қорықтың қорғау аумағында орналасқан нысандарды сақтау, зерттеу және таныту бойынша кешенді шаралар жүргізіледі.

Музейлендіру процесі халықаралық тәжірибеде кең тараған әрі танымал болып табылады. Бұл өз кезегінде музейдің кеңістігі мен әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік берумен қатар жергілікті аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына оң әсер етеді (Поляков и др., 2023: 74-75). Мысал ретінде этноауыл, экомuseum мен археологиялық саябақтарды атап өтуге болады. Музейлер жанынан құрылған археологиялық саябақтар тарихи-мәдени ескерткішті насихаттау және сақтаудың тиімді әрі бірегей тәсілін құрайды. Қазақстанда тарихи-мәдени ескерткіш негізінде қалыптасқан «Әзірет Сұлтан», «Ежелгі Тараз ескерткіштері», «Есік», «Берел», «Ботай мәдениеті» музей-қорықтары және т.б. отандық музейлендіру тәжірибесінің жарқын көрінісі.

Музей саласында тарихи-мәдени ескерткішті насихаттаудың дәстүрлі әрі кең тараған түрі – экскурсия болып табылады. Тарихи-мәдени ескерткіштің аймағында жүргізілген экскурсия келушілерге ерекше әсер ететіні сөзсіз. Сондай-ақ, экскурсияны тарихи-мәдени ескерткішке байланысты жүргізілген кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері айшықталған тақырыптық көрме толықтыра түседі.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттаудың тиімді тәсілдерін айқындауда ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енгізілген нысандарды сақтайтын музейлердің тәжірибесін ерекше ескеру қажет. Бұл музейлер тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, реставрациялау және насихаттауға бағытталған әдістемелік орталықтардың қызметін атқара алады. Мұндай орталықтардың жұмысына жастар мен қоғам белсенділерін қатыстыру өзекті болып табылады (Руководство по выполнению Конвенции об охране всемирного наследия, 2023: 213). Олар үшін «ескерткіштану» тақырыбы аясында арнайы әлеуметтік курстар әзірленуі мүмкін. Мұндай курстар арқылы қоғам мүшелері тарихи-мәдени ескерткішті сақтаудың маңыздылығын жете түсінуі мүмкін.

Қорғау аймағында тарихи-мәдени ескерткіштері бар музейлердің бірлескен мәдени-ағартушылық шараларды өткізу, білім беру бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру, тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық желіге бірігуі орынды. Сонымен қатар,

тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, зерттеу, пайдалану және насихаттау мәселелеріне арналған ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта бұл үрдіс отандық музейлердің тәжірибесінде кеңінен қолданылып келеді.

Қорыта айтқанда, қоғамда болып жатқан ұрпақтар, мәдениеттер, конфессиялар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуда музейдің өзіндік рөлі бар. Музей тарихи-мәдени ескерткіштер арқылы белгілі бір қоғамның тарихы мен мәдениетін басқа қоғамға көрсетеді және танытады. Ол үшін музей жоғарыда атап өтілген әдістер мен тәсілдерді қолданады.

Тарихи жады мен тағылымның қазынасы ретінде музей қоғам өмірінің барлық кезеңдерінде рухани күш беруші, қоғамдық сананы жаңғыртушы, ұлт мұрасын сақтаушы әрі дәріптеуші қызметтерін атқарып келе жатқан мәдени ошақтың бірі. Өртүрлі қиын кезеңдерде музейдің рөлі артып, күрделене түсті. Ол қоғамның рухани өмірімен қатар, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына өзіндік септігін тигізіп келеді.

Тарихи-мәдени ескерткіштің әлеуеті мемлекет пен оның өңірлерін танытуға және көркейтуге ықпал етіп, ұлттық сана-сезімді нығайтады және туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырады.

### Әдебиеттер тізімі

Ажигали С.И. Актуальное направление науки: Казахское памятниковедение //Мысль. 2013. №6. С. 38–43.

Зотова Т.А. Экспозиционная деятельность музеев-заповедников как форма культурного брендинга // Экспозиционная деятельность музеев-заповедников и современные музейные практики: проблемы брендинга территорий: сборник научных статей по итогам Всероссийской научно-практической конференции с международным участием / Науч. ред. А.В. Окоороков, ред.-сост. Т.А. Зотова. М.: Институт Наследия, 2022. С. 31-52.

Қазақстан Республикасының Конституциясы / (Электронды ресурс) / URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (қаралған күні: 12.02.2024).

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы заңы / (Электронды ресурс) / URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527> (қаралған күні: 12.02.2024).

Музейно-парковые комплексы в современной России: феномен, опыт, проекты, проблемы, перспективы: коллективная монография / Т. П. Поляков, Т. А. Зотова, Ю. В. Пустовойт, О. Ю. Нельзина. Москва: Институт Наследия, 2023. 556 с.

Обласов В., Трегулова З., Мрдуляш Т., Толкачев С., Федорович А. Как современные технологии меняют музеи / (Электронды ресурс) / URL: <http://ad.theoryandpractice.ru/page6660200.html> (қаралған күні: 18.02.2024).

Российская музейная энциклопедия: В 2 т. М.: Прогресс, «РИПОЛ КЛАССИК», 2001. 416 с., т. 1.

Руководство по выполнению Конвенции об охране всемирного наследия / Перевод с английского. М.: Институт Наследия, 2023. 444 с.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заң / (Электронды ресурс) / URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288> (қаралған күні: 12.02.2024).

Этический кодекс ИКОМ для музеев. М., 2014. 28 с.

### **Тасқа жазылған тарихи ескерткіштерді қорғау мен сақтаудың маңыздылығы**

Табиғат айналасы және Адамзат қоғамының даму сатысындағы барша білімнің деректік, бұйымдық үлгілерін жинап-сақтап, оларды халыққа насихаттап – түсіндіретін, келешек ұрпаққа аманаттап табыстайтын ғылыми – археологиялық, этнографиялық орын ғылыми тұрғыда музейден басталатыны белгілі. Өнер – мәдениет және ғылыми құндылықтарды сақтауға, музей мұралары арқылы тарихи мәліметтерді жинақтап, таратуға, болашақ ұрпаққа танымдық тәрбие беруге арналған көп қырлы ақпараттар институты саналатыны анық.

«...Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен мәдениетімен, ұлт ұлықтағн ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкен – кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады демекші. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес – ұлттық сананы сақтау күресі.

Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Осыған орай қазіргі таңда, Қазақ жерінде қорғансыз қалған қорымдар ашкөздердің оңай олжаға кенелуді көздейтін басты құралына айналып отыр. Себебі, еліміз бойынша күзетілмей, қараусыз жатқан тарихи жәдігерлер қаншама?

Біз Қазақстан көлемінде қанша ескерткіш барын, есепке алынғанын толық білмейміз. Егер біз ескерткіштер санын білмесек, сапасын білмесек, қалай біз оны қорғаймыз?

Қайсібір халықтың немесе ұлттар мен ұлыстардың жаратылыстан алатын өз тарихы мен орны бар. Қазақ халқының тарихында айрықша атауға тұратын қасиетті жердің бірі – тасқа жазылған тарихи ескерткіштер шоғырланған «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи музей қорығы.

Тарихи мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымызбен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызы зор. Қазіргі таңда Қазақстан аумағында 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш сақталынған деген болжамдар да бар. Солардың бірі қайталанбас жартастағы бейнелермен ерекшеленетін «Таңбалы» шатқалындағы археологиялық ескерткіштері.

«Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи музей қорығының аумағында сақталынған археологиялық, діни-рухани ескерткіштер өте көп. Аталған ескерткіштердің 3000-нан астамын қазіргі таңда «Таңбалы» тарихи-мәдени музей қорығы тізімге алған. Осы ескерткіштердің басым бөлігі қола дәуірінен бастау алатын жартастағы суреттер мен жерлеу орындары яғни қабірлер болып табылады. Тасқа салынған суреттер көне ескерткіштердің бірі болып саналады. Зерттеушілер жартас суреттерінің хронология мәселесіне көп көңіл бөлген. Сонымен қатар жеке бейнелерге, заттарға сараптама жасау, оларды этнографиялық материалдармен салыстыру, стилін зерттеу, ұқсас өнер ескерткіштерімен салыстыру, өзара ұқсайтынын жинастыру, қашап салу әдісін бақылау, тастардың қақ қабатына көңіл бөлу, бір суреттің үстіне екіншісінің салынуына мән беру, петроглифтерге жақын орналасқан басқа да ескерткіштерді зерттеу мен сақтау басты талаптардың бірі.

Ашық аспан астындағы музей қорығы жыл сайын ескерткіштерді тиімді қорғау мақсатында бақылау-барлау жұмыстарын жүргізе отырып, жаңадан табылған археологиялық мұраларды есепке алып, оларды жойылудан, бүлінуден қорғау мақсатында іс-шаралар атқарып келеді. Тізімге алынған әрбір ескерткіш орналасқан аумағына қарай, сол жердің өткен тарихынан хабардар ететін, ұлт байлығының рухани қазынасы екені баршамызға мәлім.



Ескерткіштерді түпнұсқа қалпында сақтау қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Көптеген тарихи-мәдени мұралар жеке тұлғалардың жауапсыздығынан өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда жойылып кету қаупі төніп отырады. Осы орайда жергілікті халық аталған тарихи мәдени мұраларымызды бүлінуден, зақым келтіруден қорғап, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіріп, насихаттап, мектептерде өтілетін тәрбие жұмыстарына енгізсе келешек ұрпақты өз елінің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын, ұлтжанды етіп тәрбиелеудің маңызы зор.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды зерттеу мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі шара болып табылады. Қазіргі таңда археологиялық зерттеулер арқылы Таңбалы аумағынан ғасырлар куәсі болған жартас суреттері мен қорған-қабірлердің, тұрақтардың орнын тауып, зерттеп тізімге алыу жұмыстары жалғасын табуда.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы жайында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз *«Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім»* деп жазған. Ескерткіштерді қираудан, бүлінуден сақтау өткен көне замандарда да өткір мәселенің бірі болып отырған. Мәдени құндылықтардың тоналуы, олардың зақымдануы кез-келген елдің, халықтың тарихын, мәдениетінің күйреуіне, жойылуына алып келеді. Осындай келеңсіз жағдай жартас суреттерінде де кездесетіндігін біріміз білсек, біріміз білмей жүргендігіміз кері әсерін тигізетіндігі баршамызға белгілі. Жартас суреттерінің бүлінуі қалыпты жағдайларының жоғалуы Адами әрекеттер мен табиғи әрекеттерден болатындығы анық. Оның себебі адамдардың тарихи-мәдени құндылықтарымызды дұрыс түсінбеуінің кесірінен қосымша сызып, өз есімдерін жазып бүлдірсе, табиғи әрекеттер қыс мезгіліндегі қар сулары жарықшаға түсіп мұз қатып тастың сынуына алып келеді. Сонымен қатар жартас бетіне өсетін өсімдіктер мен қурайлар да сақталуына кері әсерін тигізеді.

Сондықтан да, тарихи мұраларымызды сақтау мен қорғаудағы басты мақсат мектеп қабырғасынан басталып болашақ мәдени мұраларымызды сақтап қорғаушылар тәрбиеленуі тиіс. Ғасырлар куәсі тарихи мұраларымызды қорғауды бүгіннен бастамасақ алдағы уақытта жоғалтып алу қаупі де жоқ емес.

Бұл тарихи-мәдени мұралар көне тарихтың куәсі, өткенімізден сыр шертіп, бүгінгі күнге дейін сақталып, жетіп отырған ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ. Халықтың тарихи естелігі мен ескерткіштері-ғасырлар бойы мәдени мұраға саналатын, барлық елдердің негізін, халықтың, ұлттың, этностың өзін сақтап қала алатын маңызды бағыты болып табылады. Мәдени мұра ұғымы еліміздің ғасырлар бойы қалыптастырған рухани және заттай мәдениетін анықтайтын, халқымыздың жүріп өткен тарихи жолынан мәлімет беретін бағалы жәдігерлік қоры болып табылады. Мәдени мұра ұғымына халықтың рухани – мәдени құндылықтары – ұлттық мәдениет, салт – дәстүрлер, әдет – ғұрыптар, ауызша және жазбаша әдебиет ескерткіштері, сәулет ескерткіштері де жатады. Ол өркениетті қоғамның ең маңызды бөлігі, өзіндік рухани және материалдық құндылықтардан тұрып, ол бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жай өтіп қана қоймай, оларды жоғалтып алмау үшін ұлттық мемлекеттік көлемдегі үлкен күш пен маңызды жұмыстардың жүргізілуін талап етеді. Еліміздің ескерткіштерінің жан-жақты кәсіби түрде зерттелуі мен сақтап қорғалуы – халықтың өткен тарихы туралы көптеген құнды мағлұматтар беретіні белгілі.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген бар, өткен тарихи мәдениетімізге зер салып қарасақ бабалар ескерткіштерінің бізге айтары аз емес.

Болашағымызға жол сілтеу үшін осы бабаларымыздың «Өмір тамырына» көз жүгірту мақсатымыз.

### Әдебиеттер тізімі

Әлімқұлов Е.Б., Железняков Б.А. «Таңбалы. Танбалы. Tanbaly» фотоальбом. «Эффект» ЖШС, 2013. 192 б.

Әмірғалиев М.О., Железняков Б.А., Херманн Л., Шарипов Р.К. Жетісудың жартас өнері. Алматы 2019. 280 б.

Жаңа материалдар және археологиялық зерттеу әдістемесі. Алматы: «Қазақ университеті» 2019. 225-226 бб.

Жәкішева З.С. Өзбекәлі Жәнібек тағлымы. Алматы, 2011. 3-11 б.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері атты «Х Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы «Қазақ университеті» 2018. 406-407 бб.

ҚР Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Ә. Марғұлан атындағы археология институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005.

Садуақасұлы А., Байтанаев Б.А., Железняков А.Б. Ежелгі Жетісу. Жамбыл ауданының археология ескерткіштері. Алматы, 2016.

**Методы изучения, сохранения и музеефикации историко-культурного наследия  
(из опыта преподавания)**

В Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова в 2019 году была открыта специальность 6В02137 – «Реставрация произведений декоративно-прикладного искусства». Согласно образовательной программе данной специальности в учебный процесс на четвертом курсе были введены дисциплины, обучающие методам изучения, сохранения и музеефикации историко-культурного наследия: «Естественно-научные методы в экспертизе предметов декоративно-прикладного искусства» (Мусаханова, 2022: 4-5) и «Музеефикация и хранение произведений декоративно-прикладного искусства».

Дисциплина «Музеефикация и хранение произведений декоративно-прикладного искусства» является профессиональной дисциплиной учебной программы специальности «Реставрация произведений декоративно-прикладного искусства», состоит из лекционного материала (20 часов), практических занятий (30 часов), предусматривающих самостоятельную работу студентов. Программа курса рассчитана на 5 кредитов – 150 учебных часов. Предмет изучается в седьмом семестре. В процессе изучения дисциплины студенты знакомятся с основными направлениями музейной деятельности, необходимыми условиями хранения предметов декоративно-прикладного искусства (ДПИ).

Цель курса: сформировать у студентов систему знаний о музеефикации и хранении произведений ДПИ.

Задачи:

- познавательная – создать представление о структуре данной отрасли, основных видах ДПИ, сообщить определенную сумму сведений о музеефикации;
- практическая – ознакомить студентов с основами музеефикации, с правилами хранения произведений ДПИ;
- методологическая – привить навыки анализа социокультурной и материальной среды.

Компетенции:

- умеет определять вид произведений ДПИ;
- имеет понятие о музеефикации как об одном из основных направлений музейной деятельности;
- обладает культурой мышления, способностью к обобщению, анализу, восприятию информации, постановке цели и выбору путей ее достижения;
- правильно применяет специфическую терминологию;
- использует методы историко-культурного знания в творческих проектах;
- постигает методы научного хранения произведений ДПИ (Мусаханова, 2022: 7-8).

*Тематический план курса «Музеефикация и хранение произведений ДПИ»*

Неделя	Тема	Формы организации занятий и количество часов			
		Лекция	Практик. занятие	СРОП	СРО
1	Введение. Предмет, цели и задачи изучения курса	1	2	2	5
2	Музеефикация как об один из основных направлений музейной деятельности	2	2	2	5
3	Декоративно-прикладное искусство как раздел изобразительного искусства	2	2	1	5
4	Классификация отраслей декоративно-прикладного искусства	1	2	2	5
5	Особенности хранения	1	2	2	5

	произведений искусства из металла				
6	Особенности хранения произведений искусства из дерева	2	2	1	5
7	Особенности хранения произведений искусства из кости	1	2	2	5
8	Особенности хранения произведений искусства из ткани	1	2	2	5
9	Особенности хранения произведений искусства из войлока	2	2	1	5
10	Особенности хранения текстиля	1	2	2	5
11	Особенности хранения произведений искусства из кожи	2	2	2	5
12	Особенности хранения произведений искусства из стекла	2	2	1	5
13	Особенности хранения произведений искусства из фарфора	2	2	2	5
14	Особенности хранения произведений искусства из тростника (ши)	2	2	2	5
15	Особенности хранения произведений искусства из бумаги	2	2	1	5
	<b>ВСЕГО:</b>	<b>20</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>75</b>

Студенты, используя полученные знания во время лекции, при выполнении заданий практических занятий:

- 1 - усваивают понятие "музеефикация" в современном обществе;
- 2 - изучают рекомендуемые педагогом исследования специалистов в области охраны, реставрации и консервации памятников ДПИ;
- 3 – знакомятся с основными **требованиями к хранению** произведений искусства из разных видов материала;
- 4 - составляют **рекомендации по уходу за предметами искусства** из разных видов материала.

Задания по самостоятельной работе студентов предполагают изучение рекомендуемых источников и видеоматериалов с последующим анализом и составлением тезисов, способствующие профессиональному росту:

1. «Декоративно-прикладное искусство»
2. «Современное декоративно-прикладное искусство. История лаковой миниатюры»
3. «Ювелирное искусство»
4. «Ткачество и ковроделие»
5. «Художественная обработка дерева»
6. «Казахская юрта»
7. «Ормек – ткацкое искусство казахов»
8. «Войлочное искусство»
9. «Смотритель» в Эрмитаже: восточная живопись»
10. «Реставрация предметов прикладного искусства»
11. «Кожевенное искусство»
12. «Вышивка и орнамент» и т.д.

Кроме того, в ходе подготовки домашних заданий, студенты выявляют новые термины и составляют глоссарий.

Выполнение заданий практических занятий, СРОП и СРО является не только формой контроля знаний, но одним из методов более глубокого освоения курса.

Задания выполняются на основе изучения рекомендуемой литературы по теме и предоставляются в виде докладов, презентаций, конспектов в указанные сроки по графику.

При подготовке необходимо использовать специальные термины, постоянно пополнять собственный словарь терминов.

В ходе выполнения заданий можно консультироваться у преподавателя. При существенных недостатках выполнения заданий, преподаватель возвращает студенту с рекомендациями устранения недостатков.

Учебной целью занятий является знакомство обучаемых с практикой реализации полученных знаний, позволяющих успешно решать профессиональные задачи в интересах организации и эффективного проведения мероприятий в сфере популяризации материального наследия. Тематика практических занятий соответствует темам программы. Как одна из активных форм обучения практические занятия требуют от студента самостоятельной внеаудиторной подготовки по вопросам, предлагаемым для отработки и решения в ходе аудиторных занятий. Основой для подготовки к практическим занятиям служат планы практических занятий, содержащие основные вопросы и рекомендуемую для подготовки литературу (Мусаханова, 2022: 89-90).

При подготовке к практическим занятиям студент должен ознакомиться с конспектом лекции на заданную тему и соответствующим разделом базовых учебников. Для подготовки развернутых ответов по поставленным вопросам необходимо использовать дополнительную литературу, в том числе периодические научные издания и электронные ресурсы.

Рекомендуется следующий алгоритм подготовки к практическим занятиям:

1. Внимательное изучение плана и основных, выносимых на практическое занятие, вопросов, списка рекомендованных источников и литературы, методических рекомендаций преподавателя.

2. Изучение программы дисциплины с целью уяснения требований к объему и содержанию знаний по изучаемой теме.

3. Изучение вопросов темы по основному учебнику.

4. Изучению дополнительной литературы, поиск электронных ресурсов, соответствующих вопросам семинарского занятия.

В итоге у студента должен быть развернутый план его работы по каждому вопросу.

Методические рекомендации к самостоятельной работе студентов:

Самостоятельная работа студента является формой освоения дисциплины, позволяющей студенту закрепить знания и навыки, полученные в ходе лекционных и семинарских занятий. В процессе самостоятельной работы студент руководствуется материалами лекций и рекомендованной литературой, осуществляет самостоятельный поиск и анализ литературных и интернет-источников по сформулированным преподавателем вопросам для самостоятельной работы. Собранные и изученные в ходе самостоятельной работы материалы студент использует для подготовки ответов на вопросы практических занятий, рубежного контроля и теста.

Методические указания по выполнению заданий СРО:

1. Конспектирование новых терминов. Прочитайте полностью текст источника по заданной теме, выявите новые термины (5 ед.), изучите, запомните и запишите своими словами или цитируя. В конце обязательно надо дать ссылку на источник.

2. Выполненные задания представить в письменной форме в формате Microsoft Word и загрузить на Веб-портал [www.edu.kaznai.kz](http://www.edu.kaznai.kz) (КазНАИ им. Т. Жургенова – Система дистанционного обучения «Moodle»), а также выслать на электронную почту преподавателя: [madinamussakhanova@gmail.com](mailto:madinamussakhanova@gmail.com) не позднее сроков, указанных в СДО «Moodle».

Методические указания по выполнению заданий СРОП:

1. Подготовка тезисов. Ознакомиться с рекомендуемым видео и представить информацию в виде тезисов, способствующие профессиональному росту.

2. Выполненные задания представить в письменной форме в формате Microsoft Word и загрузить на Веб-портал [www.edu.kaznai.kz](http://www.edu.kaznai.kz) (КазНАИ им. Т. Жургенова – Система дистанционного обучения «Moodle»), а также выслать на электронную почту преподавателя: [madinamussakhanova@gmail.com](mailto:madinamussakhanova@gmail.com) не позднее сроков, указанных в СДО «Moodle».

3. Выполненные задания в электронном виде необходимо сохранять в систематизированном виде в облачном хранилище или на носителях памяти до окончания срока обучения

Таким образом, в результате обучения по дисциплине «Музеефикация и хранение произведений декоративно-прикладного искусства» студент:

- способен осуществлять историко-культурные задачи по изучению, хранению и пропаганде произведений ДПИ в профессиональной деятельности художника-реставратора;
- понимает закономерности развития и место произведений ДПИ в контексте развития истории и культуры;
- знает основные этапы развития и элементы произведений ДПИ;
- владеет терминологией, позволяющей характеризовать развитие произведений ДПИ;
- умеет визуально определить время бытования и назначения тех или иных предметов ДПИ;
- применяет полученные знания на практике.

В настоящее время выпускники специальности 6В02137 – Реставрация произведений ДПИ успешно вносят вклад в дело сохранения культурного наследия страны, в том числе и археологических артефактов на базе научно-реставрационной лаборатории «Остров Крым» в г. Алматы.

### **Список литературы**

Мусаханова М.З. Учебно-методический комплекс дисциплины «Естественно-научные методы в экспертизе предметов ДПИ». КазНАИ, 2022. 126 с.

Мусаханова М.З. Учебно-методический комплекс дисциплины «Музеефикация и хранение произведений ДПИ». КазНАИ, 2022. 98 с.

### **Цифровые технологии изучения, сохранения и популяризации исторического наследия: опыт музеев Сибири**

Наиболее заметным явлением в изучении, сохранении, популяризации культурного наследия в последнее десятилетие стало применение цифровых технологий. Цифровые технологии позволяют не только хранить, изучать, но и распространять информацию, популяризировать данные, используя различные формы коммуникации с использованием современных технологий. Для музеев цифровизация открывает широкие возможности исследования объектов, углубленного познания истории памятников, их потаенных деталей и сакральных смыслов, однако приобретение дорогостоящего оборудования долгое время было возможно только столичным музеям.

Решить вопрос сохранения и популяризации наследия с помощью современных технологий многим региональным музеям помогает национальный проект “Культура” (2019 - 2024 г.г.). Так, согласно отчету О.Б. Любимовой, только с марта по декабрь 2020 года в рамках нацпроекта государственные музеи провели 23 тысячи онлайн-мероприятий с общей посещаемостью 300 миллионов. (1) Только в 2023 году финансирование проекта составило более 34 млрд рублей, что позволило реконструировать и оснастить современным оборудованием 316 региональных и муниципальных музеев. Новое современное оборудование, согласно проекту “Культура”, было поставлено во все 77 музеев новых регионов. (2) Статистические данные по использованию новых мультимедийных технологий в музеях впечатляют. Если на 31.12.2019 – было 75 единиц; на 31.12.2020 – 150 единиц; на 31.12.2021 – 228 единиц; на 31.12.2022 – 303 единицы; на 31.12.2023 – 370 единиц; на 31.12.2024 – число музеев, получивших мультимедийное оборудование составит 437 единиц. Статистические данные показывают рост числа музеев, использующих мультимедиа. (2)

Сибирские музеи не являются исключением. На территории Сибири расположены сотни уникальных объектов культурного наследия: памятников археологии, истории, архитектуры, искусства, являющихся свидетельством эпох и цивилизаций, бесценным достоянием проживающих здесь народов. Историко-культурное наследие, являясь основным ресурсом сохранения национальной идентичности, обеспечивает образование и воспитание человека, служит фундаментом материального и культурного развития общества. (Труевцева О.Н., 2000. С. 100-110) Современному музею важно не только выявить, изучить и сохранить объект культурного наследия, но и обеспечить необходимые условия его популяризации среди населения. Его важность закреплена в российском законодательстве. Федеральный закон от 25.06.2002 г. № 73-ФЗ «Об объектах культурного наследия (памятниках истории и культуры) народов Российской Федерации» (далее – ФЗ-73) уже в преамбуле в качестве предмета регулирования называет отношения, возникающие в области сохранения, использования и популяризации объектов культурного наследия, что указывает на важность популяризации наряду с другими упомянутыми правовыми институтами. (4) Популяризация чаще всего трактуется как деятельность, направленная на «организацию общественной доступности и восприятия объектов культурного наследия, формирование понимания необходимости его сохранения, духовно-нравственное и эстетическое воспитание, повышение образовательного уровня, организацию досуга, а также иные мероприятия, связанные с обеспечением государственной охраны, сохранения, использования объектов культурного наследия» (3). К сожалению, мы сегодня вынуждены констатировать, что уровень популяризации наследия народов Сибири остается крайне низким. Главными популяризаторами историко-культурного наследия являются музеи. Несмотря на то, что сибирские музеи имеют web-страницы в портале “Музеи России” (411 музеев), а 42 музея Интернет-представительства, богатейший потенциал уникальных объектов историко-культурного наследия остается не известным большинству жителей регионов и туристам. (Шелегина О.Н., 2011. С.109)

Не секрет, что приобретение дорогостоящего оборудования для провинциального музея являлось невыполнимым делом. Благодаря национальному проекту “Культура”, музеи Сибири, расположенный даже в самой глубинке, далеко за Северным полярным кругом, начали активно оснащаться современным оборудованием. Так, в Кемеровской области в 2023 году по нацпроекту

“Культура”, было приобретено новое выставочное и мультимедийное оборудование в четырех музеях: Музей-заповедник “Красная горка” и Музей изобразительных искусств в Кемерово, Музей-заповедник “Кузнецкая крепость” в Новокузнецке, Анжеро-Судженский городской краеведческий музей на общую сумму 17,3 млн. рублей. Широкоформатный сканер для оцифровки подлинных чертежей, карт, документов в рамках национального проекта “Культура” был приобретен Музеем-заповедником “Красная горка”. Дорогостоящее оборудование впервые появилось и в Анжеро-Судженском городском краеведческом музее: две видеостены, демонстрационные стеллажи, интерактивная сенсорная панель. На реэкспозицию краеведческого музея Ленинск-Кузнецкого по национальному проекту было направлено более одного миллиона рублей. (6)

В Республике Хакасия в соответствии с национальным проектом “Культура”, федеральным проектом “Цифровая культура” были созданы мультимедиа-гиды по экспозициям и выставочным залам, позволяющие посетителям использовать технологии дополненной реальности.(7) Экспозиционное пространство Национального музея Республики Хакасия имени Л.Р. Кызласова было значительно увеличено за счет разработанной сотрудниками серии виртуальных экспозиций на объекты, расположенные далеко за территорией музея. Успешно работает виртуальная экскурсия с дополненной реальностью Проект «Виртуальная Хакасия», рассказывающая об археологическом памятнике Большой Салбыкский курган (V в. до н.э.)”, который расположен в 60-ти километрах от главного музея. Высота – 25-30 м. каменная ограда кургана – 70 X 70 м. раскопан в 1954-1956 гг. С помощью автономной VR-гарнитуры с контроллерами «Виртуальная Хакасия» переносит нас в V век до нашей эры, к Салбыкскому кургану, который тогда представлял собой двадцатиметровую насыпь. Контроллеры позволяют пострелять из лука, взять предметы утвари и топор, взаимодействовать с интерактивным окружением. Созданный на стыке истории и новых технологий, проект позволяет всем желающим попасть во времена появления древнейших археологических памятников Хакасии, увидеть какими они были в момент создания, узнать, как их строили и подержать в руках древние орудия труда.(8)

Последнее пятилетие музеи Красноярского края всё активнее внедряют информационные технологии и выводят оцифрованные объекты в виртуальное пространство. Минусинский краеведческий музей им. Н.М. Мартыанова для обслуживания иностранных посетителей использует мультимедийный гид по экспозиции “Этносы Саяно-Алтая” с технологией дополненной реальности на русском и английском языках. (9)

В Красноярском краевом краеведческом музее с помощью мультимедийного гида можно получить углубленную информацию о Енисейской губернии в XIX и XX веках. (9)

Результатом участия Мотыгинского районного краеведческого музея в нацпроекте “Культура” стало появление мультимедийного гида по главной экспозиции “Ангарская изба”. Одним из первых участников национального проекта “Культура” в Красноярском крае, получившим возможность приобретения дорогостоящего оборудования стал Енисейский историко-архитектурный музей-заповедник им. А.И. Кытманова. Теперь любой посетитель может насладиться виртуальной экскурсией по постоянной экспозиции “Музей Енисея”, узнать много интересного из древних мифов и легенд о могучем Енисее, об отношениях природы и человека. (9)

Участие в нацпроекте “Культура” обеспечило приобретение седьмого мультимедийного гида Музею-усадьбе Василия Сурикова. (9)

Благодаря нацпроекту виртуальное пространство стало доступным и для самого северного музея Красноярского края, расположенного за Северным полярным кругом, в 2000 км от Красноярска Таймырскому краеведческому музею. (10)

қабілеті ретінде анықталады (Сергеева, 2001, 14-16). Ортаның қабылдауының, есте сақтауының, ойының, тілінің, қиялының қалыптасуы мен дамуы процесі құндылық – бағдарлық және коммуникативті, белсенді құрамы мәдени пәнаралық бірлігін, тұтастығын құрайды. Пәндердің бағыты, сипаттамалары, олардың белгілері мен көрсеткіштері осы көп қырлы құбылысты түсінуге және жалпы мәдени құзыреттілікті дамытудың педагогикалық табысты жолдарын жобалауға ықпал етеді. Мәдени құндылықтарды сақтау және тарату көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар жалпы пәнаралық байланысты дамыту құралы ретінде музейдің мәні мен мақсаты мәдени құзыреттілігін дамыту үшін музей мен пәнаралық байланыстың білім беру әлеуеті жоғары екендігі белгілі. Сонымен қатар, дамыған мәдени кеңістік музей мен пәнаралық байланыс элементтерін білім беру процесіне қосу арқылы кеңейіп, мәдени, танымдық, дүниетанымдық, өмірлік және кәсіби мәселелерді шешуде бағалау критерийлері ретінде қолдануға ықпал ететіндігі анық (Шляхтина, 2005, 23 – 34).

### Әдебиеттер тізімі

Алешина Т.А. Музей как феномен культуры: автореф. дис. ... канд. филос. наук. Ростов н/Д, 1999. С. 18-27.

Волькович А. Ю. Музейная экспозиция как семиотическая система: автореф. дис. канд. культурологии. СПб., 1999. С. 20-23.

Зверева Г.И. Роль познавательных поворотов второй половины XX века в современных российских исследованиях культуры // Выбор метода и изучение культуры в России 1990-х годов. М., 2001. С. 7-15.

Калугина Т. П. Музей как феномен культуры: автореф. дис. ... д-ра филос. наук. СПб., 2002. С. 18-24.

Ключевые понятия музеологии // сост. Andre Desvallees, Francois Mairesse / пер. на рус. яз. А.В. Урядниковой. М., 2012. С. 5-8 .

Мастеница Е.Н. Интерпретация культурного наследия в музее: гуманитарный дискурс // Вестн. Санкт-Петерб. гос. ун-та культ. и иск. 2011. № 3. С. 6-9.

Мосолова Л.М. Культурология в системе современного образования: философско-онтологические основания [электронный ресурс]. – URL: <http://do.gendocs.ru/docs/index-160001.html>. С. 1-2 .

Перлов А.М. Культурология и междисциплинарность в базовых представлениях профессиональных сообществ // Ex Cathedra: современные методы изучения культуры: сб. ст. / сост.: О.В. Гавришина, Ю.Г. Лидерман, М.С. Неклюдов, А.А. Олейников. М., 2012. С. 167-179.

Плохотнюк В.С. Семиотические проблемы исторического знания и музейной коммуникации: автореф. дис. канд. филос. наук. Ростов н/Д, 2000. С. 231.

Сергеева Г.П. Семантическая структура музейной экспозиции: цикл и цикличность: автореф. дис. ... канд. культурологии. СПб., 2001. С. 14-16 .

Шляхтина Л.М., Мастеница Е.Н. Музеология и ее методы в системе социально-гуманитарных наук // Факты и версии: Историко-культурологический альманах. Исследования и материалы. 2005. С. 23-34.

### «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: жетістіктері мен даму бағыттары

Төл тарихы мен мәдениетін танып, оны мақтан ететін халықтың болашағы зор. Сондай-ақ, өткенін бағамдап, болашағына оң көзқарас танытып бағдарлай қарау – еліміздің әр азаматының міндеті. Қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға мирасқа қалған елі мен жерін, тілі мен ділін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін көзіміздің қарашығындай сақтап қана қоймай, қаймағын бұзбай бүгінгі төл перзенттерімізге табыстағанда ғана еліміз өркениетті елдердің қатарына қосылары сөзсіз. Бұл орайда, *Н.Ә.Назарбаев*: «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана танылады» [1] – деп атап көрсетті. Елімізде 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – мемлекетіміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, халқымыздың салт-дәстүрлерін қалпына келтіру, сақтау, жаңғырту және Қазақстанның мәдени мұрасын шет елдерде кеңінен насихаттау. Бағдарламаның 2004-2006 жылдарға белгіленген алғашқы кезеңі тарихи мұраны іздестіру, анықтау мен жинастыруға бағытталып, оған республикалық бюджеттен 2 млрд. 700 млн. теңге бөлінді. Бағдарлама аясында тарихи-мәдени маңызы бар 35 сәулет ескерткіші күрделі жөндеуден өткізіліп, қайта қалпына келтірілді. Соның ішінде: 30 археологиялық, 17 қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары іске асырылып, Батыс Еуропа елдері мен АҚШ, Жапония, Түркия, Мысыр, Қытай, Ресей және Армения елдерінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты 5 мыңдай құнды дерек табылып, олардың көшірмелері елімізге жеткізілді. 2007 жылдан бастап қалпына келтіріле бастаған республикада тарихи-мәдени маңызды ескерткіштің 9-ында жүргізілген жұмыстар аяқталып, сондай-ақ, Абылай хан ордасындағы 32 көне қалашық пен қоныс-қорғандарда археологиялық зерттеулер жүргізілді. Республикада қабылданған бағдарлама елде рухани және білім салалары мен мәдени мұрасын тиімді пайдалану мен сақтауды қамтамасыз етуде зор маңызға ие болғаны айғақ. Сондай-ақ, ұлттық және әлемдік әдебиет пен мәдениетті зерттеу жұмыстары бойынша шыққан еңбектердің саны 218 томға жетіп, 2007 жылы 74 кітап жарыққа шықты. [2].

Халқымыздың мәдени мұрасының ішінде тарихи мәнге ие басқа да қолжазба ескерткіштердің көшірмелерін тауып, ғылыми айналымға енгізу жұмыстарын жалғастыру ғалымдарға зор міндет жүктейді. Қазіргі кезде Моңғолия және басқа да шет елдердегі ежелгі түркі руникалық ескерткіштерін анықтап, оның көшірмелерін жасау жұмыстары жалғасуда. Болашақта «Қазақстан археологиясы», «Қазақстан петроглифтері» жинақтарының шығарылуы жоспарланған. Бағдарламаның келесі кезеңінде жиналған құндылықтарды сараптап-зерделеу жұмыстары жасалып, республикалық бюджеттен 4 млрд-қа жуық қаражат бөлінген болатын. Сондай-ақ, құжаттық мұраның бірегей үлгілерін сақтауда ортағасырлық ғұлама-ойшылдар: Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашғари, С.Бақырғани, М.Дулати, Қ.Жалайри, З.Бабырлардың тарихи-әдеби мұрасын зерделеуді жалғастыру қажеттілігі ескерілді, олар: атап айтсақ, «Кодекс Куманикус», «Қорқыт Ата» кітабының (Дрезден мен Ватикан қалаларында сақтаулы), «Оғыз-наме» (Парижде сақтаулы), «Бабыр-наме», «Махаббат-наме» (Лондонда сақтаулы), Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» (Каирде сақтаулы). 2008 жылғы 13 маусымда «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің алқалы отырысында Президент Н.Ә.Назарбаев: «Екінші кезеңде «Мәдени мұра» бағдарламасының халықаралық мәртебесін арттыруға біз мейлінше көңіл бөлуіміз керек», – дей келе, ЮНЕСКО ұйымының бірқатар жәдігерлерді қалпына келтіруге демеу көрсетуге дайын екендігіне назар аударды. Ерте замандардан ұлан-байтақ қазақ жері Еуразия кеңістігінің мәдени мәйегі, рухани түп-қазығы болып келді. Көне көшпенділер құрған дала өркениеті адамзат тарихында терең із қалдырды. ...Ұлы дала өркениеті әлі де тыңғылықты зерттеулерді күтіп отыр. Ендеше Қазақстанды ұлы дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз қажет», – деп атап өтті [3]. Сонымен қатар бағдарлама аясында ҚР Ұлттық кітапханасының мамандары 2005-2007 жылдары Батыс Еуропа кітапханалары мен мұрағаттарында құнды жазба деректерді табу және оның көшірмелерін алуда



ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді. Деректерді іздестіру мына бағыттарда жүргізілді: қазақ кітаптары, қолжазбалар, Орталық Азия және Қазақстан жөніндегі аса ірі библиографиялық көрсеткіштер мен каталогтар; тарихи еңбектердің түпнұсқасы, мұрағат құжаттары; Қазақстанның шет елдердегі қазіргі тарихнамасы, ғылыми конференциялардың материалдары, XIX және XX ғасырдың басында ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар; саяхатшылардың жазбалары, карталар, гравюралар, көне жәдігерлерді жинақтау. ҚР Ұлттық кітапханасының қорына енгізілген кітаптар «Мәдени мұра стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы №158 Қаулысына және ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар комитетінің 2010 жылғы 23 шілдедегі № 94 бұйрығына сәйкес келеді. Н.Ә.Назарбаев сөзімен айтсақ: «Егер мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты дейтін болсақ, өркениетті ұлт, ең алдымен, өзінің тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен мақтана алады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқа ұлтқа таныла алады». Бағдарлама халықтың ғасырлар бойы жинаған бай мәдени мұрасын заманауи ұлттық мәдениетін, фольклорын, салт-дәстүрлерін, ұлттық тарихы үшін зор маңызы бар тарихи-мәдени, сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, ұлттық әдебиеттің толық қорын жинақтай отырып, зерттеу жүйесін құруды көздейді [4].

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы білім беруді дамыту саласындағы негізгі құжат әрі стратегиялық ұлттық жоба болып табылады. Бағдарламаны әзірлеу мәдени құндылықтарымызды тиімді пайдалану және сақтау жөніндегі жұмыстарды жоспарлы қаржыландыру жолында барынша белсенді түрде кірісу қажеттілігіне негізделген. Еліміздің кітапханаларында аталған бағдарламаны жүзеге асыруда мәдени іс-шаралар атқару арқылы «Мәдени мұра» қорын қалыптастыру; мәдени-әдеби мұраларды сақтау; сирек кездесетін және құнды әдебиеттерді қайта шығару; заманауи ұлттық мәдениет, фольклор мен салт-дәстүрлерді дамыту; тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштері туралы әдебиеттерді халыққа тарату; қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасын оқып-үйрену; жастарды мәдени құндылықтарды танып-білуге және оны дамытуға баулу жұмыстары да аса қарқындылықпен жүргізілуде. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 2004 жылдан бері 78 тарихи-мәдени ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді және олардың 28-і (35%) – 2008-2011 жылдары қайта қалпына келтірілді. Ғылымды мыңдаған артефактілермен байытқан, шыққан ата-тегіміз жөнінде толық мағлұмат беретін 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Шығыс Қазақстан облысындағы қорғандарында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған алтын бұйымдар «скиф-сібір аң стиліне» жататындығы бүкіл әлемге әйгілі болды. Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет 11277 нысан тарих пен мәдениет ескерткіштерінің еліміздегі ескерткіштердің ішінде жергілікті маңызға ие тізіміне енгізілді. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропада жүргізілген ғылыми-зерттеу экспедицияларының нәтижесінде мемлекетіміздің тарихына, өнеріне қатысты бес мыңнан астам мұрағат құжаттары, қолжазбалар мен баспа басылымдары табылды [5].

ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде 2006 жылдың сәуірінде Париж қаласында «Мәдени мұра» бағдарламасының тұсаукесері өтті. Оның жұмысы жөнінде Н.Ә.Назарбаев: «Бағдарлама тек тарихи-мәдени мұраларды қайта қалпына келтірумен ғана шектелмейді. Бұл біздің ұлтымыздың маңызды рухани негіздерінің бірі болып табылатын ұлттың тарихи санасының шегін кеңейту мен оның алатын рөлін күшейту туралы болып отыр», [6] – деген болатын. ҚР мәдениет министрлігі мәліметтеріне сүйенсек, бағдарламаны жүзеге асыру барысында 35 тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 30 көне қала, қорым, қоныс пен қорғандарға маусымдық археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бағдарлама аясында 2004-2011 жылдары елімізде 93 тарихи және мәдени нысандардың 73-і жөндеуден өтті. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы көп жылдық жұмысы нәтижесінде ұлттық тарихи мұраны шетелде насихаттауға және қазақ тарихына қатысты деректерді жинауда қыруар жұмыстар атқарылды. Қытай, Иран, араб мемлекеттеріндегі ағылшын, неміс, француз, итальян тілінде сақталған қазақ деректеріне қатысты мұрағаттардың бес мыңнан астамы елімізге жеткізіліп, ұлттық мұрағат қоры толықтырылды.

Қазіргі кезде тарихи және этнографиялық мемлекеттік мұражайлардың, еліміздің мемориалды ескерткіштерінің желісі құрылып, тарих, археология, сәулет және мүсін өнері саласындағы жылжымайтын ескерткіштерінің саны 25 мыңнан асты. Нәтижесінде, 11 мың кітапхана, 147 мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 215 мұрағат қалпына келтірілді.

Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің ескерткіші - Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі 2003 жылғы маусымда ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізіліп қалпына келтірілді. Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы», «Мәдениет туралы», «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заңдары қабылданып, күшіне енді. Соңғы жылдары Астана қаласының мәдени инфрақұрылымын жақсарту жөнінде шаралар қолданылып, музыкалық комедия театры, мұражай, кітапхана және концерт залын қамтитын Президенттік мәдениет орталығы ашылды. Ұлттық кітапхана, киноконцерт залы мен цирк ғимараты іске қосылды.

Аталған бағдарлама бойынша саяхаттық кластерді дамыту мақсатында бірқатар шаралар да жүзеге асырылуда. Бұл бағытта туристік бағыттарды әзірлеуге археолог мамандар да қатыстырылды. Тарихи-мәдени мұраны насихаттау барысында шетелде және өз елімізде Ұлттық кітапхана мен академиялық институттар қызметкерлері, жоғарғы оқу орындары оқытушылары қатысқан 200-ге жуық іс-шара ұйымдастырылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ тілінде гуманитарлық білім беру қоры құрылып, 537 кітап 1500000-нан астам дана көлемінде шығарылды. Тарих археология, этнография ғылымдарына қажетті жаңа энциклопедиялық сөздіктер жарық көрді. Орта ғасырлар әуендерін, күйлерін кеңінен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күй, 1000 әні» атты қазақтың дәстүрлі әндері антологиясы баспадан шықты. Бұл ұлт мәдениеті тарихын жинау, даярлау, өңдеу жолындағы зор табыс болып табылады. Сонымен қатар Дамаскідегі Әз-Захир Бейбарыс Сұлтан кесенесін, Каирдегі Бейбарыс Сұлтан мешітін қалпына келтіру, Дамаскідегі әл-Фараби тарихи-мәдени орталығы мен кесенесін салу жұмыстары сәтті аяқталды. Бағдарлама аясында «Қазақфильм» киностудиясында ұлттық мәдениетіміздің ерекшелігін сипаттайтын еліміздің маңызды тарихи орындары мен аса көрнекті тұлғаларына арналған 20 деректі фильм түсірді. Олардың қатарында: «Мәдени мұра», «Қорқыт. Күй тарихы», «Номадтардың музыкалық мұрасы», «Ежелгі Түркістан сәулет ескерткіштері», «Жүсіп Ата кесенесі», «Тамғалы петроглифтері» т.б. деректі фильмдер бар.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қазақ халқының ұлттық рухани байлығын бүкіл әлемге паш етті. 2014 жылы жарыққа шыққан 100 томдық «Бабалар сөзі» энциклопедиялық жинағының, сондай-ақ, құрамына Еуропа, Америка, Азия мемлекеттерінің әдеби шығармашылығы енген «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы», «Әлемдік мәдениеттанушылық ойлар», «Экономикалық классика», «Әлемдік философиялық мұра» серияларының болашақ ұрпаққа берері мол. Қазақ халқының философиялық мол мұрасын көрсететін шығармалар мысалдарын біріктіруді алға тартқан «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы» жинағы болды. Бұл - Ұлы дала ойшылдарының философиялық ой-тұжырымдары әлемдік рухани мәдениеттің алтын қазынасы әрі еліміздегі ғалым, жазушы, аудармашы, мұрағат қызметкерлері, кітапханашылардың нәтижелі еңбегінің жемісі.

Бұл орайда: «Мен бұл бағдарлама өте татымды нәтиже берді деп санаймын. Өткен үш жылда еліміздің мәдени мұрасын зерделеудің, маңызды тарихи-мәдени, сәулетті ескерткіштерді қайта жаңғыртудың тұтастай жүйесін құруға қатысты үлкен жұмыс атқарылды» [7], – деп атап өтті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мәселесі жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелерімен өткен кездесуде сөз сөйлеген ел Президенті. Сонымен қатар 2013 жылғы 5 маусымда ҚР Мемлекеттік хатшысы қызметін атқарған М.Тәжин Отан тарихына қатысты өткен алқалы жиында: «Бағдарлама аясында 2004-2011 жылдар аралығында 26 арнаулы зерттеу жүргізілген. Бағдарлама жүзеге асырылған 2004-2011 жылдар аралығында Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша 26 арнаулы зерттеу жүргізілді. Дегенмен, бұл – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстың бастамасы. Қазір, мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде біз өз тарихымызды осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз» - деп атап өтті. [8] ТМД елдерінде ғана емес, жалпы дүниежүзілік қауымдастық шеңберінде де жоғары бағаға ие болған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының пайдасы мен болашаққа берері мол екені күмәнсіз. Бұл бастама қазақтың рухани ғылыми мұрасына жаңғыруына өз септігін тигізетін шара және оның келешекте өзінің лайықты жалғасын табатынына сеніміміз мол. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» - деген пікіріне сүйене отырып, бұл жоба елімізде 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының заңды жалғасы екендігіне көз жеткізе аламыз. Рухани жаңғыру» ұзақ мерзімді жоба болғандықтан оған артылған жауапкершілік те зор. Бағдарлама аясында (ғылыми конференциялар, қоғамдық жұмыстар, экспедициялар, мәдени және

спорттық шаралар) өткізілуде. Бұл жөнінде 2012 жылы қабылданған «Қазақстан-2050» Стратегиясында еліміздің латын әрпіне 2025 жылы: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес», - деген болатын [9]. Сондай-ақ, 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдар мен қоғам өкілдері кеңесіп, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдауы қажеттілігіне баса назар аударады.

Сонымен қатар 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындау жұмыстары жүргізілуі тиіс. Қазіргі кезде аталған комиссия тарапынан латын әліпбиінің бірнеше нұсқасы жасалып, ғалымдардың талқылауына берілген және жуық арада жаңа әліпбидің негізгі нұсқасы қоғам назарына ұсынылатыны мәлім. «Рухани жаңғыру» идеясы халқымыздың мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін жаңаша бағытта жаңғыртуға бағытталған. Жоба жоспарына қарағанда 2018 жылдан латын әрпіне көшу кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, құжатнама мен ресми жазбалар 2025 жылы латын әрпінде жазылатыны, ал жаңа әліпбиге толық ауысқанға дейінгі аралықта кирилл әліпбиі қолданыстан шықпайтыны белгілі. «Рухани жаңғыру» басым бағыттарының бірі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын» әзірлеу, яғни рухани құндылықтарды жаңғырту арқылы еліміздің туризм кластерін дамыту. Бұл жоба аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарихи-мәдени мұралар ескерткіштерін жүйелеу жұмысын жүргізді. ҚР Ұлттық музейі жанынан ғалым мен қоғам қайраткерлерінен тұратын «Қасиетті Қазақстан» орталығы құрылды. Жоба аясында еліміздің өлкетанушылары «Туған жер» бірлестігін құрып киелі орындарда далалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге белсене қатысып, ғалымдарға көмек беріп жатқанын айта кеткен жөн. Ұлттық Комиссияның ұйғарымы бойынша өз кезегінде, далалық зерттеу жұмыстары негізінен 6 бағытта: Солтүстік Қазақстан (Қостанай, Петропавл, Көкшетау); Оңтүстік Қазақстан (Қызылорда, Шымкент, Тараз); Қарағанды облысы (Қарағанды, Жезқазған); Шығыс Қазақстан (Павлодар, Семей, Өскемен); Батыс Қазақстан (Маңғыстау, Атырау, Орал, Ақтөбе); Алматы облысы (Алматы, Талдықорған) жүргізілетіні белгілі болды. Жобаға байланысты археолог, этнограф, мәдениеттанушы, өлкетанушы ғалымдардан құрылған этномәдени-ғылыми экспедициялар 600 нысанда 22 ғылыми-реставрациялық зерттеу жұмыстарын бастады. Жоба аясында қазақ тіліне 100 оқулықты қазақ тіліне аудару жоспарланып, оған Жоғары оқу орындары мен Ғылыми Зерттеу Институты ғалымдары мен танымал саясаттанушылардан құралған арнайы жұмыс тобы құрылып, жоспарға сәйкес, оқулықтарды іріктеуге арналған концепция мен әдістемелік жинақ әзірленді. Жұмыс тобы 17 оқулықтың аударма ісіне толық кірісті. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» - қазақ халқы мәдениетінің ғасырлар бойы жинаған мол мұрасын қайта жаңғыртуға бағытталғандығы айғақ. Бұл жобаға сәйкес әдебиет саласында - 216, театр, кино және хореография бойынша - 48, бейнелеу өнерінен - 182, музыка саласында - 200-ден астам шығарма енгізілген үздік туындылар тізімі жасалды [10].

Еліміздің орасан зор жер аумағы мен рухани бай тарихы болғанымен тарихымызда оның біртұтас желісі жасалмағаны анық. Алайда, көне қалаларды қалпына келтіру, ескерткіштер мен ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жүргізіліп тұрады. Ендігі мақсат - Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі мен Ұлытаудағы жәдігерлерді, Тараз жерінде орналасқан ежелгі ескерткіштерді, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудағы қасиетті орындарды өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру болып табылады. Дегенмен, қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің негізін құрайтын мәдени қазынаны бүкіл әлемге танытудың бір қыры болатыны мәлім. Мемлекеттік деңгейде қабылданған «Рухани жаңғыру» идеясы халық санасын жаңғыртып, өркениетті қоғам құруды көздеген ұзақ мерзімді жоба болып табылады. Бұл жобаны жүзеге асыруда жастарға үлкен жауапкершілік артылып отырғанын айтқан жөн. Еліміз жаһан жүзіндегі өзге ұлттардан ерекшелену жағдайында «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениеті» атты жобаны бастап, заманауи мәдениеттің қазақстандық үлгісін жасауға кірісіп кетті. Еліміздің «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының сабақтас екендігін түйсіне отырып, осы мақсаттарға жету жолында әрі оны орындауда бүгінгі және келешек ұрпаққа зор жауапкершілік пен міндеттер артып болашақта мәдениетті дәріптеудің басты құралына айналатынына сеніміміз мол.

## Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Егемен Қазақстан 12 сәуір, 2017.
2. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: ҚР Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы №1277 Жарлығымен бекітілген «Мәдени мұра» ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан. - 2008. - 5 қараша.
3. «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген қорытынды отырысының материалдары. 12 желтоқсан, 2011.
4. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Астана, 2008.
5. Мәдениет туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Заңы. //Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат.
6. Қалымбайұлы Е. Қазақстан – ұлы дала өркениетінің қара шаңырағы // Айқын. – 14-маусым, 2008. – 1-2-б.
7. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Қазақстан музейлері. – 2007.- №2.
8. ҚР Мемлекеттік хатшысы М.Тәжиннің Отан тарихына қатысты өткен алқалы жиында сөйлеген сөзі. Астана. 5 маусым, 2013.
9. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2-шілдедегі №1488-ХІІ Заңы.
10. Закиева Ж. Культурное наследие Казахстана и стран Центральной Азии в свете выполнения Конвенции о Всемирном наследии //Вестник КазНУ. Сер. Политология. - №1. - 2006. -С.123-126.
11. Нысанбаев А.Н. Глобализация и проблемы межкультурного диалога в двух томах. - Алматы: Компьютерно издательский центр Института философии и политологии МОН РК, -2004.- Т. 1,- 276 с.

### **Трофейлік маузер (G98) винтовкасы (ҚР MOM қоры негізінде)**

Осы тақырыпты зерттеу кезінде кеңестік және ресейлік, шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Әдебиеттердің көп бөлігін ресейлік авторлардың еңбектерді қарастырылып, пайдаланылды. Мақалада мәселелік және талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар мақалада ҚР MOM қорындағы трофейлік Маузер винтовкасына қатысты деректер пайдаланылды.

Маузер мылтығы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында неміс әскерлері арасындағы кең таралды. Бұл мылтық неміс халқының мақтанышына айналды десекте болады. Бүгінгі таңда ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің қорында осы қарудың бір данасы сақталуда. Қорда сақталған 1898 жылғы үлгідегі Маузер мылтығы, мылтық ұңғымасында 2948 Simgong, SUNG 1925 xxx98 деген жазуы бар. Маузер мылтығын Орталық музей қорына 1942 жылы Алматы қаласының киностудиялар бірлестігі тапсырған. Қазіргі уақыты Маузер мылтығына КП 4568 нөмірі беріліп музейдің құнды жәдігерлерінің қатарында сақталуда (1 сурет).

Маузер G-98 (Mauser98) оқ сауытты винтовкасын 1898 жылы ағайынды неміс конструкторлары Вильгельм және Пауел Маузерлер ойлап шығарды. Маузер-98 Екінші Дүниежүзілік соғыстың аяғына дейін көптеген елдердің әскерінің қаруы құрамында болып, дәл тиетін сенімді қару деген атқа ие болды. Ұрыс кезіндегі дәлдігі мен күштілігі және сенімділігі сынды ерекшеліктерінің арқасында осы винтовка аңшылық және спорттық қаруларды құрастырып шығаруда әлі күнге дейін кеңінен қолданылып келеді. 1898 жылы Германия Маузер компаниясының алдыңғы үлгілерінің негізінде құрастырып шығарған Gewehr 98 (1898 жылғы үлгі G-98 немесе Gew.98 деген атпен белгілі) жаңа винтовкасын өз әскерінің қаруы құрамына қабылдайды. Азғана өзгертулер енгізілген Маузердің жаңа винтовкасының сәтті құрастырылып шыққандығы соншалық ол Екінші Дүниежүзілік соғыстың соңына дейін неміс әскерінің қаруы құрамында тұрды. Сонымен қатар Маузер винтовкасы Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында вермахтан басқа Бельгия, Испания, Польша, Түркия, Чехословакия, Швеция және Югославия сияқты елдердің әскерінің қаруы құрамына да енгізілді. 1939-1945 жылдар аралығында Германия осы жүйедегі винтовкалар мен карабиндердің 10327000 данасын өндіріске шығарды.

«Ағайынды Маузер» компаниясы жасаған мылтық XX ғасырдың ең сәтті атыс қаруының бірі болды. «Mauser Gewehr'98» 1898 жылдан 1945 жылға дейін Германия армиясының негізгі қаруы болды. Компания үлкен өнім шығарды бұл мылтықтардың саны, оларды басқа елдерге де жеткізеді. 1914 жылы «маузер» мылтықтары Бельгия, Германия, Испания, Сербия, Түркия және Швеция әскерлерімен қызмет етті. Мақтанышпен «Маузерді» Оңтүстік Американың барлық елдері-Аргентина, Боливия, Колумбия, Перу, Чили, Эквадор-олардың мылтықтарын да қабылдады деп атауға болады. 1935 жылы Германия армиясы мақұлдаған 98-к деп аталатын мылтық моделін Вьетнам соғысы кезінде кездестіруге болады. Оны 90-шы жылдардағы Югославия соғысы кезінде Хорватия мен серб милициясы қолданды.

Пол мен Вильгельм Маузерлер Оберндорфтағы «Корольдік Вюртемберг қару-жарақ фабрикасында» жұмыс істеген қару ұстасының ұлдары болды. Ағайындылар да сол фабрикада жұмыс істеді- олар өздерінің қару-жарақ бизнесін бастағанға дейін. Олардың алғашқы дамуы Францияда басталды. Онда 1860 жылдары олар бір реттік мылтық жасап, оны франко-пруссия соғысы басталғанға дейін Француз армиясына сатуға тырысты. Бұл соғыс ағайындыларға сәттілік әкелді деп айтуға болады. Пруссия армиясы Ескірген Дрейзе мылтығын ауыстыру үшін сынақтар жүргізді, ал Маузер мылтығы байқауда жеңіске жетті. Ол 1871 жылы қызметке қабылданды. Қол бекітпесі сәттіліктің кепілі болды. Пруссия Корольдігі ағайындыларға Спандаудағы Арсеналда мылтық жасағаны үшін ақша төлегеннен кейін, олар олар өз фабрикасын сала алды. 1873 жылы ашылған ол бірнеше аптадан кейін өртеніп кетті. Бақытына орай, ағайындылар үшін Вюртембергтен 100000 мылтыққа қосымша тапсырыс берді, сонымен қатар оларға Оберндорфтағы Корольдік Вюртемберг қару-жарақ фабрикасын сатып алуға мүмкіндік берді.

1884 жылы Уильям 50 жасында қайтыс болды. Осы уақытқа дейін ағайындылар алғашқы магазинді мылтығын жасауды аяқтады. Алайда, Пол шетелдік әскерлерге мылтық жасап, түтінсіз мылтық пен шеті жоқ гильзасы бар оқ-дәрілер жасап, өзі жұмысын жалғастырды. Дәл осы

патронды әлемдік державалар мақұлдайды. Бұл "Маузер" патронының дөңгелек шыңы бар оқтың салмағы белгілі 7,9 немесе 8 мм , ол 227 м құрайды, ал нақты диаметрі 8,07 мм. Оқтың ұшу бастапқы жылдамдығы - 640 м/с.

Неміс әскери күштері М-1888 мылтығына бейімделуге шешім қабылдаған Манлихердің оқтау жүйесіне наразы болған Пол Маузер негізгі құрылымды жетілдіруге шешім қабылдады. 1889 жылы жылы Бельгия армиясы бір бөліктен тұратын, оның алдында құлақшалары бар мылтықты қабылдады. М-1893 испан армиясы үшін Маузер ішкі магазинін жасады. Бес жылдан кейін Маузер барлық жаңалықтарды «Gewehr98» («1898 Гол мылтығы») жинады. Неміс армиясы мақұлдаған бұл Маузердің нақты жетістігі болды. Әрі қарайғы модификациялар салыстырмалы түрде аз өзгерістермен ерекшеленді. 1905 жылы патронды 8,2 мм 150 крандық ұшы конусты оқты патронға ауыстырылды. Бұл оқтың бастапқы жылдамдығы жоғары болды. Ескі М-1888 мылтықтарының кейбірі Германия армиясының жаңа стандартты патронына айналды. Бірақ қазіргі коллекционерлер бұл патронды оларда пайдаланбауға кеңес береді. Ату кезінде камерада тым көп қысым пайда болады.

«Gewehr' 98» берік және сенімді мылтық ретінде беделге ие болды, әсіресе бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайында. Оған деген құрмет соншалық, 1918 жылы Бельгия мен Чехословакия өз әскерлеріне осы марканың жаңа мылтықтарына тапсырыс берді. Лиенфилд мылтығымен салыстырғанда маузердің екі кемшілігі болды. Магазиннің сыйымдылығы тек 5 оқ болды, ал ли-энфилдтің сыйымдылығы 10 оқ болды. Ал "маузер" бекітпесінің бұралуы ұзағырақ уақыт алды. Бірақ басқа үлгілермен салыстырғанда ол жақсырақ болды. Сондықтан 30-шы жылдары фашистер билікке келген кезде "маузер" қызметінде қалды. 1935 жылы Германия армиясы стандартты «Gewehr'98-к»мылтығы ретінде алды. Айтпақшы, ол атау неміс дәлдігі туралы мифті жоққа шығарады. Мәселе мынада:«к»-«курз» қысқа) сөзінің аббревиатурасы және мылтық" карабинер 98-К («карабин-98-К») деп аталды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде «Gewehr'98» негізіндегі карабин болды, бірақ «Karabiner 98» одан ұзағырақ болды. Бұл күлкілі атаулар 1940 жылы немістер басып алынған Чехословакияда М-1933 карабин өндірісін орналастырған кезде толықтырылды. Брно қаласында жасалған қару-жарақ, парашют пен парашютке арналған жеңіл, қысқартылған мылтық болды. Ол «Gewehr 33/40» (мылтық-33/40) деп аталды. Яғни, немістер мылтықты ресми түрде карабин деп атады.

Немістер Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіл автоматты қаруды бірінші болып қолданды. Сондықтан екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында қол мылтықтарын қабылдау туралы шешім өте таңқаларлық көрінеді. Америкалықтар өзін-өздігінен оқталатын «Гаранд» М-1 мылтығымен қаруланған. Қызыл Армия көп ұзамай вермахтпен кездесуге мәжбүр болғандықтан автоматты және өздігінен оқталатын мылтықтарды сынап көрді. Яғни, неміс шешімін жауынгердің жеке атыс күші сәттіліктің кепілі болатынын көрсеткен жауынгерлік тәжірибені нақты зерттеуден қашу деп атауға болады. Бірақ Гитлердің автоматты мылтықтарға деген сүйіспеншілігінің болмауы бұл қарудың алғашқы неміс үлгілері ресми түрде Ресейдегі пулемет тапаншалары сияқты сыналғанын білдірді.



*1 сурет. 1898 жылғы үлгідегі Маузер мылтығы КП 4568.*

Пол Маузер өзінің мылтығын ойлап тапқаннан бері дұрыс бағытта ойлады. Ол 1898 жылдан бастап және қайтыс болғанға дейін автоматты мылтықтың дизайнын жасады. Ол 1914 жылы жаңа үлгідегі қаруды далалық сынау кезінде суықтан қайтыс болды. Маузердің дамуының бірі-ұшқыштарды қаруландыруға арналған 7,92 мм өздігінен зарядталатын карабиндерге де қолданылды, бірақ шектеулі мөлшерде шығарылды. Маузер жасаған бекітпе механизмі Ли конструкциясының бекітпесіне қарағанда әлдеқайда күшті патронды пайдалануға мүмкіндік береді. Маузердің бекітпесі қазіргі уақытта көптеген спорттық қару-жарақ пен мергендік

мылтықтарда қолданылады. Сонымен қатар, әрбір дерлік армия бұл мылтықты XX ғасырда қолданды (Криш. 1998,96-98).

Германияда 1888 жылғы мылтықтың орнына қызметке Маузер фирмасының 1898 жылғы мылтығы алдыңғы калибрмен бірдей үлгі: 7,92 мм патронды, бірақ дизайны бойынша жаңа мылтық алдыңғы үлгідегі мылтыққа қарағанда әлдеқайда жетілдірілген түрі. Мылтық дүмінің ұзындығы 745 мм. 2000 м-ге дейінгі қашықтыққа дәлдейді, ауқымы өте ұзақ, құрастырылуы өндірісте өте дәл орындауды қажет етеді, сондықтан өндірісте өте қымбат. Көру ұзындығындағы сызықтар 642 мм. мылтықтың ұзындығы 1250 мм. мылтықтың салмағы 4100 г. алдыңғы бетіндегі патронда шегі жоқ. Доғал оқтың салмағы 14,7 г, түтінсіз оқтың заряды 2,65 г, патронның салмағы 27,9 г, оқтың көлденең жүктемесі 30 г / см<sup>2</sup>, оқтың бастапқы жылдамдығы -640 м/с. 1906 жылдан бастап оқтың салмағы 10 г, заряды 3,2 г, патроны 23,75 г, оқтың көлденең жүктемесі 20,4 г / см<sup>2</sup> болатын үшкір патрон қабылданды. Оқтың бастапқы жылдамдығы 900 м/с, 25 метрде-860 м /с. мылтықтың баллистикалық қасиеттері өте жақсы (Маркевич. 2005, 324-325).

Кейінірек мылтықтың дизайны 1898 жылға дейін бірнеше кішігірім жаңартулардан өтті Маузер оның ең жетілдірілген және әйгілі моделін жасады. Сол жылы ол «жаяу әскер мылтығы 98» немесе G98 деп аталатын неміс армиясына қабылданды. Барлық ізбасарлары сияқты, мылтықтың жаңа моделі Германия үшін стандартты 7,92 мм патронды қолдануға арналған, бірақ бекітпенің жеңілдетілген дизайнымен, қорғаныс корпусы мен жандыру механизмінің жоқтығымен және магазин қорабын толтырудың өзгертілген әдісімен ерекшеленді. Дизайн бойынша G98 құлыптау кезінде айналмалы жылжымалы болтты магазин мылтықтарына жатады. Дүм каналды құлыптау қақпа сабағының симметриялы орналасқан жауынгерлік проекцияларымен жүзеге асырылады. Осы дизайндағы винтовкаға орнатылған соққы механизмі соққы типі болып табылады және тек бір рет атуға мүмкіндік береді.

G98 жаяу әскер мылтығы 1935 жылы 1898 жылғы Маузер жүйесінің мылтығы негізінде «K98k» деп аталатын аңызға айналған карабин жасалды. Алдағы соғыс жағдайында жаяу әскер қаруының ақтамдылығы оның ату дәлдігінен маңыздырақ деп санағаннан кейін, фирмадағы әзірлеушілер оқпанның ұзындығын қысқартуға шешім қабылдады. Сонымен қатар, жеткізушінің дизайны өзгертілді, нәтижесінде журналдан соңғы патронды қолданғаннан кейін болт жабылмайды және бұл магазинді толтыру қажеттілігі туралы сигнал болып есептеледі.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде K98 карабиндерімен тек атқыштар бөлімшелері ғана емес, сонымен қатар Вермахттың тау-кен және парашют бөлімдері де қаруланған. Маузер жүйесінің карабинінен ату (мылтық сияқты) бекітілген шанышқысыз жүргізілді. Ол үшін әртүрлі мақсаттағы оқтары бар 7,92 мм картридждер қолданылды, олардың негізгілері жеңіл және ауыр оқтармен жабдықталған (Жук. 1992, 580-581).

Қорытындылай келе, Маузердің трофейлік мылтығы тарихи жәдігер және әскери жаулап алулардың символы екенін атап өткім келеді. Оның мағынасы қару ретінде қолданудан асып түседі және қақтығыстардың, кәсіптің және қарсылықтың күрделі тарихын көрсетеді. Оның поля алаңынан мұражай экспозициясына дейінгі жолы туралы ойлағанда, ол соғыстың адам шығыны мен оның салдарының мәңгілік мұрасын еске салады. Маузер трофей мылтығы мұражайда көрсетіле ме, әлде тарихи контексте қарастырыла ма, Бұл бізді соғыстың көп қырлы табиғаты және оның қоғамға да, жеке адамдарға да ұзақ мерзімді әсері туралы ойлауға мәжбүр етеді.

### Әдебиеттер тізімі

- Крис Бишоп. Стрелковое оружие. Copyright©1998 Aerospace Publishing Ltd., London, 187 с.  
Маркевич В.Е. Ручное огнестрельное оружие / Под общей редакцией Н. Л. Волковского. СПб.: ООО «Издательство «Полигон», 2005. 496 с.  
Жук А.Б. Стрелковое оружие. Революеры, пистолеты, винтовки, пистолеты-пулемёты, автоматы. М: Военное издательство, 1992 г. 707 с.

## МАЗМҰНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

<b>Подушкин А.Н., Касимов Б.Б., Ташбаев Ж.К., Шартаков К.О.</b> Археологическая картография Бугуньского водохранилища (по результатам поисковых исследований в площади зеркала и прилегающей зоне).....	3
<b>Тишкин А.А.</b> Рентгенофлюоресцентный анализ удил аржано-майэмирского времени, обнаруженных на Алтае и в южной части Обь-Иртышского междуречья.....	9
<b>Петров П.Н.</b> Тайны денежного обращения Левобережья среднего течения Сырдарьи.....	14
<b>Үмітқалиев Ұ.Ұ., Жармұхаметов Д.А., Маратқызы А.</b> Шыңғыстаудағы қола дәуірінің Қырықкүңгір ескерткіштеріндегі күрделі құрылысты жерлеу орындары.....	19
<b>Gani Omarov, Bauyrzhan Besetayev, Symbat Sagyndykova.</b> Some results of archaeological research work carried out in Ayagoz district.....	28
<b>Dosbol Baigunakov.</b> 2023 field study in the Sharyn region.....	33

### АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

<b>Федорченко А.Ю., Белоусова Н.Е.</b> Полые изделия из трубчатой кости в верхнем палеолите Сибири: проблемы изучения и интерпретации.....	38
<b>Селютина А.И.</b> Начальный этап верхнего палеолита на территории Казахстана.....	39
<b>Arman Bissembayev, Ravil Miras.</b> Early Bronze of Western Kazakhstan: some results and prospects of research.....	43
<b>Жармұхаметов Д.А., Үмітқалиев Ұ.Ұ.</b> Шыңғыстаудағы қола дәуірінің Орда ескерткішінде жүргізілген археологиялық зерттеулер жайында.....	50
<b>Маратқызы А., Умитқалиев У.У.</b> Қырықкүңгір кешеніндегі қола дәуірі ескерткіштерінің архитектурасы.....	63
<b>Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т., Жұманазаров Н.Ш.</b> Орталық Қазақстан: Ақбастау, Қызылту қорымдарындағы ерте темір дәуірі нысандары.....	67
<b>Бейсенов А.З.</b> Орталық Қазақстан: Кеңестас өлкесіндегі екі тас тізбекті оба мен бір ескі құлпытас деректері.....	76
<b>Махортых С.В., Котова Н.С.</b> Бронзовые подвески в виде фигурки лошади из Тлийского могильника.....	82
<b>Кариев Е.М., Глеугабулов Д.Т., Дукомбайев А.Т., Егинбай А.Е., Омаров А.Г., Мухаметзянов А.Р., Рысбергенов М.А., Абу А.</b> Результаты комплексных междисциплинарных научных изысканий на памятниках Шубарат и Молалы в 2023 году.....	90
<b>Зуев В.Ю.</b> Два кинжала V в. до н.э. из урало-казахстанских степей с зооморфно декорированными навершиями.....	119
<b>Тұяқбаев М.К., Өсеров Т.О.</b> «Мергентөбе» обалар қорымында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары.....	131
<b>Сихымбаева К.Б.</b> Қазақ халқының одонтологиялық типінің қалыптасуы.....	136
<b>Тишкин А.А. (мл.).</b> О необходимости формирования базы данных о щитах из пазырыкских курганов.....	141
<b>Жарылқасын А.О., Аделчанов Қ.С.</b> Жетісу және Шығыс Қазақстан аумағындағы сак патша қорғандарының архитектуралық ерекшеліктері.....	145
<b>Торежанова Н.Ж.</b> Богиня из Бадама (по материалам археологического фонда ЦГМ РК)....	149
<b>Бояринцева К.Е.</b> Подвески из раннесредневековых памятников юга Западной Сибири.....	152
<b>Мякишева О.А.</b> Коллекция железных артефактов из городища Талгар в фонде археологии Центрального государственного музея РК.....	156
<b>Жумай Г.</b> Талғар қалажұртының зергерлік бұйымдары: И.И. Копылов материалдары негізінде.....	165
<b>Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б.</b> Ортағасырлық Көделі-1 төрткүлі (2021 ж. далалық зерттеулердің нәтижесі бойынша).....	169
<b>Искандерова А.Д.</b> Символика орнаментов на керамике средневекового Хорезма и их семантика в Каракалпакской орнаментике.....	181
<b>Ямаева Е.Е.</b> Майманы /найманы Горного Алтая: тамговые знаки и некоторые вопросы	



происхождения.....	192
<b>Шагирбаев М.С., Агадилова Е.А., Таңғытова Д.Қ.</b> 2022-2023 жылдары жүргізілген археозоологиялық зерттеулерге шолу.....	198
<b>Казизова А.С.</b> Применение тахеометра TS 03/07 в археологических исследованиях.....	207
<b>Шерғазынұлы М., Қосылбаев Б.Т.</b> Аягөз ауданының археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі (тарихнамалық талдау).....	210
<b>Тілеуқабыл Ж.Ж., Альсейтова С.Ж.</b> Жанкент қалашығы: Қорқыт Ата университеті ғалымдары зерттеулерінде.....	214
<b>Дейбук Л.В.</b> Изучение неолитических памятников Павлодарского Прииртышья (историографический аспект).....	218

### ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

<b>Ескекбаев Д.</b> Қазақ даласының солтүстік өңірлерінің отарлануы және әкімшілік-территориялық бөліністері.....	224
<b>Огурцова О.С.</b> Традиционные семейные ценности коренных малочисленных народов Южной Сибири тувинцев-тоджинцев и шорцев (детские обереги, игрушки, инициации)	229
<b>Рублевская В.А., Каженова Г.Т.</b> Символика птиц в традиционных ювелирных украшениях казахских женщин.....	235
<b>Сыдығалиев С.М.</b> Проблемы миграции в Казахстане: этнологический анализ.....	238
<b>Кәрім О.С.</b> Қазақтың қуыршақ театры – Ортеке.....	244
<b>Муканова Г.К., Муканов О.Н.</b> Право на этничность и Алаш интеллигенция. Взгляды Алихана Букейханова, Смагула Садвокасова и др.....	248
<b>Сабырғалиева Н.Б.</b> Дала руханияттарының халық арасындағы бейнесі.....	254
<b>Аманжолова Ж.Е.</b> Қазақ даласындағы қажылықтың зерттелуі.....	260
<b>Джарылғасынова Н.Ж.</b> Міржақып Дулатұлының ұлы мұрасын зерттеу тарихы.....	265
<b>Кабиева А.А.</b> Досжан Хазірет Қашақұлының қажылық сапарлары.....	269

### МУЗЕЙ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

<b>Дандығараева Б.</b> Музей жүйесін жаңаша жандандыру.....	273
<b>Атабаева Г.М.</b> Тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттаудағы музейдің рөлі мен қызметі.	275
<b>Шарипов Р.Қ.</b> Тасқа жазылған тарихи ескерткіштерді қорғау мен сақтаудың маңыздылығы.....	279
<b>Мусаханова М.З., Мусаханова Ж.М.</b> Методы изучения, сохранения и музеефикации историко-культурного наследия (из опыта преподавания).....	282
<b>Труевцева О.Н.</b> Цифровые технологии изучения, сохранения и популяризации исторического наследия: опыт музеев Сибири.....	286
<b>Балмағамбет С.С.</b> К вопросу о местонахождении мавзолея Коркыт ата.....	292
<b>Бегалиев О.Ж., Бермаханова А.Б.</b> Қорқыт ата ескерткіші Ресей империясының картографиялық материалдарында.....	301
<b>Жапакова Г.С., Асылбекова Н.О.</b> Вклад Мухамеджана Тынышпаева в строительство Турксиба.....	304
<b>Қабдрахманова Н.Қ., Зарылханова Б.М.</b> Баламасы жоқ Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи ландшафттық музей-қорығының жай күйі.....	309
<b>Кистаубаева А.К.</b> Наследие Чокана Валиханова в истории Казахстана (на основе фондовых материалов ЦГМ РК).....	312
<b>Нургожина Б.Е.</b> Типология традиционных поясов казахов. Некоторые аспекты видоизменения технологии изготовления и ношения.....	320
<b>Нұрмақсұтов Қ.М.</b> Жартас өнерін құжаттандыру және музейлендіру.....	324
<b>Қабдрахманова Н.Қ., Бақберген А.М.</b> Шығыс Қазақстан облысындағы Тархан геологиялық кесіндісінде табиғи-ландшафттық қорық мұражайын ұйымдастыру мәселесі.....	328
<b>Тауасарова Д.Р.</b> Пәнаралық байланыстың музей кеңістігіндегі білім беру мүмкіндіктері..	331
<b>Джолдыбаева У.М., Жоланова А.Т.</b> «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: жетістіктері мен даму бағыттары.....	335
<b>Аятов Қ.Қ.</b> Трофейлік маузер (G98) винтовкасы (ҚР МОМ қоры негізінде).....	340

*Ғылыми басылым*

«XVI Оразбаев оқулары»  
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция  
материалдары

26–27 сәуір, 2024 жыл

Жауапты редактор Б.К. Қалшабаева  
Құрастырушылар Б.Б. Бесетаев, А.С. Есенаманова



**ИБ №15320**

Басуға 22.04.2024 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 28,7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №862  
Таралымы 30 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.